

Анар ФАЗЫЛЖАНОВА

**СӨЗ САЗЫ
және
ИНТОНАЦИЯ**
*(эксперименттік-фонетикалық
зерттеу)*

Алматы
2022

ӘӨЖ 81`367.2

КБЖ 81.2-3

Ф-16

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып
шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

Пікір жазғандар:

*филология ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі, профессор
З.М.Базарбаева*

*филология ғылымдарының докторы, профессор **С.К.Сәтенова***

Ф-16 Фазылжанова Анар Мұратқызы. Сөз сазы және интонация (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2022, 208 бет.

ISBN 978-601-7646-42-2

Еңбекте қазақ сөз сазы (просодикасы) мен интонациясының, тіл жүйесіндегі орнын, құрылысын, бірліктерін, осы бірліктердің өз ішіндегі және өзара байланысын ашып көрсететін суперсегментті фонетикаға қатысты құрылымдық бағыттағы ізденіс нәтижелері берілді. Қосқұрамды құрмалас сөйлемдерге жүргізілген эксперименттік-фонетикалық зерттеу нәтижесінде қазақ интонациясы және синтаксисі мен тыныс белгілерінің арақатынасы анықталды.

Монография тілтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, жоғары мектеп оқушыларына, сонымен бірге қазақ тіліне қызығушыларға арналады.

ӘӨЖ 81`367.2

КБЖ 81.2-3

Ф-16

ISBN 978-601-7646-42-2

© Фазылжанова А. 2022

© «Алматы-Болашақ» 2022

Алғы сөз.....	4
Кіріспе.....	6
I СӨЗ САЗЫ	
1.1 Сөз ағымы.....	12
1.1.1 Сөз ағымының мүшеленуі және бірліктері	15
1.1.2 Сөз ағымын мүшелеудегі ауытқулар.....	29
1.1.3 Сөз ағымын мүшелеудегі ой екпінінің рөлі.....	31
1.2 Сөз сазы және оның бірліктері.....	33
1.3 Қазақ екпіні туралы.....	41
II ИНТОНАЦИЯ	
2.1 Қазақ тіліндегі қостағандылық және қостағанды қосқұрамды құрмалас сөйлемдер.....	51
2.2 Құрмалас сөйлемдердің таптастырылуы.....	60
2.3 Интонация және оның компоненттерінің сөйлемдегі қызметі	64
2.4 Салалас құрмалас сөйлем интонациясы.....	86
2.4.1 Жалғаулықты салалас сөйлемдердің интонациялық көріністері	86
2.4.2 Интонация және синтаксис: өтем заңы	100
2.4.3 Интонация мен тыныс белгілерінің арақатынасы.....	116
2.5 Сабақтас құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері	129
2.5.1 Пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің интонациялық көріністері.....	129
2.5.2 Түсіндірмелі сабақтас сөйлемдердің интонациялық көріністері.....	137
2.5.3 Интонация және сөйлем компоненттерінің орын тәртібі.....	140
2.5.4 Қатыстық бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері	154
2.5.5 Үлестес сабақтас сөйлемдердің интонациялық көріністері.....	159
2.6 Қосқұрамды құрмалас сөйлемдердің интонемалары мен интонациялық типтері	163
Қорытынды	175
Әдебиет	180
Қосымша	188

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезде сөздің суперсегменттік (просодикалық және интонациялық) деңгейіне қатысты зерттеулер әлемдік тілтаным-дақұрылымдықтан коммуникативтік¹, когнитивтік бағытқа² қарай ойысып отыр. Мәселен, интонация ауызша дискурсты ұйымдастырушы маңызды түрткіжайт <ағыл. factor>, тіл иелмені санасындағы ауызша тілдесім кезіндегі когнициялық үдерістердің сәтті жүзеге асуын ұйымдастыратын тілдік-суперсегменттік құбылыс ретінде зерттеліп жатыр. Осы деңгейдегі ізденістерге кеңінен жол ашылуы үшін бүгінгі күні қазақ тіл білімінде сөз сазы (просодика) мен интонацияны құрылымдық деңгейде жан-жақты танып білу аса қажет. Басқаша айтқанда, интонацияның, сөз сазының құрылымдық жүйесін, орнын, құрылысын, бірліктерін, тіл жүйесіндегі басқа ярустық деңгейлерімен (фонетика, морфология, лексика, синтаксис) арақатынасын, просодикалық және интонациялық бірліктердің өз ішіндегі және өзара қатынасын ашып көрсететін тілтанымдық зерттеулер жүргізіліп, бұл бағыттағы ізденістер бойынша логикалық аяқталған қорытындылар шығарылуы тиіс.

Мұндай іргелі зерттеу алғаш рет Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнеп Мүслімқызы Базарбаеваның еңбектерінде жасалды. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен жазылған автордың «Қазақ тіліндегі қосқұрамды құрмалас сөйлем интонациясы (эксперименттік-фонетикалық зерттеу)» атты ғылыми кандидаттық диссертациялық жұмысы осы ізденіске арқау болды. Ұсынылып отырған монографияда аталған алғашқы ғылыми жұмыс нәтижелері қазақ сөз сазына қатысты жаңа білімдермен толықты, қазақ сөз сазы мен интонациясының, интонация мен синтаксистің арақатынасы туралы тың тұжырым-

¹**Коммуникативтік бағыт** – құрылымдық элементтерде (сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер) коммуникативті маңыздылығы біртұтас мәтінде (дискурста) көрінетін сөйлеу актілерін (мәлімдеме, өтініш, сұрау және т.б.) қатысым бірлігі ретінде қарастырушы тілтанымдық бағыт.

²**Когнитивтік бағыт** – тіл мен сананың арақатынасы мәселелерін, әлемді тұжырымдау <ағыл. conceptualization> мен санаттаудағы <ағыл. categorize>, танымдық үдерістердегі және адам тәжірибесін жалпылаудағы тілдің рөлін, адамның жеке танымдық қабілеттерінің тілмен байланысын және олардың өзара әрекеттесу формаларын зерттейтін тілтанымдық бағыт.

дар жасалды. Еңбекті суперсегментті фонетика бойынша құрылымдық бағыттағы³ зерттеулер қатарына жатқызуға болады.

Автор Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдар ұжымына ізденіс барысында көрсеткен қолдаулары үшін, әсіресе профессор Зейнеп Мүслімқызы Базарбаеваға еңбектің жазылуына мұрындық болып, ғылыми негіздері бойынша кеңес бергені үшін ерекше алғыс білдіреді.

Автордан

³**Құрылымдық бағыт** – тілді құрылымдық элементтерін ажыратуға болатын таңбалар жүйесі ретінде танытын тілтанымдық идеялар мен оны зерттеу әдістерінің жиынтығы: тіл формалды құрылымы мен ұйымдасуы және оны құраушы компоненттердің тұрпат межесі мен мазмұн межесі тұрғысынан зерттеледі.

Мемлекеттік тіл мәртебесін алуы қазақ тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласына таралу аумағын кеңейтіп қана қоймай, сонымен бірге мәдениетін арттыруға, қолданыс сапасын жақсартуға жол ашты. Кез келген тілдің қоғамдық функциясы оның ауызша формасының қолданыс ауқымы мен сапасына тікелей байланысты. Тіл өзі өмір сүріп отырған әртүрлі тарихи кезеңмен геосаяси және әлеуметтік мәдени кеңістіктердің өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланыста дамиды. Сол ерекшеліктерге қарай ауызша коммуникацияның қоғамдық өмірдегі орны мен беделі анықталады. Мәселен, бүгінгі қазақ қоғамы үшін тілдің ауызша формасының атқаратын қызметі Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңмен салыстырғанда үлкен трансформацияға ұшырағаны анық байқалады. Бұған әсер еткен ең маңызды түрткіжайт – тілдің мемлекеттік мәртебе алуы, сонымен бірге жаһандану үдерісінің қазақстандық мәдени кеңістікке тигізген әсері. Қазіргі кезде қазақ тілінің ауызша түрі күнделікті көзбе-көз коммуникацияда, ІТ-құралдары арқылы жүзеге асатын виртуалды кеңістіктегі чат-коммуникацияда (әлеу-желі, ұялы байланыс, т.б.) БАҚ, интернет, теледидар, радио, яғни медиадискурста, педагогикалық, ғылыми, саяси, экономикалық, тұрмыстық дискурстарда кең қолданыс тауып отыр. Осыған байланысты тіл ғылымында ауызша сөздің түрлі аспектілеріне арналған зерттеулердің өзектілігі артты. Сол сияқты ауызша сөз нормаларын анықтап, бекітудің талаптары өзгеріп келеді.

Ауызша сөз ағымының ақпарат тасымалдаушы қызметі сөз сазы мен интонация сияқты құбылыстар арқылы ғана жүзеге асатындықтан және интонациясыз ешбір ауызша сөз аяқталған жүйелі ойды білдіре алмайтынын ескерсек, осы мәселені құрылымдық аспектіде зерттеудің қаншалықты маңызды екені байқалады.

Тіл жазба және ауызша формада өмір сүрсе, оның ауызша формасы сегменттік⁴ және суперсегменттік деңгей бірліктерінің⁵

⁴Сегменттік деңгей бірліктері – үздіксіз сөз ағымындағы дыбысталу желісінің дыбыс, буын, бунақ (фонетикалық сөз), ырғақты топ, синтагма, сөйленім сияқты (сызықтық) үзіктері.

⁵Суперсегменттік деңгей бірліктері – ұзақтылық, интонация, әуен, тон, ырғақ, дауыс қаттылығы т.б. просодикалық элементтер мен сегментті бірліктер тоғысындағы сөз сазы көрсеткіштері сияқты тілдің сызықтық емес бірліктері. Тілдің сызықтық, сегменттік бірліктерден басты айырмашылығы – олардан бөлек, өздігінен өмір сүре алмайтындығы. Тілдің суперсегменттік бірліктері тілдің материалдық қабаттары, сегментті бірліктерінің үстінен түсіп жасалады.

үйлесімінен тұрады. Тілдің сегменттік деңгейдегі бірліктері оның әрбір қабатында, сол ярусты құраушы ең кіші таңбалар (бірлік) болып, жоғарғы ярустағы бірліктің элементіне айналып, күрделі жүйе құрайды, алуан түрлі категориялық мағыналарды жеткізуге икемді болады. Ал суперсегменттік бірліктер тілдің фонетикалық ярусынан жоғары деңгейдегі бірліктердің үстінен өрнектеліп, өз мазмұн межесінде неғұрлым жалпылама категориялық мағыналарды жеткізуші ауызша сөзде көрініс табатын тілдік таңбалар болып табылады. Сондықтан ауызша сөз нормаларын белгілеуде, ауызша коммуникацияның сәтті жүзеге асу шарттарын анықтауда, сол сияқты тілтанымдағы жаңа бағыт – тілді автоматтандыруда тілдің просодикалық және интонациялық құрылымы жөніндегі зерттеу нәтижелері зор маңызға ие болары анық. Суперсегментті фонетикаға қатысты просодика (сөз сазы), просодология⁶, интонация, интонология⁷ салалары қарқынды дамып келеді. Осы тұста шетел және орыс интонолог-ғалымдарынан Д.Л. Болинджер, К.Л. Пайк, Р.Делатр, В.А. Артемов, Л.В. Щерба, Е.А. Брызгунова, Л.К. Цеплитис, Т.М. Николаева, И.Г. Торсуева, Н.Д. Светозарова, В.М. Наделяев т.б. атауға болады.

Қазақ тіл білімінде аталған құбылыстар көптен бері фонетиканың, сонымен бірге синтаксистің аясында қаралып келді. Мұндай түрлі көзқарастың болуы – сөз сазы мен интонация жөніндегі тілтанымдық теориялардың дамуына қаншалықты байланысты болса, осы құбылыстың күрделі табиғаты мен мәніне де соншалықты қатысты. Тілдік тұрғыдан интонация просодиканың бір бөлігі ретінде дыбысталуудың негізінде құрылады. Бірақ ол тек семантика-синтаксистік маңызды сөз бөліктерінде синтагма мен сөйлемде көрінетін, яғни бір қырынан синтаксиске қатысты бірліктер жиынтығы болып табылады. Сол себепті интонация жөніндегі алғашқы ғылыми деректер С.А.Аманжолов, Н.Т. Сауранбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Ш. Сарыбаев, Қ. Есенов, Р. Әміров сынды ғалымдардың синтаксис, грамматика мәселелеріне арналған еңбектерінен орын алды. Қазақ тілінің просодикалық ерекшеліктері ХХ ғасырдың басында

⁶**Просодология** – екпін, тон, интонация, т.б. ауызша сөз элементтерін сипаттауға (фонетикалық аспект) және формалды тұрғыдан ажыратуға (фонологиялық аспект) арналған лингвистика бөлімі.

⁷**Интонология** – интонацияны фонологиялық аспектіде зерттейтін тіл ғылымының саласы.

зерттеле басталғаны халқымыздың тұңғыш тілтанушы ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының қайта оралған еңбектерінен белгілі болып отыр. Ғалым «сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып ұнамды құралуынан болады. <...> ондай сөздердің сөйлемдері өрнекті сөйлемдер деп аталады. <...> Оларды айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады» – деп, «кілемге салған түрдей» (Байтұрсынұлы, 1989, 179 б.) қазақ интонациясының көрінісін дәл сипаттаған. Тіліміздің интонациясын фонетикалық-эксперименттік әдісті қолдана отырып зерттеу ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Мұндай зерттеулер қатарында Ә. Нұрмаханова (1965), Ж. Аралбаев пен М. Каспарова (1969), Ж. Қалиев (1969), Ш. Әтенов (1972), Т. Кеншінбаев (1979), Ж. Өтесбаева (1990), Б. Мұрзалина (1994) З. Базарбаева (1996), А. Фазылжанова (2000), И. Баймұратова (2003), А. Аманбаева (2006), Ж. Кеншінбаева (2007), Ә.Ж. Берікболова (2008) және т.б. ғалымдардың жұмыстарын атауға болады. Қазіргі таңда осы зерттеулер қазақ тілінің интонациялық жүйесін анықтауда, интонацияның жекелеген мәселелерін шешуде мол деректерге қол жеткізді. Сонымен, тіліміздің интонациясы бойынша жай сөйлемнің коммуникативтік (хабарлы, сұраулы, лепті) түрлері мен қосалқы анықтауыштық (приложение) және қыстырма құрылым интонациялары, поэзия тілі интонациясының бір қыры, сондай-ақ құр-малас сөйлем, күрделі синтаксистік конструкциялардың жалпы интонациялық көріністері мен Е.А. Брызгунованың интонация-лық конструкцияларының⁸ (ИК) қазақ тілінде кездесетін түрлері қарастырылып, интонациялық жүйенің бірліктері – интонемалар саны анықталды.

Қазақ тіл білімінде просодикаға арнайы зерттеу жүргізген еңбектер болмаса да, фонетикалық ізденістер аясында сөз әуезін (сингармотембрін) қарастырған зерттеулер баршылық. Олардың ішінде профессор Әлімхан Жүнісбектің «Қазақ сөзінің просодикасы» (Джунисбеков, 1982) атты еңбегін ерекше атауға болады. Ал интонация бойынша ізденістер тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ тіл ғылымы академик З. Базарбаеваның еңбек-

⁸**Интонациялық конструкция** – синтагмалар мен сөйлемнің жалпы мағынасын, соңғысының коммуникативтік типін, актуалды мүшеленуін көрсету үшін жеткілікті интонациялық параметрлер жиынтығынан тұратын, негізгі дифференциалды белгісіне екпін түскен буын бойынша тон (әуен) қоғалысы алынатын әдетте акцентті тілдерге тән интонациялық бірлік.

тері арқылы елеулі нәтижелерге қол жеткізді (Базарбаева 1996; 1997; 2002). Ғалымның зерттеулерінде алғаш рет интонация тіл иелмендерінің санасында инвариант интонемалардың жүйесі арқылы өмір сүретін тілдің суперсегментті құрылысын анықтайтын просодикалық құбылыс ретінде танылып, қазақ интонациясының сегіз инвариант интонемасы, яғни тілдік бірліктері анықталды, қазақ интонологиясының негізі қаланды. Бүгінгі күні академик З. Базарбаева шәкірттерінің ізденістері өз алдына интонация мен интонологиялық зерттеулер мектебін құрап отыр. Бұлардың қатарына осы монография авторының, А.Аманбаеваның, Ж. Кеншінбаеваның т.б. ғалымдардың зерттеулерін жатқызуға болады.

Аталған еңбектердегі ғылыми ізденіс қазақ тілі интонациялық бірліктерінің сөйлемдегі, әртүрлі стиль мәтіндерінде түрленуі мен көрінісін, сонымен бірге прагмалингвистикалық аспектісін анықтауды алға тартты.

Ұсынылып отырған зерттеуде қазақ сөз сазын өзіне тән бірліктер жүйесінен тұратын дербес құбылыс ретінде өзінен жоғарғы суперсегментті деңгейдегі интонация құбылысымен арақатынасы тұрғысынан қарастыруға талпыныс жасалды, сонымен бірге интонация мен синтаксис арасындағы күрделі қатынасты қосқұрамды құрылымдар (қосқұрамды, қостағанды синтаксистік бірліктер) материалында эксперименттік-фонетикалық зерттеу арқылы көрсету болып табылды.

Сондықтан осы мақсатты көздейтін еңбектің зерттеу нысанына бір-бірімен тығыз мағыналық қатынаста тұратын қосқұрамды, қостағанды – қоссинтагмалы фразалар алынды. Интонацияның синтаксиспен арақатынасын айқын көрсету, анықтау үшін бұл фразалардың құрмалас сөйлем ретінде құрылған түрлері қарастырылды.

Еңбекте құрмалас сөйлем интонациясы арнайы инструменттік-эксперименттік әдісті қолдану арқылы алғаш рет зерттеліп отыр. Құрмалас сөйлем синтагмаларында көрінетін интонемалардың арақатынасы да осы уақытқа дейін қарастырылмаған мәселенің бірі болды. Бұл қатынасты анықтау интонемалардың сөйлем ішіндегі түрленуін, олардың хабарлы ойды беретін құрмалас сөйлемді өрнектейтін инварианттарын, интонациялық типтерді ажыратып береді. Интонациялық тип деп қоссинтагмалы

құрылым синтагмалары жігінің интонация-просодикалық безендірілу түрлерін айтады.

Кез келген жай сөйлем екі немесе одан көп синтагмалардан құралуы мүмкін, бірақ әр компоненті бір синтагма болатын құрмалас сөйлемде бұлар өзара байланысы тығыз, тек бір-біріне тәуелді мағыналық қатынасқа түседі, сондықтан мұндағы интонаемалар да белгілі бір просодикалық байламда тұрады. Осы тұрғыда қазақ тілінің күрделі қостағанды фразаларындағы интонаемаларды анықтап, интонация мен синтаксистің арақатынасын ашып көрсету де көзделді. Аталған мақсатқа жету үшін зерттеуде мынадай нақты міндеттер алға тартылды:

– қазақ сөз сазының (просодикасы) ерекшеліктерін, сөз ағымы бірліктерін, олардың ауызша сөздегі безендірілуіне қатысатын просодикалық бірліктер жиынын анықтау;

– қазақ сөз сазының ерекше кешенді бірлігі ретіндегі екпіннің зерттелуін сипаттау;

– интонацияны зерттеудің глобальдық әдісі (З. Базарбаева) негізінде инструменттік тәжірибе нәтижелерін талдаудың лингвистикалық принциптері мен тәсілдерін анықтау;

– интонациялық құрылымның жеке компоненттерінің сөйлемдегі тілдік маңызды қызметін ажыратып, олардың өзара қарым-қатынасын көрсету;

– салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер мағыналық түрлерінің интонациялық көрінісін сипаттау;

– интонация мен грамматика арасындағы қатынас көрінісін жалғаулықты және жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдердің просодикалық ерекшеліктерін салыстыра отырып, өтем <ағыл. compensation> заңы (А.М. Пешковский) арқылы анықтау;

– құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы тыныс белгілердің айтылу ерекшеліктеріне сүйене отырып, интонация мен пунктуацияның байланысын көрсету;

– сөйлем интонациясының сөз бөліктеріне орын тәртібіне қатысын анықтау;

– сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдердің просодикалық ерекшеліктерін ажыратып, олардың синтагмаларында көрінетін интонаема инварианттары мен варианттарын табу;

– интонациялық типтер (Т.М. Николаева) арқылы өзара күрделі семантика-синтаксистік қатынастағы екі синтагма интонаемалары арасындағы байланыс түрін анықтау;

– интонация мен синтаксис арасындағы сөйлем мағанасына бағынышты күрделі қарым-қатынасты көрсету.

Зерттеу материалдары ретінде қазақ көркем әдебиетінен үш жүзден астам мысал жиналды. Дикторлар оқылымындағы әр компоненті бір синтагмадан тұратын қосқұрамды құрмалас сөйлем түріндегі фразалар инструменттік эксперимент нысанына алынды. Еңбекте интонацияны глобальдық зерттеу әдісі, сонымен бірге салыстырмалы, эксперименттік, оның ішінде аудиторлық, инструменттік және статистикалық әдістер қолданылды.

Интонацияны зерттеудің материалына алынған тілдік бірліктердің, яғни құрмалас сөйлемдердің қазақ тіл біліміндегі таптастырылуына ерекше назар аударылды.

1.1 Сөз ағымы

Тыңдаушы мағыналы тілдік бірліктердің ұйымдасқан қатары ретінде мүшелейтін әрі солай қабылдайтын дыбыстардың үздіксіз сызықтық тізбегі сөз ағымы деп (Ахманова, 2007) аталады. Сөз ағымы мен дыбысталған (ауызша) сөз ұқсас ұғымдар. Дегенмен сөз ағымы дыбысталған (ауызша) сөздің нәтижесі, өнімі. **Дыбысталған сөз** – белгілі бір уақытта жүзеге асып, дыбыстық форма алған сөйлеу (айтылу), дыбысталған сөзде интонациялық тұрғыдан бөлшектенбейтін біртұтас бірліктер (синтагмалар), ырғақты бірліктер (бунақ (фонетикалық сөз немесе екпінді топ), ырғақты топ,), дыбысталым бірліктері (буындар) мен ең шағын бірліктер (дыбыстар) болады.

Адамның сөзі дыбыстардан құралады, ал дыбыстың физикалық табиғаты – толқын. Ауыздан шыққан сөз (речь) белгілі бір заңдылықтар бойынша ұйымдасқан қандай да бір жиіліктегі толқыннан тұрады. Сондықтан да бейтаныс тілді естігенде ондағы жеке-жеке сөздерді бөліп алып ажырату мүмкін емес, себебі олар бір-бірімен байланысып, біртұтас өрнектеліп жатады. Тыңдаушы үшін сөз ағымындағы сөздердің, сөз тіркесі мен сөйлемдердің жігін ажырату, олардың мағынасын түсінбесе, қиынға түседі.

Сөйлем ішіндегі жеке сөздің, сөйлемнің жалпы мағынасын түсіну үшін ең алдымен сөйлеуші мен тыңдаушы тілді білу керек. Бұның дәлелі ретінде бейтаныс тілдегі сөзді тыңдағандағы әсерді келтіруге болады. Сөздердің мағынасын білмеген соң, ондағы сөйлемдер мен сөздердің жігі айқын байқалмайды. Қандай да бір жіктің бар екенін байқағанның өзінде де, ол жеке сөз бе, әлде бір-бірімен ұласып кеткен бірнеше сөздің тіркесі ме аңғару мүмкін емес. Мысалы, [*ʎос ʎотұрған/ көнөғөзғар'йаларымыз/ бізг'өнөгеб°олатын/ өмүрсүрд»емеспе*] (осы отырған көне көз қарияларымыз бізге өнеге болатын өмір сүрді емес пе?) сөйлеміндегі сөз тіркестерінің аражігі көрсетілген. Егер тыңдаушы қазақ тілін білмесе, бұл сөйлем ішіндегі жік-жікке бөлінген сөз ағымы бөліктерінің бірнеше сөзден тұратынын аңғармайды. Ал тілді білетін болса, олардың аражігін айырып, әрбір сөзді ұғынып, басқа сөздермен байланыстыра сөйлем мағынасын дұрыс түсінеді.

Бала сөз ағымын дұрыс мүшелеуді ана тілін ести бастағаннан, тіпті құрсақтағы шақалақ кезінен үйренеді. Сөз ағымын бөлік-терге мүшелеудің құралдарына:

– *әуеннің сынуы* (негізгі тон жиілігі қозғалысының көтеріңкіден бәсең не болмаса бәсеңнен көтеріңкі бағытқа күрт ауысып жалғасуы),

– *кідістің болуы* (дауыс ағынының үзілуі),

– *дауыс қаттылығының өзгеруі* (сөз бөлігінің күрт қатты не ақырын естілуі),

– қандай да бір буынның өз айналасына топтасқан буыннан созылыңқы не қатты үнмен екпін түсіріле айтылуы (белгілі бір уақыт аралығында айтылған сөз не буын санының өзгеруі) және т.б. просодикалық (суперсегментті фонетикаға қатысты) амалдар жатады.

Сөз ағымын мүшелеуге суперсегментті фонетика тәсілдерімен қатар сегментті фонетиканың да құралдары қатысады, мәселен, сөз ағымының бір бөлігіне топтасқан сөздердің аражігінде фонемалар⁹ өзгеріске түсіп, негізгі реңктің (инвариант)¹⁰ және өздік реңк (вариант)¹¹, бөгде реңк (вариациясы)¹² түрінде көрінеді (Уәли, 1993), ал аражігі кідіріспен және басқа да просодикалық амалдармен бөлінген сөз ағымы бөліктерінің тоғысында дыбыстар өз инвариантына барынша ұқсас күйін сақтайды. Сөйтіп, жеке сөздің басындағы не соңындағы өзгеріске ұшыраған инвариант фонеманың вариант, вариациясы тыңдаушыға бұл сөздердің қандай да бір өзара синтаксистік қатынаста тұрғанынан хабар береді. Мысалы, [*ʋос ʋотұрған/ көнөгөзгарʋаларымыз*] сөз ағымы бөлігінде осы, *отырған* деген екі сөз жеке тұрғанда тек

⁹**Фонема** – мазмұн межесі жоқ, тұрпат межесі дыбыс болып табылатын таңба түріндегі мағына ажыратушы тілдің ең кіші бірілгі. Фонема мазмұн да, тұрпат та межесі бар өзінен жоғары деңгейдегі тілдік таңбалар – морфемалар мен сөздерді құрайды.

¹⁰**Негізгі реңк (инвариант)** – өзінің нақты қолданыстағы түрленімдерінен жалпыланған тілдің құрылымдық бірлігінің (фонема, морфема, лексема және сол сияқтылар) негізгі қасиеттерінің абстрактілі жиынтығы.

¹¹**Өздік реңк (вариант)** – бір немесе бірнеше басқа фонеманың дыбыстық көрінісінің естілім (акустика) және жасалым (артикуляция) қасиеттерімен сәйкес келетін фонеманың сөз шеніне (позицияға) тәуелді түрленімі.

¹²**Бөгде реңк (вариация)** – фонемалық қарам-қарсылықты бейтараптандырмайтын сигнификативті тұрғыдан күшті, бірақ перцептивті тұрғыдан әлсіз сөз шеніндегі, фонеманың осы шенге байлаулы дыбыстық көрінісі. Фонеманың дыбыстық қорындағы негізгі реңк (инвариант), өздік реңк (вариант) пен бөгде реңк (вариация) терминдері Мәскеу фонологиялық мектебінің (МФМ) ұғымдары, аталған терминдердің қазақша баламасын профессор Н.Уәли ұсынған (Күдерина, 2013, 79 б.).

жуан-жіңішкелік не ерін-езулік сингармонизммен әрі өз ішіндегі фонемалардың бір-біріне әсерлестігінен болған өзгеріспен дыбысталады, басқа дыбыстық өзгеріске шалдықпайды: [ʎосұ], [ʎотұрған], ал олар сөз ағымының бір тобына біріккенде арасында басқа да фонетикалық құбылыс орын алады, мына тұста эллизия, яғни сөз жігінде қатар келген екі дауыстының бірінің, әдетте алғашқысының ([ʎ] дыбы-сының) түсіп қалуы көрінеді. [ʎос ʎотұрған]. Бұған қоса қазақ тілінде [н] дыбысынан кейін [к] дыбысы келгенде тоғыспалы ықпал заңдылығына сәйкес екеуі де өзгеріске ұшырап, [нғ] түрінде дыбысталады (мысалы, *Ама[нғ]елді, жа[нғ]ешті*), ал мына мысалда [ʎос ʎотұрған/көнөгөз...] осы отырған сөз ағымы бөлігі мен көнекөз деп басталатын сөз ағымы бөлігі жігінде бұл заңдылық жүрмейді. Сөйтіп, *нк* тіркесінің заңдылыққа сәйкес *нғ* дыбыстық өзгеріске ұшырамауы тыңдаушыға ол жерде сөз ағымының екі мүшесінің аражігі өткенінен сигнал береді.

Бұл сигналдардың бәрі, түгелдей сөз тудыру үдерісі бойынша адам миы жұмысының нәтижесі. Оның тетіктері (механизмі) туралы физиолог, психолог, тілтанушылардың зерттеуі аз емес, алайда бүгінге дейін классикалық ізденіс саналатын И.Жинкиннің еңбегі көп мәселенің басын ашты (Жинкин, 1958, 366 б.). «Сөйлеу дыбыстары қалай пайда болады, буындар, сөздер мен сөз тіркестері қалай қалыптасады – осының бәрі сөйлеу механизмі проблемасының іргелі әрі бастапқы мәселесі болып табылады» (Жинкин, 1958, 13 б.). Мұндай зерттеуден көп жыл бұрын *сөз ағымы* деген терминді отандық тіл ғылымына енгізу арқылы әлемдік лингвистикадағы ауызша сөз спецификасына қатысты тұңғыш тілтанымдық рефлексияның авторы – Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ахмет Байтұрсынұлы Н.И.Жинкиннің зерттеуінен 32 жыл бұрын өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде көкіреккөзімен <лат. *intuitio*> таныған әрі қазіргі кездегі заманауи құралдармен зерттеліп дәлелденген ғылыми пайымға толық сәйкесетін *сөз ағымы* туралы жүйелі тұжырымын келтіреді: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады» (Байтұрсынұлы, 2013, 162 б.).

Сөз ағымы ұғымы да Ахмет Байтұрсынұлының *дауыс ағымы* терминінен бастау алады: «Сөздің үні құлаққа жағымды болуы – дыбыстарының тізілу түрінен. Сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдерінің тізілуі түрінен, сондықтан сөз әуезділігі де болады, сөйлеу әуезділігі де болады. Бірақ сөздің де, сөйлеудің де әуезді болуының негізгі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды. *Дауыс ағымы* сөз ішінде дыбыстарының тіркесуіне қарайды да, сөйлеу ішінде сөйлемдерінің тіркесуіне қарайды. Сөз ішінде дауысты-дауыссыз, жарты дауысты дыбыстар араласып тіркесе келеді. Бір сөзде дауысты дыбыстар көп келеді. Бір сөзде дауыссыз дыбыстар көп келеді. Дауысты дыбыстар көп келген сөз үнді болады, дауыссыз дыбыстар көп келген сөз үнсіз болып шығады» (Байтұрсынұлы, 2013, 200 б.).

1.1.1 Сөз ағымының мүшеленуі және бірліктері. Сонымен сөздердің ағымдағы топтарын, олардың қалай құралғанын айырудың ең басты шарты – тілді білу. Екінші шарт – сөз ағымын дұрыс мүшелеудің заңдылықтарын білу. Егер олай болмаса, сөздердің топтасу жігі, сөйлемнің мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін. Мысалы, Бұл жер үй емес сөйлемі құрамындағы сөздерді әртүрлі топтарға бөліп айтуға болады.

1) [бұ::л // же:::р /// ү:й/еме:::с].

2) [бұ:::л /// жерүй еме:::с].

3) [бұлже:::р /// үйеме:::с].

Бірінші жағдайда Бұл есімдігі бастауыш, ал жер (үй салатын орын, жердің беті мағынасында) зат есімі баяндауыш қызметінде тұр; екінші жағдайда Бұл есімдігі тағы да бастауыш болғанымен, баяндауыш бір деммен айтылатын *жерүй* (қабагты үй емес) сөзі, үшінші жағдайда Бұл есімдігі анықтауыш, *жер* бастауышын айқындап тұр және мұндағы жер сөзінің мағынасы алдыңғы екі сөйлемдегіден басқа, мұнда ол маң, тұс деген ұғымды білдіреді, ал үй емес сөз тіркесі баяндауыш қызметінде тұр. Есімдік қызметінің өзгеруі мен жер сөзінің бірде жеке дара мағынадағы, бірде *жерүй* күрделі сөзі компонентіндегі қызметтері сөз ағымын үш түрлі мүшелеудің себебі болып тұр. Демек тілде бастауыш міндетті түрде жеке топ болып, ал анықтауыш өзі анықтап тұрған сөзбен бірігіп бір топ құрап тұрады.

Сөз ағымын мүшелеудің заңдылықтары қандай деген сұраққа жауап іздеген ғалымдардың көбі оның тілдегі құрылымдық

бірліктерге (сөзге, сөз тіркесіне) сүйене бермейтінін, мұндайда тыныстау, дыбыстау ережелерінің қосылатынын аңғарған. Сөздердің сөз ағымында белгілі бір топтарға бірігуі екпінге, ырғаққа, кідіріске байланысты болады. Бұл әсіресе өлең жолдарында қатаң сақталады. Прозалық сөзде де екпін, ырғақ, кідіріс маңызды рөл ойнайды. **Екпін** – кез келген сөз ағым бірлігіндегі бір буынның ерекшенеуі. **Ырғақ** дегеніміз – белгілі бір буын санының бірдей уақыт аралығында қайталанып отыруы. **Кідіріс** – дауыс ағымының үзілуі. Бірақ кез келген екі сөз өзара бірігіп, бір ырғақты топ құрай бермейді, екі сөздің басы бірігіп, бір ырғақпен айтылу үшін олардың арасында мағыналық байланыс болу керек. Мысалы, *Соңғы кездері // тың серпіліспен // жұмыс істей бастаған // «Қазақстан» // ұлттық телеарнасының ұжымына // көрермен қауымның // дән риза екені // белгілі сөйлемінде 8 ырғақты топ бар:*

- 1) *соңғы кездері*
- 2) *тың серпіліспен*
- 3) *жұмыс істей бастаған*
- 4) *«Қазақстан»*
- 5) *ұлттық телеарнасының ұжымына*
- 6) *көрермен қауымның*
- 7) *дән риза екені*

8) *белгілі*. Егер олардың аражігін бұзсақ, сөйлем түсіну үшін қиындап кетеді: *Соңғы//кездері тың//серпіліспен жұмыс//істей бастаған// «Қазақстан» ұлттық//телеарнасының//ұжымына көрермен // қауымның дән // риза екені белгілі*. Сонымен, сөз ағымындағы ырғақты топтардың айтылуға икемді болуы үшін буын саны шектеулі болады, әрі олардың құрамындағы сөздер бір-бірімен қандай да бір (анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық және т.б.) қатынаста тұрады.

Сөз ағымының мүшеленуі мағынаға да, тыныстаудың заңдылықтарына да бағынышты болатыны белгілі, келесі кезекте оның қандай бірліктері болады деген сұрақ туындайды. Сөз ағымындағы бірліктер тілдің бірліктерімен (жеке дыбыс, жеке сөз, сөз тіркесі, сөйлем) үнемі сәйкес келе бермейді. Демек, жеке-жеке дыбыстарды айтпаймыз олардың басқа дыбыстармен тұтастығын айтамыз, жеке-жеке сөздерді айту шарт емес, кейде оларды басқа сөздермен біріктіріп, бір деммен айтамыз, жеке-жеке сөз тіркестерінің барлығын айырып жату да сөйлеуде

міндетті емес, кейде оларды да біріктіре алады екенбіз. Ал сөйлемге келетін болсақ, сөйлемді міндетті түрде бірнеше сөздердің жиынтығы деп түсіну үнемі орындалатын заңдылық емес. Кейде ауызша сөзде бір ғана сөз немесе бір ғана дыбыс сөйлемнің айтылу заңдылығымен аяқталған ойды білдіретін сөз сарынымен беріледі, мысалы,

– *Естимісің?*

– *А?*

– *Естимісің деймін* деген ауызша сөздегі диалогта екінші сұраулы сөйлем бір ғана дыбыспен, А одағайымен берілген. Бірақ ол жеке дыбыс сияқты емес, тұтас сұраулы сөйлем интонациясымен айтылады, *Сен маған не дедің?* деген толық сөйлем сияқты сөз сарынымен беріледі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде ауызша сөз ағымының өз бірліктері, тілдің өз бірліктері болатыны байқалады. Дегенмен олардың арасында ешқандай байланыс жоқ деуге болмайды. Сөз ағымының бірліктері тілдік бірліктердің материалынан жасалып құрылады. Сонымен айтылған сөз ішінде белгілі бір заңдылықтар бойынша ерекшеленіп, өздерінен жоғары деңгейдегі топтардың құрамына еніп, өздерінен төменгі деңгейдегі бірліктерден топталып құралып, ауызша сөз заңдылықтары бойынша ұйымдасып тұратын сөз ағымы бірліктері мынадай:

- 1) бунақ
- 2) ырғақты топ
- 3) синтагма
- 4) сөйленім
- 5) күрделі фразалық тұтастық
- 6) мәтін

Бұларды осылай ажыратуға негіз болатын сөйлеу құбылысы – екпін және ішінара пауза. Басқаша айтсақ, сөз ағымында бунақ, ырғақты топ пен синтагманы, сөйленімді ажыратып, олардың құрамындағы сөз бөліктерін ұйымдастырып тұратын белгі – екпін. Ал сөз ағымында осы топтарды бір-бірімен байланыстырып, олардың арасындағы қатынасты көрсететін сөйлеу құралдары әуен, қарқын, пауза, дауыс қаттылығы (интенсивтілік).

Ескерте кететін жайт, сөз ағымының ең кіші бірлігі ғылыми әдебиетте *дыбыс*, сондай кейін *буын*, сонан соң бунақ (фонетикалық сөз) түрінде көрсетіледі (Реформатский А.А., 1996, 102 с.). Біздің зерттеуде дыбыс пен буын бір екпінге бағынып, ты-

ныстаудың қандай да бір үзігіне сәйкес айтылатын ең кіші сөз ағымы бірлігі – бунақтан (фонетикалық сөзден) бастап одан жоғары бірліктердің элементі, «құрылыс материалы» ретінде қаралды, себебі олар жеке тұрғанда сөз құрамында ешқандай семантикалық жүк арқаламайды, тек сол семантиканы жеткізуге, ажыратуға септігін тигізеді. Дегенмен *буынның* дыбысқа қараған-да *просодикалық қызметі жоғары*, себебі буында үн бар, үннің қозғалысы буыннан басталады, сондықтан сөз ағымы бірліктері туралы айтқанда, буынға тоқталу абзал. Бұл жөнінде профессор Құдайберген Жұбанов былай айтып кеткен: «Буын айтылуы жағынан бір бүтін...<...> Буын жазуда емес, айтуда бой көрсетеді. Жазуда әріп пен сөз ғана мағына құрайды (басым болады). Жазудан буын іздеу, ән (үн – А.Ф.) іздеу надандық. Буын көбінесе бірнеше фонемадан құралады, сондықтан оны «фонемалар синтаксисі» деуге болады» (Жұбанов, 2013, 471 б.).

Сөз ағымын мүшелеледегі буынның рөлін түсіну үшін алдындағы мысалдарымызға қайта оралайық.

Бұл жер үй емес сөйлемі әртүрлі топтарға бөліп айтылды, енді осы үш түрлі мағына беретін фразаны буынға жіктейік (мұндағы /// таңбасы паузаның, яғни дауыс кідірісінің белгісі екенін еске сала кетеміз):

1) [бұ::л // же:::р /// ү:й/ еме:::с] - [бұл // жер /// ү-йе-мес]. Мұндағы 5 буынның 3-і (-бұл-, -жер-, -мес-) бітеу, 2-і (-ү-, -йе-) ашық буын.

2) [бұ:::л /// жерүй еме:::с] - [бұл /// же-рү-йе-мес]. Мұндағы 5 буынның 2-і (-бұл-, -мес-) бітеу, 3-і (-же-, -рү-, -йе-) ашық буын.

3) [бұлже:::р /// үйеме:::с] - [бұ-жер /// ү-йе-мес]. Мұндағы 5 буынның 2-і (-жер-, -мес-) бітеу, 3-і (-бұ-, -ү-, -йе-) ашық буын. Бірінші мысалдан айырмашылығы, *бұл* және *жер* сөздерінің арасынан кідіріс жасалмайды, сондықтан екеуі біртұтас бунақ сияқты дыбысталады, ауызша сөзде мұндайда көбінесе *бұл, сол* сілтеу есімдіктерінің соңғы л дыбысы түсіріліп қалады.

Сонымен, салыстырсақ, дыбыстық құрамы бірдей фразаның буын құрамы әртүрлі болып шықты, демек дыбысталған сөздегі сөз ағымы бірліктері сөйлеушінің ойын білдіретін фонетикалық топтарға, бөліктерге топтасқанда, олардың құрамындағы буын түрі де, саны да өзгеруі мүмкін, себебі буын – қандай да бір мағынаны жеткізетін, біректің бағынған сөз ағымы бөліктерінің «кірпіші», дыбыстаудың ең шағын бірлігі. Буын түзілуі үшін

дыбыстық кешен құрамында міндетті түрде бір дауысты дыбыс болуы шарт, яғни сөзде неше дауысты болса, сонша буын бар, сол сияқты дауысты дыбыстар жеке өздері буын құрайды, ал дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайды, олар дауысты дыбыспен түрлі кешенге топтасып буын жасауға қатысады, сондықтан да фонетист-ғалымдар буынды фонема (дыбыс) өмір сүретін «шағын дыбыстау бірлігі» деп көрсетті. (Бондарко, 1977, 122 б.). Осындай дыбыстық кешендерге байланысты буынның негізгі екі түрі ажыратылады: дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын **ашық буын**, дауыстыдан немесе дауыссыз бен дауыстының тіркесінен кейін дауыссызбен аяқталатын тұйық буын (Мырзабеков, 2002, 93-96), кейбір зерттеулерде соңғы буын түрін бітеу деп те атайды: «буыншы» әріп (дыбыс деп түсіну керек – А.Ф.) басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар (Байтұрсынов, 1992, 344-345 бб.).

Сөздерді буынға бөлудің тілдер үшін әмбебап заңдылықтары ретінде мыналар көрсетіледі:

біріншіден, буын жігі мен морфологиялық, лексикалық сөз жігі үнемі сәйкесе бермейді, буын сөз ағымы бірліктеріне тәуелді, солардың ішінде өмір сүреді. Басқаша айтқанда, сөйленімдегі буын түрі мен саны аяқталған күрделі ойды дұрыс жеткізу үшін сөйленім құрамындағы сөздердің сөз ағымы бірлігіне топтасу, ұйымдасуына тығыз байланысты, мұны жоғарыдағы мысалдардан айқын көруге болады;

екіншіден, дауыстың көтерілуіне, яғни ашық түрге ұмтылу сөз ағымын, буынға жіктеудің тағы бір заңдылығы. Сөз ағымында ашық буынның көптігі оның айтуға жеңілдігімен, тіл эволюциясында, әсіресе, түркі түбірлері онтологиясында дауыссыз+дауысты тіркесінің алғашқы дыбыстық кешен болуымен түсіндіріледі, сол себепті түркі тілдерінде буынның бәсеңнен гөрі көтеріңкі әуенмен айтылатын C+V (мұндағы C – консонант, дауыссыз, V – вокал, дауысты дыбыстың буын құрамындағы шартты таңбасы) түрі жиі кездеседі. Мұны өз зерттеуінде академик Әбдуәли Қайдар терең талдап, сипаттаған болатын (Қайдаров, 1986). Дегенмен түркі тіліндегі түбірдің алғашқы түрі C+V типінде болды деген теорияға сәйкеспейтін де қорытындылар бар. Солардың бірінің авторы Н.Баскаков түркі атагілінде бастапқы түбір ВАВ буын үлгісімен жасалды деп пайымдайды (Баскаков, 1952). Дегенмен бүгінге дейінгі

осы мәселеге қатысты ізденістердің көбінде (Шайхулов, 2016; Манкеева, 1991), соның ішінде профессор Жамал Манкееваның да зерттеуінде Ә.Қайдардың пікіріне қолдау көрсетіледі. Қазіргі қазақ тілінде C+V+C құрылымды буын түрінің көптігін, бірақ олардың жиілігі ашық буыннан әлдеқайда төмен екенін соңғы лингвостатистикалық зерттеулер дәлелдеп отыр. Мәселен, 2018 жылы профессор Асқар Жұбановтың ғылыми жетекшілігімен әзірленген осындай лингвостатистикалық еңбекте бес түрлі функционалды стильдің¹³ әрқайсысынан 10000 сөзқолданыстан тұратын қазіргі мәтіндерден жинақталған жалпы көлемі 50 000 сөзқолданыстық мәтіндік база негізіндегі «Қазақ тіліндегі буындардың жиілік сөздіктері» жасалды¹⁴, онда мынадай қорытынды берілді: сөздік реестрінде анықталған буын түрлерінің барлық саны 1225, демек қазіргі қазақ тіліндегі 28 фонема бір-бірімен буынға топтасқанда осынша түрлі буын шығады; сан жағынан бітеу буындар көп. Жоғарыда 1225 бір-ліктен тұратын реестрдің 952-сін бітеу буын, 100-ін тұйық буын, 173-ін ашық буын құрайды; бітеу буынның ішіндегі ең көп түрі бар C+V+C үлгісіндегі буын, оның реестрдегі барлық саны жалпы реестрдің 40%-ын алады, алайда бітеу, тұйық буындардың реестрдегі саны көп болғанымен (шамамен 85 %), ашық буындар кездесу жиілігі жағынан оларды басып озады; мәселен, жиілік бойынша орналасқан реестрдің алғашқы 26 бірлігінің 25-і тек қана ашық буын және сол буын түрлерінің жалпы жиілігін қосқанда олар 50000 сөзқолданыстан тұратын мәтіннің 49,8 % пайызын қамтиды (Жұбанов, Жаңабекова, т.б., 2018, 9 б.). Сонымен, қалай болғанмен де, қазақ сөз ағымында ашық буын көп.

үшіншіден, қатарынан келген дауыссыздар арасындағы буын жігі олардың құрамындағы үннің үлесіне байланысты болады. Мәселен, C+V+C1+C2+V түріндегі сөздерде буын жігі C+V+C1 - C2+V немесе C+V - C1+C2+V екі түрлі жерден өтуі C1 мен C2 дауыссыз дыбысындағы үннің үлесіне қарай түрліше болады. Егер C1 дауыссызында C2 дауыссызына қарағанда үн басым болса, буын жігі одан кейін өтеді: *бал-та, қор-ға, сай-*

¹³Функционалды стиль – ғылым, іскерлік, тұрмыстық қарым-қатынас және т.б. осы сияқты қоғамдық өмірдің белгілі бір саласында жүзеге асырылатын, стилистикалық маңызды тілдік құралдардың белгілі бір жиынтығымен сипатталатын әдеби тілдің ішкі жүйесі; қазіргі қазақ тілінде ғылыми, публицистикалық, ісқағаз, көркем әдебиет, сөйлеу сияқты бес негізгі стильді ажыратады.

¹⁴Ескерте кететін жайт, бұл сөздікте мәтінді буынға бөлу оның тұтас ауызша дыбысталуы негізінде емес, мәтін құрамындағы жеке сөздерді буындау арқылы анықталды.

ла, ал керісінше болса, буын жігі оның алдында өтеді: *ва-тман, ми-чман*. Көптеген фонетикалық зерттеуде әмбебап ретінде көрсетілген бұл заңдылық қазақ тіліне тән емес, жоғарыда екінші түрге алынған мысалдардан оның түптүркілік сөздерге емес, кірме сөзге қатыстылығы көрініп тұр. Қазақ сөзінде қатар келген бірнеше дауыссыздың саны екеу болса, буын жігі, олардың үн қатысына қарамастан, екеуінің арасынан: *ұл-па, ас-пан; қош-на, ас-лан* ал үшеу болса, алдыңғы екеуінен кейін өтеді: *жұрт-қа, жент-ті, құ-мырс-қа* (Джусупов М, 1992).

Буын жөніндегі синхрониялық, диахрониялық сипаттағы зерттеулер аз емес, буынның түрлі теориялары да бар (Щербак, 1970, 107-110; Бондарко, 1977, 122-126; Зиндер, 1979, 251-256; Джунибеков, 1982; Джусупов М, 1992, т.б.). Қазақ сөзінің буын ерекшеліктері сингармонизмге байланысты. Профессор Маханбет Жүсіпұлы ұсынған «буынның сингармониялық теориясын» осы сөз ағымы бірлігінің ұлттық спецификасы жөніндегі зерттеулердің логикалық қорытындысы деп тануға болады. М.Жүсіпұлы ұсынған буынның сингармониялық теориясы бойынша қазақ буыны лингвожуан (бемольді), лингвожінішке (диезді), лингвоерінжуан, лингвоерінжінішке төрт сингармотембрде жасалатын моносингармотембрмен сипатталады, қазақ сөзі біртепті сингармотембрлі буындардан құралады, сөзде қанша буын болса, сонша біртепті сингармотембрлі сөз ағымы бөлігі бар (Джусупов, 1992, 30 с.).

Сөйтіп, сөз ағымының ең шағын бірлігі – буын біртепті сингармотембрмен сипатталып, сөз ағымының өзінен жоғары бірлігі – бунақты құрайды. Бунақ құрамындағы буын сингармонизмінің көрінісін екі түрлі көрсетуге болады: біріншісінде бунақ құрамындағы екі түрлі сингармотембрлі буындар тек бір тембрмен айтылады, екіншісінде әр буын өз сингармотембрін сақтайды. Біріншісінде профессор Ә.Жүнісбектің сингармонизм қазақ буынын ғана емес, сөзін де «цементтейтін» құрал (Джунибеков, 1982) деген тұжырымы шындық екені көрінгенімен, екіншісінде бұл тұжырымның іске аспайтыны байқалады. Мәселен, *ақ үйлі аманат* сөз тіркесі бір бунақпен айтылса: [а-ғүй-л'а-ма-на:т], онда екі жуан сингармотембрлі сөздердің ортасындағы жінішке ү дыбысымен келетін бір ғана үй сөзі үй түрінде жуанданып айтылып кетеді. Бұл оның екі жуан буын арасында тұрғанымен, алдыңғы жуан сөздің соңғы дауыссызымен бірігіп бір буын

құрап кеткенімен, өзінен кейін тек қана [а] дыбысынан құралған (а дыбысы – жуан сингармотембрлі дауыстының ішінде барлық фонетикалық позицияда әлді болатын дыбыс) үш бірдей жуан буынның тұрғанымен негізделеді. Сол сияқты *Еламан* сөзіндегі бастапқы жіңішке [е] дыбысы соңғы жуан буындар әсерімен жуандап [йэ-ла-ман] деп айтылуы, бұл жуан э-ның *етік, береке, емле* сияқты сөздердегі е-ден жуан болып келуі құлаққа да анық шалынады.

Сонымен қатар тіліміздегі жуан-жіңішке екі сингармотембрлі сөзден біріккен немесе тек жуан не жіңішке формадағы кірме қосымшалар арқылы жасалған сөздер құраған бунақтарды бірсингармобояумен айту әрдайым мүмкін бола бермейтін жағдайлар өте көп, мысалы, *түйешаруашылық* сөзін [тұ-йә-шар-уа-ш^{bi}-лық] немесе [тү-йө-шар-уә-шⁱ-лік], *тұсау кесер* сөзін [тұ-сау-гә-сәр] немесе [тү-сәу-ге-сер], *қаламгерлік* сөзін [қалам-гәр-лық] немесе [қ'ә-ләм-гер-лік], *өнерпаздарға* сөзін [ө-нөр-пәз-дәр-ә'ә], немесе [о-нор-паз-дар-ға] түрінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке дыбыстау қиын, сондықтан бұл сөздерден жасалған бунақ құрамындағы буындар, профессор М.Жүсіпұлы көрсеткендей, жуан да, жіңішке де өзіне тән сингармотембрмен дыбысталады.

Бунақ (фонетикалық сөз) терминімен екпін түскен бір буынның айналасына топтасып, бір сөз сияқты дыбысталған сөз ағымы бірлігін айтады. Бұл терминді өлең жолдарының бірлігі ретінде алғаш қолданған Ахмет Байтұрсынұлы. Қара сөзде де бунақ болатынын дәлелдеп, ғылыми айналымда оның ауызша сөз ағымы бірлігі ретінде қолданылуына жол ашқан ғалым профессор Сапархан Мырзабеков (Мырзабеков, 2002) болды.

Дегенмен С.Мырзабеков танымындағы бунақ ұғымы біздің зерттеуде ерекшеленеді. Ол «ырғақтық топ деп отырғанымыз – бунақ. Сонда сөйлем бунақтарға, бунақ сөздерге, сөздер буындарға, буын дыбыстарға ажырайды» деп көрсетеді (Мырзабеков, 2002, 96 б.). Біздің пайымдауымызша, ырғақты топ пен бунақ бірдей емес, көбіне бунақ ырғақты топ материалы болады, әрі одан кіші бірлік, демек ырғақты топ бунақтарға, бунақ буындарға, буын дыбыстарға ажырайды. Төменде автор олардың айырмашылығына арнайы тоқталды. Ауызша сөздегі (речь) мұндай бірлік, яғни бунақ, тілдің құрылымындағы бір ғана жеке лексикалық бірлікпен үнемі сәйкесе бермейді (Мырзабеков,

2002; Кодзасов, Кривнова, 2001), кейде екі немесе үш сөз бірігіп, бір деммен айтылып, бір екпінге бағынып ауыздан біртұтас сөз сияқты шығып өрнектеледі. Сондықтан кейбір ғалымдар мұндай бірлікті **акцентті топтар** деп те атайды (Карневская, 2007, 65-68 б.). Әдетте акцентті топ терминін ағылшын, орыс тілі сияқты екпіннің мағына ажырататын қызметі күшті тілдерге қатысты қолданады. Сондықтан екпінінің мағына ажырату қызметі солғын қазақ тілі үшін бұл термин қолайсыз ретінде саналды. Оның үстіне көп зерттеуші акцентті топ, фонетикалық сөз және ырғақты топ терминдері беретін ұғымды бір ғана сөз ағымы бірлігіне телиді (Касевич., Ягунова, 2003, 19-25 б.). Ал біздің зерттеуімізде, бунақ немесе фонетикалық сөз деп аталатын сөз ағымы бірлігі ырғақты топтан кіші, көбінесе ырғақты топты құрайтын бірлік ретінде қарастырылды. Әрине, сөз ағымының мүшеленуі тек бір ғана стандартты түрде (буындардан бунақ, бунақтардан ырғақты топ, ырғақты топтардан синтагма, синтагмалардан сөйленім құралып қана) жүзеге аспайтыны белгілі. Кейде бір ғана дыбыстан құралған сөз тұтас бір сөйленім, яғни фраза түрінде интонациялық жақтан безендіріліп кетеді, кейде бірнеше сөзден құралған сөз ағымы бірлігі тек бір ғана бунақ сияқты айтылады. Мысалы, – *Мынаны қара!* – *Ооо!* деген диалогтің екінші компоненті «қандай керемет!» деген лепті ойды білдіретін аяқталған интонациялық конструкция болса, *қас қағым, барса игі еді, әлгі адам* деген сияқты сөзқолданыстар [*қасқағым, барс'йгі'еді, әлг'адам*] бір ғана сөз сияқты бір деммен, бір ғана буынның екпініне (мысалда екпін түскен буынның дауысты дыбысы қою қаріппен көрсетілді) бағынып айтылады. Ырғақты топта да дәл осылай бірнеше лексикалық бірлік бірігіп кетеді. Сонда бунақ пен ырғақты топты қалай ажыратуға болады деген орынды сауал туады. Бұл сауалдың жауабы ретінде екі бірліктің ұқсастығы мен айырмашылығы төмендегі тұжырымда ұсынылды:

- бунақ та, ырғақты топ та клитикалар мен негізгі сөздің тіркесінен жасалуы мүмкін: сен ғана [сеңғана], ең күшті [^неңгүштү];
- буын саны ең көбі 4-5, ең азы 1 болатын сөз ағымы бірлігі бунақ бола алады, алайда ырғақты топтың буын саны бұдан әлдеқайда көп болуы да мүмкін, ал бунақта бұдан көп бола алмайды;
- екеуі де құрамындағы бір буынның ерекшеленіп, екпінмен айтылуы арқылы ұқсайды, бірақ кей жағдайда ырғақты топ құрамында екі буын екпінмен айтылуы ықтимал, оның бірі не-

гізгі екпін болса, екіншісі қосалқы екпін, мысалы, ауыл шаруашылығының [ауу:л шаруашылығыны::н], жоғары жақтағылар [жоғары: жақтағыла::р] ырғақты тобының негізгі екпіні соңғы буынға, қосалқы екпіні екінші буынға түсіп тұр, бұл сөз ағымы бірлігін бір деммен тек бір екпінмен айту қиын, себебі оның буын саны көп, сондықтан да ол бунақ бола алмайды, ал, мысалы, көк шар [көкша:р], боз жорға [бозжжорға:], қара ала [қар'ала:] сөз ағымы бірліктері, керісінше, бір деммен, соңғы буынының ғана екпінімен айтылады;

– кейде ырғақты топ құраған сөз ағымы бірлігінің үстінен түсетін әуен қозғалысы өзгеруі, бір бағыттан күрт төмен мәнге, не керісінше жоғары мәнге ауысуы мүмкін, алайда бунақ бойында әуеннің мұндай құбылуы болмайды, ол тек бір бағыттан ғана көрінеді;

– кейде ырғақты топтар бунақтардан құралуы мүмкін, бірақ бунақтар буыннан басқа сөз ағымы бірліктерінен құрала алмайды;

Сонымен, қорыта айтсақ, **бунақ** ырғақты топ жасауға қатыса алатын, тек қана бір делимитативті екпінге бағынған ең көбі 4-5 буыннан ғана тұратын, әуеннің бір бағыттағы қозғалысымен ерекшеленетін, просодикалық жақтан ырғақты топтан кіші, буыннан үлкен, бір деммен айтылған сөз ағымы бөлшектерінің қандай да бір мағынасы бар ең кіші бірлігі.

Мысалы, *Мына қар аяғы жіби, жерімізге қала келіп түскелі отыр. Барар жер, басар тау жоқ* (С.Мұқанов, «Ботагөз» романынан) үзінді мынадай сөз ағымы бөліктеріне жіктелді: [мына::// гарайағы: /жібі:::й /// жерімізге::// қала гелі:n/ түскөл^уотұ:::р /// Барарже:::р/// басарта::у жо:::қ///].

Мұнда **2 сөйленім**:

1) мына::// гарайағы: /жібі:::й /// жерімізге::// қала:/ гелі::n// түскөл^уотұ:::р ///.

2) Барарже:::р/// басарта::у// жо:::қ/// (мұндағы /// - пауза).

4 синтагма:

1) мына::// гарайағы: /жібі:::й ///

2) жерімізге::// қала гелі:n/ түскөл^уотұ:::р ///

3) Барарже:::р///

4) басарта::у жо:::қ///

8 ырғақты топ:

1) мына:://

2) *ғарайағы: /жібі::й ///*

3) *жерімізге:://*

4) *қала: /гелі::n//*

5) *түскөл^уотұ:::р ////*

6) *Барарже:::р//*

7) *басарта::у*

8) *жо:::қ////*

10 бунақ бар:

1) *мына:://*

2) *ғарайағы: /*

3) *жібі:::й ///*

3) *жерімізге:://*

4) *қала:/*

5) *гелі:n/*

5) *түскөл^уотұ:::р ////*

6) *Барарже:::р//*

7) *басарта::у*

8) *жо:::қ////*

Ахмет Байтұрсынұлы осындай сөз ағымы бірлігінің өлең жолдарындағы көрінісін **бунақ** деп атайды: «Бунақ ішінде бірнеше буын болады. Бунақ буыны болатын кәдімгі сөз буыны, мәселен, әлгі алынған мысалдардың аяғындағы «Тұра қаштым жалма-жан» деген екі бунақтың алдыңғысында төрт буын, соңғысында үш буын бар. <...> Бір бунақтағы буынның азы екеу, көбі төртеу болады» (Байтұрсынұлы, 2013, 220 б.). Сонымен бірге бунақ деп атап отырған сөз ағымы бірлігі мен ырғақты топты бірдей құрылым ретінде көрсететін еңбектер де жоқ емес. Бірақ зерттеуде оларды екі түрлі сөз ағымы бірлігі ретінде тану керектігі жоғарыда негізделді.

Екпін – сөз бөлігіндегі, яғни сөз ағымы бірлігіндегі бір буынның дауыс құралдары арқылы ерекшеленуі. Мысалы, *Кеш жарық, құрметті әнсүйер тыңдарман!* деген сөйлемдегі *кеш жарық*, және *құрметті әнсүйер тыңдарман* бөліктері пауза арқылы жіктеліп, жеке-жеке топ болып айтылады да, олардың ішіндегі соңғы буындары басқаларына қарағанда қаттырақ, ұзағырақ естіледі, екпін түскен буынның әуені де жоғары болуы мүмкін. Екпін түскен буын өзінің айналасына басқа буындарды ұйытып, бастарын біріктіріп тұрады. Осылай айтылғанда бұл буындар сөз ағымының бір тобы екенінен ақпарат беріліп, тыңдаушыға

сөйлемнің мағынасын түсіну үшін қолайлы жағдай жасалады. Бұлай болмаса, сөз ағымы бірліктерге дұрыс мүшеленбесе, яғни ешбір буын екпінсіз берілсе, сөйлемнің мазмұны, мақсаты көмескіленеді. Міне, бұл айтылғандар кез келген тілдегі екпіннің делимитациялау, яғни бір-бірімен белігілі бір қатынаста тұрған бөліктерге сөз ағымын жіктеу әмбебап қызметін көрсетеді. Мәселен, осы келтірген сөйлемді ешқандай топтарға жіктемей, яғни әрбір топты жеке-жеке екпінсіз, тек сөйлем соңына ғана екпін түсіріп бір деммен *кешиарыққұрмәтт'әнсүйөртыңдарман* деп, болмаса әрбір лексикалық сөзін жеке-жеке бөліп, яғни әрқайсысын жеке екпінмен айтсақ: *кеш // жарық // құрмәтті // ән// сүйөр// тыңдарман*, қабылдау қиындайды, сәлемдесудің әсері төмендейді, себебі бұлай болғанда, тыңдаушыға осы сөйлемдегі сәлемдесу (кеш жарық) мен қаратпаның (құрметті әнсүйер тыңдарман) аражігі байқалмай қалады.

Әр сөз ағымы бірлігінің ерекшелеуші белгісі екпін болса, осы бірліктер бір-бірінен қалай ажыратылады, олардың бір-біріне қатысы қандай? Сөз ағымының синтагма және сөйленім сияқты бірліктері бір-бірінен пауза арқылы бөлініп тұрады, сонымен бірге олардың әрқайсысы өзінше (бірі санамалау, екіншісі хабарлау, бірі – тиянақсыз, екіншісі тиянақты және т.б.) интонациямен айтылады. Сөз ағымының бунақ, ырғақты топ сияқты бірліктері осы жоғары деңгейдегі бірліктерді құраушы элементтер болып табылады. Оларсыз синтагма мен сөйлем құралмайды. Сондықтан да бунақтар мен ырғақты топтарда мағыналық әуен, яғни интонация байқалмайды, олар сөз ағымында екпіннің ұйымдастыруымен құрылады, бунақ пен ырғақты топтардың құрамындағы бір буыны ерекше дауыс сазымен айтылып, басқа буындарды өзінің айналасына ұйытып тұрады. Ойымыз дәлелдірек болуы үшін тағы бір мысал келтірейік, мысалы, 1) *Ұлттық тіл ғылымының қара шаңырағы – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Биыл Институт әлеуметтік тілтанымдық зерттеулерді қолға алды. 2) Ағаң келді-ау, қарсы ал, шай қой, шай бер. «Сүт шай, қара шай ішесіз бе, әлде көкшай ма» деп сұрап ал да, құйып бер* деген мәтін үзіндісін диктордың айтылуы бойынша белгілесек былай болады:

1) ¹ұлттық:қ ²тілғыл^{бі}мыны::ң / ³қарашаң^{бі}рағы::: // ⁴ахме:т
⁵пайтұрсұнұ:л^батындағы:: / ⁷тілбілі:м^дйінстийтұтұтұ::: //

- 2) ¹быйы:л / ²йінстийтұ:у // ³әлеуметті:к ⁴тілтанымды
 :з ⁵зерттеулерді: / ⁶ғолғ'алды: : : //
- 3) ¹аға:ң ²гелд'а: :у // ³қарс'а: :л // ⁴шә:й / ⁵зо: :й // ⁶шә:й /
⁷бе: : :р //
- 4) ¹Сүтчә: :й // ²қарашә: :й // ³әлде: / ⁴көкшә:й ⁵мә: ⁶де: :п //
⁷сұраба:л ⁸да: : : // ⁹ғұйұппе: : :р //

Мұндағы [.] таңбасымен бунақ құрамындағы (қазақ сөздерінде соңғы буын мен оның алдындағы буын) ерекшеленіп айтылатын екпін түскен буын таңбаланды. Әдетте бунақтар лексикалық бір сөзден немесе барлық буын саны көбінесе үшеу (кейде төрт, не бес) болатын сөз тіркесінен тұрады (мысалы, *ақ сары* – [ахсары:], *қан қызыл* – [қаңғызыл:] және т.б.). Сондықтан да осы ұғымды фонетикалық сөз деп қана емес, кейбір ғалымдар акцентті топ, яғни екпінді топ түрінде де көрсетеді. Мысалдағы

- бірінші сөйлемде 8 бунақ, бірақ 11 сөз;
- екіншісінде 6 бунақ, бірақ 7 сөз,
- үшіншіде 7 бунақ, бірақ 9 сөз,
- төртінші сөйлемде 9 бунақ, бірақ 14 лексикалық сөз бар.

Демек сөздің лексика-морфологиялық шекарасы мен бунақтар шекарасы сәйкес келе бермейді.

Ал сөз ағымының ырғақты топтарын құрайтын бөліктерінің басы біздің транскрипцияда (доға) таңбасымен біріктірілді де, олар өзара / (таяқша) таңбасымен ажыратылды. **Ырғақты топтың** екпіні бунақ екпініне қарағанда сәл де болса, жоғары шамалармен ерекшеленеді. Сондықтан біз ырғақты екпінді [::] таңбасымен көрсеттік, сонымен бірге ырғақты топтар кейде бір, кейде бірнеше бунақтан құралуы мүмкін, демек олардағы буын саны көбінесе үштен артық болып келеді. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымыздай, ырғақты топ құрамында буын саны көп болса, көбінесе қосалқы екпін пайда болады. Қосалқы екпін негізгі екпіннен солғындау физикалық мәндерден көрінеді.

Бунақтар мен ырғақты топтардың аражігі бір-бірінен екпін түскен буын арқылы немесе әуеннің сынуы, яғни көтеріліп, күрт төменнен басталуы, сондай-ақ төмендеп күрт көтерілуі арқылы ажыратылады, бірақ олардың аражігінде дауыс үзілмейді, яғни пауза болмайды.

Ал сөз ағымының синтагма, сөйленім сияқты бөліктерінің аражігі бір-бірінен дауыс үзілуі – пауза арқылы айқындалады. Мысалда синтагмалар аражігі /// таңбасымен көрсетілді. Демек

синтагма дегеніміз – сөз ағымының пауза арқылы бөлінген синтагмалық екпін арқылы (таңбасы – [::]) ұйымдасқан бөлігі. Бұл жерде ескеретін жайт, пауза арқылы бөлінген сөз бөлігінің барлығын синтагма деуге болмайды, себебі сөйлеуші кейде ұмытып қалған сөзін еске түсіру үшін де, кейде толғанысын білдіру үшін де пауза жасауы мүмкін. Сондықтан да синтагманы ажыратудың мағыналық жағы да бар. Мәселен, синтагма болу үшін сөз ағымы бөлігінде қандай да бір мағыналық көрініс болу керек. Синтагамаға біріккен сөздер сөйлемде бейнеленген тиянақты ойдың ақиқат өмірдегі көрінісінің бір қырын, бейнесін таңбалау керек. Мысалы, бірінші сөйлемдегі екі ырғақты топтан тұратын Ұлттық тіл ғылымының қара шаңырағы және бір бу-нақтан тұратын қолға алды синтагмалары объективті өмірдегі қандай да бір оқиғаның, зат не құбылыстың, зат белгісі не қимылдың ақиқаттағы бір-бір үзiгiн, көрiнiсiн бейнелеп тұр. Бұлардың мазмұнында аяқталған ой болмағанымен, құбылыстың, тұлғаның, заттың бейнесі, сипа-ты, әрекеті көрініс табады.

Сонымен синтагма – сөз ағымының мағыналық сипаты бар, сапалық жағынан жаңа деңгейдегі бірлігі, өйткені синтагмаларда инонемалар көрініс табады. Ал интонемалардың басқа просодемалармен салыстырғанда таңбалық сипаты күшті, себебі олардың *мазмұн межесі*¹⁵ де, *тұрпат межесі*¹⁶ де бар. Синтагмалар бунақтар мен ырғақты топтардан құралып, құрамындағы буындары синтагмалық екпін түскен буын айналасына ұйымдасады. Сондай-ақ синтагмада қандайда бір интонация көрініс табады. Егер бунақ пен ырғақты топта интонация айқын байқалмайтын болса, сөз ағымындағы синтагмалар айқын интонациямен айтылады, яғни олар не тиянақты, не тиянақсыз, жалпы сұрақ, арнаулы сұрақ, қатал бұйрық, сыпайы бұйрық, лепті интонемаларының (Базарбаева, 1996) бірімен айтылады.

Сөз ағымының үлкен бөлігі – **сөйленім** (высказывание). Көп жағдайда сөйлем термині сөйленім терминінің орнына да, нақ өз орнына да қолданылады береді. Егер **сөйлем** тілдің санадағы

¹⁵**Тілдік таңбаның мазмұн межесі** – тілдік бірлік білдіретін мағына, мысалы, *-лар* қосымшасы қазақ тілінде «көп» деген мағынаны білдіреді. Фонема; дыбыс, буын сияқты тілдік бірліктердің мазмұн межесі жоқ, оларда тұрпат меже ғана бар. Олар өзінен жоғары деңгейдегі тілдік бірліктердің – морфема, лексема; синтагманың тұрпат межесін құрайды.

¹⁶**Тілдік таңбаның тұрпат межесі** – қандай да бір мағынаны жеткізуге қызмет ететін тілдік құралдар, мысалы, *-лар* көптік жалғауындағы көптік мағынаны жеткізуші құралдар осы грамматикалық форманы жасап тұрған *л, а, р*, фонемаларының кешені.

жүйесінің синтаксистік бірлігі (предложение) болса, **сөйленім** сол бірліктің сөздегі (речь) сыртқа шыққан, дыбысталып, интонациялық жақтан безендірілген бірлігі. Сөйленім жоғарыда айтылған барлық сөз ағымы бөліктерінен құрала алады. Сөйленімнің басты белгісі сөйленім екпіні (таңбасы – [:::]). Ғылыми әдебиеттерде оны **фразалық екпін** деп те атайды. Қазақ тілінде фразалық екпін мен сөйлем соңындағы дауыстын тынуы – пауза бір сөйленімнің аражігін екіншісінен айырып тұрады. Фразалық екпін қазақ тіліндегі барлық екпін түрі сияқты сөздің соңғы буындарына түседі. Бірақ оның физикалық көрсеткіштерінің, мысалы, дауыс қаттылығы, буын ұзақтылығы, әуен қозғалысының сандық көрсеткіштері басқа екпіндерден әлдеқайда күштірек болады. Осылай ерекшелену арқылы фразалық екпін түскен буын тындаушыға қандай да бір тиянақты ойдың аяқталғанынан белгі беріп тұрады. Сөйленімдердің арасындағы пауза синтагмааралық паузадан көлемдірек болады. Сөйленім тұтас ойды білдіргендіктен, оның өзіндік интонациясы болады. Оның интонациясы қарым-қатынастың мақсатын білдіреді, яғни сөйлемнің хабарлы, сұраулы, бұйрықты әлде лепті мәнмен айтылғандығы тек сөйлем бойынан білінеді. Сондай-ақ сөйленімнің өн бойынан ғана көрінетін интонацияда сөйлеушінің көңіл күйі, айтылған ой мен тындаушыға қатысы (сыйластық, салқын сыпайылық, енжарлық, мысқыл, ризашылық, құрмет, күдік, күмән, сенімсіздік, үгіт және т.б.) байқала алады.

1.1.2 Сөз ағымын мүшелеудегі ауытқулар. Жоғарыда айтылғандардың барлығы – сөз ағымын мүшелеудің тілдік заңдылықтары. Осы заңдылықтар қолданыстағы сөзде кейде тілдегі көріністеріне сәйкес келсе, кейде одан ауытқып жатады. Басқаша айтсақ, сөйлеу барысында сөйлеуші сөйлемдерді үлкен пауза арқылы бөліп, күшті екпінмен мүшелейді де, оларды синтагмалар мен ырғақты топ, бунақтардан құрайды, ал синтагмаларды үлкендеу паузамен бөліп, күштірек екпінмен ерекшелеп, ырғақты топтардан құрайды, ырғақты топтарды өз кезегінде орташа екпінмен ерекшелеп, фонетикалық сөзден құрайды деуге болады.

Бірақ күнделікті сөйлеу барысында (ресми, бейресми) қандай жағдайда болмасын сөз иесі осы қалыпты өзгертпей қолданбайды, сөздің мақсатына, көңіл күйіне, сөйлеушінің тың-

дарманмен қарым-қатынасының, жеке басының ерекшеліктеріне, сөйлеу жағдаятына қарай, аталған нұсқа өзгеріп отырады, яғни сөйлем кейде бір сөзден жасалады, тіпті ол сөз бір буынды болуы да мүмкін, сонда оның айтылуы қалыпты сөйлем интонациясымен, фразалық екпінмен ерекшеленетін болады. Ал кейде тілдегі тиянақсыз тұлға (аяқталмаған сөйлем, сөз тіркесі, жеке сөз) бунақ немесе ырғақты топ түрінде емес, аяқталған ойды білдіретін сөйлем түрінде өрнектеліп, белгілі бір коммуникативтік мақсатта жұмсалуды мүмкін. Мысалы, эфирдегі диалогтан үзінді: *Студенттік кезіңіз туралы айттыңыз. Иә.* Мұнда жүргізушінің екінші сөйлемі бір ғана иә сөзінен тұрады да, ол тек мақұлдауды емес, әңгіменің жалғасын сұрауды да білдіретін тиянақсыз интонациямен өрнектелген. Бұл жерде тілдегі сөйлемнің қалпынан уәжді ауытқу жасалған, яғни тыңдарман үшін де, сұхбат иелері үшін де мағынаның көмескіленген, түсініксіз болған жайы жоқ.

Ал қалыптан уәжсіз ауытқу болады. Бұл сөз иесінің сөзді дұрыс мүшелей алмауынан, не болмаса сөйлеу физиологиясындағы жүре пайда болған, сондай-ақ туа біткен кемшіліктеріне байланысты болады. Бұлардың алғашқысы ауызша сөздің мамандары үшін кәсіби қате болып саналады. Мәселен, кейде сөйлем аяқталмаған жерде оны тиянақты интонациямен айтып, ойды үзіп тастайтын мысалдар кездесіп қалады. Бұл қабылдауды қиындатады, әрі коммуникацияның мақсатына жетуде кедергі тудырады. Мысалы, *Қазан айының бірінен бастап «Менің қарттарым» атты республикалық жастар әлеуметтік акциясы өтіп жатыр. Аталмыш акция бірнеше кезеңдерден тұрады. Атап айтқанда, зейнеткерлердің тұрғын үйлерін жөндеу, отынын жару, бау-бақша жұмыстарына жәрдемдесу, медициналық көмек көрсету сияқты нақты іс-шараларды жүзеге асыру.* Осындағы соңғы сөйлемді аяқталмай жатып сияқты сөзінің алдында дауысты бәсеңдетіп тиянақты әуенмен жеке сөйленім екпінін түсіріп айтса, одан кейінгі бөлігінің мазмұны көмескіленіп қалады: *Атап айтқанда, зейнеткерлердің тұрғын үйлерін жөндеу, отынын жару, бау-бақша жұмыстарына жәрдемдесу, медициналық көмек көрсету::: // сияқты нақты іс-шараларды жүзеге асыру.* Себебі, сөйлем аяқталмай жатып оның бір бөлігін кесіп тасталынады да, мағынаға нұқсан келеді. Бұған керісінше құбылыс та байқалады. Сөйлем аяқталып, ой тиянақталған тұста,

оны тиянақсыз әуенмен айтып тыңдарманды ойдың жалғасы бар екеніне алаңдату да кездеседі. Мұндай сияқты дикторлар тарапынан жіберілген сөз ағымын дұрыс мүшелемеуге байланысты уәжсіз ауытқулар олардың кәсіби біліктілігінің төмендігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, сөз ағымын дұрыс мүшелеу ауызша сөзде жалпы ойды жеткізудің басты құралы екенін, сондай-ақ оның тілдік заңдылықтармен қатар сөйлеу заңдылықтарына да бағынышты екенін есте ұстаған жөн.

1.1.3 Сөз ағымын мүшелеудегі ой екпінінің рөлі. Жоғарыда қазақ тілінің ауызша сөзінің мүшеленгендегі бірліктеріне тоқталдық. Олардың тілдік заңдылықтарға сәйкес қалай ұйымдасатыны белгілі болды. Егер қазақ мәтінінің ауызша үлгісінің ырғақты топтары мен синтагмаларына зер салып қарайтын болсақ, олардың мүшеленуінде өлең жолдарының бунаққа, тармаққа, шумаққа мүшеленуі сияқты белгілі бір тәртіптің, пропорцияның болатыны байқалады: бунақтан тармақ, тармақтан шумақ құралатыны сияқты фонетикалық сөзден ырғақты топ, ырғақты топтан синтагма, синтагмадан фраза құралады. Осылай бір қалыпты ырғақпен айтылған қара сөз өрнегінің бойында ерекше мәндермен көрініп, басқаларының айтылу сарынымен салыстырғанда өзіндік дауыс безендірілуі болатын сөздер кездесіп жатады. Бұл тыңдаушының назарын сол сөздегі ақпаратқа айрықша аударту мақсатымен жасалатын тәсіл. Сөз ағымындағы мұндай сөздерді ой екпіні даралап тұрады. Ой екпінінің басқа жоғарыда аталған екпіндерден қызметі ерекше. Сөз ағымы топтарының екпіндері: акцентті, ырғақты топ екпіндері, синтагмалық, фразалық екпіндер сөз ағымының жалпы өрнегін жасайтын бөліктерді ұйымдастырып тұрса, ой екпіні сол өрнекте ерекше нақышқа ие болатын сөзді ұйымдастырып тұрады. Ауызша сөзде қаттырақ, әуендірек, баяуырақ, тіпті кейде кідіріспен бөлектеніп айтылған мұндай сөз ой желісін, сөйлеушінің баса көңіл бөлген ақпаратын білдіреді. Мысалы: *Қостанай қаласында өткен театр фестивалі аяқталды* сөйлемін ой екпінін түсіру арқылы мынадай бірнеше түрлі айтуға болады:

Қ о с т а н а й қ а л а с ы н д а ө т к е н / т е а т р ф е с т и в а л і а я қ т а л д ы //
(Алматы емес, Астана емес)

Қостанай қаласында өткен / театр фестивалі аяқталды///
(облысында емес, ауылында емес)

Қостанай қаласында өткен / театр фестивалі аяқталды///
(ұйымдастырылған емес, басталған емес)

Қостанай қаласында өткен / театр фестивалі аяқталды///
(кино емес, ән емес)

Қостанай қаласында өткен / театр фестивалі аяқталды///
(байқау емес, жиын емес)

Қостанай қаласында өткен / театр фестивалі аяқталды///
ы/// (аяқталып қалды емес, жалғасты емес)

Ал ой екпіні түскен сөзді орын тәртібі арқылы ерекшелу тәсіліне оны баяндауышқа жақын қою жатады. Орын тәртібі арқылы ерекшеленген сөз де ой екпінімен айтылады. Мысалы: Студенттер биыл оқуға ерте келді сөйлеміндегі ой екпінімен айтылатын сөзді баяндауыштың жанына қойып айту арқылы түрлендіруге болады:

Студенттер / биыл оқуға / дайындықпен келді///

Биыл оқуға / студенттер / дайындықпен келді///

Студенттер / оқуға биыл / дайындықпен келді///. Дикторлар мен журналистер қолдарына берілген жазба мәтін мазмұнымен алдын ала танысып, оның астарын түсінбесе, сөйлемдердегі ой екпінімен айтылатын сөздерді бірден анықтай алмайды, себебі мәтіндегі ой желісі оның мазмұнынан, автордың айтылған ойға қатысынан туындап отырады. Сондай-ақ мұнда тыңдарман үшін маңызды болып саналатын ақпарат ескерілу керек. Диктор сөз ағымында жаңа ақпаратты ерекшелеп отырса, тыңдарман үшін мәтіннің түсіктілігі артады. Басқаша айтсақ, сөйлемдегі жаңа ақпарат пен бұрыннан таныс ақпарат ауызша сөзде ажыратылып отыру керек. Мәселен, Алматы қаласының Бөлтірік Атыханұлы атындағы гимназиясының оқу ісінің меңгерушісі Ерік Қуатбекұлына қала әкімшілігі тарапынан марапат қағазы берілді. Ол он жылдан астам уақыт бойы өз қызметін ойдағыдай атқарып келеді деген сөйлемдердің алғашқысында Ерік Қуатбекұлы есімі ерекше айтылса, екінші сөйлемде сол есімнің орнына жұмсалған ол есімдігін ерекшелудің, яғни ой екпінімен айтудың басы артық, себебі бұл ақпарат тыңдарман үшін жаңалық емес, жаңалық оның он жылдан астам уақыт бір қызметті атқарып келуінде, болмаса осы қызметті ойдағыдай

атқаруында. Сондықтан екінші сөйлемде ой екпіні не *он жылдан астам* тіркесіне, не *ойдағыдай* сөзіне түсірілуі орынды.

Ой екпініне қатысты білім-дерінің болмауына немесе осы білімдерді дұрыс пайдаланбауына байланысты эфирден кейде тыңдарманын елең еткізе қоймайтын, ешқандай бедерсіз айтылған бірсарынды сөз естіліп жатады. Мұны болдырмаудың ең тиімді жолы қолға берілген ақпаратпен егжей-тегжейлі танысып, оның мазмұнын, мәнмәтінін (контекст), астарын түсіну, содан барып, маңызды сөздерін ерекшелеп айту.

1.2 Сөз сазы және оның бірліктері

Сөз сазы термині туралы. Кез келген тіл дыбыстары физикалық табиғаты жағынан толқын болып келеді. Олардың жасалуына адамдың сөйлеу аппараты қатысады. Толқынға тән қасиеттерімен тілдік дыбыс физикалық зерттеудің де объектісі бола алады, алайда тілдік аспектіде дыбыстың естілуін зерттеумен акустикалық фонетика айналысады (Л.Р.Зиндер, Н.С.Трубецкой, Ә.Жүнісбек, С.Мырзабеков, т.б.). Тіл дыбыстары адамның сөйлеу аппаратындағы әртүрлі мүшелердің қозғалысымен (соқтығысу, жуысу, т.б.) жасалады. Тіл дыбысының мұндай жасалу қасиеттерін артикуляциялық фонетика зерттейді. Тіл дыбыстарын табиғаттағы басқа дыбыстардан ажыратып тұратын маңызды белгісі – олардың тілдік мағыналы бірліктерді ажыратуға қатысу қызметі. Міне, осы қасиеті арқылы ғана тіл дыбыстары шынайы тілтанымдық объектіге айналады. Тіл дыбыстарының функционалдық қызметі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, акад. С.Кеңесбаев, проф. Н.Уәли, З.Базарбаева, Ж.Аралбаев, М.Жүсіпұлы (Жүсіпұлы, 1998), т.б. еңбектерінде жан-жақты зерттеліп келеді.

Қазақ тіл білімінде проф. Ә.Жүнісбектің еңбектері қазақ тілінің сөйлеу фонетикасын дамытты. Оның артикуляциялық базаға¹⁷ қатысты әрбір тіл дыбысына жүргізген зерттеуі тіл дыбыстарына тән жасалуындағы айырым белгілерді дәл анықтап берді. Ғалым айырым белгілерді акустикалық кеңістікте және артикуляциялық кеңістікте әрқайсысының өзіне тән ғылыми аппараты арқылы анықтап, жүйелі түрдегі айырым терминологиясын ұсынды, мәселен, акустикалық аспектіде ұяң, ал артикуляциялық аспектіде босаң тоғыспалы, не босаң жуыспалы, акустикалық аспекті-

¹⁷ **Артикуляциялық база** – қандай да бір тілге ғана тән сөйлеу аппараты қалыптары мен артикуляциялық қозғалыстарының жиынтығы.

де қатаң, ал артикуляциялық аспектіде қатаң тоғыспалы не қатаң жуыспалы, акустикалық аспектіде ызың, артикуляциялық аспектіде жуысыңқы деп айырмаланады (Жүнісбек, 2002).

Тіл дыбыстары сөз ағымында бір-бірімен үйлесіп, жымдасып белгілі бір әуен (негізгі тонның жиілігі), дауыс сазымен айтылады. Тіл иесі санасындағы жеке дыбыстарды жүйе ішінде, жүйеге қатысты сегментті фонетика зерттейтін болса, ал олардың өзара жымдасып белгілі бір айтылым әуезімен жүзеге асырылғанда пайда болатын дыбыстық құбылысты суперсегментті фонетика зерттейді. Суперсегментті фонетика сегментті фонетиканың үстінен түсетін түрлі просодикалық құбылыстарды қарастырады. Негізгі объектісі – сөз ағымы бірліктерінің буыннан бастаған одан әрі күрделенген суперсегментті бөліктері мен олардың қасиеттері, өзара қатынасы. Суперсегментті фонетикалық бірліктер сегментті фонетикалық бірліктерден құралады. Ал кез келген фонетикалық бірлікке тән қасиет оның бір түзу бойымен орналасатындығында (линейность), яғни белгілі бір уақыт үзiгiнде бiрiнен кейiн бiрi келетiндiгiнде жатыр.

Суперсегментті фонетикалық бірліктердің арқауы – сегментті фонетикалық бірліктер. Сегментті бірліктерге дыбыс жатса, суперсегментті бірліктерге қазақ тілінде – буын, бунақ, ырғақты топ, синтагма, фраза, күрделі фразалық тұтастық жатады. Бұларды сөз ағымында бірінен бірін ажыратып, өз алдына әрқайсысын ұйыстырып тұратын сөз сазы бірліктеріне қазақ тілінде: сингармотембр, екпін, просодемалар және интонемалар жатады. Екпін мен интонация ұзақтылық, қарқын; дауыс әуені, диапазоны т.б. түрлі сипаттағы дыбыстық құбылыстардың (просодемалардың) қатысуымен жасалады.

Суперсегментті фонетикалық бірліктер дыбыстан үлкен болады, сол дыбыстардан жасалады. Мұндағы дыбыс дегеніміз – тіл дыбыстары – фонемалар. Фонемалар жеке тұрғанда адамның құлағына естілетіндей ешбір үн өзгерісін жеткізе алмайды. Олар жеке тұрғанда уақытпен үзілген үн мен салдырдың немесе жеке үннің не салдырдың үзiгiн бiлдiредi. Ал фонемалар өзара жымдасып буын құрағанда адам құлағына қандай да бір бағыт алған (бәсең, көтеріңкі, бірқалыпты) әуен шалынады. Сөйтіп буыннан құралған одан жоғары дейінгідегі күрделі суперсегментті фонетикалық бірлік бұдан да күрделі әуен өзгерісін береді де тілдің

грамматикалық құралдары жеткізетін мағынаға параллель, кейде оған үйлеспейтін мағынаны жеткізуге қабілетті интонация пайда болады.

Сингармонизм просодикалық қана белгі, ол фонологиялық мәртебеге ие емес деген тезиске ерекше тоқталу керек. Бұл автордың алдағы зерттеуінің бір бағдары болмақ. Ал мына зерттеуде сингармонизм қазақ сөзі просодикасын анықтайтын жалпы қазақ сөзін ұйымдастыратын әмбебап құбылыс ретінде қаралады. Тіл-тілде просодикалық басым белгілер түрлі болады. Мәселен, орыс тілінде әмбебап просодикалық белгі екпін, қытай, вьетнам сияқты тоналды просодикалық ерекшелішін айқындайды. Ендігі кезекте зерттеудегі басты термин «сөз сазына» тоқталу маңызды. Қазақ тіл ғылымында сөз сазы ұғымына ғылыми негіздеме жасап, осы терминнің объектісін көрсеткен ғалым академик Рәбиға Сыздық болды. Ғалым «Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз – тілдің табиғи **дыбыс заңдылықтарын** сақтау болып табылады. <...> Дұрыс жазу заңдылықтарын орфографиялық нормалар, ал дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтарын орфоэпиялық нормалар деп атаймыз. Соңғы орфоэпиялық нормалар деп отырғанымыз – жоғарыда айтылған «сөз сазы» деген ұғымға қатысты», – деп көрсетеді (Сыздықова, 1995, 119 б.). Біз зерттеуімізде «сөз сазы» терминін академик Р.Сыздық ұсынған контекстен әлдеқайда кеңірек ұғымда просодика термині орнына қолдануды ұсынамыз. Біріншіден, қазақ тіліндегі «саз» сөзінің негізгі семасына арқа сүйеу керектігі мұның басты негіздемесі ретінде алынды. Мәселен, Онбестомдық үлкен түсіндірме сөздікте бұл сөзге «үн, әуез, ырғақ» деген дефиниция берілген (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 12-том, 535 б.). Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы да бұл сөзді осы мағынада қолданған: «Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері» (Байтұрсынұлы, 2013, 151 б.). Үшіншіден, академик Р.Сыздық ұсынған «сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі» дегенге саятын ұғым просодика деп келген ұғымға қарма-қайшы емес, қайта сонымен үндес, сол ұғымның ішіне кіретін құбылысты білдіреді. Сондықтан «сөз сазы» деп тек сөйлеу актісіндегі сөздердің дұрыс айтылуын, яғни орфоэпиялық

құбылыстарды ғана емес, сонымен бірге жалпы сөз ағымының ұйымдасу заңдылықтарын түгелдей қамтитын құбылысты атау керек деп санаймыз. Просодика терминінен біржолата бас тарту керек деуден де аулақпыз, дегенмен тіліміздегі «сөз сазы» терминін осы ұғымда қолдану ұлттық сипаттағы терминдердің қатарын көбейтер еді деген ойдамыз.

Сонымен, **сөз сазы** немесе просодика, просодия (грек тілінен аударғанда, просодия – екпін, ән қайырмасы) дыбысталған сөздің жіктелуін және негізгі тонды (әуенді) жоғарылату, төмендету, екпін қою, сөз қарқынын үдету немесе баяулату, айтылымды үзу сияқты құралдар арқылы жіктелген сөз ағымы бөліктерінің ұйымдасуын білдіреді (Белякова, Заикание, 1998). Сөз сазын зерттеу ежелгі дәуірден бастау алады. Сөйлеудің просодикалық жағы тілтанымда тек таза лингвистикалық зерттеулерде ғана емес, әсіресе психолінгвистика сияқты аралық салаларда да қарастырылды (Л.С. Выготский, Н.А. Гвоздев, Н.И. Жинкин, Н.Д. Светозарова, Г.Н. Иванова-Лукьянова, Р.К. Потапова, О.Ф. Кривнова, С.В. Кодзасов, Л.А. Гаранина, А. Мартине, А.Мюллер, М. Зелтинг және т. б.)

Сөз сазы мимика, поза, көз қимылы, ым-ишарат сияқты паралингвистикалық қарым-қатынас құралдарымен бірге сөйлеудің ерекше эмоционалды бояуын жасайды. Әдетте, барлық аталған элементтер бір-бірін толықтыра отырып, сөйлеушінің ойын, дітін дұрыс жеткізуге қатысады.

«Просодия» терминін алғаш рет ежелгі грек грамматиктері (Марузо, Torio de La Riva және т.б.) тон, ұзақтылық, тембр сияқты дыбыстың негізгі артикуляциясына тәуелсіз сөз ағымының қосымша сипаттарын білдіру үшін қолданды. Кейінірек бұл сөз латын тіліне ауысып, «тоналды екпін», «буын саны», «екпін» дегенді білдіре бастады, сонымен қатар екпіндерді сипаттайтын белгілер жүйесі үшін қолданылды. Лингвистикалық әдебиетте «просодия» терминін кеңінен қолдану ХХ ғасырда басталады. Р.К. Потапова еңбектерінде «просодия», «просодика», «просодемика» терминдерінің аражігін ажыратуды дәйектеді (Потапова, 2014, 3-21 б.). Ол просодияны дыбысталған сөзді материалдандыру құралдарына қатысты субстанционалды ұғым деп санайды. Дыбысталған сөз просодиясын Р.К. Потапова сөйлеу тізбегін актуалдандыратын негізгі тон жиілігі, интенсивтілік немесе, А.Аманбаева бойынша, дауыс үдемелілігі (Аманбаева, 2006.),

ұзақтығы сияқты акустикалық құралдар ретінде түсіндіреді (Потапова, 2014, 3-21 б.). Ал А. Мартине өз зерттеуінде просодияға фонеманың ұзындығына сәйкес келмейтін барлық дыбыстық құбылыстарды жатқызады: екпін, тон, интонация, сондай-ақ буын саны (Мартине, 1960). Интонолог-ғалым Н.Д. Светозарова просодиканы мағыналары ұқсас «просодикалық сипаттамалар», «просодикалық элементтер» терминдерін қолдана отырып, сөйлеудің суперсегменттік немесе ырғақты-интонациялық қасиеттерінің жиынтығы деп таниды (Светозарова, 1982.). Б.Шенхер, М.Зелтинг, Б.Мобиус, А.Мюллер просодияны екпін, интонация, дауыс қаттылығы (үдемелілік), сөз бөлігі ұзақтылығы, кідірістер, сондай-ақ олармен байланысты қарқын мен ырғақ сияқты күрделі құбылыстар, яғни сегментті бірліктен тысқары құрылатын сөйлеу құбылыстарының жалпы термині ретінде түсінеді (Григорьев, 2006).

С.В. Кодзасов, О.Ф. Кривнова просодикалық (супрасегментті) құралдарға сөз екпіні мен силлабикалық тондарды жатқызса (Кодзасов, 2001), М.Ф. Фомичева, Л.А. Гаранина, Н.И. Жинкин мен басқа зерттеушілер сөйлеудің просодикалық жағының негізгі құрамдас бөлігі интонация болып табылады деп көрсетеді (Фомичева, 1989). Н.И. Жинкин просодияны «дауысты дыбыс үндестігі, ассимиляция, диссимиляция, эвфония, дыбысталған сөзді өзектендірудің әмбебап құралы», тіл дамуының ең жоғары деңгейі ретінде көрсетеді, себебі мәтіннің просодикалық безендірілуін ғалым психофизиологиялық, ситуациялық, қажеттілік-уәждемелік және экстралингвистикалық көрсеткіштерден тұратын күрделі үдеріс деп қарастырды. Бұл көрсетілген компоненттер бүгінгі зерттеулерде просодияның жалпы акустикалық-артикуляциялық сипаттамаларын анықтайды (Жинкин, 1958). Сонымен **сөз сазы** – ауызша сөздің маңызды құрамдас бөлігі, оны безендірудің, ондағы интеллектуалды ақпаратты жеткізудің, мағынасы мен эмоционалды-экспрессивті реңктерін нақтылаудың құралы. Сөз сазының элементтеріне мыналар жатады: тембр, дауыс жоғарылығы мен күші, әуен, қарқын, кідіріс, дауыс модуляциясы, ырғақ, ой екпіні, дикция.

Қазақ сөзінің сазы туралы айтқанда, ең алдымен **үндесім** (сингармонизм) құбылысына ерекше тоқталып өту керек. Сөзбен сөз арасында, түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың бір-

біріне ықпал етіп, өзгеріп, айтылуын үндестік заңы реттейді. Қазақ тіліндегі үндесім таралуына қарай 2 түрге бөлінеді: **буын үндестігі, дыбыс үндестігі.**

Буын үндестігі деп сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып келуін айтады, мысалы: *әже, , іні, іскерлік, ата, ақпарат, уақыт.*

Дыбыс үндестігі сөз ішіндегі қатар келген 2 дыбыстың бір-біріне ықпал етуі. Дыбыс үндестігі 3-ке бөлінеді: ілгерінді ықпал, кейінгі ықпал, тоғыспалы ықпал.

Буын үндестігінің өзі палатальды немесе лингвальды – **тіл үндесімі** және лабиальды – **ерін үндесімі** болып жіктеледі. Тіл үндесімі дыбыстардың сөз ішінде бірыңғай жуан-жіңішкелігіне қатысты болса (*бас-бас; от-өт, тос-төс, тыс-тіс, ыз-із*), ерін үндесімі олардың бірыңғай езу-еріндік болып келуіне қатысты (*бас-бос, ат-от, тыс-түс, із-үз*). Бұл екі үндестік те қазақ ауызша сөзінің нормасына тән, алайда екеуінің сөз ағымының өн бойына таралу шегі әртүрлі. Сондай-ақ тілдегі фонологиялық қызметтері де түрліше болып келеді, сондықтан тілдегі мәртебелері де әртүрлі. Бір сөзбен қысқа қайырып айтқанда, езу үндестігі тілдік (лингвистикалық) қызмет атқарса, ерін үндестігі ауызша сөздің айтылу нормасын сақтауда ғана, яғни сөйлеуде қызмет атқарады. Езулік сингармонизмсіз қазақ сөзі болмайды, ал еріндік сингармонизм қазақ сөзінің өн бойына тән болуы шарт емес. Сол сияқты езулік сингармонизм сөздің басынан аяғына дейін сақталып, күштілігін көрсетсе, еріндік сингармонизм сөздің үшінші, кейде тіпті екінші буынынан бәсеңдеп, әлсіздігін көрсетеді.

Сингармонизм құбылысының бұл қарапайым анықтамасынан әлдеқайда терең әрі кең сан түрлі қыры тіл ғылымында түркітанушылардың еңбегінен бастап бүгінге дейін ерекше ыждағаттылықпен зерттелді. Алайда бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қазақ сөзінің сазын анықтайтын тағы бір маңызды белгіге екпін жатқызылады. Алайда сингармонизм бар жерде екпіннің қызметі көмескіленеді деген тұжырымды асыра пайдалану салдарынан қазақ екпінінің табиғаты дұрыс зерттелмей келді. Кеңестік кезеңде екпінге ерекше көңіл аударған ғалым академик С.Кеңесбаев болды. Бұған дейін қазақ екпіннің табиғаты, оның ерекшеліктерін көрсеткен тұңғыш ғалым Ахмет Байтұрсынұлы

болды. Ғалым екпінге қарай тілдерді «екпін буыны бірыңғай келетін тілдер, екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер» деп екіге жіктейді (Байтұрсынұлы, 2013, 216 б.). А.Байтұрсынұлы «Қазақ тілінде екпін буыны сөздің иә аяғында келеді, иә аяғына таяу буын болып келеді. Екпін буыны аяғында келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас, екпін буыны аяққа таяу келетін сөздерімен поляк тіліне ұқсас. Солай болған соң француз иә поляк тіліндегі сөздерден өлең жасап шығаратын табиғи жол біздің қазақ тілінің де табиғи жолы болып шығады. Олай болса, біздің қазақ тілінде өлең шығарудың да негізінің шарты – буын санын бірдей орнына келтірумен орындалады», – деп көрсетті (Байтұрсынұлы, 2013, 216 б.). Профессор С.Омарбековтің еңбегінде қазақ екпінінің табиғаты жан-жақты қарастырылды. Бұған дейін кейбір біржақты пікірге сүйеніп, қазақ тілінде сөз екпіні жоқ деген жаңсақ тұжырымды жоққа шығару мақсатымен ғалым қазақ тіліндегі екпіннің мағына ажыратуға қатысатын контекстерін түгендейді (Омарбеков, 2002, 99-104 б.).

Қазақ сөз сазының типологиялық ерекшелігін терең түсіну үшін оны тіл-тілдің просодикасы бойынша анықталған түрлі типтермен салыстыру керек. Тілдік типологияның ішіндегі алғаш жасалғаны фонетика-фонологиялық типология болса, осыған негізделіп просодикалық та типология жасалды. Просодикалық типология тілдің суперсегментті бірліктерінің ерекшеліктеріне қарап анықталды. Суперсегментті бірліктерге қай тілдің болма-сын фонетикасында екпін мен интонацияны жатқызу дәстүрге айналған. Алайда тілдің суперсегментті құрылысы бұл екі ғана құбылыстың ауқымынан әлдеқайда кең және оларға қатысты жекелеген басқа да құбылыстарды қамтиды. Дегенмен бұл екеуінің жиі айтылуы кез келген тілде кездесе алатын әмбебаптығына байланысты болса керек. Сондықтан да тіл-тілдің просодикалық типологиясы осы екі негізгі құбылысқа сүйенеді. Сонымен тілдердің просодикалық құрылысына қатысты мынадай үш негізгі тип анықталып отыр. Бұған В.Б.Касевичтің (Касевич, 1983, 162 б.) просодикалық типология бойынша жасаған әйгілі үшбұрышын көрнекі мысал ретінде келтіруге болады: оның бір ұшына – тоналды тілдер (вьетнам, қытай тілдері), екіншісіне – акцентті тілдер (орыс, роман-герман тобының тілдері), үшіншісіне – үндесім тілдері (түркі тілдері) орналастырылған. Осы қатынаста қазақ сөз сазының ерекшеліктері айқын байқалады.

Қазақ тілінде сингармонизм сөздің тұтасып, бір бөлек фонетика, тіпті кейде фонологиялық та кешен болып тұруына әсер ететін ерекше құбылыс. Дегенмен осы типологияда бірі басым болғанымен тіл-тілде басқа екеуі мүлде жоқ дегенді білдірмейтінін еске саламыз.

Сөз сазы мен интонацияның айырмасын, арақатынасын түсіну аса маңызды. Екі құбылыс та суперсегментті фонетикаға қатысты болғанымен, екеуінің айырмасы бар. Просодика интонациядан әлдеқайда кең ұғым. Интонация сөз сазының бір бөлігі деуге болады. Мұны сурет жүзінде былай көрсетуге болады:



Просодикалық құралдар интонацияны жасап тұрады, дәлірек айтқанда, интонемалар просодемалардың жиынтығынан тұрады. Алайда интонацияның тілдік мәртебесі просодикадан басқаша, себебі просодикалық бірліктер фонемалар сияқты тек тұрпат межесі бар ерекше таңбалар болса, интонемалар, яғни интонациялық бірліктер морфема сияқты мазмұн да, тұрпат та межесі бар нағыз тілдік таңбалар болып табылады. Фонемасыз морфема құралмайтын сияқты просодемаларсыз интонема жасалмайды, сондықтан просодика мен интонация арасындағы қатынас күрделі әрі тығыз байланысқан. Мәселен, кез келген интонема жасалуы үшін ең болмағанда екі-үш просодеманың қатысуы шарт:

әуен қозғалысы – мелодема,

дауыс қаттылығы – интенсивтілік (акцентема),

уақыттық просодема пауза немесе қарқын – хронема. Сол сияқты сөз сазы туралы айтқанда, тілдік ерекше құбылыс деген оның кең мағынасымен қатар оның өлең құрылысына қатысты өлең әуезінің, әуенінің, екпінінің, т.б. сипаттарын көрсететін құбылыс деген тар мағынасы барын да ұмытпау керек. Соңғысы просодиканың ғылымдағы алғашқы анықтамасы болған.

Сонымен, сөз сазының ең кіші бірліктерін просодемалар деп атайды, олар ауызша сөзде бір-бірімен байланысып, бірнешеуі бірге қолданылады, өздері жеке ешқандай мазмұнды білдіре алмайды, мұндай қасиетімен олар фонемаға ұқсас, себебі жеке

фонема өзі ешқандай мазмұнды білдірмейді, бірақ мазмұн ажыратуға қатысады. Просодемалар интонемаларды жасайды, сөйтіп интонама білдіретін мазмұнды ажыратуға жұмсалады. Просодемалардың әуенге (мелодема), дауыс қаттылығына (акцентема), уақытқа (хронема) қатысты үш түрлі типі және төмендегідей бірнеше түрі бар:

- қарқын (хронема);
- кідіріс (хронема);
- ұзақтылық (хронема);
- дауыс қаттылығы (акцентема);
- әуен (мелодема);
- тембр;
- екпін (бірнеше әртүрлі типтегі просодемадан құралған күрделі просодема)

Бір мелодеманың бірнеше түрі бар: негізгі тон жиілігінің қозғалысы, әуен контурлары арасындағы интервал, дауыс диапазоны; акцентема дауыс қаттылығын көрсетеді. Ол әуенге параллель де, оған қарама-қайшы бағытта да бола алады, мысалы, әуен тынғанда дауыс қаттылығы сақталуы мүмкін, сол сияқты әуен қозғалысы тоқтағанда дауыс қаттылығы бәсеңдеуі де мүмкін. Кейбір зерттеушілер дауыс қаттылығына ұзақтылық та әсер етеді деп көрсетеді. Алайда ол уақыттық просодемадан бөлек бірлік, оның өлшем бірлігі децибелл. Ең көп түрлі просодема уақыттық просодема, яғни хронема, оның пауза, ұзақтылық, қарқын сияқты түрлері бар. Бұлардың әрқайсысының өз қызметі, ерекшелігі болады, ал ортақ тұсы – уақытқа қатыстылығы.

Екпін де просодемаға жатқызылады. Солай болғанмен де тіл-тілдегі екпіннің жасалуына көрсетіп кеткен просодемалар түрлі қатынаста қатысады. Мәселен, орыс тіліндегі екпіннің барлық түрінің жасалуына қатысатын міндетті просодема – дауыс қаттылығы, ал қазақ тілінде екпін түрлері көп, бірақ қазақ екпінінің бәрінің де жасалуына қатысатын басты шама – уақыт, яғни қазақ екпінінде басты просодема хронема болып табылады, басқаша айтқанда, қазақ екпіні уақыттық сипатта болады, оны жасауда бұрын ұзақтылығы зор рөл ойнайды.

1.3 Қазақ екпіні туралы

Тұңғыш академик тілтанушы Ісмет Кеңесбаевтың еңбектерінің ішінде қазақ тілі фонетикасының академиялық сипаттағы

алғашқы ғылыми курсы ерекше орын алады. 1948 жылы «Қазақ ССР ҒА Хабарларының Лингвистикалық сериясы» журналында (Кеңесбаев, 1948, 19-23 б.) жарық көрген «Қазақ тіліндегі екпін категориясы» атты мақаласындағы ғылыми жаңалық, тыңнан түйілген ойтұжырымдар қазақ акцентологиясының қалыптасып дамуына ерекше әсер етті.

Егер бүгінгі күнгі акцентология тілдің суперсегментті фонетикасының маңызды элементі, іргелі просодикалық категориясы болып табылатын екпінді автономды түрде жеке объект ретінде арнайы қарастыратын фонетиканың семантикамен, лексикология, синтаксиспен байланысты маңызды бір саласы болып табылса, аталған мақала жазылған жылдары жалпы тіл ғылымында, оның ішінде орыс тіл білімінде де бұл сала өз еншісін алып, әлі жеке шыға қоймаған еді. Сонымен бірге қазақ тілінің екпін сипаты орыс түркітанушыларының еңбектерінде түркі тілдерінің дыбыс құрылысы ерекшеліктеріне қатысты ізденістерінде ішінара қарастырылатын мәселе болған. Ал тұңғыш қазақ тілтанушы ғалымдары Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбановтар қазақ екпінінің табиғатын қанша саралап жазғанымен, олардың еңбектері қызыл қырғын саясаты салдарынан тыйым салынғандар қатарына алынып, жабулы күйі жатқаны, қанша жыл ізденушілердің қолына тимей жүргені, қолына түсіп, таныс болып жатса да, оларға ашық түрде сілтеме жасауға тыйым салынғаны тарихтан белгілі.

Осы жайттарды ескере отырып, ғалымның мақаласындағы пайымдауларын бүгінгі қазақ акцентологиясының жетістіктерімен салыстыра қарастырған, көлемі шағын болса да, мазмұны терең бұл еңбектің қазақ тіл білімінде екпін туралы ілімнің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесінің елеулі екені айқын байқалады.

С.Кеңесбаевтың мақаласында екпін категория ретінде танытылады, бұл ғалым ойының осы тілдік құбылысқа қатысты жалпылауыштық (обобщение) сипатта болғанын көрсетеді. Сөйтіп, жеке категория ретіндегі екпінің әртүрлі парадигмадағы қызметтері мен құралдары талданып көрсетіледі.

Түйіп айтатын болсақ, мақалада қазақ тіліндегі екпіннің

- 1) физикалық, яғни просодикалық сипатына;
- 2) сөз ағымы бірліктеріндегі орнына;
- 3) тілдегі қызметіне қарай айырым белгілері беріліп, басты

критерийлері анықталады. Қазақ екпінінің физикалық сипатын анықтағанда, ғалым біржақтылыққа жол бермей, оның тек қана лебізді (экспираторлық) емес, сонымен бірге үнді де түрінің болатынын және бұл түрлердің әрқайсысының тілдік қызмет ерекшеліктерін, басым қолданысын ашып көрсетеді. Мақала авторы өз пайымдауларын дәйектеп, дәлелдеу үшін әрбір қаралып отырған аспектіде қазақ екпіні сипаттарының себептерін де көрсетеді және себептерін көрсетудің тиімді тәсілін де тауып алады. Мәселен, қазақ екпінінің сөз ағымы бірлігіндегі орны тұрақты болғандықтан, оны бинарлық оппозиция принципімен типологиялық жағынан құрылысы бөлек орыс тіліндегі екпін қасиеттеріне қарама-қарсы қойып, салыстыра келе, **тиянақты** екпін, ал орыс екпінін, керісінше, белгілі бір орынға байланбайтындықтан, **тиянақсыз** деп атайды. Қазақ тілінің материалын типологиясы бөлек орыс тілімен салыстырып отыру, соның нәтижесіндегі контраст негізінде қандай да бір тілдік құбылыстың өзіндік белгілерін айқын байқату ғалымның жиі қолданатын сәтті тәсілі болды. Бұл автордан өз ана тілін ғана емес, орыс тілін және тіл біліміндегі жаңалықтарды да жетік білуді қажет етеді. Осы талаптарға Ісмет Кеңесбаевтың толық жауап бергенін екпінге қатысты мақаласынан да аңғару қиын емес.

Бұдан әрі тереңдей келе, ғалым салыстырылып отырған тілдердегі екпіндердің осы белгісінің (сөз ағымындағы орнының) қарама-қарсы сипатта болу себебін екі тілдің морфологиялық құрылысының ерекшеліктерімен түсіндіреді. Орыс тілі сияқты флексив (қопармалы) тілдерде екпін сөздің әртүрлі буынына түсу арқылы лексикалық мағынамен қоса грамматикалық мағынаны ажыратудың бір құралына айналса, ал әрбір грамматикалық мағына жеке-жеке аффикспен берілетін агглютинатив (жалғамалы) тілдерде бұндай қызметтің басы артық, сол себепті қазақ тілінде екпіннің орны тұрақты болып келетінін таратып жазады.

Жалпы мақала денінен академик Ісмет Кеңесбаевтың қазақ тіліндегі екпіннің:

- сөз ішіндегі дыбыстардың басын қосып жымдасуына (сөзцементтеуші қызмет);
- сөз ішіндегі дауыстылардың позицияларын белгілеуге (позиция ажыратушы қызмет);
- сөз ағымы бірліктерінің аражігін көрсетуге (делимитативтік

қызмет) тікелей қатысты құбылыс ретінде танығаны білінеді. Мәселен, ол В.В. Радловтың «дауысты дыбыстарды лебізді екпінге байланыстыра келіп, оларды: негізгі екпінге ие дауысты, көмекші екпінге ие дауысты, екпін түспейтін дауысты» деп үшке бөлген пікірін қолдау арқылы қазақ сөзіндегі дауысты дыбыстардың позицияларын да көрсетіп отыр.

Қазақ тіліндегі сөздің соңғы буынына түсетін негізгі екпінінің сипаты лебізді, ал көпбуынды сөздердің алғашқы буынына түсетін көмекші екпінінің сипаты үнді болатынын экспериментсіз, ғылыми бақылау арқылы анықтап береді. Б.Я. Владимирцев, Ф.Ф. Корштың о баста түркі тілдерінде екпін сөз басына түскені туралы пікірлерін теріске шығармайтынын білдіру арқылы көмекші екпіннің пайда болуының тарихи себептерін көрсетіп өтеді. Сонымен бірге екпіннің жеке сөздерді ажырату қызметімен қатар, сөз ағымын басқа да бірліктерге ұйымдастырушы қызметін жан-жақты талдайды, ол «екпін жағынан айрықша комплекс бола алатын» 7 түрлі ырғақты топ негізгі типтерін анықтайды. Солардың ішінде қос сөздерді бірінші атайды. Бұлар басқалардан бөлек тұратын ырғақты-әуендік топ құрайтынын ғалым эсте байқаса керек.

Өз зерттеулерімізде қос сөздердің 1) 1-3 буынды бір сөзден, 2) көпбуынды (4-тен жоғары) бір сөзден, 3) түрлі қатынастағы сөз тіркестерінен, 4) тұрақты тіркестерден просодикалық безендірілуі өзгеше болатынын байқадық. Қос сөз құрамындағы әрбір компонент жеке-жеке екпінмен айтылмаса да, олардың бір-бірінен біріккен басқа просодикалық тәсілдермен, әсіресе әуен контурының қос сөздер тоғысында сынуымен, яғни теріс интервалымен (бірінші компонент соңындағы негізгі тонның жиілігінің мәнінен екінші компоненттегі тон жиілігінің мәні біраз кем болады) ерекшеленеді. Мұны автор көкіреккөзбен сезсе керек деп ойлаймыз, сөздеріміздің дәлелі ретінде ғалымның қос сөздердің эфониясына ерекше назар ударып зерттеген еңбектерін келтіруге болады.

Ырғақты екпінді фразалық екпін деп атауға болатынын алға тарта отырып, бұл екпіннің таралу шегін 3 буыннан асырмайды, егер «сөз тізбегіндегі» (бізде – фонетикалық сөз) буын саны 3-тен асса, ырғақты екпін «ыдырап кетуі мүмкін» деп сөз ағымының ырғақты бірліктерге ұйымдасуындағы осы бір заңдылықты айқын тани білгенін аңғартады. Шынымен де бір фонациялық

деммен, басы бүтін бір сөзге ұқсас айтылатын сөз ағымы бірлігін бүгінгі күні фонетикалық сөз деп атап, оны ырғақты топтан кіші фонетика-синтаксистік бірлік деп қарастырып жүр. Осы фонетикалық сөз лексикалық сөзге дәл келу-келмеуі шарт емес, оның басты белгісі, бір екпінмен ұйымдасуы, егер ондағы буын саны артатын болса, қосымша екпін қызмет алады немесе ол екі сөз ағымы бірлігіне ыдырайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалым мақаласындағы мысалды келтіріп көрсетелік: «күміс шайқасық» сөзі бір «акцентуациялық топ» деп беріледі, қазіргі саралауда бұл «күмүш» және «шәйғасық» екі фонетикалық сөзден тұратын 1 ырғақты топ, бірақ енді сөз ағымында оны «әдемі күміс шайқасық» деп кеңейткен болса, бұл тізбек «әдемі» және «күмүш/шәйғасық» әрқайсысы өз алдына бір ырғақты екпінге бағынатын екі ырғақты топқа ажырап кетеді.

Сөйтіп, қазақ екпінінің делимитатив, яғни сөз ағымы бірліктерінің аражігін көрсетуші, олады ұйымдастырушы қызметі туралы деректер алғаш рет осы ғылыми еңбекте көрсетіледі.

Ғалымның сөз екпінінің негізгі және қосымша түрі болатыны, олардың сөз ішіндегі орны мен өзара қатынасы туралы да ғылыми пайымдаулары назар аударарлық. «Қазақ тілінде көмекші екпін кемінде төрт буынды сөзде ғана пайда болады», «үш буынды сөздің негізгі екпінге ие буыннан басқа қалған екі буынның екеуі де біркелкі» деген пайымдаулары қазақ тілінің жаңа орфоэпиялық сөздігін құрастыруда жинақтаған мол фактілер негізінде жасаған біздің соңғы қорытындымызбен үндес келеді. Шынымен де, *божжорға*, *ағ^іешкі* деген сөздерде екпінсіз тұрған алғашқы екі буынның ешқайсысы қосымша екпінмен ерекшеленбейтіні құлаққа айқын шалынады, ал *ауұлиаруашылық*, *ағашкескіш*, *карто^обеккіш* сияқты тіпті бір ұғым атауларының өзінде буын санының артуына байланысты негізгі екпінге қосымша екпін пайда болатынын байқау қиын емес, бұл сөздерде қосымша екпін алғашқы компонент-сөздің (ауыл, ағаш, картоп) соңғы буынына түседі.

Мақалада сонымен бірге қазақ екпінінің грамматикалық мағына, форма ажыратушы қызметтері жан-жақты талданады. Мәселен, мұнда екпін арқылы ғана ажыратылатын оноформдардың 8 түрі: 1) оқушымыз/оқушымыз (тәуелдік жалғау/жіктік жалғау); 2) жарма/жарма (болымсыз етістік жұрнағы/зат есім жұрнағы); 3) көрші/көрші(волонтиатив мағыналы етістік жұрна-

ғы/зат есім жұрнағы); 4) қалыңыз/қалыңыз (тәуелдік жалғау/етістіктің бұйрық рай жалғауы); 5) баласыз/баласыз (жіктік жалғау/есім сөздік болымсыздық жұрнағы); 6) үйде/үй де (жатыс септік жалғауы/демеулік шылау); 7) атты/атты (сын есім жұрнағы/етістіктің өткен шақ жалғауы); 8) қалалық/қалалық (етістіктің қалау рай жұрнағы/сын есім жұрнағы) ажыратылады. Ғалымның тілдік деректермен дәйектеп келтірген осы мәселеге қатысты талдауы қазақ тілі үшін ғана емес, жалпы түркі тілдері үшін де маңызды жаңалық болды. Өйткені бұл еңбекке дейін түркілік екпіннің осы сипатына, яғни грамматикалық мағына ажыратушылық қызметіне нақты мысалдармен дәлелді болатындай деңгейде назар аударылмаған болатын.

Сонымен бірге ғалым қазақ тілінде екпінмен ерекшеленбейтін морфологиялық және лексика-грамматикалық бірліктерге де арнайы тоқталып кетеді. Олардың сөз ағымында өздері тіркескен негізгі сөзімен жымдасып, сол сөздегі екпінге бағынып тұратынын атап көрсетіп кетеді, бұлардың қатарында мақалада морфемалардан *-ма* болымсыздық жұрнағы, *-дай* салыстыру жұрнағы, *-айын* бұйрық райдың 1 жақ жалғауы, ал көмекші сөздерден *зой, ше, сияқты, сықылды, гана, ма, дейін, сайын* сөздері көрсетілген, соныдай-ақ негізгі сөздің екпінін өзіне «тартып» алатын *-ақ* (демеулік), *өте, тым, аса* – үстеуіш шылаулары, сын есімнің күшейткіш буындары сияқты кейбір көмекші сөздер мен формалар да анықталған.

Автор қазақ екпінінің тілдік қызметімен қоса, қолданыстағы, сөздегі коммуникативтік қызметіне де тоқтала кетіп, оның түрлі экспрессияны, эмоцияны жеткізуде қолданылатын тәсілдердің бірі екенін қысқаша да талдап кетеді. Қорыта айтқанда, Исмет Кеңесбаев қазақ екпінін ерекше тілдік категория ретінде танып, оның басты белгілері мен қызмет түрлерін саралап берген ғалым болды.

Екпіннің фонетикалық типтері секілді «Екпіннің сөз ішіндегі орны, яғни оның сөздің қай буынында келетіндігі жөніндегі мәселе де түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар тарапынан әлі күнге толық шешімін таппай келе жатқан, басы даулы мәселенің бірі екенін» айта келе, профессор С.Омарбеков қазақ екпінінің тек соңғы буынға түсе бермейтінін, кейде басқа да буынға ойысатынын, сонымен бірге екпін мағына ажыратпайды деген пікірінің

әрқашан шындыққа жанаспайтынын дәлелдеді (Омарбеков, 2002, 99-104 б.).

Профессор С.Омарбеков мұндай контекстерге мынадай мысалдар келтірді:

Екпіні соңғы буынға түсетін тұлғалар	Екпіні соңғы буыннан өзге буынға түсетін тұлғалар
Біздің баламыз (тәуелдік жалғау)	Біз баламыз (жіктік жалғау)
Көретін (анықтауыш) көз	Ол жақсы көретін (баяндауыш)
Көзі қарайды (мағынасы – шаршады)	Тесіле қарайды (мағынасы – назар аударады)
Тісі қанады (өткен шақ)	Шөлі қанады (ауыспалы шақ)
Біздің қойшы (зат есім)	Осындай сөзінді қойшы (етістік)
Өгізше (зат есім) өкірді	Өгізше (үстеу) өкірді
Қалыңыз (зат есім) қалай	Сіз осында қалыңыз (етістік)
Баласыз (сын есім)	Сіз әлі баласыз (зат есім)
Ақылсыз (сын есім)	Сіз бізге ақылсыз (зат есім)
Ол барғанша (етістік), сен бар	Ол үйге барғанша (үстеу) тіл қатқан жоқ
Ол келгенше (етістік), сен күте тұр	Ол келгенше (үстеу) тіс жармады
Барушы (зат есім) адам	Ол ылғи барушы еді (етістік)
Келуші (зат есім) кісі	Осында ылғи келуші ең (етістік)
Жазда (жатыс септік) ауылға барам	Міне жаз да (атау септік) шықты
Үйде (жатыс септік) кім бар	Менде үй де (атау септік), мал да бар
Жасырғанды (зат есім) жұрт көрмей ме?	Ол бәрін жасырған-ды (етістік)
Ол болғанды (зат есім) ғана айтты	Ол осында кеше болған-ды (етістік)
Өтіңіз (зат есім) ауырмай ма?	Өткелден өтіңіз (етістік)
Басыңыз (зат есім) ауырмай ма?	Енді әнге басыңыз (етістік)
Атыңыз (зат есім) кім?	Садақты атыңыз (етістік)
Ат пенен (шылау) арба	Атпенен (көмектес септік) келді
Қалалық (сын есім)	Осында қалалық (етістік)
Қалайық (зат есім)	Осында қалайық (етістік)
Қолына қаламын (зат есім) ұстады	Осында қаламын (етістік)

Оны айтқан мен (есімдік)	Айтқанмен (көмектес септік), ол тыңдаған жоқ
Ауылшаруашылық басқарма (зат есім)	Бұл жұмысты сен басқарма (етістік)
Қойма (зат есім)	Оны бұл жерге қойма (етістік)
Барлық (мағынасы-молшылық, зат есім)	Барлық (есімдік) кісі

Сонымен қорыта айтсақ, қазақ екпінің қызметтері мынадай:

- делимитативтік – сөз ағымы бірліктерінің аражігін ажыратушы
- кульминатив – сөйленім, күрделі фразалық тұтастық сияқты ірі сөз ағымы бірліктерінің аяқталғанын көрсетуші;
- мағына ажыратушылық – лексикалық мағыналарды көрсетуші;
- форма ажыратушылық – грамматикалық мағыналарды көрсетуші;
- эмоциялық – сөйлеушінің көңіл-күйін білдіруші;
- коммуникативтік (тема-рема) – сөздегі жаңа ақпарат пен ескі ақпаратты айқындаушы.

Қазақ сөз сазы – дыбысталған ауызша сөзді сөйлеуші ойын дәл жеткізетіндей ұйымдастырып, безендіретін, мүшелейтін, сол мүшелерінің арақатынасын көрсетуге бірігетін күрделі просодикалық құбылыс, құрал, бірліктер жүйесі. Күрделі деп айту себебі, сөз сазының екі деңгейлік бірліктері бар. Бірі – сегментті, оған сөз ағымы мүшелері буын, бунақ, ырғақты топ, синтагма, сөйленім, күрделі фразалық тұтастық пен мәтін¹⁸ жатады. Екіншісі – суперсегментті, оған осы бірліктерді көмкеріп тұратын, дауыстың мимен басқарылатын тембр (қазақ тілінде жуан, жіңішке, жуан-ерін, жіңішке-ерін төрт сингармо тембр бар), әуен (негізгі тонның жиілігі), дауыс қаттылығы, кідіріс, ұзақтылық, қарқын сияқты физикалық параметрлер жиынтығынан жасалған екпін (акцентема), хронема, мелодема, интонема жатады.

Суперсегментті бірліктер өзара иерархия құрайды: интонема просодемалар жиынтығынан жасалады, просодемалар жеке дара тек тұрпат межеге ие болса, интонема – тұрпат та, мазмұн да ме-¹⁸Күрделі фразалық тұтастық пен мәтін зерттеу құрылымдық аспектіде жүргізілген соң және ауызша сөз ағымындағы буыннан бастап синтагма, сөйленімнен құралатын жоғары деңгейдегі құрылымдық бірлік болған соң арнайы қарастырылмады.

жесі болатын тілдік таңба. Осы қатарда екпін ерекше орын алады, оның аталған иерархиялық қатынастағы екі суперсегментті бірлік типімен ұқсастығы да, айырмашылығы да бар. Екпіннің просодемалармен ұқсастығы – екпін де просодема, интонеманың элементі, жеке өзінде мазмұн меже жоқ.

Екпіннің просодемадан айырмашылығы: ол бірнеше просодеманың әртүрлі жиынынан (әуен, дауыс қаттылығы, ұзақтылығы) жасалады, ол күрделі просодема.

Екпіннің интонемамен ұқсастығы: интонема сияқты просодемалар жиынтығы, бірақ ол интонемаға қарағанда аз просодема жиынынан тұрады. Мәселен интонемаға ең көбі 4-5 просодема элемент болса, екпін элементінің саны 3-тен артпайды.

Екпіннің интонемадан айырмашылығы: ол мазмұн межесі жоқ, тек тұрпат межесі ғана бар бірлік.

2.1 Қазақ тіліндегі қостағандылық және қостағанды қосқұрамды құрмалас сөйлемдер

Қазақ тіл білімінде қостағандылық категориясы ең алғаш академик Исмет Кеңесбаевтың «Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер» атты мақаласында (Кеңесбаев, 1950) ғылыми зерттеу нысанына іліккен болатын. Ғалым бұл еңбегінде «бірінсіз бірі айтылуға келмейтін тиянақты сөздерді» қос сөздер дей келіп, олардың басқа да айырым белгілерін тұрпат межесімен қатар мазмұн межесі тұрғысынан да анықтайды. Мәселен, ғалым қос сөздердің сыртқы белгісі ретінде дефисті ғана алып қарау жеткіліксіз дейді, үлде мен бүлде сияқты сөздердің де мазмұн межесі бойынша қос сөзге келетінін, демек жалғаулықпен байланысқан бірімен-бірі тығыз қатынастағы сөздерді де қос сөз сипатына әбден сәйкес келетін тілдік бірлік деп бағалайды. Ал жазуда қос сөздердің пунктуациялық белгілеріне компоненттер арасында тұрған дефиске қоса үтірді, жалғаулықты алуды анықтайды. Ойын одан әрі өрбіте отырып, мақалада автор түркітануда тұңғыш болып, қос сөздерге логика-құрылымдық жағынан сайма-сай келетін, бірақ жеке сөздерден гөрі күрделірек құрылымдар – фразалар, дәлірек айтсақ, фразеологизмдер бар екенін анықтап көрсетеді. Оларға *ақай жоқ, тоқай жоқ; үн жоқ, түн жоқ; айрандай аттан, күбідей пісіп; алалы жылқы, ақтылы қой* деген сияқты тұрақты тіркестерді мысал ретінде келтіріп, «қос сөздер» категориясын «кеңінен алып қараған жөн» деген қорытынды жасайды. Ғалым үтірмен жазылатын күрделі қос сөздерді морфология жағынан әр компонентінің соңғы сөзіне қарай төмендегідей таптастырған:

- 1) зат есімнің түбір тұлғасындағылар: *ұзын арқан, кең тұсау* т.б.;
- 2) универсал есім жоқ тұлғасындағылар: *қан жоқ, сөл жоқ* т.б.;
- 3) есім жұрнақтары арқылы жасалғандар: *ұзында өшті, қысқада кекті* т.б.;
- 4) көсемшенің өткен шақ тұлғасымен келетіндер: *басы ауырып, балтыры сыздап* т.б.;
- 5) етістіктің түрлі тұлғаларындағылар: *әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып* т.б (Кеңесбаев, 2008).

Алайда автор бұл таптастырудың шартты екенін ескертеді, себебі, оның пікірінше, «бұлардың едәуірі синтаксис жағынан анағұрлым тиянақты болғанымен, морфология жағынан құбылып отырады».

Академик Ісмет Кеңесбаевтың бұл зерттеуіндегі тұжырымдарды негізге алып, қазақ тіліндегі қостағанды фразеологизмдерді алғаш арнайы зерттеу нысаны еткен ғылыми жұмыс С.Сәтенованың докторлық диссертациясы болды (Сәтенова, 1997). Бұл еңбекте «формалды тұрғыдан алғанда жарыспалы екі қатардан тұратын және бір-бірінен ауызша сөзде кідіріс арқылы, жазба сөзде үтір арқылы ажыратылатын, (белгілі бір стильдік мақсатта болмаса) бірі-бірінсіз қолданысқа түспейтін» (Сәтенова, 1997, 175 б.) тіркестер қостағанды фразеологиялық тіркестер деп анықталады. Сонымен бірге бұл еңбекте қостағанды фразеологизмдердің қалыптанып, ұйымдасуына негізгі себеп болған тұлғалық, мағыналық және дыбыстық үш факторға жан-жақты талдау жасалады. Мұнда тұлғалық факторға таған мүшелерінің жалпы саны мен буын санының бірдейлігі, тепе-теңдігі, қостаған құрамындағы симметриялық мүшелердің бір-біріне сәйкестеніп, бір грамматикалық тұлғада келуі, жұп компоненттердің өзара сөз табына қарай бірыңғайлығы жатқызылады (Сәтенова, 1997, 176 б.). Зерттеудің авторы тағандар арасындағы мағыналық үйлесімділік қостағандағы синоним мүшелердің, мағынасы ыңғайлас, қарама-қарсы, яғни контрастив мүшелердің жұптасуы арқылы жүзеге асырылатынын нақты тілдік деректер арқылы дәлелдеп көрсеткен. Ал қостаған жүйесіндегі дыбыстық үндестік қостағанның ішкі және тағанаралық сыртқы үндестік деп екі түрге бөлініп, фразалық екпін, интонация, дыбыс гармониясы сияқты суперсегментті фонетикалық белгілер бойынша анықталған.

Сөйтіп XX ғасырдың ортасында қазақ тіл білімінде алғашқы болып жалпы түркі тілдеріне тән қостағанды құрылымдардың мазмұн межесі мен тұрпат межесіне, олардың біртағанды тілдік құрылымдардан ерекшеліктеріне назар аударып, үлкен категорияны аңғарып, көптеген тілтанымдық зерттеулердің нысанына алынған проблеманың болашағын анықтап берген ғалым академик Ісмет Кеңесбаев болса, қазақ тілінде осы категорияға қатысты фразеологизмдерді арнайы зерттеген ғалым профессор С. Сәтенова болды.

Алайда қостағандылық категориясының формалары қос сөздер, фразалық қос сөздермен (фразеологизмдермен), мақал-мәтелдермен шектеле ме, әлде лексика-фразеологиялық бірліктерден жоғары синтаксистік бірліктерге де тән бола ала ма? Профессор С.Сәтенова қостағанды фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер қолданысының стильдік және поэтикалық ерекшеліктерін анықтап көрсетіп берді. Ендігі жерде олардың шығу төркінін антропоцентристік парадигма тұрғысынан іздеу керек. Осыған байланысты қостағандылықтың тілде қалыптасуының қызметінің басты себептері мен ерекшеліктері турасындағы мәселелер бүгінде зерттеуді қажет ететін басы ашық қатарға жатады.

Ұсынылып отырған ізденісте аталған мәселелерді қарастыру көзделіп отыр. Әрбір компоненті бір-бір синтагмаға сәйкес келетін қосқұрамды құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері эксперименттік-фонетикалық зерттеу нысанына алынған осыдан бірнеше жыл бұрынғы диссертациялық жұмыста қосқұрамды құрмаластар қатарында бірінсіз-бірі қолданыла алмайтын, параллель байланысқан компоненттерден тұратын, әрі әрбір компонентінде өзара үйлес, синонимдес немесе қарама-қарсы, антонимдес мәндегі логикалық екпін түскен сөздердің қатынасы бар мынадай сөйлемдер тобы аңғарылған болатын: *Кейде қабағы түкседі, кейде күлім қағады* (жалғаулықты кезектес салалас), *Бұл жерде не шөп жоқ, не қамыс жоқ* (жалғаулықтар арқылы ғана жасалатын салаластың талғаулықты түрі), *Біреулер сеніп жатыр, біреулер нанбай жатыр* (салыстырмалы салаластың жалғаулықсыз түрі), *Жылауық күз емес, желді күз еді* (түсіндірмелі салалас), *Абай қандай салқын болса, Ділдә дә сондай салқын; Жарық неғұрлым көп түссе, өсімдік соғұрлым тез өседі; Сырдың күні қандай ыстық болса, түні де сондай салқын* (қатыстық бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер), *Үй тігіліп, жүк жиналып жатыр; Жібек ханның қызы болса, Төлеген де ханның баласы* (үлестес сабақтас сөйлемдер). Сөйлемдердің таптастырылуы профессор Қ.Есеновтің еңбектері бойынша алынды (Есенов, 1995). Сонымен, зерттеу жұмысының нысанындағы тілдік материал, яғни қосқұрамды құрмаластардың ішіндегі қостағанды құрмалас сөйлемдердің бұл мысалы жұмыста инструменттік эксперимент бойынша дикторлар арқылы дыбысталып, дыбысталған мә-

тіндер компьютерлік дыбысөндегіш бағдарлама негізінде әуен, интенсивтілік, ұзақтылық, тембр сияқты просодикалық белгілері бойынша талданды. Зерттеудің сандық нәтижелерінің тілтанымдық зерделенуі барысында <лат. interpretari> олардың интонациялық безендірілуінде аздаған ерекшелік бар екені байқалды. Ең бір ерекше тұсы, қостағанды құрмалас сөйлем тағандары (компоненттері) салаласа байланысқан болғанына қарамастан, олардың алғашқысы екі диктордың айтылымында да тиянақсыз әуенмен аяқталып отырды. Әдетте алғашқы компонент баяндауышының тиянақты формасы мен тиянақты интонама арасында тура пропорционалды байланыс үстем болатыны байқалған еді, алайда бұларда мұндай байланыс бұзылды. Ал қостағанды құрмалас сөйлемдердің сабақтаса байланысқан түрлерінің барлығында бірінші компонент тиянақсыз интонамамен өрнектелді. Тиянақсыз баяндауыш формасы тек қана тиянақсыз интонамамен өрнектелетіні осы жұмыста тағы бір дәлелдене түсті.

Сонымен құрмалас сөйлемдердің қостағанды екенін анықтауда арқа сүйейтін негізгі үш фактор бойынша айырым белгілерін саралайтын болса, төмендегідей картина белгіленеді:

1) *Қостағанды құрмалас сөйлемдердегі дыбыстық сәйкестік*. Кейде қабағы түксүйеді, кейде күлүм гагады: біріншіден, тағанішілік және тағанаралық тіл арты **к, к, ғ** дауыссыз (аллитерация) және жуан **а**, жіңішке **е, ү, ө** дауысты (ассонанс) дыбыстардың үйлесімі; екіншіден, тағанаралық бір мүшенің дыбыстық сәйкестігі – кейде жалғаулығының қайталанып келуі; үшіншіден, интонациялық безендірілуіндегі симметриялылық, яғни бірінші және екінші тағандардағы қайталанып тұрған кейде жалғаулығының бірінші дикторда жоғары интенсивтілікпен, ал екінші дикторда шағын кідіріс арқылы айрықшалануы, сонымен бірге әрбір тағандағы қабағы түксuedі, күлім қагады деген қарама-қарсы мағынадағы идиомалық тіркестердің просодикалық бір тәсіл (дауыс қаттылығы, екпін түскен буын ұзақтылығы, қарқын баяулығы) арқылы ерекшеленуі және бірінші компоненттің ойдың аяқталмағандығы, тәуелді байланысты білдіретін тиянақсыз интонамамен өрнектелуі байқалады.

Бұл жерде не шөб жоқ, не гамыш шоқ: тағанаралық не жалғаулығы мен жоқ сөзінің қайталануы арқылы болған **н, ш, ж** дауыссыз (аллитерация) және жуан **ө**, жіңішке **е** дауысты дыбыс-

тардың үйлесімі; тағанаралық абсолюттікке жақын дыбыстық сәйкестік – *не* жалғаулығы мен *жоқ* сөзінің қайталанып келуі; интонациялық безендірілуіндегі симметриялылық, яғни бірінші және екінші тағандардағы қайталанып тұрған *не* жалғаулығының дикторлар айтылымында просодикалық тәсілдердің бірімен айрықшалануы, сонымен бірге әрбір тағандағы *шөп*, *қамыс* деген мәндес, тақырыптас сөздердің логикалық екпінмен ерекшеленуі және бірінші компоненттің ойдың аяқталмағандығы, тәуелді байланысты білдіретін тиянақсыз интонамамен өрнектелуі байқалады.

Біреулер сеніб жатыр, біреулер нанбай жатыр: тағанішілік және тағанаралық **б, р, н, ж, т** дауыссыз (аллитерация) және жуан **а**, жіңішке **е** дауысты (ассонанс) дыбыстардың үйлесімі; тағанаралық бір мүшенің абсолюттік дыбыстық сәйкестігі – *біреулер* және *жатыр* сөздерінің қайталанып келуі; интонациялық безендірілуіндегі симметриялылық, яғни бірінші және екінші тағандардағы қайталанып тұрған *біреулер* сөзінің дикторлар айтылымында түрлі просодикалық тәсілдер арқылы ерекшеленуі, сонымен бірге әрбір тағандағы *сеніп*, *нанбай* деген қарама-қарсы мағынадағы сөздердің логикалық екпін түсіріле айтылуы және бірінші компоненттің ойдың аяқталмағандығы, тәуелді байланысты білдіретін тиянақсыз интонамамен өрнектелуі байқалады.

Жылауық күз емес, желді гүз^и еді: тағанішілік және тағанаралық **ж, г, д** дауыссыз (аллитерация) және жіңішке **е, і** дауысты дыбыстардың үйлесімі; тағанаралық бір мүшенің дыбыстық сәйкестігі – күз сөзінің қайталанып келуі; интонациялық безендірілуіндегі симметриялылық, яғни бірінші және екінші тағандардағы қайталанып тұрған күз сөзінің, сонымен бірге әрбір тағандағы *жылауық*, *желді* деген қарама-қарсы мағынадағы сөздердің просодикалық бір тәсіл (дауыс қаттылығы, екпін түскен буын ұзақтылығы, қарқын баулығы) арқылы ерекшеленуі және бірінші компоненттің ойдың аяқталмағандығы, тәуелді байланысты білдіретін тиянақсыз интонамамен өрнектелуі байқалады.

Абай гандай салқым болса, Ділде дә сондай салқын: тағанішілік және тағанаралық **й, к, н, д, л** дауыссыз (аллитерация) және жуан **а, ы** жіңішке **ә** дауысты (ассонанс) дыбыстардың үйлесімі; тағанаралық бірнеше мүшенің дыбыстық сәйкестігі –

қандай-сондай дыбысталуы жақын қатыстық сөздер мен *салқын* сөзінің қайталанып келуі; интонациялық безендірілуіндегі симметриялылық, яғни бірінші және екінші тағандардағы қайталанып тұрған *Қандай салқын, сондай салқын* қатыстық сөздердің, сонымен бірге әрбір тағандағы *Абай, Ділдә* деген осы сөйлем контексінде қарама-қарсы қойылып тұрған кісі есімдерінің просодикалық бір тәсіл (дауыс қаттылығы, екпін түскен буын ұзақтылығы, қарқын баяулығы) арқылы ерекшеленуі және бірінші компоненттің ойдың аяқталмағандығы, тәуелді байланысты білдіретін тиянақсыз интонамамен өрнектелуі байқалады.

Жарық негұрлұм көп түссө, ʸәсүмдүк соғұрлұм тез ʸәсөді: тағанишілік және тағанаралық **р, ғ, л, м, с, т, д** дауыссыз (аллитерация) және жуан **ы, ұ** жіңішке **ү, ө** дауысты (ассонанс) дыбыстардың үйлесімі; тағанаралық бірнеше мүшенің дыбыстық сәйкестігі – **негұрлым-соғұрлым** дыбысталуы жақын қатыстық сөздер мен **өсімдік-өседі** сөздерінің келуі; интонациялық безендірілуіндегі симметриялылық, яғни бірінші және екінші тағандардағы дыбыс тұрпаты ұқсас **негұрлым-соғұрлым** қатыстық сөздердің, сонымен бірге әрбір тағандағы *көп, тез* деген осы сөйлем контексінде мағыналас болып тұрған сөздердің просодикалық бір тәсіл (дауыс қаттылығы, екпін түскен буын ұзақтылығы, қарқын баяулығы) арқылы ерекшеленуі және бірінші компоненттің ойдың аяқталмағандығы, тәуелді байланысты білдіретін тиянақсыз интонамамен өрнектелуі байқалады.


Сырдың күніғандай ыстық полса, түнүде сондай салқын: тағанишілік және тағанаралық **с, д, н, қ** дауыссыз (аллитерация) және жуан **ы, а** жіңішке **ү, і** дауысты (ассонанс) дыбыстардың үйлесімі; тағанаралық бірнеше мүшенің дыбыстық сәйкестігі – **қандай-сондай** дыбысталуы жақын қатыстық сөздер мен **күні-түні** сөздерінің келуі; интонациялық безендірілуіндегі симметриялылық, яғни бірінші және екінші тағандардағы **қандай-сондай** қатыстық сөздердің, сонымен бірге әрбір тағандағы **күні-түні, ыстық-салқын** деген қарсы мәндес сөздердің просодикалық бір тәсіл (дауыс қаттылығы, екпін түскен буын ұзақтылығы, қарқын баяулығы) арқылы ерекшеленуі мен логикалық екпінмен айтылуы және бірінші компоненттің ойдың аяқталмағандығы, тәуелді байланысты білдіретін тиянақсыз интонамамен өрнектелуі байқалады.

Қостағанды құрылымдардың бірінші және екінші тағандарының интонациялық өрнегінің кескіні мынадай болып келеді:




Мұндағы жоғарыға бағытталған сызық бірінші тағандағы әуен контурының көтеріңкі жиілікте тынатынын, яғни интонеманың тиянақсыздығын, ал қос сызық міндетті түрде тағанаралық кідірістің (паузаның) болатынын, төменге бағытталған сызық екінші тағандағы дауыс жиілігінің төмен мәндерден көрінетінін, яғни оның тиянақты интонемамен өрнектелетінін көрсетеді.

Тиянақсыз интонемамен өрнектелетін қостағанды құрмалас сөйлемнің бірінші тағанының интонема варианттары (әуен қозғалысы сызығы негізінде)



Тиянақты интонемамен өрнектелетін қостағанды құрмалас сөйлемнің екінші тағанының интонема варианттары (әуен қозғалысы сызығы негізінде)



2) Қостағанды құрмалас сөйлемдердегі тұлғалық сәйкестікке тағанаралық симметрия, яғни квантитативтік тепе-теңдік, параллелизм, қостаған мүшелерінің грамматикалық көрсеткіштерінің сәйкестігі жатады десек, онда келтірілген мысалдардың қай-қайсысынан да осы белгілерді табу оңай. Мәселен, *Кейде қабағы түскіеді, кейде күлім қағады* сөйлемінде кейде жалғаулығы екі тағанның да басында тұрып, симметриялық картина жасап тұр, оның үстіне екі таған да шамалас буын санымен (9-7) өрнектелген, *күлім қағады-қабағы түскіеді* қарсы мәнделес идиомалардың таған ішіндегі қатынасы сөйлем құрылымының параллелизмің құрап тұрса, олардың етістіктің өткен шақ формасындағы тұлғалары да өзара сәйкестікке қызмет етіп, тағанаралық байланысты күшейтіп тұр. Дәл осындай белгілердің жиынтығын келтірілген басқа да мысалдардың талдауынан байқау қиын емес, сондықтан мақалада оларға жеке тоқталып жатпадық.

3) Қостағанды құрмалас сөйлемдердегі мағыналық сәйкестік фразеологиялық қостағанды құрылымдардың шарттарындай

болады, яғни кез келген сөз таған компоненттері ретінде қатар тұрып жұптаса алмайды, олар не мағыналас-мәндес, тақырыптас немесе контрастивті-қарсылықты мағынада болуы шарт. Осы критерий тұрғысынан жоғарыдағы мысалдардың қай-қайсысын алып тексерсе де сәйкестік табуға болады. Олардың бірінде таған компоненттері синонимдес, тақырыптас болса, мысалы: *шөп-қамыс, көп-тез, үй-жүк*, екінші тобындағылар қарсылықты мәнде, мысалы, *қабағы түскиеді-күлім қағады, сеніп-нанбай, ыстық-салқын* болып келген.

Сонымен қосқұрамды құрмалас сөйлемдер қатарында қостағанды құрмалас сөйлемдер болатыны анық. Бұл осы зерттеуге дейін мүлде белгісіз жаңалық десе, қателесер едік. Себебі І.Кеңесбаевтың, С.Сәтенованың еңбектерінде фразалық қос сөздер немесе қостағанды фразеологизмдер мен мақалдар арасында синтаксистік құрылымы жағынан құрмалас сөйлемдермен бара-бар келетін тілдік құрылымдар (Мысалы, *Күндіз күлкі жоқ, түнде ұйқы жоқ; Ай десе, аузы бар, Күн десе көзі бар; Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ*) болатыны айтылып және олардың дыбыстық ерекшеліктері көрсетіліп те кеткен болатын. Тек мәселе олардың дайын күйінде қолданылатын фразеологиялық тіркес, болмаса мақал-мәтел сияқты бірліктерге жататындығында еді. Ал дайын күйінде қолданылмайтын, құрамындағы компоненттері мен компонент ішіндегі сөздері арасындағы қатынас еркін түрде жүзеге асырылатын құрмалас сөйлемдер ішінде де қостағанды конструкциялар болатынын жоғарыда келтірілген мысалдар мен олардың талдауы дәлел болып отыр.

Мұның сыры неде? Сонда ерекше экспрессивті сипаттағы, стилистикалық жүк арқалайтын поэтикалық қолданысқа көп тән болатын фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерден басқа да қарапайым тілдік құрылымдарға қостағандылықтың тән болуының себебі қандай деген сұрақтардың жауабын тілтанудағы антропоцентристік парадигмадағы зерттеулердің әдіснамасынан іздеу дұрыс болса керек.

Мәселе тілде ғана емес, тілді қолданушы, тудырушы, дамытып, көркейтуші, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жетілдіріп-жеткізуші, сол тіл арқылы өзін, ақиқат дүниені танып-білуші, өзі және өзінен тыс әлем туралы түсінікті жүйелеуші, өз сезімдері мен дітін білдіруші тіл тұтынушыда – адамда да жатса керек. Сондық-

тан тілдегі құбылыстардың пайда болу тәркінін тілдің өз ішінен ғана іздеу жеткіліксіз, оны адам факторынан тыс толық түсіну де мүмкін емес. Олай болса, қазақ тіліндегі қостағандылық сияқты ой желісінің сұлулығын, реттілігін білдіретін ерекше құрылымдық құбылыстың, логика-интонациялық категорияның пайда болуының негіздері, оның тілдің экспрессияға жақын бірліктерінің ғана емес, басқа да бірліктерінің ұйымдасуында қолданылуының мәнін тіл иесінің миының жұмысынан, осы құбылысқа қатысты сана түрінің қызметінен іздеу орынды болады.

Қоғамдық сананың қай түрі болмасын тілмен тығыз байланыста дамиды, мәселен, саяси, құқықтық, ғылыми, эстетикалық сана түрлерінің әрқайсысының дамуы, кенжелеп қалмауы жалпы қоғамдық сананың тұтастай жетіліп отыруы үшін аса маңызды (Уәли, Фазылжанова, 2009). Осылардың ішінде эстетикалық санаға зерттеу нысанымызға қатысты болғандықтан ерекше тоқталмақпыз.

Эстетикалық сананың қалыптасып дамуында тілдің эстетикалық қызметінің рөлі зор. Бұл тұрғыда тілдік бірліктердің қолданысын практикалық және практикалық емес, коммуникативтік немесе коммуникативтіктен тыс деп қарауға болады. Мұндағы практикалық немесе коммуникативтік қызметтегі тіл бірліктерінің қолданысы сөйлеушінің дітін орындатуға жұмсалады. Ал практикалық емес, коммуникативтіктен тыс қызметтерге – эстетикалық, сакралды т.б. жатады. Әрине, бұл – рационалды тұрғыдағы көзқарас бойынша дұрыс тұжырым. Алайда тіл иесі өз сөзін тек «мені түсін, дітімді орында» деген мақсатпен ғана сөйлемейді ғой, бұған қоса үнемі «менің күйіме ен, маған жақтас бол, жағдайымды өзіндікіндей сезін» деген де ішкі психологиялық діт болатынын ғалымдар көрсеткен. Сондықтан нені айту ғана емес, қалай айту да, яғни мазмұнмен бірге тұрпат та қашанда маңызды болған.

Осы тұрғыдан тілдің эстетикалық функциясына ақпаратты жеткізіп тұрған сөздің, хабардың мазмұнының ғана емес, формасының да адресаттың эстетикалық сезімдерін қанағаттандыруға бағытталуы жатады. Ал тіл таңбалар және сезімдік тұрғыда қабылданатын формалар кешені болса, сол қабылдайтын сезім көздеріне тиімді әсер етудің амалы тілдің эстетикалық функцияларын іске қосу арқылы орындалмақ. Демек көркем сөйлеу тек тамсандыру, мағына мен мазмұн үйлестігінен ләззат алдыру үшін

ғана емес, өз дітін барынша тиімді жеткізу, оны орындауға деген құлшыныс тудыру, басқаша айтсақ, практикалық мақсатқа қол жеткізу үшін де аса қажет болып шығады. Әсіресе әдеби тілдің негізі ауызша сөз үлгілері базасында қалыптасқан қазақ тілі үшін практикалық қызмет атқарушы тілдік бірліктер ұйымдасуында қостағандылық сияқты экспрессиялық, стильдік нақышы, бояуы қанық құрылымдардың кездесуінің себебі осында деп түсінеміз. Сөз соңында аталған мәселе бойынша ұсынылып отырған қанатқақты зерттеу әлі жалғасын тауып, тереңдетіле түсетінін айтпақпыз.

2.2 Құрмалас сөйлемдердің таптастырылуы

Көп жылдар бойы тіл білімінде интонация синтаксистің құралы ретінде қаралып келгенімен, кейінгі кезде оның дербес құбылыс ретінде автономды сала аясында зерттеу қолға алынды. Қазақ тілінің екі синтагмадан тұратын қосқұрамды құрмалас сөйлемдерін зерттеуге арналған бұл зерттеуде құрмалас сөйлемдердің профессор Қ.Есенов ұсынған таптастыруы негізге алынды. Мұның себебін білу үшін қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдердің таптастырылуына тоқталу абзал.

Құрмалас сөйлем синтаксисі жай сөйлемдердің бір-бірімен ұласып, бүтінге айналып, күрделі ойды білдіру жолдарын, амал-тәсілдерін зерттейді. Бұл мәселенің ғылыми тұрғыдан қаралу тарихы үш кезеңге бөлінген:

- 1920-1940 жылдар (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов),
- 1940-1950 жылдар (С.Аманжолов, Т.Қордабаев және т.б.),
- 1950-дан қазіргі кезге дейінгі аралық.

Қ.Есенов 1954 жылы жоғары оқу орнына арналып қазақ тілінің ғылыми курсының басылып шығуын және түркі тілдеріндегі сабақтас сөйлем жайындағы координациялық кеңестің болуын соңғы кезенді ерекшеліктеріне себептер ретінде көрсетеді (Есенов, 1982, 125 б).

А.Байтұрсынұлы құрмалас сөйлемдерді алдымен *сыйысулы* және *қиысулы* деп екі үлкен топқа бөледі. Ол – сыйысулы сөйлемдерге «сыйысып, қосылған..., бірнеше мүшелері бірыңғай болған» құрмаластар жатады, мысалы, *Қарабай мен Сарыбай аңға шықты*, бұл сөйлемнің «қосылмай бөлек тұрғандағы түрлері мынау: *Қарабай аңға шықты*, *Сарыбай аңға шықты*» – деп түсіндіреді. Ал құрмаластың қиысулы түрі салалас пен са-

бақтас болып бөлінеді. Ғалымның салалас сөйлемдерді *жсиы-лыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы, қойылыңқы* (Байтұрсынұлы, 1992) деп таптастыруы ерекше, осы күнге дейінгі таптастырулардың біріне ұқсамайды. Бұлардың бәріне тоқталып жатпай-ақ соңғы екеуінің мысалын көрсетсек, басқаларының да қандай негізде бөлініп тұрғаны анықталады. Мәселен, ғалым сұйылыңқы салалас сөйлемге келтірген *Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа мысалдарының әуені, яғни айтылу интонациясы сөйлем соңына қарай сұйылыңқы болып кетеді. Аудиторларға ұсынғанымызда олардың көбі интонация параметрлерінің жоғары мәндері сөйлемнің алғашқы синтагмаларында шоғырланғанын, ал соңғы синтагмада интонацияның ұзақтылық көрсеткіштері болмаса, интенсивтілік (дауыс қаттылығы), әуен, қарқын сияқты параметрлердің кіші шамалармен берілгендігін көрсетті.*

А.Байтұрсынұлы мұндай сөйлемге «маңызды нығыз айтылған сөйлемді басқа сөйлемдер баяндап тұр» деп сипаттама береді, яғни мұнда бірінші сөйлемдегі ойдың маңызы сөйлем соңына қарай «сұйылып» кетіп тұр; Осыған орай сөйлем интонациясының параметрлері де жоғары мәндерден төмендеп отыр. Мұндай сөйлемдердің компоненттері арасындағы семантикалық қатынас интонация арқылы да қоюланып беріліп тұр.

Жоғарыдағы сұйылыңқы салалас құрмалас сөйлемге компоненттерінің құрылымы жағынан қарама-қарсы сөйлемдер қойылыңқы деп аталған. *«Не өгіз өлер, не арба сынар – екеуінің бірі болар – мұнда алдыңғы сөйлемдерді кейінгі сөйлем қорытып тұр»* (Байтұрсынов, 1992, 302 б.), яғни сөйлемнің аяғына қарай ойдың маңыздылығы «қоюлана» түседі. Бұл сөйлемдердің интонациялық көрінісі де жоғарыдағы мағынасының сипаттамаларына сай келеді: интонацияда сөздің (речь) маңызды бөліктері әрқашан просодикалық бірліктердің үлкен шамаларымен беріліп, қатты дауыспен, баяу қарқында айтылып отырады. Сөйлемнің алғашқы компоненттеріндегі ой мәні соңғы компонентте нақтыланып қорытылады, сондықтан аудиторлар соңғы компонент басқаларынан баяуырақ және интенсивтіліктің жоғары (дауыспен) мәндерімен айтылады деп көрсетті. А.Байтұрсынұлының салалас құрмалас сөйлемдерге берген таптастыруы тек қана олардың логикалық жағын емес, сондай-ақ сөйлемнің интонациялық ерекшеліктерін де ескереді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытатын болсақ, А.Байтұрсынұлының таптастыруындағы салалас сөйлемдердің интонациясы олардың семантика-синтаксистік тәсілдерімен бірге жұмыс істеп мағынаны дәл жеткізуге қызмет етіп тұр. Интонация мен мағынаны жеткізуші басқа тәсілдердің арасындағы қатынасты тек **өтем заңы** ғана емес, оған қарама-қарсы барлық тәсілдердің бірігіп жұмыс істеу – **үстеме заңы** да реттеп отыратыны айқындала түсті.

Қ.Жұбанов сабақтас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарларын А.Байтұрсынұлы сияқты сөйлем мүшелерінің атымен береді, ал салалас сөйлемдерді мағыналық жағынан ыңғайлас, ереуіл, талғама, себеп-салдар, шарт-жағдай түрлеріне бөледі (Жұбанов, 1966, 369 б.).

Бұл сөйлемдерді зерттеген ғалымдардың бірі С.Аманжолов құрмалас сөйлемдерді салалас, сабақтас, аралас және тиянақсыз деп төрт түрде қарастырған (Аманжолов, 1940).

Н.Сауранбаев жалғаулықсыз байланысқан құрмаласты «іргелес» деп алып, мұндағы жай сөйлемдерді құрмаластырушы интонацияның рөлін баса айтады. Ол сөйлемдерді құрмаластыру тәсілінің ішіндегі ең негізгісі ретінде интонацияны көрсетеді (Сауранбаев, 1982). Оның сабақтас бағыныңқылардың табиғатын сөйлем мүшелері қызметімен бара-бар қарастыру А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың ойларымен үйлеседі. Ал М.Балақаев бұл сөйлемдердің дені пысықтауыштық ыңғайда болатынын көрсетіп, мағыналық принципті басшылыққа алып, оларды шартты, қарсылықты, мезгіл, амал, себеп-салдар және мақсат бағыныңқылы деп жіктеді (Балақаев, 1967).

Т.Қордабаев құрмалас сөйлемдердің интонациясына ерекше назар аударып, оның тиянақты және тиянақсыз екі түрін көрсетті. Сөйлемдерді құрмаластыруда атқаратын олардың қызметін ғалым төмендегідей анықтады: «...интонацияның тиянақсыз түрі құрмалас сөйлемдер құрамындағы компоненттер арасында келеді де, әр құрмаластың қандай компоненттерге бөлінетіндігін білдіреді. Интонацияның бұл түрі өзінің тиянақсыздығы арқылы сөйлемнің аяқталмағандығын, ой жалғасы барлығын байқатады да, сол арқылы жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластырады; интонацияның тиянақты түрінің құрмаластағы функциясы сол, ол құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттердің басын бірік-

тіріп, оларды бір бүтін етіп тұрады» (Қордабаев, Балақаев, 1961, 167 б.). Мұндағы тиянақсыз интонациямен көбінесе сабақтас сөйлемдердің бірінші компоненті берілетінін Қ.Есенов те айтып кеткен болатын. Интонацияның құрмаластағы бұл түрін ғалым ұласпалы деп алып, оны екі жай сөйлемді байланыстырушы тәсіл ретінде жан-жақты талдап түсіндіреді: «жоғарғы қарқынмен басталған дауыс екпіні біраздан кейін сәл баяулайды да, бағыныңқының баяндауышына келгенде, қайтадан бұрынғы жоғарғы қалпына түседі. Содан кейін сәл баяулап барып сөйлемді аяқтайды. Бағыныңқы компоненттің баяндауышында дауыс екпінінің жоғарылауы сөйлемнің әлі аяқталмағанын, оның келесі (басыңқы) жалғасы барлығын аңғартады» (Есенов, 1982, 70 б.). Қ.Есенов сабақтастарды жалғаулықты және жалғаулықсыз деп тұлғалық сипатына қарай бөліп алып, олардың мағыналық (мезгіл, мекен, т.б.) түрлерін көрсеттіп, сабақтас құрмаластың бағыныңқыларын да мағыналық-тұлғалық принципке сәйкес таптастырды.

Формалдық принцип бойынша сабақтас құрмаласты анықтауыш бағыныңқылы, толықтауыш бағыныңқылы тағы сондай деп бір белгісіне қарай таптастырса, бағыныңқы компонентті басыңқының бір мүшесі ретінде ғана тануға болады. Қ.Есенов бұлай жіктеу күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің қызметін жеке сөйлем мүшесінің атқаратын функциясымен тең деп қарауға әкеп соғатынын, сонымен бірге «әрбір мағыналық белгіге сай, бағыныңқы сөйлемдерді жіктей берсек, олардың түрлері шектен тыс көбейе беретініне» (Есенов, 1982, 51 б.). баса назар аударып, бағыныңқы сөйлемдерді таптастырудағы мағыналық принциптің де қолайсыз жақтарын ашып көрсеткен болатын. Сабақтас сөйлемдерді ғалым алдымен қатыстық, адвербиалды бағыныңқылы және ыңғайлас (соңғы еңбегінде үлестес болып берілген) деп үш топқа жіктеп, әрқайсысының мағыналық түрлерін анықтаған. Мұндағы қатыстық бағыныңқылы деп құрамында сілтеу сұрау есімдіктері қатынасқан шартты рай тұлғалы сабақтас алынған, мысалы, *Кімнің құсы бұрын барып дуадақ ілсе, Еңлік-Кебек жыры сонікі болсын* (М.Ә.). Бұл сөйлемдер тек аналитикалық-синтетикалық жолмен жасалады (Есенов, 1982, 60 б.).

Адвербиалды бағыныңқылы сабақтас құрмалас синтетикалық, аналитикалық-синтетикалық, ал осы топ ішіндегі түсіндірмелі сабақтас аналитикалық та жолмен жасалады, мысалы, *Мен ша-*

қырғанда, ол келмеді; Қырықты алқындырса да, оған сақал бітпей қойды (М.Ә.); Қуанғаны сонша, сәлем беруді ұмытып кетті (Ә.Ә.). Қ.Есенов адвербиалды (пысықтауыштық) бағыныңқылардың ортақ қасиеті басыңқыны түрлі жақтан айқындай, пысықтай түсуінде деп, осы негізде олардың шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, амал, мақсат түрлерін және түсіндірмелі сабақтас түрін көрсетеді (Есенов, 1982, 69 б.). Сабақтастың үшінші тобы – үлестестердің (ыңғайластардың) компоненттері бір-біріне тәуелді болып емес, ыңғайласа байланысады. Оларды құрмалас қатарында қарастыруға бастапқы компоненті баяндауышының тиянақсыз тұлғада келуі себеп болып тұр. Бұл сөйлемдердің екінші компоненті біріншісімен көбінесе синтетикалық тәсіл арқылы құрмаласады: *Үй тигіліп, мал сойылып жатыр* (Есенов, 1982, 107 б.).

Құрмалас сөйлемдердің интонациясы мен құрылымы, мағыналық ерекшеліктері арасындағы қатынасты қарастыру жұмыстың негізгі міндеттерінің бірі болғандықтан, бұл сөйлемдерді таптастырудағы құрылымдық та, мағыналық та қасиеттері бірге алынатын Қ.Есеновтың мағыналық-тұлғалық принцип негізіндегі жіктеуіне сүйенгенді дұрыс көрдік.

2.3 Интонация және оның компоненттерінің сөйлемдегі қызметі

Интонация сонау антикалық заманынан шешендік өнер саласында және онымен салыстырғанда қысқа тарихымен белгілі тіл білімінде қарастырылып келеді. Бұл мәселе жөніндегі алғашқы лингвистикалық зерттеулер Дж.Стиль (1775) мен Р.Сикараның (1801) еңбектері болып табылады. Ал алғашқы экспериментті-фонетикалық жұмыстар ХХ ғасырдың басында пайда болып, олар тек әуен өзгерістерін сипаттаумен шектелген. Интонацияны әуеннен ғана құралған құбылыс деп түсіну сол кездегі шетел фонетистері еңбектерінде жиі кездеседі (К.Пайк, Л.Армстронг, И.Уорд) [2, 84-89]. Мұндай көзқарас аталған құбылыстың тілдің суперсегменттік деңгейі ретіндегі күрделі мәнін толық ашып бере алмайды. Қазіргі тіл ғылымында интонация «әуен, интенсивтілік, қарқын, ырғақ, тембр сияқты әртектес өлшемдердің түрлі жиынтығынан құралған кешенді құбылыс» [3, 9] ретінде қарастырылады. Интонация туралы «кең» ұғым орыс тіл білімінде

А.М.Пешковский, В.А.Богородицкий В.Н.Всеволодский-Гернгросстардың еңбектері арқылы қалыптасып, Т.М.Николаева, И.Г.Торсуева, Н.Д.Светозаровалардың зерттеулерінде жалғасын тапты.

Мәселенің ғылыми тұрғыдан зерттелуін ХІХ ғасырдың соңынан ХХ ғасырдың қырқыншы жылдарына дейінгі және осы кезден бүгінгі күнге дейінгі аралықтарды құрайтын екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде интонацияның жалпы мәселелерін құрайтын оның тілдік объект ретінде қаралуы, қызметі мен құрылымы алғашқы эксперимент лабораторияларында зерттеле басталды. ХІХ ғасырдың аяғында пневматикалық құрал ойлап табылды. Оның мүмкіндіктерінің шектеулі болғанына қарамастан, тіл білімінің фонетика саласында эксперименттік әдісті кеңінен қолдануға жол ашылды. ХХ ғасырдың отызыншы жылдары эксперимент әдістері мен құралдарын жетілдіру әрекеттері Мәскеу мемлекеттік университеті Психология институтының В.А.Артемов бастаған бір топ ғалымдары үшін табысты аяқталды (Артемов 1956; 1974). 1932 жылы жаңадан құрылған лаборатория М.Торез атындағы Мәскеу мемлекеттік шет тілдер педагогикалық институтының басқаруына беріліп, осы күндерге дейін жемісті жұмыс істеп келеді. Бұл кезеңдегі ғалымдардан жоғарыда аты аталған В.А.Богородицкий (Богородицкий, 1930), В.И.Всеволодский-Гернгросс (Всеволодский-Гернгросс, 1922), А.М.Пешковский (Пешковский, 1959), В.А.Артемовтармен (Артемов 1956) қатар С.Карцевский (С.Карцевский, 1931), Л.В.Щерба (Щерба, 1953, 122-132 бб.), Н.С.Трубецкой және т.б. (Трубецкой, 1960, 246-256 бб.) атауға болады.


Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің де шамамен осы кезде жарық көргені белгілі. Оның тіліміздің просодикасы туралы ойлары интонацияны зерттеудің алғашқы кезеңінде әртүрлі ғалымдар көтерген мәселелермен ұштасып жатты. А.Байтұрсынұлының «тіл (лұғат) әуезділігі», оның ішінде «сөз әуезділігі», «сөйлеу әуезділігі» деп атап, жан-жақты қарастырған құбылысын қазіргі лингвистикадағы тілдің просодикасы ұғымымен тең түсінген дұрыс (Байтұрсынұлы, 177-179 бб.).

А.Байтұрсынұлы «сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін, <...> сөйлеу

турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдердің үндері құлаққа жағымды болып естілуін» (Байтұрсынұлы, 177 б) тіл әуезділігі деп түсіндіреді.

Мұндағы сөз және сөйлеу әуезділігінен тұратын тіл әуезділігі – сөз және сөйлем просодикасына (интонация) бөлінетін тілдің просодикалық құрылымын білдіреді. «Бірақ сөздің де сөйлеудің де әуезді болуының негізгі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды. Дауыс ағымы сөз ішінде дыбыстардың тіркесуіне қарайды да, сөйлеу ішінде сөйлемдердің тіркесуіне қарайды» – деген (Байтұрсынұлы, 2013, 200 б.) пайымдауынан ғалымның просодиканың сегментті деңгейдің үстінен келіп, «дыбыстан үлкен бірліктердің фонетикалық сипаттамасын қамтитын құбылыс» (Зиндер, 1979, 257 б.) екенін инструменттік экспериментсіз-ақ түйсікпен түсіне білгені көрінеді. «Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып ұнамды құрылуынан болады. <...> Сондықтан да ондай сөздердің сөйлемдері өрнекті сөйлемдер деп аталады. <...> Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемдерді айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады» (Байтұрсынұлы, 1989, 179 б.) – деп, А.Байтұрсынұлы сөзден үлкен бірліктердің просодика-интонациялық көрінісін сипаттаған. Бұл пікірді дәлелдеп, фонетикалық эксперимент материалы негізінде көрнекті түрде көрсеткен ғалым Зейнеп Базарбаева қазақ тілінің интонациялық жүйесін, оны құрайтын интонациялық бірліктерін анықтауда А.Байтұрсынұлының «екпін буыны аяғына келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас» және қазақ тіліндегі «екпін буыны сөздің бәрінде бір орнынан табылады» деген тұжырым төңірегінде құрылған теориясын басшылыққа алады. Осылай анықталған қазақ интонемалары тіліміздің ерекше табиғатын, сөз әуезділігінің мағына реңктерін икемді жеткізу қабілетін толық көрсете алатын бірліктер екенін кейінгі жылдары жүргізілген интонациялық зерттеулер дәлелдеп отыр (Базарбаева, 2008).

Бұл пікір көрнекті болу үшін З.Базарбаеваның еңбегінде анықталған құрмалас сөйлемдердің жалпы алғандағы әуен суреттерін көрсетейік:



Мына суреттерден қазақ сөйлемінің жалпы интонациялық сызығы көрінеді. Бұлардың А.Байтұрсынұлының сипаттамасымен үйлесіп жатқаны анық байқалады. Сонымен бірге ғалым осы еңбегінде «екпін буыны аяғына келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас» – деп, қазақ тілін – «екпін буыны сөздің бәрінде бір орнынан табылатын», ал орыс тілін – «екпін буыны бір сөздің өзінде де әмән бір жерде тұрмай, әр жерде көшкілеп жүретін» (Байтұрсынұлы, 1989, 190 б.) тілдер түріне жатқызады. Бұдан ғалымның тіліміздің просодикасының ерекшеліктерін орыс, француз тілдерімен салыстыра зерттеп, кейінгі жылдары ғана экспериментті түрде дәлелденген қазақ екпіні табиғатының орыс тілінен өзгешелігін сол кезде (1926) түсінгені байқалады. XX ғасырдың отызыншы жылдарының аяғында Л.В.Щерба орыс тілі мен француз тілі просодикасының ерекшеліктерін зерттеп, олардың екпіндерінің әртүрлі екеніне эксперимент арқылы көз жеткізген: «что касается французских слов, то хотя функционально им и соответствуют русские слова, однако между ними есть и большая формальная разница: французские слова фонетически ничем не выделяются, тогда как русские характеризуются словесным ударением» (Щерба, 1953, 88 б.). Қазақ екпінінің табиғаты туралы А.Байтұрсынұлы тұжырымының дұрыстығын қазақ тілі материалында экспериментті түрде дәлелдеп, оны дамытқан ғалым Әлімхан Жүнісбек болды (Джунисбеков, 1982).

Профессор Қ.Жұбановтың еңбектерінен де интонацияға қатысты қызықты мәліметтерді кездестіруге болады. Мәселен, ғалым интонацияның тілдік қызметін «адамның көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді. <...> Бұларды білдіруге арналған амалдық дауыс сазының да түрі көп кездеседі» (Жұбанов, 1966, 201 б.) – деп, дәл тауып түсіндіреді.

XX ғасырдың қыркыншы жылдарынан бастап интонацияны зерттеу жұмыстары қарқынды түрде жүре бастады. Әсіресе соғыстан кейінгі жылдары эксперименттік негіздегі жұмыстар саны арта түсті. Оларды сипатына қарай екі топқа: 1) белгілі бір тілдің суперсегменттік деңгейіне, интонацияның жалпы

мәселелеріне арналған монографияларға және 2) жекелеген тілдік фактілерді зерттейтін жұмыстарға (мысалы, «Себеп бағыныңқылы құрмалас сөйлемнің интонациялық ерекшелігі», «Жалпы сұрақтың интонациялық көрінісі») бөліп қарастыруға болады (Николаева, 1969, 9 б.).

Түркі тілдеріндегі интонацияға арналған еңбектерді де осылай топтастыруға болады. Солардың ішінде А.Нұрмаханованың, И.Е. Алексеевтің, Ю.В. Щеканың, З.М. Базарбаеваның еңбектерін жоғарыдағы топтастыру бойынша оның бірінші түріне, ал басқа жұмыстарды екінші түріне жатқызуға болады.

Түркі тіл білімінде интонацияның жекелеген мәселелерін қамтитын жұмыстар аз емес. Бұлардың ішінде көптеген зерттеулер сөйлемнің қатысымдық (коммуникативтік) түрлеріне арналған. Мәселен, сұраулы сөйлем интонациясы қазақ тілінде Н.У. Түркбенбаевтың (Түркбенбаев, 1966), өзбек тілінде З.А. Ахмедовтың (Ахмедов, 1965), қарақалпақ тілінде П.Бекімбетовтың (Бекімбетов, 1965), татар тілінде Р.М. Балтаеваның (Балтаева, 1973) қырғыз тілінде Р.Ч. Чанаковтың (Чанаков, 1980), әзірбайжан тілінде Ф.И. Гаджиеваның (Гаджиева, 1982) еңбектерінде; жай сөйлем интонациясы қазақ тілінде Ж.И. Қалиевтің (Қалиев, 1969), қырғыз тілінде Ж. Дүйшеевтің (Дүйшеев, 1980), түрікмен тілінде бұл сөйлемдердің стильдік түрлері О.Д. Розыеваның (Розыева, 1991) еңбектерінде қарастырылды. Ал лепті және бұйрықты сөйлем интонациялары түркі тілдерінде аз зерттелген. Бұл тұрғыда әзірбайжан тілінде А.Мехтиевтің (Мехтиев, 1973), қырғыз тілінде К.Токтоналиевтің (Токтоналиев, 1984) жұмыстарын атауға болады.

А.Нұрмаханованың еңбегінде тіліміздің интонациясы алғаш рет экспериментті-фонетикалық тұрғыдан зерттелінді. Мұнда қазақ, қарақалпақ, өзбек тілдері интонацияларының типологиялық сипаттамалары және олардың жеке тілдің жүйесіндегі ерекшеліктері берілді (Нұрмаханова, 1965). З.М.Базарбаеваның француз, қазақ, орыс тілдері қыстырма сөздерінің интонациясына арналған зерттеуі де салыстырмалы-типологиялық жұмыстар қатарына жатады (Базарбаева, 1983).

1980-90 жылдары Сібір түркі тілдерінің бірқатарында интонацияның негізгі типтері зерттелді. Хақас тілінің негізінде жүргізген жұмысында К.Н.Бурнакова интонация бірлігін

В.М.Наделяевтың ұсынған «ритмомелодема» терминімен атап, жай сөйлемнің коммуникативтік типтеріне қарай 5 түрлі ритмомелодеманы көрсетеді (Бурнакова, 1989). И.Е.Алексеев якут тілі сөйлемінің құрылымдық-коммуникативтік және интонациялық жүйелерін типологиялық тұрғыдан зерттейді. Ол сөйлемнің типологиясын үш түрлі – логика-грамматикалық, құрылымдық-коммуникативтік, суперсегменттік деңгейде жүргізеді. Сөйлемнің негізгі түрлерінің (сұрақ, жауап, қалау) логика-грамматикалық мазмұны S – P қатынасымен берілді (бұл жерде S – субъект, P – предикат). Бұл – сыртқы және ішкі болып келетін екі жақты қатынас. S – P-ның сыртқы қатынасына сөйлемдегі P-ның S-ке қатысын мақұлдау немесе терістеу, ал ішкі қатынасына заттық P-ның болу/болмауы жатады. Ғалым сөйлемдердің сұрақ, жауап, қалау қатысымдық түрлерін олардың атқаратын негізгі қызметіне қарай ажыратады.

Ал якут тіліндегі сөйлемнің интонациялық табиғаты осы екі типология негізінде анықталып, оның түрлі модельдерінің көрінісі экспериментті түрде зерттелді (Алексеев, 1994). Қалмақ тілінің интонациялық типтері Т.С.Есенованың еңбегінде қарастырылды. Мұнда автор Н.Д.Светозарованың таптастыруына сүйене отырып, қалмақ тілінің тиянақты, ерекшеленген тиянақты, сұраулы және тиянақсыз – төрт түрлі интонациялық типін анықтады. Бұл жұмыста қалмақ тіліндегі сөз екпіні дыбыстардың басын қосып, бір бүтін етіп тұратын құрал емес екені байқалған. Автор мұны барлық түркі тілдеріне тән сингармонизм құбылысымен түсіндіреді (Есенова, 1980).

Жоғарыда аталған құбылыс негізінде (Н.Д.Светозарованың таптастыруындағы) интонациялық типтердің қазақ тіліндегі фонетикалық көріністері К.Н.Кемелованың жұмысында берілді. Ол Ә.Жүнісбековтың орыс тіліндегі екпіннің сөзді ұйымдастырушы просодикалық құрал ретіндегі қызметін түркі тілдерінде сингармонизм атқарады деген идеясын (Кемелова, 1988) басшылыққа ала отырып, төмендегідей қорытындыға келеді:

1) қазақ тілінде сөздің ерекшеленген буыны сөз екпіні бар тілдердегідей барлық мәндердің үлкен көрсеткіштерімен берілмейді; әуеннің, ұзақтылықтың, интенсивтіліктің жоғары мәндерінің барлығы бір буынға емес, сөз ішінде әртүрлі буындарға келуі жиі кездеседі, бұл қазақ тіліндегі сөйленім (высказывание) элементтерінің бірдей ерекшеленіп айтылатынын көрсетеді;

2) сингармонизм дыбыстардың бірдей тембрлік бояуын анықтап, негізгі тон жиілігі жоғары нүктелерінің бірқалыпты таралуына себеп болады; бұл қазақ сөзінің (речь) бір сарынды болып естілетінінің бірден-бір себебі;

3) кез келген сөз белгілі сингармониялық үлгіге сәйкес болғандықтан, үндіеуропалық тілдермен салыстырғанда қазақ сөйленімі (высказывание) синтагмаға көп бөлшектенеді (Кемелова, 1988, 15 б.).

Тіл білімінде әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе – интонация мен синтаксис арасындағы қатынасқа байланысты оның жеке аспектілерін қарастыратын жұмыстар қатарында Ш.Әтеновтың қосалқы анықтауыштың интонациясына (Әтенов, 1972) С.М.Бабаевтың әзербайжан тіліндегі есімше оралымды жай сөйлем интонациясына (Бабаев, 1966) арналған еңбектерін атауға болады. Соңғы жұмыста берілген оралымдардың сөйлемдегі орны өзгергендегі интонациялық көріністері анықталды. Әзербайжан тілінің салыстырмалы-қарсылықты салалас сөйлемдерінің құрылымдық-семантикалық және интонациялық сипаттамасы А.М.Джафаровтың жұмысында (Джафаров, 1975) берілді.

Жалпы тіл білімінде интонацияны синтаксистен ажырамайтын деңгей деп түсіну бұрыннан қалыптасқан. Синтаксис ғалымдары жай сөйлем және құрмалас сөйлем интонациясы өзінше ерекше болатынын айтып кеткен. Сондықтан жекелеген тілдердің фонетикасына арналған оқулықтарда жай сөйлем интонациясы және құрмалас, соның ішінде салалас, сабақтас сөйлем интонациялары болып бөлек-бөлек қарастырылған (Виллер М.А., Гордина М.В., Белякова Г.А., 1978, 73-82 бб.; Кравченко М.Г., Зыкова М.А., Светозарова Н.Д. 1973; Рапанович А.Н., 1969, 71-84 бб.). Бірақ түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлем интонациясы бойынша жазылған ғылыми мақалалар болмаса, қосқұрамды құрмалас сөйлемдеріне арнайы зерттеулер жоқ деуге болады. Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлемдердің жалпы интонациялық ерекшеліктерін алғаш зерттеген инонолог-ғалым З.М.Базарбаева олардың әрбір мағыналық түрінің айтылу көріністерін суреттейді (Базарбаева, 1996, 156-176 бб.). Паузация мәселесінің бір қырын көрсететін Т.Кеншінбаевтың мақаласында (Кеншінбаев, 1979, 190-198 бб.) құрмалас сөйлемдер интонациясының пунктуацияға қатысты сипаттамасы берілген.

Соңғы онжылдықтарда қазақ тіл ғылымында интерференция мәселесі төңірегінде көптеген жұмыстар жазылды. Ж.М.Өтесбаева өз еңбегінде қостілді қазақтардың орыс сөзіндегі (в русской речи) қазақ тілінің просодикалық интерференциясын зерттеу жолдарын табуды мақсат етіп алып, қазақ мәтініне фонологиялық талдау жүргізіп, интонациялық конструкциялардың (ИК) толық жиынтығы мен олардың мағыналық мазмұнын анықтады (Утесбаева, 1990). Интонациялық конструкциялар әдісін Е.А.Брызгунова ұсынған. Ғалым орыс тіліндегі оның 7 түрін көрсетіп, төмендегідей анықтамасын береді: «Интонационная конструкция – тип соотношения тона, тембра, интенсивности и длительности звучащей речи, способный противопоставить несовместимые в одном контексте смысловые различия высказываний с одинаковым строением и лексическим составом или высказываний с разными синтаксическими строениями, но одинаковым звуковым составом словоформ» (Брызгунова, 1978, 206.). Б.К.Мұрзалина тілімізде мұндай құрылымдардың бес түрін анықтап, оларды КИК (казахская интонационная конструкция) деп атауды ұсынады (Мурзалина, 1988). Е.А.Брызгунованың ИК-ларының шетелдіктерді орыс тіліне үйретудегі және ана тілінің орыс сөзіндегі (речь) интерференциясының алдын алудағы әдістемелік маңызы зор. Бірақ бұл әдістің қазақ тілі фонетикалық жүйесінің ерекшеліктерімен үйлеспейтіні З.М.Базарбаеваның еңбегінде дәлелді көрсетілген. Бұл жұмыста тіліміздің интонациясын зерттеуде құрылымның интонациялық центр, «постцентр» мен «предцентр» (Е.А.Брызгунова осылай көрсетеді) бөліктерін емес, интонациялық контурын тұтастай алып, глобалды түрде қарама-қарсы қоюға негізделген бағыт ұсынылды (Базарбаева, 1996, 32 б.). Аталған әдістердің алдыңғысынекіпінніңсөзұйымдастырушы(словоорганизующий) қызметі бар тілдерде қолдану тиімді. Интонация бірліктерін анықтаудың **глобалды әдісін** қолдану тіліміздің сөзді біртұтас етіп тұратын сингармонизм сияқты ерекшелігімен түсіндіріледі. Осы әдіске сүйеніп, жүйелі-функционалды бағыт негізінде релевантты акустикалық шамалардың (параметр) тұрақтылығына қарай З.М.Базарбаева тіліміздің сегіз инвариант интонамасын анықтады.

Кейінгі жылдары шыққан Ю.В.Щеканың түрік интонациясына арналған еңбектері мәселені шешу әдістерінің ерекшеліктері-

мен көзге түседі. Ол түрік тілі интонологиясының жалпы-теориялық негіздерін тілдің энергетикалық теориясы арқылы қарастырып, оның эволюциясын төменнен – буыннан тілдің жоғарғы сатысы – мәтінге дейінгі ритмикалық деңгейлердің қалыптасу процесі ретінде сипаттайды. Тілдің энергетикалық теориясы бойынша коммуникацияны – орта мәндер (средние значения) арқылы өлшеуге болатын элеуметтік маңызды энергиямен алмасу үдерісі ретінде түсіну керек (Щека, 1993, 3 б.). Осы негізде ғалым тілді зерттеуде оның құрылымдық бірліктері емес, сөз (речь) бірліктерін, сонымен бірге оларды қозғалыс үстінде, яғни эмоциялық қабатынан айырмай зерттеу керек деген тұжырымға келеді. Ал сөз бірліктерінің қозғалысы интонацияны береді, демек кез келген сөз бөлігін оның интонациясынан бөлек зерттеу мүмкін емес (Щека, 1993, 8-9 бб.). Осылай қорыта келе, автор түркі тілдері интонациялық жүйесі дамуымен тығыз байланыстағы тіл дамуын ырғақты бірліктердің күрделену жолы ретінде анықтап, оны келесі эволюциялық үдерісте көрсетеді:

I бейырғақтық (түподағай)

II жекелеген прагармонема (түпбуын)

III жекелеген пратактема (түпсөз)

IV жекелеген прамелодема (түпсинтагма)

V жекелеген түпинтонома (жай сөйлем)

VI құрмалас сөйлем, мәтін, ұйымдастырудың ырғақтық принципінен жоғары деңгейге шығу, жазу (Щека, 1993, 27 б.).

Бұл еңбекте кейінгі жылдары өзекті мәселелердің бірі саналып жүрген сегменттік және суперсегменттік деңгейлер бірліктерінің сәйкестігі былай берілген (Щека, 1993, 10 б.):

тілдік құрылым

фонема, морфема

сөз (сөз тұрпаты)

сөз тіркесі

сөйлем

текст

интонологиялық құрылым

гармонема

тактема

мелодема

интонома

композиема

Интонацияға арналған еңбектердің саны жылдан жылға көбейе түсуде, бұл оған деген қызығушылықтың артып келе жатқанының белгісі.

Бірақ бір зерттеуде олардың барлығын қамтып шығу мүмкін емес, сондықтан тақырыпқа байланысты деген еңбектердің бір бөлігі қарастырылды. Қазақ интонациясының жекелеген аспек-

тілері болмаса, көптеген мәселелерінің ғалымдар назарынан тыс қалып келетінін айта кету керек. Мысалы, ауызекі тілдің, әдеби тілдің ауызша түрлеріндегі сөйлеу стильдерінің интонациялық ерекшеліктеріне, сонымен бірге тілдің ең жоғарғы мәтіндік деңгейінің интонациясына арналған зерттеулер жоқтың қасы. Бұлар алдағы уақытта тек құрылымдық қана емес, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік, психолингвистикалық аспектілерде де зерттелсе, қазақ сөз сазы мен сөз әуезі туралы көптеген тың деректер анықталары сөзсіз.

Мұндай аспектіде мәселелерді шешу үшін интонацияның тілдік деңгей ретіндегі құрылымдық ерекшеліктері жөнінде мол мәлімет жинап алу керек, сондықтан да күрделі фразалар немесе құрмалас сөйлем интонациясына және оның синтаксиспен арақатынасына арналған зерттеу нәтижелері болашақ ізденістер үшін пайдалы болмақ.

«Құрмалас сөйлем интонациясы» атты зерттеуде синтаксис мәселелері қарастырылатын сияқты көрінуі мүмкін. Әрине, интонацияны синтаксистен тыс зерттеудің мүмкін еместігі ақиқат. Бірақ зерттеу мақсаты синтагмалары өзара тығыз семантика-синтаксистік байланыста қолданылған қостағанды күрделі фразалардағы интонацияны тілдің дербес деңгейі ретінде қарастыру. Осы мәселеге, сонымен бірге интонация компоненттерінің сөйлемдегі қызметтеріне біраз тоқтала кету дұрыс болады. Соңғы еңбектерде аталмыш құбылыс тілдің дербес деңгейі ретінде интонология саласында қарастырылып, (Николаева, 1969, 10; Базарбаева, 1996, 18; Светозарова, 1982, 13-15), ал интонация құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты сөйлемді құрмаластырудың бір тәсілі ретінде алынып жүр. Әрине, интонация синтаксиске тікелей қатысты құбылыс. Бірақ бұлай деп айтпас бұрын сөйлемнің интонациясыз қатысымдық қызмет атқара алмайтынын да ескеру керек. Осы мәселе жайында К.Л. Цеплитис былай дейді: «При определении интонации ссылка на предложение, и вообще на синтаксические явления возможна лишь в таких лингвистических системах, где последние толкуются без привлечения понятия интонации» (Цеплитис, 1974, 25 б.). Сөйлем ауызша тілде (устная речь) тек интонация арқылы өңделіп, аяқталған ойды, сөйлеушінің хабарға қатысын білдіре алады.

Демек, интонация – лингвистикалық зерттеуді қажет ететін, өзіндік мағынаға ие бірліктері бар, дербес деңгей ретінде қаралатын күрделі құбылыс.

Интонацияның тілдік құбылыс екенін оның атқаратын қызметтері дәлелдей түседі. Бұл мәселені әр ғалым әртүрлі шешіп, оның түрлі қызметін көрсеткен (Антипова, 1986, 132). Л.Р. Зиндердің топшылауында интонацияның қызметтері коммуникативтік және эмоционалдық деп аталатын екі үлкен аспектіде көрсетіледі (Зиндер, 1979, 267). Интонацияның коммуникативтік қызметіне: 1) сөзді (речь) сөз бөліктеріне жіктеу, 2) сөйлемнің коммуникативтік түрлерін ажырату, 3) актуалды мүшелерге бөлу, 4) сөйлемнің аяқталған/аяқталмағанын көрсету жатады. Сөйлеушінің айтылған ойға қатысын сөйлемнің мазмұнын өзгертпей-ақ интонация арқылы бере алатыны оның эмоциялық қызметіне негіз болады. Мысалы, Қыс келді деген сөйлемді интонацияның ғана көмегімен әртүрлі эмоцияда айтуға болады.

Егер интонацияның тілдік қызметі болса, ол тілдің қай деңгейіне қатысты қарастырылу керек? Бұл сауалға жауап іздеген ғалымдар аз емес. Олардың бірі – интонацияны дыбыстық құбылысқа негізделген өзіндік қызметтері болған соң, фонологияға қатыстырса (С.И. Карцевский), екіншілері синтаксистің бір тәсілі ретінде түсіндіреді (А.М. Пешковский). Бірақ соңғы жылдары интонацияға жаңа көзқарас қалыптасты. Интонацияның тек фонологиялық деңгейге ғана үйлеспейтін құбылыс екенін соңғы 20-30 жылдың ішінде анықталған оның бірліктерінің сипаты дәлелдей түсті. XX ғасырдың екінші ширегінде бұл мәселенің бір жағы Н.С. Трубецкойдың еңбектерінен көрінген болатын (Трубецкой, 1960, 254 б.). Егер фонологиялық тілдік бірлік – фонеманың тұрпат межесі ғана болып, ол өздігінен еш мағынаны бермейтін болса, интонемалардың тұрпат межесі де, мазмұн межесі де бар, сондықтан олар толыққанды таңба бола алады.

Ал интонацияны синтаксиске байлаулы, тек соның құралы ретінде көрінеді деп санайтын ғалымдар интонация бірліктерінің сөйлемде ғана ажыратылатынын арқау етеді. Бұл, әрине, дұрыс: интонация бірліктері белгілі бір семантика-синтаксистік қатынастағы сөз бөліктерінде көрінеді. Бірақ олардың предикаттық қатынаста немесе грамматикалық тұлға арқылы жасалуы барлық жағдайда да міндетті емес. Мысалы, – *Кім келді?* – *Айжан.* – *Айжан?* деген диалогтағы соңғы сөйлем сұраулы.

Бірақ оның коммуникативтік түрі синтаксистік емес, интонациялық тәсілдер арқылы белгілі болып тұр. Тағы бір мысал (Л.Р. Зиндерден алынды) – *Мынау қандай әріп?* – «А». Бұл мысалдағы оқушының жауабы сөйлем категориясына жата ма? Қалай болғанымен де, осы бір дыбыстан ғана тұратын сөз бөлігі аяқталған хабарлы ойды беретін сөйлем (высказывание) ретінде тек интонация арқылы өрнектеліп тұр. Осындай себептерге байланысты И.Г. Торсуева интонацияны сөйлемді сөйленімге / высказывания/ (бұл терминнің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «сөйлемді» атауға болады, бірақ ол «предложение» ұғымына бекітілгендіктен, шартты түрде алынып отыр) айналдыратын негізгі құрал деп көрсетеді. Сонымен, **сөйленім** дегеніміз – тілдік бірлік ретіндегі санадағы сөйлемнің қолданыстағы, яғни сөздегі (речь) көрінісі. Бірақ сөйленім әр уақытта сөйлемнің құрылымымен бірдей бола бермейді: «...при организации высказывания используются все виды единиц языка: слова, структурные схемы предложений, интонационные единицы и т.д. <...> Высказывание может быть построено на структурной схеме предложения, но такое построение не является обязательным для всех видов высказываний. В любом случае высказывание должно быть подчинено норме данного языка» (Торсуева, 1979, 14 б.). Мұны жоғарыдағы мысалдардан көруге болады. Зерттеуде сөйлем арқылы берілген сөйленімдердің айтылу ерекшеліктері зерттеледі, сондықтан ол синтаксистік жүйеге арқа сүйеп құрылған.

Интонацияның тілдік жүйедегі орны – арнайы тоқталуды қажет ететін мәселенің бірі. Зерттеуде интонацияны тілдік деңгей деп көрсететін интонолог-ғалымдардың ой-тұжырымдары басшылыққа алынды. Мұны тілді қолданушының санасында қалыптасқан интонацияның таңбалық қасиеттегі бірліктерінің – интономалардың болуымен түсіндіріп, дәлелдеуге болады. Бірақ бұған қарамастан, интонацияның тілдік мәртебесі шешімін күткен даулы мәселе қатарында қаралады (Николаева, 1977, 27 б.).

Дау туғызып жүрген интономаның басқа тілдік деңгей бірліктерінен ерекшелігі. Тілдік жүйеге кіру үшін тілдік деңгейдің ең кіші бірлігі басқа деңгейдің бірлігінен (элементтерден) құралып, сапалық жаңа бірлік жасалу керек және де ол бірлік өз кезегінде келесі деңгейдің бірлігін құраушы элемент болу керек екені анық. Мысалы, морфема фонемадан құралады. Бұл жерде, әрине, ол

фонемалар жиынтығы емес, сапалық жағынан жаңа бірлік. Бұл тұрғыда мағыналық және тұрпаттық көріністері болған соң интонемаларды морфемаға, ал оларды құраушы просодемаларды тек тұрпаттық көрінісі бар фонемаға ұқсатады. Міне, осы тұста интонемалардың ерекшеліктері көрінеді: интонемаларды құраушы просодемалар морфемаларды құраушы фонемалар сияқты басқа деңгейдің емес, сол бір ғана суперсегменттік деңгейдің бірліктері. Сонымен бірге интонацияның кей жағдайда грамматикалық тәсіл ретінде жұмсалуды («принцип замены», өтем заңы) болмаса, оның ажырататын мағыналары көбінесе сөзге (речь) қатысты және де жоғарыда айтылғандай интонация тек сөйленімде көрініс табады. Сөйленім тілдік бірлік пе, сөз бірлігі ме, егер сөз бірлігі болса, онда оны тілдік деңгейге енгізу дұрыс деген (Э.Бюйссенс) пікірмен бұл жөнінде: (Николаева, 1977) келісу керек пе, жоқ, әлде соңғы жылдары өріс алған үрдіс бойынша оны тілдік те, сөздік те құбылыс қатарына жатқызбай, мәтін лингвистикасының аумағында қарастыру керек пе деген сауалдар («фразовая интонация не входит в систему языка в качестве одного из его уровней, а <...> является одним из трех типов средств, создающих высказывание. Эти средства осуществляют коммуникативные установки – категории грамматики текста») (Николаева, 1977, 28 б.) осы күні тіл білімінде өз шешімін күтіп тұр.

Зерттеу тақырыбының аты жоғарыда айтылған интонацияның сөйлемге емес, сөйленімге (высказывание) тән болатыны жайындағы ойларға қайшы келіп тұрғанын байқау қиын емес. Мұның өз себептері бар. Біріншіден, қазақ тіл білімінде әлі күнге дейін лингвистика мәселелерін тілдік (абстрактілі), сөздік (речевые) деп екі жақты бөліп қарастыру берік орнықпаған, осыған орай соңғысына қатысты терминдер жүйесі сараланып болмаған. Зерттеуде мәселені «қосқұрамды құрмалас сөйлем интонациясы» деп атаудың тағы бір үлкен – екінші себебі болмаса, бұлай деп айту, әрине, даулы мәселеден қашудың жолы сияқты болып көрінер еді. Ол зерттеудің негізгі мақсаттарымен тікелей байланысты: зерттеуде интонация сөз (речь) аясында емес, тілдік деңгей ретінде қарастырылады, оның тілдік деңгей ретіндегі қасиетін ескермесек, бір тіл иелерінің сөйлеуі барысында бір-бірінің сөзіндегі сегментті бірліктердің тіркесі арқылы жеткізіле

алмайтын сұрақ, хабарлау, бұйрық, түсіндіру, леп сияқты тағы да басқа универсалды қатысымдық категориялардың берілуін ажырата алуын қалай түсіндіруге болады? Бұған интонолог-ғалымдардың беретін жауабы бір: әрбір тіл иесі санасында сол тілдің просодикалық құрылымының инвариант бірліктері сақтаулы, ажыратулы болады (Базарбаева, 1996), яғни бұл да – фонемалар сияқты абстрактілі, жалпы бірліктер жүйесі.

Міне, осыны біз интонацияның тілдік деңгей болуына негізгі себеп ретінде қарастыра отырып, сонымен бірге зерттеуде қазақ тілінің құрмалас сөйлемдерінің синтаксисте сараланған әрбір түрінің өзіндік интонациялық суреті болмайтыны экспериментті түрде дәлелденіп, сол арқылы интонацияның барлық жағдайда (құрылымдық) синтаксисте байлаулы емес екені көрсетілу керек, сондай-ақ глобальдық әдіс қолданыла отырып, екі синтагмалы сөз бөлігіндегі интономалардың арақатынасы қарастырылады.

Екі синтагмалы болып құрмалас сөйлем ғана емес, жай сөйлем де жіктеле алады, бірақ ол сөйлемнің мағынасына қарай, айтушының сөйлемді беруіне қарай әртүрлі болуы мүмкін, мысалы, *Балапан торғай ұясында жатыр* деген жай сөйлемді әртүрлі беруге болады: *Балапан / торғай ұясында жатыр*, *Балапан торғай / ұясында жатыр*. Бұлай бөлшектеуде қандай негізге сүйену керек екені бұл күнге дейін анықталмаған мәселелердің бірі.

Жай сөйлемдердің зерттеуге қолайсыз болғаны осыған байланысты; ал зерттеу нысанындағы құрмалас сөйлем құраушы бөліктерінің аражігі барлық жағдайда да жалғаулықтар немесе предикаттық мағынадағы сөздер арқылы анықталып тұрады. Сондықтан айтылымда құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер арасы әрдайым пауза арқылы бөлініп, синтагмаларға топтасуы синтаксистік және мағыналық мүшеленуімен тұрақты түрде сәйкес келіп отырады.

Қорыта келе, интонацияны дербес қарастыру – оны тілдің басқа деңгейлерімен байланысы жоқ, өздігінен өмір сүретін құбылыс деп түсінуге болмайтынын, просодика фактілері сөйлеу тілінің сегменттік деңгейіне параллель келіп, сегменттік жүйе интонацияның физикалық негізін құрайтынын айтуға болады. Просодикалық құрылымның сегменттік құрылымдағыдай өзіндік иерархиясы, бірліктері бар; олар сегменттік деңгей бірлік-

терінің үстінен өрнектеліп қана көрінісін табатыны белгілі. Бұдан интонация мен сегменттік фонетиканың тығыз байланысы байқалады.

Сонымен, жоғарыда сөз болған жайттарды қарастыру үшін Қ.Есеновтың таптастыруындағы құрмалас сөйлемдердің барлық мағыналық түрлеріне бір-бір мысалдан алып, солар бойынша жүргізілген инструменттік-эксперименттің нәтижелеріне жүгіндік.

Зерттеудің практикалық жағын құрайтын экспериментте қазақ көркем әдебиетінен жинақталған материалдар екі диктордың оқылымында таспаға жазылып, олардың ішіндегі қосқұрамды құрмалас сөйлемдер талданды. Бұл жерде қосқұрамды деп әрбір синтаксистік компоненті фонетикалық бөлшектеуде бір-бір синтагмаға сәйкес келетін сөйлемдерді алып отырмыз. Келесі кезекте негізгі тон жиілігінің, интенсивтіліктің, ұзақтылық пен паузаның физикалық берілгендерінің сандық өлшемдері анықталды. Осы ретте интонация компоненттерінің әрқайсысының тілдегі атқаратын қызметінің негізінде зерттеуде маңызды болып саналатын релевантты параметрлері белгіленіп алынды. Мысалы, белгілі бір мағыналық маңыздылықты меңзейтіндіктен, синтагма ішінде интенсивтіліктің ең жоғары мәндерімен ерекшеленген сөздер интонация арқылы берілетін мағынаға тікелей қатысты саналды, ал синтагманың соңғы немесе оның алдында тұрған буынының ұзақтылығы синтагмалық (ритмикалық) екпінінің көрсеткіші ретінде тұрақты орнымен ерекшеленгендіктен, зерттеуде айрықша тоқталып отыруды қажет етпеді. Себебі ол – сөз бөліктерінің ырғақты топтар мен синтагмалардың аражігін айқындаушы конститутивтік просодикалық құрал.

Сонымен, берілген сандық деректерге сүйене отырып, әрбір сөйлемдегі интонация компоненттерінің әрқайсысының өзгерістеріне талдау жасалды. Төменде интонацияны құраушы осы негізгі **просодикалық компоненттерге** қысқаша тоқталып өтеміз.

Интонацияның ең басты компоненті – әуен акустикалық тұрғыдан дауыс негізгі тон жиілігінің өзгерісінен тұрады. Берілген сөз бөлігінің (речевой отрезок) негізгі тон жиілігінің ең жоғары және ең кіші мәндерінің айырмасы *тоналды диапазон* ұғымын береді. Сөз бөліктері маңыздылығы мен диапазоны

арасындағы байланысты З.М. Базарбаева төмендегідей анықтады: «Эмоциялық мағыналы сөйлемдердің тоналды диапазоны көбінесе көлемді сипатта болып келеді. Бұған лепті сөйлемдердің тоналды диапазоны жатады. Мысал ретінде түрлі ұрандарды келтіруге болады. <...> Сөйлемнің ішіндегі қыстырма сөз болсын, тіпті үлкен қыстырма конструкциялар да, бәрі бірдей өзінің диапазонының көлемсіздігімен сипатталады. <...> Олардың мазмұнының қосымша ғана информация беріп тұрғаны айқын байқалады» (Базарбаева, 1996, 34-35 б.). Сонымен қатар сөйлемнің құрылымдық-коммуникативтік типтерінің әрқайсысының тоналды диапазон мәндері ерекшеленеді. Хабарлы сөйлемдер диапазоны – тар, сұраулы сөйлемдерде – орташа болса, лепті сөйлемдерде кең көлемді болып келеді.

Екі тонның интервалы ең жоғары жиіліктің кішісіне қатысымен анықталады. Егер бірінші тұрған синтагма жиілігінің соңғы нүктесінің мәні екіншісінің бастапқы нүктесі мәнінен кем болса, тоналды интервалы болымды, ал артық болса, болымсыз болып табылады. Сонымен, екі синтагманың алғашқысы тиянақты әуен контурымен өрнектелсе, олардың интервалы болымды, ал тиянақсыз контурмен берілсе, болымсыз болады.

Тиянақты әуен контурымен көбінесе сөйлемнің соңғы синтагмалары немесе басқаларынан семантика-синтаксистік жағынан дербес тұрған бөліктері сипатталады. Тиянақсыз әуенхабарлы сөйлемдердің алғашқы синтагмаларына тән болып келіп, ойдың аяқталмағандығының белгісі ретінде көрінеді, әйтпесе жалпы сұраулы сөйлемде дауыс көтерілгенін білдіріп тұрады.

Әуеннің негізгі лингвистикалық қызметіне бүтін мәтінді (бұл паузаның да қызметтерінің бірі) синтагмаларға, ырғақты топтарға, сөздерге бөлуі (мысалы, синтагмалар ара жігі әуен контурының өзгеруімен анықталады); сонымен қатар осы бөліктерді бір бүтін етіп байланыстыруы (синтагма соңында тонның көтерілуі немесе сәл бәсеңдеуі көбінесе ой аяғы бар екенін, келесі сөз бөлігінің берілген бөлікпен тығыз мағыналық-синтаксистік қатынаста екенін білдіреді); сөйлемнің коммуникативтік типтерін ажыратуға қатысуы (сұраулы сөйлемнің негізгі тон жиілігі көбінесе көтеріңкі, болмаса бәсең-көтеріңкі, ал хабарлы сөйлемдікі көтеріңкі-бәсең контурмен ерекшеленеді); басқа интонация компоненттерімен бірге сөйлемдегі, синтагмадағы мағынасы маңызды сөзді айқындауы жатады.

Интенсивтілік немесе дауыс қаттылығы (үдемелілік, дыбыс күші) деп дыбыс ағынының тығыздығын, яғни белгілі бір уақыт аралығында дыбыстың таралу бағытына перпендикуляр келетін аудан көлемінен өтетін энергия мөлшерін айтамыз. Оның өлшем бірлігіне децибелл алынады. Бұл – интенсивтіліктің физикалық сипаты.

Акустикалық тұрғыдан интенсивтілік басқа интонация компоненттерімен бірігіп (әуенмен) дауыс қаттылығының негізін құрайды. Интенсивтіліктің негізгі тілдік қызметіне сөйлемнің ішіндегі бір сөзді даралауы жатады. Фонетикалық ерекшелуеу екпінмен тығыз байланысты болғандықтан, Л.Р.Зиндер интенсивтілік жайында сөз қозғағанда негізінен екпінге тоқталған (Зиндер, 1979, 275 б.). Ол сөз екпінінен басқа сөйлем ішінде болатын ой (логикалық) екпіні, синтагмалық, эмоциялық екпіндермен олардың орны жайында айта келе, екпіннің бұл түрлері тек фразалық – сөйлеу ырғағын құраушы екпін ішінде ғана іске асатынына көңіл аударды (Зиндер, 1979, 276 б.). Мұндағы синтагмалық (немесе ырғақтық) екпін синтагманың соңғы буынына түседі де, оны мағыналық, фонетикалық тұтастық ретінде көрші синтагмалардан бөліп тұрса, ой екпіні сөйлемді актуалды мүшелуге қатысып, логикалық предикатты, реманы анықтап отырады. Бұлардың алғашқысы сөйлемде міндетті түрде кездеседі, себебі онсыз синтагма мағыналық бүтін (смысловое целое) ретінде көріне алмас еді. Ал соңғысы тілдік немесе контекстік жағдайлар қажет еткен кезде қолданылады. Интенсивтіліктің эмоциялық ерекшелуге қатысуы **эмоциялық** (немесе эмфатикалық) **екпін** арқылы іске асады.

Фразалық екпін Л.Р. Зиндердің анықтауы бойынша интонацияның бір элементі болып табылады: «В потоке речи ударные слова включаются в ткань интонации как ее элемент. В этом смысле его можно назвать фразовым ударением. Оно накладывается на тот или иной интонационный контур, внося определенное разнообразие в его рисунок. Именно фразовое ударение образует ритм речи» (Зиндер, 1979, 276 б.). Бұған қатысты Л.К. Цеплитстің ойы жоғарыдағы пайымдаулардан өзгеше берілген. Ол интенсивтіліктің интеллектуалды қызметіне сөздің маңызды бөлігін ерекшелуін алған (сөйлемнің мағынасы жағынан маңызды сегменттерде интенсивтілік өсе түседі). Автор интонацияның бұл компонентінің валлонтативтік

қызметіне бұйрықты сөйлемдердің интенсивтілігінің үлкен болуын, ал эмоциялық қызметіне айтушының көңіл-күйіне қарай оның мәндерінің өзгеруін жатқызады, сонымен бірге синтагманың интенсивтілік сызығының бойында жоғары мәнде тұратын сөздің болуы шартты жағдай деп көрсетеді. Л.Р. Зиндер интонация элементтерінің бірі ретінде – фразалық екпінді, ал Л.К.Цеплитисой екпінін (Цеплитис, 1974, 89-94 б.) алғанын көреміз. Бұл зерттеуші интонациялық мәні қолданыста ашылатын ой екпінін сөздердің ара жігін белгілеп, оларды мағыналық топтарға біріктіріп тұратын синтагмалық екпінмен салыстыра отырып, екі екпіннің әртүрлі тұрғыдағы (план) құбылыстар екенін ашып көрсетеді. Автор зерттеу мақсаты сөз бөліктерінің конститутивтік құрылымымен байланысты болса, синтагмалық екпінге тоқталу керек те, талдау нысаны интонация болған жағдайда, тек ой екпінін қарастыру керек деп қорытады (Цеплитис, 1974, 91 б.).

З.М.Базарбаева қазақ сөйлеуіндегі интенсивтіліктің келесі ерекшеліктерін анықтайды: «Дауыстылар неғұрлым синтагманың аяғына жақын тұрса, олардың интенсивтілігі соғұрлым азая түседі. Бұл жағдай сөйлемдегі интенсивтіліктің жалпы контурының жоғарыдан төмендейтінін көрсетеді. Егер де осы жалпы контурдың сызығында акценттелген сөздер болса, олар сонымен байланысты күшейеді. Сондықтан сөздің акценттелуі мен интенсивтілігінің арасында тығыз байланыс болады. <...> Бірақ <...> сөздің логикалық акценттелуіне әсер ететін басқа да фонетикалық тәсілдер бар. Оларға тонның көтерілуі мен ұзақтылық жатады» (Базарбаева, 1996, 43 б.). Бұл пікірдің негізіне интенсивтіліктің интонациялық мағынаға ой екпіні арқылы ие болатыны, ал синтагмалық екпінге қатыспайтыны алынған. Мұның себебін зерттеуші ғалым тіліміздің ырғақты құрылысының ерекшелігімен байланыстырады: қазақ тілінде орыс тіліндегідей әрбір сөзге түсетін екпін жоқ, сөздер француз тіліндегідей ырғақты топтарға бірігіп, олардың соңғы буындарына ырғақты екпін түсіп отырады. Қазақ тіліндегі екпін табиғаты жайында алғашқы болып А.Байтұрсынұлы айтып кетсе (Байтұрсынов, 1989, 190 б.), Ә.Жүнісбеков қазақ тіліндегі екпіннің осы ерекшелігін экспериментті түрде дәлелдеп, оның физикалық сипатын анықтады (Джунисбеков, 1982, 64 б.).

Сонымен **синтагмалық екпін** синтагманың соңғы буынына

түсіп, ол басқаларынан ұзақ айтылады, ал интенсивтілік ой екпінінің маңызды көрсеткіші. **Ой екпіні** сөйлемнің жалпы интонациялық контуры сызығына әсер ететін интонацияның негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Ұзақтылық – интонацияның уақыттық просодикалық компоненті, хронеманың бір түрі. Сөйлемнің айтылу ұзақтылығы **қарқынмен** тығыз байланысты.

Сөз ішіндегі бір буынның үлкен ұзақтылықпен айтылуы интонациялық зерттеу үшін барлық жағдайда маңызды бола бермейді. Мысалы, әскер басшысының *сапқа: :а тұр* бұйрығын созып айтуы әскердің қимылды орындауға жіберетін уақытын ескергеннен туындап, бұл жерде ұзақтылықтың өзгеруіне белгілі бір жағдайдың шарттары себепші болып тұр. Ұзақтылық сөйлеушінің эмоциясы мен кейбір құбылыстар көрінісін (экспрессиясын) білдіруге қатысады. Мысалы, «*міне қызы: :ық*» немесе «*со: :олай деңіз*» сияқты тіркестер ішіндегі сөздің бір буынының созылыңқы айтылуы сөйлеушінің көңіл-күйіне қарай бірінші жағдайда таңырқаудың, екіншісінде – мысқылдың белгісі болуы мүмкін. Сондай-ақ, кейбір құбылыстарды көз алдымызға елестету үшін, мысалы, «*та: :аудай бол!*» немесе әрекеттің ұзақ уақыт аралығында іске асқанын жеткізу үшін, мысалы, «*қа: :анша күттім*», сөздің бір буыны созылыңқы айтылуы мүмкін.

Қазақ тілінің ырғақты топтарының аражігін ажыратуға қатысатын интонациялық шамалардың ең маңыздысы ұзақтылық екені белгілі. Ритмикалық топ термині қазақ тіл білімінде ырғақтық топ деп айтылып жүр (Р.Сыздықова, Т.Сайрамбаев). Т.Сайрамбаев «Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі» атты еңбегінде сөйлем ішіндегі сөз тіркесіне біріккен сөздердің ырғақтық топ құрап тұратынына назар аударды (Сайрамбаев, 1991, 6 б.). Зерттеу жұмысының тілдік материалына қысқартылған қосқұрамды құрмалас сөйлемдер алынғандықтан, олардың синтагмалары көлемі жағынан бір немесе екі ырғақтық топқа ғана жіктеледі. Ал олардың аражігін белгілеуші әмбебап фонетикалық құрал – **ырғақты екпін**. Мұндай екпін түсетін сөз тобының соңғы буыны немесе оның алдындағы буын әрқашан үлкен ұзақтылықпен ерекшеленіп отырады. Бұл ұзақтылықтың конститутивтік қызметіне жататын болса, сөйлемдегі ой екпінінің фонетикалық тәсілдерінің бірінен табылатыны интонациялық қызметін айқындайды.

Зерттеуде сөйлеу үдерісіндегі емес, арнайы дикторлардың стильдік тұрғыдан бейтарап сөзі қарастырылатын болған соң ұзақтылық **эмоциялық** немесе **экспрессиялық** қызметінен емес, **конститутивтік** қызметінен көрінеді. Сонымен бірге интонацияның бұл компоненті әуен, интенсивтілік мәндерімен бірігіп, ой екпіні түскен буынды ерекшелейді. Бірақ ой екпінінің негізгі көрсеткіші интенсивтілік екені жоғарыда айтылған болатын, сондықтан зерттеуде оның негізгі белгісіне буынның созылыңқылығы емес, мол интенсивтілігі алынады. Сонымен ұзақтылық қазақ тіліндегі ырғақты топтар мен синтагмалардың аражігін белгілейтін екпінді құраушы құрал ретінде синтагманың, ырғақты топтың соңғы (соңғының алдындағы) буынында тұрақты түрде көрініп отырады. Осы себептерге байланысты талдау барысында интонацияның бұл компоненті арнайы қарастырылмады, оның өзгерістері жайында әуен мен интенсивтілік өзгерістерінің талдауында баяндалып отырды.

Ұзақтылық негізіндегі интонацияның уақыттық көрсеткішіне **қарқын** жатады. Сөйлеу қарқыны белгілі бір уақыт аралығында айтылған сөз бөліктері санымен анықталады. Мұндай сөз бөліктері ретінде интонациялық еңбектердің басым көбінде буын алынады. Әрбір адамның өзіндік сөйлеу қарқыны болады, сондықтан интонациялық зерттеулер үшін оның салыстырмалы мәндері маңызды болып табылады. Мәселен, синтагма ішіндегі бір сөздің немесе сөйлем ішіндегі бір синтагманың айтылу жылдамдығын басқаларымен салыстыра қарастыру керек.

Экспериментті-фонетикалық зерттеулердің нәтижесінде қарқынның сөйлем мазмұны маңыздылығымен тығыз байланысы анықталды. Сөйлеуші мән берген сөз бөлігін – баяу, ал қалған бөліктерін жылдам қарқынмен айтады. Сөз бөліктері интонациясының синтаксистік бірліктермен қатынасы барлық жағдайда сәйкес бола бермейтінін интонация зерттеушілерінің көбі көрсеткен. З.М. Базарбаева «негізгі сөйлемнің қарқынына қарағанда қыстырма сегменттердің қарқыны жылдам да көмескі болатынын» (Базарбаева, 1996, 117 б.) анықтады. Ал А.Н.Рапанович құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің көбінесе басыңқыға қарағанда жылдам айтылатынына көңіл аударады (Рапанович, 1969, 42 б.). Сондай-ақ сөйлеу қарқынының өзгерістері синтаксистік құрылымға емес, негізінен сөйлемнің жалпы мағыналық ерекшелігіне де меншікті екені белгілі, осыған

байланысты егер құрмаластың бағыныңқы компонентінің мазмұны сөйлеуші үшін маңызды болып табылса, онда ол басыңқыдан баяу қарқынмен айтыла алады.

Интонацияның бұл компонентінің тағы бір ерекшелігі – көп буыннан құралған сөз бөлігінде үдей түсіп, ал қысқа бөліктерде керісінше, баяулайтыны: «тенденция к удлинению действует с уменьшающей силой при многосложных отрезках, а наиболее яркое ее проявление на отрезках из 2-3 слогов» (Николаева, 1969, 245 б.).

Сөйлеушінің көңіл-күйімен қарқынның бейнелеуші мағынасының арасында байланыс бар екені белгілі. Мәселен, қарқын өзгерісі арқылы сөз болып отырған оқиғаның, қимылдың жылдамдығын бейнелеуге болады. Сонымен бірге сөз иесі қуаныш немесе ашу үстінде салтанатты, болмаса қайғылы күйіндегіден гөрі жылдамырақ сөйлейді.

Пауза – акустика тұрғысынан дыбысталудың тоқтағанын, физиологиялық жағынан артикуляцияның тыйылғанын білдіреді. Бірақ тыңдаушы кідірісті пауза деп қабылдағанымен, дауыс ағымы үзілмейтін де жағдайлар болады. Орыс фонетикасында мұндай паузаларды «**психологиялық паузалар**» терминімен атау кең тараған (Зиндер, 1979, 277 б.).

Л.К.Цеплитис дыбысталудың тоқтауы интенсивтіліктің нөлдік деңгейін көрсеткендіктен, паузаны уақыттық шама ретінде қарау қате деген пікір айтады. Ол уақыт интонацияның барлық компоненттеріне қатысты универсалды шама болғандықтан, пауза интонацияның темпоралды элементтерінің бірінен саналады деп қорытады. Шешендік сөз теориясы бойынша эмоция мен қалауды білдіретін паузаларды «психологиялық» деп атау бұрыннан қалыптасқан, сол себепті автор интонацияда негізгі тон жиілігінің өзгерісі әсерінен болған паузаны бейтемпоралды, ал белгілі уақытқа созылған, нөлдік интенсивтіліктегі паузаны темпоралды деп атауды ұсынады (Цеплитис, 1974, 706.). Сонымен қатар екі сегмент аралығындағы кідірісте сөйлемге еш қатысы жоқ дыбыстардың айтылуы арқылы болатын психологиялық **хезитациялық паузаларда** бар [бұл жөнінде: Зиндер, 1979, 289 б.; Базарбаева, 1996, 40 б.). Олар ауызекі тілінде сөйлеушінің ойын жеткізу үшін сөз іздеу мақсатында және оның көңіл-күйін білдіретін тәсілдің бірі ретінде қолданылады, мысалы, *мен кешке ...мм...жетіде келемін.*

Паузаның тілдік қызметіне келетін болсақ, алдымен оның сөз сегменттерінің жігін ажыратуға қатысатынын айту керек. Сөйлеу процесінде ырғақты топтар, синтагмалар, сөйлемдер пауза арқылы бөлініп тұрады. Сонымен қатар ол осы бөліктер арасындағы қатынас түрін де көрсетуге қатысады. Мысалы, хабарлы сөйлем мүшелерінің мағынасы бір-біріне тайталас, қарсылықты болса, олардың арасында міндетті түрде пауза болады (Щерба, 1953, 123 б; Базарбаева, 1996, 277 б.). Т.М. Николаева славян тілдері материалының негізінде паузаның сөйлемнің тыныс белгілеріне де байланысты болатынын анықтады: «результаты наших исследований показали, что именно пауза в первую очередь отличает регулярным образом замену знаков препинания, создавая правильные ряды «,» < «-» < «:» < «(» (Николаева, 1977, 15 б.). Қазақ тілінде бұл қатынастың берілуін анықтау – жұмыстың алдағы мақсатының бірі.

Жоғарыда паузаның «интеллектуалдық», «логикалық» қызметтерін көрсеттік. Ал оның эмоциялық қызметіне сөз иесінің айтылған ойға қатысын білдіре алатыны жатады, мысалы, сөйлемнің пауза арқылы көлемі жағынан әдеттегіден қысқа болып келетін бірнеше синтагмаларға бөлшектенуі сөйлеушінің белгілі бір эмоцияның әсерінде тұрғанын көрсетеді. Мұндай паузалар интонация зерттеушісіне сөз иесінің нақты (қуаныш, реніш, ашу, ыза, т.б.) емес, жалпы эмоциялық күйінен хабар береді. Бұл жағдайда конститутивтік (синтагмаларға бөлшектейтін) және **эмоциялық паузалар** көбінесе қатар келіп жатады.

Кейде пауза синтагма, тіпті ырғақты топ ішінде де қолданылуы мүмкін, бірақ олар сөйлемнің жалпы интонациялық көрінісіне ешқандай әсерін тигізбейді: «если, например, вырезать эмоциональную паузу из магнитофонной записи синтагмы, в остальном интонация синтагмы, как правило, не изменится, но содержание высказывания покажется менее эмоциональным» (Цеплитис, 1974, 81 б.). Мұндай паузалардың тағы бір қызметі жөнінде айта кету керек. Бұл паузалар өзінің алдындағы немесе өзінен кейін тұрған сөзге тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылады (Цеплитис, 1974, 73 б.). Эксперимент барысында осындай қызметтегі ырғақтық топ, синтагма ішінде кездескен паузаларды **күшейткіш паузалар** деп қарадық. Олардың екінші диктор оқылымында кездескені байқалды. Демек, бұл диктор тілдік фактілерді біріншісіне қарағанда эмоционалды түрде бергені

көрінеді. Мысалы: *Бұл жерде / не шөп жоқ // не / қамыс жоқ; Жүрегім / ауырлағандай болды // бірақ / үндемедім.*

Сонымен, интонация компоненттерінің тілдік қызметін анықтау барысында олардың шамаларының (параметрлерінің) өзгерістері мен сөйлемнің синтаксистік және семантикалық құрылымдары арасында тығыз байланыс болатыны байқалды. Интонация компоненттерінің сөйлеушінің көңіл-күйі мен экспрес-сиясынан да хабар беретіні белгілі. Сондықтан интонация жөніндегі еңбектерде оның лингвистикалық қызметі интеллектуалдық, эмоциялық және экспрессиялық сияқты үш тұрғыда зерттеліп жүр. Интонацияның интеллектуалды қызметі тілдік жүйе шеңберінде берілсе, соңғы екеуі сөздік (речевой) факторлармен байланысты туындап жатады. Интонация компоненттерінің сөйлеу ситуациясы мен сөйлеушінің физиологиялық ерекшеліктеріне қатысты өзгерістеріне аса назар аударылмады, себебі зерттеудің негізгі мақсаты оның тілдік деңгейдегі көрінісі болып отыр.

2.4 Салалас құрмалас сөйлем интонациясы

Бұл сөйлемдердің интонациялық көріністеріне сипаттама бермес бұрын олардың анықтамасына тоқтала кету керек. Қ.Есенов синтаксистік компоненттердің алғашқысының баяндауышы тиянақты тұлғада аяқталуымен байланысты олардың өзара теңдестік дәрежеде келген түрін салалас құрмалас сөйлем деп атайды (Есенов, 1995, 15 б.). Осы сөйлемдер компоненттерінің арасындағы мағыналық қатынасына қарай келесі түрлерге жіктелген: мезгілдес салалас, себептес салалас, қарсылықты салалас, шартты салалас, салыстырмалы салалас, талғаулы салалас, кезектес салалас, түсіндірмелі салалас. Бұлардың алғашқы бесеуі жалғаулықпен де, жалғаулықсыз да қолданыла берсе, одан кейінгі алтыншы, жетінші түрлері тек жалғаулық арқылы, ал соңғысы – жалғаулықсыз құрмаласады. Зерттеуде салаластың жалғаулықты түрлерінің және олардың жалғаулықсызбен салыстырғандағы интонациялық сипаты, сонымен бірге жалғаулықсыздардың тыныс белгілеріне байланысты интонациялық көрінісі қарастырылады.

2.4.1 Жалғаулықты салалас сөйлемдердің интонациялық көріністері. 1-мысал. *Екеуі судан өтті де, Айгүлді қарсы алды.*

Бұл әр мезгілдес салалас сөйлем компоненттері орта қарқын-

мен айтылып, аралары орта мөлшердегі паузамен бөлінген. Екі синтагманың (сөйлемнің әр компоненті бір синтагмаға сәйкес келеді) тоғысындағы (стык синтагм) негізгі тон жиілігінің интервалы болымсыз мәнге ие болып тұр, яғни бірінші синтагма негізгі тон жиілігінің сызығы көтеріліп, паузамен үзіліп, екінші синтагмада төменгі деңгейдегі мәннен (цифровое значение) басталып, сөйлем соңында ең кіші мәнде тынады.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагмада *де* жалғаулығын негізгі тон жиілігі мен интенсивтіліктің үлкен мәндерімен (234 Гц., 30 дб.) ерекшелеп, үлкен ұзақтылықпен (260 мс.) айтқан. Интонацияның үш өлшемінің жоғары мәндерінің жиынтығы сөйлемнің осы бөлігінің мағыналық рөлі зор екенін білдіреді: біріншіден, бұл синтагмалық екпін түсетін соңғы буын, екіншіден, сөз (речь) жалғасы бар екенін білдіретін соңына қарай барлық мәндерінің шамасы жоғарылайтын тиянақсыз интонамада іске асып тұр, үшіншіден, синтаксистік қызметіне қарай екі жай сөйлемді үйлестіріп тұрған жалғаулық ретінде ой екпінімен айтылған сөз бөлігі.

I диктор бұл синтагманы екі ырғақтық топқа бөліп айтқан: *Екеуі / судан өтті де //*. Әр топтың соңғы буындарына ырғақтық екпін түсіп, олар үлкен ұзақтылықпен, негізгі тон жиілігінің жоғары мәндерінде берілген. Бұлардың алғашқысының негізгі тон жиілігі синтагма ішіндегі ең үлкен мәнде (173 Гц.) тұр. II диктор интенсивтіліктің жоғары мәнімен (23 дб.) *судан* сөзін ерекшелеген, сондықтан бұл сөзге ой екпіні түскен деуге болады. Қазақ тілінде ой екпіні инверсия, яғни сөздердің дағдылы орын тәртібін өзгерту және мағынасы жағынан маңызды сөздің орнын өзгертпей, ерекшелеп айту арқылы жасалады. Ой екпінінің көбінесе баяндауыштың алдында тұрған сөзге түсетіні фонетист ғалымдар еңбектерінде анықталған болатын (Аралбаев, 1986, 128-129 б; Щерба, 1953, 122 б.).

Екінші синтагмада I диктор негізгі тон жиілігінің жоғары мәнімен (190 Гц.) Айгүлді сөзінің соңғы буынын, ал интенсивтіліктің осындай мәнімен (25 дб.) қарсы алды баяндауышының алғашқы буынын ерекшелеген. Бұлардың соңғысына ой екпіні түскен. Ал II диктор соңғы синтагмадағы Айгүлді сөзінің алғашқы буынын интенсивтіліктің үлкен мәнімен (19 дб.) айтып, оған ой екпінін түсірген. Бұл сөз синтагмада негізгі тон жиілігінің де үлкен мәнімен (113 Гц.) ерекшеленген.

Екі дикторда да сөйлемнің бірінші синтагмасы көтеріңкі, екінші синтагма көтеріңкі-бәсең әуен сызығымен сипатталған. Бұлардың біріншісі әуеннің тиянақсыз, екіншісі тиянақты мәндерін береді. Тиянақсыз әуен синтагманың басқа сөз бөліктерімен тығыз синтаксистік және семантикалық байланысын, ой жалғасы бар екенін, ал тиянақты әуен ойдың аяқталғанын, синтагманың басқа бөліктерге белгілі дәрежеде тәуелсіз екенін білдіреді. Тоналды диапазон мәндері екі дикторда бірдей қатынаста: бірінші синтагмада (7 жт., 5 жт.) соңғы синтагмадан (6 жт., 3 жт.) кең болып келген.

Қарқын. I диктор бұл құрмаластың екі синтагмасын шамамен бірдей қарқынмен айтқан деуге болады, себебі бірінші синтагма қарқыны (209 мс.) екіншісінен (202 мс.) 7 мс.-қа ғана баяу берілген. II диктор сөйлемнің алғашқы компонентін соңғысынан баяуырақ айтқан (249 мс. - 234 мс.). Сонымен екі дикторда да буын саны жағынан үлкен синтагма баяу айтылған.

Пауза. I диктордың екі синтагма арасындағы паузасы 620 мс. болса, I дикторда 450 мс.-қа тең. Екі диктордың пауза мәндері шамамен орта болып келеді.

Сонымен, бұл мысал бойынша екі диктор үшін де ортақ болған өлшемдер өзгерістерінен келесі көрініс байқалды: салаластың жалғаулығы бар компоненті тиянақсыз, ал екінші компоненті тиянақты интонемалар арқылы берілді; алғашқы синтагма диапазоны соңғысынан кең болып, ондағы де жалғаулығы кемінде екі интонациялық шаманың үлкен мәндерімен сипатталды; сөйлемнің бірінші компонентінің интенсивтілік диапазоны кең, екіншісінікі тар болып, оның сызығының сөйлем бойында жоғарыдан төмендейтіні көрінді.

2-мысал. *Солар жіберді, айтпесе онда қайрат жоқ.* Бұл – шартты жалғаулықты салалас сөйлем.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор екі синтагманы да тиянақты әуенмен, алғашқысын (5 жт.) соңғысынан (8 жт.) тар диапазонмен берген. Соңғы синтагманың буын санының көп болғанына қарамастан диапазонының кең келуі мұндағы *айтпесе* жалғаулығының сөйлем ішіндегі ең жоғары жиілікте (212 Гц.) айтылуымен байланысты болып тұр. Бірінші синтагма ішінде *солар* сілтеу есімдігінің (196 Гц., 42 дб.), ал соңғы синтагмада жалғаулықтың (212 Гц., 26 дб.) соңғы буындарына ой екпіні түсіріліп айтылған. Соңғы синтагма негізгі тон жиілігінің

сызығында *онда* (182 Гц.) есімдігі де үлкен мәнімен сипатталған. Бұл жерде шартты салаластың жасалуының бір тәсілі болып табылатын *солар*, *онда* мүшелік қатынастағы есімдіктердің интонация арқылы айрықша мәнге ие болып тұрғаны көрінеді.

II диктор *солар* есімдігінің соңғы буынын интенсивтілік пен ұзақтылықтың (27 дб., 290 мс.), ал *жіберді* сөзінің бірінші буынын негізгі тон жиілігінің (182 Гц.) жоғары мәндерімен берген. Соңғы синтагмада диктор *әйтпесе* жалғаулығының бірінші буынын мол интенсивтілік пен ұзақтылық арқылы (22 дб., 300 мс), екінші буынын үлкен жиілікте (205 Гц.) айтып ерекшелеген.

Қарқын. I диктор екі синтагманы да бірдей (206 мс.-204 мс.) қарқынмен, ал екіншісі алғашқы синтагманы соңғысына қарағанда 9 мс.-қа жылдам айтқан. Бірінші синтагманың буын саны екіншісінен екі есе аз, бірақ дикторлар ұзақ синтагманы баяу айтқан.

Пауза. Синтагмалар арасындағы пауза көлемі екі дикторда да (800 мс.) бірдей мәнде берілген. Салыстырмалы түрде алғанда бұл екі диктор үшін де үлкен көлемдегі паузаға жатады.

3-мысал. *Кейде қабары түкседі, кейде күлім қағады* – жалғаулықты кезектес салалас сөйлем.

Әуен мен интенсивтілік. I дикторда сөйлемнің алғашқы синтагмасы тиянақсыз әуен сызығымен өрнектелген. Оның жоғарғы мәні *түкседі* баяндауышының бірінші буынынан көрінген. Бұл сөздің барлық буындары да жиіліктің үлкен мәндерімен, ал үшінші буыны интенсивтіліктің жоғары мәнімен (33 дб.) ерекшеленген. Синтагма бойындағы интенсивтіліктің бұдан кейінгі мәнінде (29 дб.) *кейде* жалғаулығының соңғы буыны берілген. Бұл жерде интенсивтіліктің алғашқы мәні ой екпінінің, ал соңғысы – синтагмадағы маңызды сөзді (бұл сөйлемде жалғаулықты) ерекшелеудің көрсеткіші болып тұр. Соңғы синтагманың жалғаулығына интенсивтілік (28 дб.) пен негізгі тонның да (182 Гц.) үлкен мәндері тән болып келген, бұдан екінші синтагмада диктордың жалғаулыққа ой екпінін түсіргені байқалады. Сонымен бірге күлім қағады баяндауышының екінші буыны негізгі тон жиілігі синтагма бойындағы ең үлкен мәннен кейінгі шамада (175 Гц.), мол ұзақтылықпен (190 мс.) берілген. Бұдан диктордың екі синтагмадағы бір-біріне қарама-қарсы мағынада берілген баяндауыштарды (*түкседі, күлім қағады*) интонация компоненттерінің кемінде бірінің үлкен мәнімен айырып

отырғанын көруге болады. Бұл – сөйлем семантикасы мен интонациясы арасындағы тура байланысты білдіреді. Диктор соңғы синтагманы (7 жт.) алғашқысынан (5 жт.) кең тоналды диапазонмен ерекшелеген. Диапазонның сөз бөлігінің (речевой отрезок) ұзындығына, әуен контурының сипатына қатысы бойынша әдетте қысқа синтагма созылыңқымен салыстырғанда және тиянақсыз әуен сызығымен берілгені тиянақтымен салыстырғанда кең тоналды диапазонмен ерекшеленуі керек. Әрине, бұл заңдылықтың бұзылмауы шарт емес. Сөйлемді айтушы оны өзінше түсініп, соған қарай өрнектейді. Ал сөз болып отырған заңдылық сөйлеу процесінде жиі кездесетіні дәлелденген факт (Галеева, 1968). I диктордың оқылымында алғашқысынан қысқа соңғы синтагма кең тоналды диапазонмен айтылғанын көреміз, бірақ оның тиянақты әуен сызығымен өрнектелгені де белгілі.

II дикторда синтагмалар құрамындары кейде жалғаулығының соңғы буындары интенсивтілік (22 дб.) пен негізгі тонның (124 Гц.) жоғары мәндерімен ерекшеленіп, ой екпіні түсіріліп айтылған. Бұл шамалардың осы мәндерден кейінгілерімен I диктордағыдай *түксиеді* (145 Гц.), *күлім қағады* (123 Гц.) баяндауыштары берілген. Сөйлемнің екі синтагмасы да бірдей (22 дб.) интенсивтілікпен басталып, соңғысы оның ең кіші мәнінде тынған. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал (-3 жт.) болымсыз келіп, алғашқысы 10 жт., соңғы одан тар 6 жт. тоналды диапазонмен айтылған. Бұл жерде II диктордың тиянақсыз әуенмен берілген синтагманы кең диапазонмен ерекшеленуі жоғарыда көрсеткен сөйлеу процесінде заңдылықтарына қайшы келмейді. Сонымен, екі диктордың да бұл салаластың алғашқы компонентін тиянақсыз әуен мәнімен өрнектегені көрінеді. Демек, алғашқы компонент баяндауышының тиянақты формасына, соңғы компонентпен теңдестік дәрежеде салаласа құрмаласқанына қарамастан, оның соңғы компонентке мағыналық жағынан байлаулы қолданылғаны байқалады. Егер бұл байланыс синтаксисте кейде кезектес салалас жалғаулығының екі компонентте де қайталанып келуі арқылы берілсе, интонацияда тиянақсыз әуен контуры арқылы ерекшеленіп тұр.

Қарқын. I диктор синтагмаларды мөлшері бірдей қарқынмен (167 мс.- 162 мс.), ал II диктор алғашқысын (225 мс.) соңғысынан


(165 мс.) баяу айтқан. II дикторда сөйлем соңына қарай қарқынның үдей түсу үрдісі көрініс тапқан.

Пауза. I диктор синтагмалар арасын (550 мс.) салыстырмалы түрде алғанда орта мөлшерлі, ал II диктор (350 мс.) – кіші паузалармен бөлген. Бұл жерде соңғы диктордың берілгендері сөйлеу процесінде жиі кездесетін заңдылыққа қайшы келмейді: тиянақсыз әуенмен ерекшеленген синтагмадан кейін әдетте мөлшері кіші пауза жасалынады.

Синтагмаларын жалғаулықты салаластардың синтагмалары әуенінің жалпы алынған контурларын салыстырып көрейік.

I диктор

IV




Екеуі судан өтті де,

Айгүлді қарсы

I диктор

IV




Солар жіберді,

әйтпесе онда қайрат жоқ

II диктор

IV



Кейде қабағы түксиеді, кейде күлім қағады

Жоғарыдағы суреттерден әуен контурындағы өзгерістерге жалғаулықтың сөйлемдегі орны тікелей әсер етіп тұрғаны байқалады. Бірінші мысалдың (*Екеуі судан өтті де, Айгүлді қарсы алды*) алғашқы синтагмасы әуен контурының тиянақсыз келуі жалғаулықтың оның соңында тұрғанымен, ал екінші мысалдың (*Солар жіберді, әйтпесе онда қайрат жоқ*) бұл синтагмасының тиянақты әуенмен берілуі жалғаулықтың соңғы синтагмада тұрғанымен байланысты. Үшінші мысалдың (*Кейде қабағы түксиеді, кейде күлім қазады*) жалғаулық алғашқы синтагманың соңында емес, басында қолданылған, дегенмен де ол бірінші мысалдағыдай тиянақсыз әуенмен айтылған, яғни екі синтагманың мағыналық байланысы синтаксисте жалғаулықтың сөйлемнің екі компонентінде қайталануымен, ал интонацияда алғашқы синтагманың тиянақсыз әуенімен берілуімен ерекшеленген.

4-мысал. *Бұл жерде не шөп жоқ, не қамыс жоқ.* Бұл сөйлем тек қана жалғаулықтар арқылы жасалатын салаластың талғаулықты түріне жатады. Сөйлемнің баяндауыштары болымсыз мәндегі жоқ сөзімен берілген. Бірінші диктор сөйлем компоненттерін бір-бір синтагмамен, ал екінші диктор алғашқы синтагманы екі ырғақтық топқа бөліп айтқан: *Бұл жерде / не шөп жоқ // не/ қамыс жоқ.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор негізгі тон жиілігінің үлкен мәнімен (216 Гц.) алғашқы синтагманың *жерде* сөзінің бірінші буынын, одан кейінгі мәнімен (211 Гц.) шөп бастауышын ерекшелеген. Бұлардың соңғысына ой екпіні түсірілген, себебі ол интенсивтілік (48 дб.) пен ұзақтылықтың (360 мс.) жоғарғы мәндерімен берілген. II дикторда синтагманың алғашқы ырғақтық топ (*бұл жерде*) буындарының барлығы дерлік негізгі тон мен интенсивтіліктің жоғары деңгейінде (163-146 Гц., 29-22 дб.) берілген. Екінші топ ішінде *шөп* бастауышының жиілігі басқаларынан үлкен, бірақ оның сандық мәні (135 Гц.) алдыңғы топ буындарының мәнінен кіші. Диктордың негізгі тон жиілігінің бұл синтагмадағы сызығы интенсивтілік сызығына параллель келіп жатыр, сондықтан синтагма басындағы *бұл* есімдігі жиілікпен бірге мол интенсивтілікпен (29 дб.) де ерекшеленіп, ой екпінімен айтылған.

Соңғы синтагмада I диктор негізгі тон жиілігінің үлкен мәнімен (216 Гц.) *не* жалғаулығын ерекшелеген, ал интенсивтілік контурында үлкен мәнмен бастауыш *қамыс* сөзінің алғашқы буыны берілген. Бұл жерде ой екпіні соңғысына түскен, себебі *не* жалғаулығы интонацияның тек бір шамасы арқылы, ал *қамыс* сөзі екі шаманың – ұзақтылық (220 мс.) пен интенсивтілік (22 дб.) арқылы айрықша айтылған.

II дикторда *қамыс* сөзінің соңғы буыны мен *не* жалғаулығы негізгі тон жиілігінің үлкен мәндерінде (102 Гц., 130 Гц.) берілген. Бұлардың соңғысы ұзақтылық пен интенсивтіліктің де жоғары мәндерімен (18 дб., 195 мс.) ерекшеленген. Жалғаулықтың үш шаманың (параметрдің) үлкен мәндерімен айрықша айтылуы одан кейінгі паузаның әсерінен болғаны көрінеді. Сонымен, ой екпіні бұл синтагмада *не* жалғаулығына түсіп тұр.

Сөйлем синтагмаларының тоғысындағы (стык) тоналды интервал I дикторда болымды (+5 жт.), ал II дикторда болымсыз (-3 жт.) мәндермен сипатталады. Бұдан бірінші диктор алғашқы синтагманы көтеріңкі-бәсең, екіншісі – бәсең-көтеріңкі әуен сызығымен өрнектегені көрінеді. Демек, I дикторда алғашқы синтагма тиянақты, II дикторда – тиянақсыз әуенмен сипатталған.


Синтагмалардың диапазон көлемі жоғарыдағы фактілерге сәйкес екі дикторда әртүрлі болып келген. I дикторда алғашқы синтагма 10 жт., ал екінші синтагма одан тар 4 жт. көлемді диапазонмен сипатталған. II дикторда керісінше, алғашқы синтагма (15 жт.) соңғысынан (7 жт.) екі есе кең көлемді диапазонда айтылған. Сонымен, I диктор жалғаулықты салаластың алғашқы компонентін (жалғаулықтың екі компонентте қайталанғанына қарамастан) синтаксистік, әрі семантикалық жағынан дербестікті білдіретін тиянақты әуен мәнімен берсе, II диктор бұған керісінше, оны соңғы синтагмамен тығыз байланыста екенін білдіретін тиянақсыз әуенмен айтқаны байқалады.

Қарқын. Бұл шаманың сипаттамасы дикторларда көп ұқсас. Олардың екеуі де алғашқы 6 буынды синтагманы соңғы 4 буындыға қарағанда баяуырақ айтқан (1. 216 мс.- 199 мс., 2. 268 мс.- 220 мс.). Егер осы көрініс олардың алғашқы синтагма мағынасына ерекше мән бергенінің белгісі ретінде алынса, онда бұл I диктордың басқа шамаларының да көріністеріне қайшы

келмес еді, өйткені алғашқы синтагма диапазоны соңғысынан кең, ал II дикторда керісінше, қайшы болар еді, себебі онда алғашқы синтагма тар диапазонда, яғни мағынасы жағынан маңызды ретінде соңғы синтагма айтылған. Демек, II дикторда сөйлемнің екі синтагмасы да жалпы мазмұны жағынан бірдей маңыздылықпен айтылған: бұл алғашқы синтагмада баяу қарқынмен, ал соңғысында кең диапазонмен ерекшеленген.

Пауза. Синтагмалар арасындағы пауза I дикторда үлкен (700 мс.), II дикторда кіші (375 мс.) мөлшердегі мәндерді көрсетеді. Бұл I диктордың алғашқы синтагманы тиянақты, ал II диктордың тиянақсыз әуенмен айтуымен байланысты. Тиянақты әуенді синтагма мағыналық дербестікті білдіреді, сондықтан одан кейінгі пауза тиянақсыз әуенді синтагмадан кейінгі паузаға қарағанда үлкен болуы заңды құбылыс.

II диктор бұл сөйлемде синтагма аралықтан бөлек тағы екі пауза жасаған. Оның біріншісі – көлемі жағынан синтагмалық паузадан екі есе кіші болып келетін ритмикалық пауза, екіншісі – алғаш қарағанда диктордың сөйлемді дұрыс оқымағанынан болған пауза сияқты көрінеді, себебі ол өзі төрт буынды синтагманың бір буынын не жалғаулығынан бөліп тұр. Бірақ диктордың басқа да мысалдарды оқығанын талдап қарайтын болсақ, бұл паузаның өзіндік қызметі бар екені көрінеді. Біріншіден, жалғаулықтан кейін жасалған пауза оны синтагма ішінде ерекшелеп айту үшін қолданылған, өйткені интенсивтілік, негізгі тон жиілігі мен ұзақтылықтың синтагмадағы жоғарғы мәндері жалғаулықтың буындарында беріліп отырған, екіншіден, диктор жалғаулықтан кейінгі ойды бірден айтпай, кідіріс арқылы тыңдаушының сөз жалғасына қызығушылығын арттыра түскісі келген сияқты. Бұлардың алдыңғысы – тілдік факторды ерекшелеудің, соңғысы – сөйлеушінің экспрессиясын білдірудің тәсілі – екеуі де бір интонация компоненті – пауза арқылы көрініс тауып тұр.



Бұл жерде не шөп жоқ, не қамыс жоқ



Бұл жерде / не шөп жоқ, не / қамыс жоқ

Дикторлар оқылымында сөйлемнің екі түрлі берілгені көрініп тұр. Бірақ екеуі де соңғы синтагмадағы жалғаулықты ерекшелеп, алғашқы синтагма ортасындағыны көмескі айтқан. Кезектес салаласпен берілген алдыңғы мысалда әр компонент басында тұрған жалғаулықтың айрықша мәндермен сипатталғанын ескерсек, сөз бөлігінің басындағы жалғаулықтың айрықша айтылу үрдісі байқалады.

5-мысал. *Ертең жұмыс еді, сондықтан олар ерте жатты.*

Бұл – себептес жалғаулықты салалас сөйлем. Қ.Есенов сала-ластың осы түрінің жалғаулықтарын себеп (*сондықтан, сол себепті*) және салдар (*өйткені*) мәнді болып ажыратылатынын көрсетеді. Екінші диктор сөйлемнің алғашқы компонентін екі ырғақты топқа бөлген: *ертең жұмыс еді // сондықтан / олар ерте жатты.*

Әуен мен интенсивтілік. Дикторлардың екеуінде де сөйлемнің алғашқы синтагмасы. Көтеріңкі-бәсең әуен контурымен өрнектелген. I дикторда интенсивтілік сызығы сөйлем бойында әуен сызығына параллель келіп жатыр. II дикторда сөйлемнің алғашқы синтагмасындағы *ертең* сөзінің соңғы буыны үлкен жиілікте (194 Гц.) және ұзақтылықта (355 мс.) айтылған. Интенсивтіліктің үлкен мәні (30 дб.) жұмыс сөзінің соңғы буынына келген, сонымен бірге оған синтагмадағы негізгі тон жиілігінің, ұзақтылықтың жоғарғы мәндерінен кейінгі екінші мәндері (165 Гц., 280 мс.) тән болып тұр. Бұл осы сөзге ой екпіні түсірілгенінің белгісі болып табылады.

I диктор ой екпінінің соңғы *еді* сөзінің алғашқы буынына түсірген деп анық айтуға болады, себебі осы буын әуеннің, интенсивтіліктің үлкен мәндері (234 Гц., 34 дб.) арқылы сипатталған. Бұл диктордың да синтагманың алғашқы *ертең* сөзін ерекшелегенін байқауға болады, оның соңғы буыны ұзақтылық-

тың үлкен (260 мс.), негізгі тон жиілігінің мөлшері жағынан екінші болып келген (212 Гц.) мәндерінен көрінеді.

I дикторда соңғы синтагма бойында жиілік пен ұзақтылықтың үлкен мәндерімен (205 Гц., 260 мс.) *сондықтан* жалғаулығының соңғы буыны берілген. Сонымен бірге оның интенсивтілігінің мәні де біршама үлкен (22 дб.). Бірақ интенсивтіліктің жоғарғы мәнімен (23 дб.) *ерте* сөзінің соңғы буыны сипатталады. Сонымен, I диктор соңғы синтагманың *ерте* сөзіне ой екпінін түсірген, ал жалғаулықты әуен сызығының жоғары деңгейінде айтып ерекшелеген. II дикторда әуен мен интенсивтіліктің үлкен мәндерімен (135 Гц., 23 дб.) *сондықтан* жалғаулығы сипатталады.

Дикторлардың екеуі де алғашқы синтагманы бірдей интонациялық деңгейлер (I-III) аралығында тиянақты әуен контурымен өрнектеген. I дикторда алғашқы синтагма 12 жт., екінші дикторда 14 жт., ал соңғы синтагма екеуінде де 8 жт. көлеміндегі тоналды диапазонмен берілген. Бірақ соңғы синтагма әуенінің контуры I дикторда II-III деңгейде, ал екінші дикторда одан төмен I-II деңгейлер аралығында өрнектелген. Бұл айырмашылық дикторлардың индивидуалдық сөйлеу ерекшеліктермен байланысты болған. II дикторда сөйлемнің соңғы синтагмасын II диктормен салыстырғанда төмен деңгейде айту үрдісі байқалады.

Сөйлем синтаксисі мен интонациясы арасындағы тікелей немесе симметриялық байланыс алғашқы синтагманың тиянақты әуен контурымен берілгенінен көрінеді. Егер синтаксисте сала-ластың алғашқы компонентінің соңғысынан дербестігі мен онымен өзара теңдестігінің белгісі ретінде баяндауышы тиянақты тұлғада қолданылып тұрса, интонацияда бұл тиянақты әуен мәнімен беріліп тұр.

Қарқын. Дикторлардың екеуі де соңғы синтагманы (211 мс., 266 мс.) алдыңғыдан (193 мс., 230 мс.) баяу айтқан. Ал оның соңғы синтагмадан қысқа екені белгілі. Демек, дикторларда буын саны қысқа сөз бөлігін баяу айту тенденциясы орындалмаған. Мүмкін, бұл жалғаулықтың алғашқы компонент құрамында болған соң, оны маңызды деп түсінгенімен байланысты пайда болған көрініс шығар.

Пауза. I диктор синтагмалар арасында 620 мс., ал II диктор 700 мс. үлкен мөлшердегі пауза жасаған. Пауза мәндерінің бірдей болмауы дикторлардың сөйлеу қарқынына, сөйлеу ерекше-

ліктеріне байланысты. Бұл жерде II диктордың сөйлемнің соңғы синтагмасын екі ырғақты топқа бөлгенін айта кету керек. Ритмикалық деп отырған паузаның диктордың сөйлеу ерекшелігіне қарай тағы бір қызметі бар екенін алдыңғы мысалдың талдауында айтылған болатын. Біріншіден, осы пауза үш буынды жалғаулықты жеке ырғақты топ етіп бөліп тұрса, екіншіден, одан кейінгі сөз бөлігіне тындаушы көңілін аудару мақсатында қолданылған, соңғысы оның эмоциялық қызметін көрсетеді.

6-мысал. *Олар ерте жатты, өйткені ертең жұмыс еді.*

Бұл сөйлем себептес салаластың салдар мәнді жалғаулығы арқылы жасалған түріне жатады. Сөйлемнің лексикалық құрамы алдыңғы мысалдағыдай, тек компоненттер арасындағы байланыс түрі өзгерген соң, салдар мәндісі бірінші орынға шығып, себеп мәндісі соңына ауысқан. Екі мысалдың интонациялық көріністерін салыстырудағы мақсат – сөйлем компоненттерінің орны ауысқанда оның қаншалықты өзгертінін байқау. II диктордың соңғы синтагманы әдетінше екі ырғақты топқа (*өйткені / ертең жұмыс еді*) бөлгенін айта кету керек.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың ерте сөзінің соңғы буынын негізгі тон жиілігінің жоғары мәнімен (227 Гц.) берген. Оның осыдан кейінгі үлкен мәнінен (205 Гц.) *олар* бастауышының соңғы буыны көрінеді, сонымен бірге бұл буынға интенсивтіліктің де үлкен мәні (40 дб.) тән болып, ой екпіні түсіп тұр. Интенсивтілік пен ұзақтылықтың екінші мәндерімен (30 дб., 260 мс.) *жатты* баяндауышының алғашқы буыны сипатталады. Бұл жерде оның ой екпіні түскен сөзден кейінгі сөйлемнің жалпы мағынасын беруде маңызды сөз екені көрінеді.

II диктордың айтылуында негізгі тон жиілігінің жоғары мәнімен (185 Гц.) I диктордағыдай *олар* сөзінің соңғы буыны берілген. Осы сөздің алғашқы буыны үлкен интенсивтілік мәнінен (31 дб.) көрініп, ой екпіні иесі болып тұр. II диктор да баяндауыш *жатты* сөзін негізгі тон жиілігінің үлкен мәнімен (168 Гц.) айрықша айтқан. Ал интенсивтіліктің екінші мәнімен (30 дб.) *ерте* сөзінің алғашқы буыны берілген. Жоғарыдағы сипаттамадан дикторлардың осы синтагманы көп ұқсас етіп айтқанын көреміз. Оның бірі бастауыш *олар* сөзіне ой екпінін түсіріп айтулары болса, екіншісі – *ерте* сөзін синтагманың маңыздысы ретінде интонацияның бір шамасы арқылы ерекшелеуі.

Екінші синтаγμαда дикторлардың екеуі де ой екпінін жалғаулыққа түсіргені оның интенсивтілігінің үлкен мәнде берілуінен көрінеді: I дикторда *өйткені* сөзінің соңғы буыны (34 дб.), екіншісінде – алғашқы буыны (22 дб.) ерекшеленіп тұр. I дикторда логикалық акценттеуге негізгі тон жиілігі де қатысқан (201 Гц.). Оның әуен контурында бұдан төменгі мәнде (179 Гц.) *ертең* сөзінің соңғы буыны берілген. Ал интенсивтіліктің екінші мәнімен (28 дб.) жалғаулықтың алғашқы буыны сипатталады. Бұдан I диктор үшін жалғаулықтан кейін *ертең* пысықтауышының маңызды екенін байқауға болады.

II диктордың жалғаулыққа ой екпінін түсіріп айтқаны белгілі, бірақ мұнда әуен көрсеткіші қатыспайды. Оның үлкен мәні (138 Гц.) *ертең* сөзін ерекшелеп тұр, ал бұдан кейінгі мәні (135 Гц.) жалғаулықтың соңғы буынына келген. Соңғы синтагманың маңызды бөліктерін айыруда да дикторлар оқылымында көп айырмашылықтың жоқ екені көрінеді, олар ой екпінін жалғаулыққа түсіріп, сөйлемнің жалпы мазмұны үшін маңызды *ертең* сөзін әуен мен ұзақтылықтың үлкен мәндерімен берген.

Дикторларда алғашқы синтаγμα көтеріңкі-бәсең әуен контурымен өрнектеліп, синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервалы бірдей +5 жт. болымды мәнді көрсетеді. Екі дикторда да алғашқы синтаγμα (11 жт., 12 жт.) соңғысынан (9 жт., 8 жт.) кең көлемді диапазонмен сипатталған. Мұны қысқа сөз бөлігінің кең диапазонмен айтушы үрдісімен түсіндіруге болады.


Сонымен, сөйлемнің алғашқы синтагмасы тиянақты мәнді білдіретін әуен контурымен беріліп, интонация мен синтаксис арасындағы тура байланысты көрсетіп тұр.

Қарқын. Бұл шаманың көрсеткіштері екі дикторда ұқсас: алғашқы синтаγμα (220 мс., 268 мс.) соңғыға қарағанда (178 мс., 268 мс.) баяу қарқында берілген. Бұдан алғашқы синтагманың сөйлемде маңызды ретінде ерекшеленгені көрінеді. Алдыңғы мысалда осы синтагманың сөйлемнің соңғы компоненті болып тұрған жағдайда да баяу айтылғанын ескерсек, интонация мен сөйлем семантикасы арасындағы тура (симметриялық) байланысты көреміз. Себебі синтагманың сөйлемдегі орны өзгергенімен оның интонацияда маңыздылықты көрсететін шамасының мәндері сол қалпы сақталған.


Пауза. I диктор синтагмалар арасын 600 мс. салыстырмалы түрде орта көлемді, екінші диктор 390 мс. – кіші көлемді паузамен бөлген. Пауза көлемінің әртүрлі болуы дикторлардың сөйлемді өздерінше түсініп, соған сәйкес оқуымен байланысты. Мәселен, екінші диктор соңғы синтагма ішінде синтагмалықтан үлкен (470 мс.) пауза жасаған. Мұның себебі диктордың мысалдарды белгілі бір эмоциялық әсермен оқығанында жатыр. Әрине, диктор бұл паузаны алдымен синтагмадағы ырғақты топтардың жігін айыру үшін қолданған (*өйткені* – үш буынды бір топ, *ертең жұмыс еді* – екінші топ). Бірақ оның сандық мәні (470 мс.) синтагмалық паузадан (390 мс.) үлкен болуы – бұл жерде эмоциялық, оның ішінде *күшейткіш* (усилительная) қызметті паузаның да үйлесіп келгенін білдіреді.

Екі мысалдағы осы шаманың көрсеткіштерін салыстырып көрейік. I диктор лексикалық құрамы бір себеп және салдар мағыналы салаластың компоненттері арасын мөлшері бірдей паузалармен (600 мс., 620 мс.) бөлген. Ал II дикторда салдар мағыналы салаластың бөліктері арасындағы паузаның мөлшері себеп мағыналы сөйлемдегіден көп кіші (390 мс. – 600 мс.), бірақ алдыңғы сөйлемдегі ритмикалық әрі күшейткіш паузаның мөлшері соңғысындағы дәл осындай қызметтегі паузадан екі есе үлкен (220 мс.- 470 мс.). Бұл жерде сөйлем компоненттері арасындағы синтаксистік қатынас түрінің өзгеруіне қарай эмоциялықтың белгісі болып тұрған паузаның да көрсеткіші өзгерді дегеннен гөрі, диктордың сөйлемді беруде эмоциясының әсері әртүрлі болып отырды деп қарау дұрыс болар еді.

Лексикалық құрамы бірдей, бірақ синтаксистік қатынас түрі өзгертіліп берілген жоғарыдағы екі мысалдың тоналды контурларын салыстырып көрейік.



I диктор



Олар ерте жатты, өйткені ертең жұмыс еді

Екі мысалдың да әуен сызығының ұқсас екені, сөйлемдердің жалғаулықтарының ерекшелегені байқалады. Синтаксистік қатынас өзгеруіне қарай салалас компоненттерінің орны ауысқанымен, олардың жалпы интонациялық контурлары бірдей болып, сөз бөліктерінің маңыздылығын ерекшелейтін интонация элементі – қарқынның өз көрсеткіштерін өзгертпегенін білеміз.

2.4.2 Интонация және синтаксис: өтем заңы. Алдағы мақсатымыз құрмалас сөйлемдердің негізінде интонация мен грамматика арасындағы қатынасты А.М. Пешковский ұсынған «өтем (компенсация) заңы» арқылы қарастыру болып отыр. Бұл үшін салалас құрмалас сөйлемдерді жалғаулықты және жалғаулықсыз түрде алып, екі диктордың оқылымын да таспаға жаздық. Бір мысалды екі түрлі алу жоғарыдағы заңның қаншалықты мақұлданатынын тексеру үшін қажет болды. Оның мәнісі мынада: сөйлем синтаксисінің көмекші тәсілдері – интонация мен сөз тәртібі негізгі синтаксистік тәсілдер – сөз тұлғалары мен көмекші сөздер (мысалы, жалғаулық) арасындағы қатынас көбінесе олардың бірігіп келіп жатуымен емес, бірінің орнына екіншісінің алмасып келуімен беріледі. Осылай пайымдай келе, А.М. Пешковский сұраулы сөйлемде өтем заңының орындалуын былай деп көрсетеді: «точные наблюдения показывают, что она (интонация – А.Ф.) тем слабее звучит, чем большую роль играют другие средства. Так, фразу *читал ли ты это?* мы произносим с гораздо меньшим повышением голоса на ударном слове *читал*, чем *читал ты это?*, а эту фразу в свою очередь с меньшим повышением, чем фразу *ты читал это?* Повышение растет в порядке (...) убывания других вопросительных средств языка» (Пешковский, 1956, 49 б.). Сонымен, А.М. Пешковский грамматикадағы қатынас көрсеткіші берілмеген жағдайда оның

қызметін өзіне интонация алып, ол соғұрлым «қоюлана» (ярче) түсетінін көрсетеді. Сондықтан жалғаулықсыз құрмалас компоненттері арасындағы пауза үлкен болады: «пауза на месте союза может создавать те же синтаксические оттенки, что и союз» (Пешковский, 1956, 456 б.). Т.М. Николаева славян тілдерінің негізінде мұны жан-жақты қарастырып, бұл заңның дикторлар оқылымында 72-73%-ке орындалғанын, сонымен бірге жалғаулықты түрінде компоненттері арасындағы пауза жалғаулықсыздағы сөйлемнен үлкен болып келген мысалдар да кездесетінін (Николаева, 1969, 50 б.) анықтаған болатын. Алғаш рет бұл заңның құрмалас сөйлемдегі көрінісін зерттеген З.И.Клычникова жалғаулықсыз құрмалас сөйлем интонациясының жалғаулықтыға қарағанда параметрлерінің біршама үлкен көр-сеткіштермен сипатталатынын айқындаған (Клычникова, 1953).

Қазақ құрмалас сөйлемдері синтаксисіне арналған еңбектерінде Н.Сауранбаев интонацияның түркі тілдеріндегі маңыздылығы сонда, ол – формалды жолмен жасалмаған құрмаластарды «паратаксис»деп аталатын ерекше типологиялық жүйені қалыптастырушы негізгі құрал деп көрсетеді. Сонымен бірге бұл еңбекте жалғаулықсыз құрмаластың интонациялық көрінісінің төмендегідей сипаттамасы да берілген: жалғаулықсыз құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер бір фонациямен айтылып, олардың арасында кіші мөлшерлі пауза жасалады; жай сөйлемдердің бір деммен айтылуы олардың басын біріктіріп тұрса, пауза олардың ара жігін белгілеуші қызмет атқарады; бірінші тұрған жай сөйлемнің тоналды деңгейі әрқашан екіншісінен жоғары болып, соңындағы жай сөйлем көтеріңкі-бәсең әуен сызығымен аяқталып отырады (Сауранбаев, 1982, 202-203 б.). Ғалымның жалғаулықсыз құрмалас компоненттері арасындағы пауза мөлшерінің кіші болатыны жайындағы ойын экспериментті түрде тексерудің маңызы зор сияқты. Бұл қазақ тілінің жалғаулықты және жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдері интонациясының айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізеді.

З.М. Базарбаева тіліміздің интонациялық жүйесіне арналған еңбегінде құрмалас сөйлемдерге арнайы тоқталып, А.М.Пешковскийдің пікірін өте орынды деп табады: «...жалғаулықсыз іргелес салаласта барлық күш олардың интонациялық тәсілдеріне түседі. ...

қарқын, интенсивтілік, ұзақтылық әуен сияқтылар қозғалысқа түсіп, әртүрлі қызмет атқарады, ал жалғаулықты салаласта мағыналық қатынастың көрсеткіші – жалғаулық ерекшеленеді» (Базарбаева, 1996, 165 б.). Сөз болып отырған «өтем заңының» қазақ тілінің құрмалас сөйлемдеріндегі берілуінде паузаның қатыспайтындығын байқағандықтан, ғалымның жоғарыда келтірілген пайымдауында интонацияның бір компоненті пауза жайында айтылмағаны орынды. Сонда А.М.Пешковскийдің орыс тілі материалы негізіндегі өтем заңы туралы қорытындысында жалғаулық жоқ жерде пауза көлемі артады деген болжамының қазақ тілі үшін орынды болмайтынын интонолог ғалым З.М. Базарбаева алғаш болып аңғарып көрсетеді. Зерттеуде осыған байланысты тәжірибе жасалып, нәтижесінде дикторлар оқылымында жалғаулықсыз салалас паузаларының көлемі А.М.Пешковский көрсеткендей үлкен болмағаны айқындала түсті. Бұл Н.Сауранбаевтың ойының расталып тұрғанын да көрсетеді. Дикторлар жалғаулықты сөйлем компоненттері арасында жалғаулықсыздығымен салыстырғанда үлкен пауза жасаған. Бұның себебі қазақ тіліндегі құрмалас құрамындағы жалғаулықтардың әрдайым бірнеше интонация параметрлері арқылы ерекшеленіп, лексикалық мағынасы бар сөздер қатарында логикалық екпінмен айтыла алатындығында жатқан сияқты. Логикалық жақтан мәнді сөз синтагма басында тұрса (ал жалғаулық көбінесе екінші синтагма – құрмалас компоненті басында орналасады), онда өзінің алдындағы синтагмадан әдеттегіден үлкен паузамен бөлінетін жағдайлар көп кездеседі, өйткені айтушы маңызды сөзді күшті дауыспен беру үшін дем жинап алуға кідірістің керегі заңды. Ал жалғаулықтың барлық жағдайда интонация параметрлерінің үлкен мәндерімен берілуі тіліміздің орыс тілімен салыстырғандары өзіндік ерекшелігі болуы керек.

Сонымен, А.М. Пешковскийдің паузаға қатысты пікірінің қазақ тіліне сәйкес келмейтініне байланысты оның сандық мәндерін қарастырып жатпадық: олар дикторлардың екеуінде де жалғаулықты сөйлемде жалғаулықсызбен салыстырғанда үлкен шамада айтылған.

Өтем заңының келесі сөйлемдердегі берілуін интонацияның әуен, интенсивтілік, қарқын параметрлері көріністерінен анықтаймыз.

1. *Өмір қайнады: өйткені мектепке бала толды. Өмір қайнады, өйткені мектепке бала толды.*

2. *Біреулер сеніп жатыр, біреулер нанбай жатыр. Біреулер сеніп жатыр, ал біреулер нанбай жатыр.*

3. *Жүрегім ауырлағандай болды, үндемедім. Жүрегім ауырлағандай, бірақ үндемедім.*

1-мысал. А) *Өмір қайнады: мектепке бала толды.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор бірінші синтагма ішінде негізгі тонның жиілігінің үлкен мәнімен (207 Гц.) *өмір* сөзінің соңғы буынын, ал II диктор *қайнады* баяндауышының алғашқы буынын ерекшелеген (223 Гц.). Интенсивтіліктің жоғары мәндерімен екі дикторда да *өмір* сөзінің соңғы буыны берілген (26 дб., 25 дб.). I дикторда бұл сөз интонацияның екі параметрі (н.т.ж. мен интенсивтілік) арқылы айрықша айтылған. II дикторда да солай берілген, бірақ онда екінші параметрге ұзақтылық алынған (295 мс.). Сонымен бірге бұл диктор сөйлемнің алғашқы синтагмасын пауза арқылы екі топқа бөлген, бірақ ол ритмикалық паузаға жатпайды, себебі оның алдындағы сөз бөлігі тек екі буыннан ғана тұрады. Бұл жерде пауза *өмір* сөзінің интенсивтілігінің артуына себеп болып тұр. Демек, бұл пауза бастауыш пен баяндауышты айырып, актуалды мүшелеуге және өзінің алдында тұрған сөзді күшейтіп, әсерлеуге қатысып тұр. Жоғарыдағы көріністен I диктордың ой екпінін *өмір* сөзіне түсіргені көрінеді.

Екінші синтагмада негізгі тон жиілігінің үлкен мәндерімен дикторлардың екеуінде де *мектепке* сөзінің соңғы буыны (179 Гц., 142 Гц.), ал интенсивтіліктің жоғарғы мәндерімен әртүрлі буындар берілген: I диктор бала сөзінің, екіншісі – *мектепке* сөзінің алғашқы буындарын үлкен интенсивтілікпен ерекшелеген. Бұдан, I дикторда екінші синтагманың бала сөзі, екіншісінде мектепке сөзі ой екпіні түсірілгені көрінеді.

Әуеннің интервалы мен диапазон көрсеткіштері дикторларда бірдей мәндерге ие, тек қана олардың сандық шамалары әртүрлі. Мәселен, дикторлар синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервалды болымды мәнде берген, оның сандық шамасы I дикторда +6 жартылай тонға (жт.), екіншісінде +4 жт.-ға тең. Синтагмалар диапазонына келетін болсақ, дикторлардың алғашқы синтагманы соңғысынан кең диапазонмен айтқанын көреміз: олар бірінші синтагманы I-III интонациялық деңгейлер

аралығында бірі 11 жт., екіншісі 15 жт. көлемдегі диапазонмен, ал соңғы синтагманы I-III деңгейде 7 жт. және 9 жт. шамасындағы диапазонмен берген.

Қарқын. Әуен көрсеткіштеріне сипаттама бергенде дикторлардың алғашқы синтагманы кең көлемді диапазонмен өрнектеп, оны маңызды деп түсінгені айтылған болатын. Ал маңыздылықты ерекшелейтін интонацияның тағы бір параметрі – қарқынның көрсеткіші I дикторда негізгі тон жиілігінің мәндеріне қайшы келіп жатыр, яғни ол алғашқы синтагманы соңғысына қарағанда біршама жылдам айтқан (167 мс.-190 мс.). Бұдан I диктор үшін алғашқы синтагма сөйлемнің жалпы мазмұнын беруде қаншалықты маңызды болса, соңғысының да сондай дәрежеде маңызды екенін байқаймыз, өйткені ол алғашқы синтагманы кең көлемді диапазонмен ерекшелесе, соңғысын – баяу қарқынмен айрықша етіп берген. II диктор синтагмалардың екеуін де мөлшері бірдей қарқын шамаларымен айтқан (227 мс.-223 мс.). Осы сөйлемнің жалғаулықты түрінің интонациялық көрінісін сипаттап, жалғаулықсыз түрінің берілгендерімен салыстырып көрейік.

Ә) Өмір қайнады, өйткені мектепке бала толды.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың өмір сөзіне ой екпінін түсіре айтқан, себебі осы сөздің соңғы буыны негізгі тонның жиілігі мен интенсивтіліктің үлкен сандық мәндерімен сипатталады (202 Гц., 31 дб.). II диктор да өмір сөзін осылай ерекшелеген, онда ой екпінін беруге ұзақтылық та қатысқан (190 Гц., 38 дб., 26 мс.).

Соңғы синтагма II диктордың оқылымында екі ырғақты топқа бөлінген: *өйткені / мектепке бала толды.* Дикторлардың екеуі де бұл синтагмадағы жалғаулыққа ой екпінін түсірген. I диктор оның екінші буынын (175 Гц., 28 дб.) екіншісі – алғашқы буынын (130 Гц., 20 дб.) негізгі тонның жиілігі мен интенсивтіліктің үлкен мәндерімен берген. Жалғаулықтың негізгі тон жиілігі мен интенсивтіліктің осыдан кейінгі шамадағы мәндерімен берілгенінен дикторлардың оны айрықша мәнмен оқығаны байқалады.

I диктор алғашқы синтагманы толқындалып келген көтеріңкі бәсең-көтеріңкі, ал II диктор көтеріңкі-бәсең әуен контурының сызығымен өрнектеген. I дикторда синтагмалар тоғысқан жеріндегі интервал мәні болымсыз (-3 жт.), екіншісінде – болымды

(+5 жт.); олардың біріншісі алғашқы синтагманы – тиянақты, екіншісі – тиянақсыз мәнді әуенмен бергені байқалады. Демек, I дикторда алғашқы синтагма мазмұны соңғысымен тығыз синтаксистік, әрі семантикалық байланыста, ал екіншісінде – дербес бола алатындай етіп берілген. I дикторда соңғы синтагманың диапазоны алғашқысымен салыстырғанда көлемді (5 жт. -9 жт.). Ал II дикторда керісінше – бірінші синтагма кең көлемді диапазонмен сипатталады (14 жт. -6 жт.) Сонымен I диктор екінші синтагманы, ал II диктор бірінші синтагманы маңызды деп тапқан.

Қарқын. I диктор алғашқы синтагманы соңғыға қарағанда баяу қарқында айтса (191 мс. -77 мс.), II диктор синтагмаларды жалпы алғанда бірдей (212 мс.-215 мс.) – қарқынмен берген.

I диктордың қарқынның да, тоналды диапазон көлемінің де жоғарғы көрсеткіштері арқылы алғашқы синтагманың маңыздылығын білдіргені байқалады.

2-мысал. А) *Біреулер сеніп жатыр, біреулер нанбай жатыр.*

Бұл мысал Қ.Есеновтың таптастыруы бойынша салыстырмалы салаластың жалғаулықсыз түріне жатады. II диктордың оқылымында сөйлем синтагмалары екі ырғақты топқа бөлінген:

Біреулер / сеніп жатыр // біреулер / нанбай жатыр. I диктор салаластың әр компонентін бір-бір синтагма етіп айтқан: *Біреулер сеніп жатыр // біреулер нанбай жатыр.*

Әуен мен интенсивтілік. I дикторда әуен сызығының жоғарғы деңгейінде *жатыр* сөзінің алғашқы буыны (230 Гц.) берілген, осы мәннен сәл төмен *сеніп* сөзінің соңғы буыны (228 Гц.) айтылған. Бұлардың соңғысы интонацияның тағы бір параметрі – ұзақтылық арқылы ерекшеленген (210 мс.). Оның сандық мәні синтагма бойында екінші болып келеді. Ең үлкен интенсивтілікпен *біреулер* бастауыш сөзінің екінші буыны берілген (51 дб.). Осы сөздің келесі буыны да жоғары интенсивтілікпен ерекшеленеді (35 дб.). I диктор алғашқы синтагманың *біреулер* сөзіне ой екпінін түсіргені анық, себебі жоғарыдағы көрсеткіштерден оның екі буынының да қатты дауыспен айтылғаны белгілі. Сонымен бірге бұл сөздің үлкен интенсивтіліктегі буынына синтагма ішіндегі екінші келетін ұзақтылық та тән (210 мс.) болған.

Екінші синтагма ішінде диктор екі компонент құрамында да қайталанып келетін *біреулер* бастауышына ой екпінін

түсіріп айтқан: оның соңғы буыны негізгі тон жиілігінің және интенсивтіліктің жоғарғы шамаларымен сипатталады (205 Гц., 43 дб.). Ал интенсивтіліктің бұдан кейінгі сандық мәнінде *нанбай* сөзінің соңғы буыны берілген, бұл – оның синтагма ішінде маңызды сөз екенінің белгісі. Негізгі тон жиілігінің екінші сандық мәні ой екпінімен айтылған сөздің екінші буынына келген.

I диктор синтагмалар арасындағы тоналды интервалы болымды мәнде, алғашқысы 11 жт., соңғысынан 9 жт. кең диапазон көлемінде берген. Бұдан диктордың алғашқы синтагманы көтеріңкі-бәсең әуен контурымен тиянақты интонама арқылы өрнектеп, оның сөйлем мазмұны үшін маңыздылығын диапазон көлемі арқылы көрсеткені анық.

II диктордың оқылмындағы интонация параметрлерінің жоғарғы мәндерін әр ырғақты топ үшін жеке-жеке алып қарастыру дұрыс саналды, олардың қайсысының мәні үлкен болса, сол синтагмадағы маңыздысы болатыны белгілі. Мәселен, *біреулер* бастауыш сөзі әр синтагмада (пауза арқылы) жеке ырғақты топ болып бөлінген де, олардың интонация параметрлерінің көрсеткіштері екінші топтардан жоғары. Демек, бұл сөз екі синтагманың да ішінде ой екпінімен айтылып тұр. Бірінші синтагма ішінде әуен мен интенсивтіліктің үлкен мәндері жоғарыдағы бастауыш сөздің соңғы буынына келген (201 Гц., 38 дб.). Ал осы синтагманың екінші ритмикалық тобының ішінде *сеніп* сөзінің соңғы буыны интенсивтіліктің үлкен сандық мәнімен (30 дб.) сипатталады. Соңғы синтагманың ой екпіні түскен *біреулер* сөзінің соңғы буынының әуені мен интенсивтілігінің сандық мәндері төмендегідей: 135 Гц., 28 дб. Бұдан кейінгі шамада екінші ырғақты топтың *нанбай* сөзі айтылған (105 Гц., 15 дб.). Диктор синтагмалар басында тұрған *біреулер* сөзін интонацияның үш параметрі – әуен, интенсивтілік, ұзақтылық арқылы ерекшелеген.

II диктордың синтагмалар арасындағы тоналды интервал мәні болымды (+2 жт.), бірақ оның сандық шамасы I диктордан біраз кіші, бұл диктордың синтагмалар тоғысқан жеріндегі әуен сызығының бірден өзгермей, соңғысының басы мен алғашқысының соңындағы дауыс толқыны шамамен бір деңгейде болғанын көрсетеді. Дегенмен соңғы синтагманың соңғы буындарында әуен сызығы төмен түсіп кеткен. Оны алғашқы синтагманың I-III, ал соңғы синтагманың I-II тоналды деңгейлерде өрнектелгенінен

байқауға болады. Сонымен дикторлардың екеуі де алғашқы синтагманың тоналды диапазонының көлемін кең етіп, оны маңызды деп тапқан және оны тиянақты интонаема арқылы беріп, екінші синтагмадан синтакситік дербестікте қарастырған.

Қарқын. I диктор соңғы синтагманы алғашқысынан баяу қарқында берген: соңғы синтагма – 198 мс., алғашқы синтагма – 169 мс. Сөйлемнің екі синтагмасы да бірдей жеті буынды, сондықтан оның қарқын арқылы соңғы синтагманың маңыздылығын көрсеткісі келгені байқалады. Маңыздылықты ерекшелейтін интонацияның тағы бір параметрі – әуеннің диапазон көлемі. I дикторда алғашқы синтагма кең диапазонда берілген (11 жт., 9 жт.). Диктор екі синтагманы да сөйлем ішінде бірдей маңызды деп көрсеткен. Алғашқы синтагманың тиянақты мәндегі әуен контурымен берілгені сөйлем компоненттерінің синтаксистік байланысының әлсіз екенінің белгісі болғанымен, олардың арасында тығыз семантикалық байланыс жатыр. Себебі салыстырмалы салаластың алғашқы компонентіндегі ой екінші компонентте салыстырылатын ойдың болуын меңзейді. Диктордың сөйлемнің екі синтагмасын да интонацияның бір-бір параметрі арқылы маңызды бөліктер ретінде ерекшелегені осы қатынасты көрсетеді.

II диктордың оқылдығында қарқын мәні екі синтагмада бірдей болып келген (194 мс., 195 мс.). Бірақ бұл диктордың соңғы синтагма ырғақты топтары арасындағы пауза көлемі алғашқы синтагмадағыға қарағанда үлкен екенін көреміз (100 мс., 340 мс.). Егер паузаның уақыт мөлшерін де қосып қарастыратын болсақ, екінші синтагманың айтылу уақыты біріншісінен ұзағырақ болар еді. Бұл жерде Н.Д. Светозарованың еңбегінде берілген пауза мен сөйлеу қарқыны арасындағы мынадай құбылысты айта кеткен дұрыс болады: эксперимент барысында қарқынды субъективті түрде бағалаудағы паузаның атқаратын рөлін байқау үшін, оны (паузаны) мәтін ішінде қысқартып және ұзартып беріп отырған; сонда, диктор берілген сөз бөлігін индивидуалдық жылдам қарқынмен айтып, бірақ ондағы пауза көлемі ұзартылып алынса, тыңдаушылардың (аудиторлардың) диктор қарқынын «орташа», кейде «баяу» деп бағалауы көп кездескен (Светозарова, 1982, 50 б.). Сонымен, II диктор да екі синтагманы бірдей маңызды деп бергені көрінеді. Егер ол алғашқы синтагманың маңыздылығын негізгі тон жиілігінің диапазон көлемі арқылы көрсетсе, екінші

синтагманы ондағы ритмикалық, әрі эмоциялық болып келетін паузаның ұзақтығымен ерекшелеген деп ойлаймыз.

Осы сөйлемнің жалғаулықты түрін қарастырып көрейік.

Ә) *Біреулер сеніп жатыр, ал біреулер нанбай жатыр.*

I диктор алғашқы синтагмада негізгі тон жиілігінің үлкен сандық мәнімен *сеніп* сөзінің соңғы буынын (234 Гц.), ал оның осыдан кейінгі мәнімен біреулер сөзінің соңғы буынын берген (227 Гц.). Соңғысының екінші буыны интенсивтілік пен ұзақтылықтың жоғары шамаларымен сипатталып, ой екпінімен айтылып тұр (46 дБ., 230 мс.). Интенсивтіліктің екінші мәнінде жоғарыдағы *сеніп* сөзінің соңғы буыны берілген (43 дБ.). Соңғы синтагмадағы ой екпіні түскен буын негізгі тон жиілігі және интенсивтіліктің үлкен мәндерімен берілген (195 Гц., 40 дБ.), ал олардың бұдан кейінгі шамаларымен *нанбай* сөзінің соңғы буыны сипатталады (168 Гц., 36 дБ.). Бұл берілгендерден I диктордың синтагмалар құрамындағы біреулер сөзіне ой екпінін түсіріп, ал екі синтагмадағы бір-бірімен салыстырып тұрған баяндауыштардың қарсылықты мағынадағы *нанбай* – *сеніп* сөздерін ерекше айтқаны айқындалады.

Диктор алғашқы синтагманы көтеріңкі-бәсең әуен контурымен, тиянақты мәнде өрнектеген. Ал синтагмалар тоғысқан жеріндегі интервал көлемі алдыңғы – жалғаулықсыз берілген мысалдағыдан кіші (+2 жт.). Синтагмалардың алғашқысы – 10 жт., соңғысы одан тар – 8 жт. диапазон көлемінде берілген. Бұдан диктордың алғашқы синтагманың маңыздылығын тоналды диапазон көлемі арқылы көрсеткенін аңғарамыз.

II диктор бұл сөйлемнің алғашқы компонентін бір синтагма, ал соңғысын екі ырғақты топтан тұратын етіп берген: *Біреулер сеніп жатыр // ал біреулер / нанбай жатыр.*

Бұл диктор да синтагмалар басында тұрған *біреулер* сөзін үлкен мәндермен ерекшелеген. Бірінші синтагмада ол интенсивтілік пен негізгі тон жиілігінің жоғары шамалары арқылы ой екпінімен айтылып тұрса (175 Гц., 29 дБ.), соңғы синтагмада ұзақтылық пен негізгі тон жиілігінің үлкен сандық мәндерімен берілген (172 Гц., 285 дБ.). Соңғы синтагмадағы *біреулер* сөзінің интенсивтілікпен ерекшеленбегенін көреміз. Ал зерттеуде ой екпінінің бірден бір критерийі ретінде интенсивтіліктің жоғары көрсеткіші алынған, сондықтан соңғы синтагмада ой екпінге *ал* жалғаулығы ие деп шешу зерттеудің ұстанған негізгі прин-

циптерінің біріне қайшы келмейді. Сонымен бірге жалғаулық тек интенсивтілікпен ғана ерекшеленіп қоймай, негізгі тон жиілігінің синтагма ішіндегі екінші сандық мәнімен де берілген (124 Гц.). Жоғарыдағы көріністен II диктордың бұл сөйлем ішінде баяндауыш құрамындағы қарсылықты мағынадағы *сеніп* – *нанбай* сөздерін айырып айтпағаны байқалады.

Бұл диктор да алғашқы синтагманы тиянақты әуен контурымен өрнектеген. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні болымды (+1 жт.) және осы сөйлемнің жалғаулықсыз түріндегі интервал мәнінен кіші (+3 жт.). Бірінші синтагма 12 жт., ал екіншісі – 7 жт. диапазон көлемімен берілген. Бұл – диктордың сөйлемнің жалғаулықты түрінің алғашқы компонентіне қарағанда соңғысының маңыздылығын көрсеткенінің белгісі. Ал жалғаулықсыз түрінде, керісінше, тоналды диапазон мәні арқылы диктор алғашқы синтагманы ерекшелеген болатын.

Қарқын. I диктор алғашқы синтагманы соңғысына қарағанда жылдам қарқынмен берген (177 мс., 192 мс.). Тоналды диапазон көлемі арқылы алғашқы синтагма ерекшеленгені белгілі, демек диктор екі синтагманың маңыздылығы бірдей деп түсінген. Сонымен, I дикторда бұл салаластың жалғаулықты және жағулықсыз түрлерінің компоненттері интонацияда маңыздылықты білдіретін параметрлер көрсеткіштерінің бірдей болып келуімен сипатталады. Бұл жерде диктордың оқылымында сөйлем компоненттері арасындағы мағыналық қатынас ерекшелігі интонацияда тура берілген: сөйлем компоненттерінде оқиға желісі бір-бірімен салыстырыла айтылып, олардың екеуінің де маңызы бірдей болып келсе (Есенов, 1995, 43 б.), интонацияда да бұл қатынас солай беріліп, екі синтагманың да маңыздылықты ерекшелейтін параметрлерінің мәндері бірдей келген.

II диктор қарқын арқылы соңғы синтагманы ерекшелеген (208 мс., 223 мс.). Жоғарыдан бұл синтагманың кең көлемді тоналды диапазонмен сипатталғанын білеміз. Бұдан II диктордың салыстырмалы салаластың жалғаулықсыз компоненттерінің сөйлемдегі маңыздылығын бірдей деп, ал жалғаулықты түрінде соңғы синтагманың рөлін үлкен деп түсінгені көрінеді. Бұл – соңғы компонентте жалғаулықтың болуымен де, және де осы синтагманы ырғақты топқа бөліп тұрған паузаның эмоциялық қызметінің болуымен де байланысты сияқты. Мұның бәрінің себебі, диктордың соңғы синтагмадағы ойдың алғашқымен

салыстырып қана емес, сонымен бірге оған қарсы қойылып та берілу керек деп түсінгенінде: мәселен, ол екінші синтагмадағы жалғаулықтан кейін тұрған біреулер сөзінен соң пауза жасаған да, алғашқы синтагмадағы бұл сөзді паузамен бөлмеген; осы сөздің соңғы буыны алғашқы синтагмада тек тонның көтерілуімен ерекшеленсе (175 Гц.), соңғы синтагмада бұған қоса ұзақтылықтың да жоғары сандық мәнімен (172 Гц., 285 мс.) берілген.

3-мысал. А) *Жүрегім ауырлағандай болды, үндемедім.*

Жоғарыдағы жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлемнің компоненттерін дикторлардың екеуі де бір-бір синтагма етіп берген: *Жүрегім ауырлағандай болды //үндемедім.*

Әуен мен интенсивтілік. І диктордың алғашқы синтагма негізгі тон жиілігінің контуры жоғары шамамен, сандық мәндері *жүрегім және ауырлағандай* сөздерінің соңғы буындарында бірдей болып (207 Гц.) ерекшеленген. Бұлардың соңғысының интенсивтілігінің сандық мөлшері (38 дб.) алғашқысының екінші буынының интенсивтілігінен кіші (41 дб.), сондықтан *жүрегім* сөзі І дикторда ой екпінімен айтылған деуге болады.

Сөйлемнің екінші синтагмасы бір ғана *үндемедім* сөзінен тұрады. Оның үшінші буыны негізгі тон жиілігінің (193 Гц), ал екінші буыны интенсивтіліктің (23 дб.) жоғары шамаларында берілген. Екі синтагманың тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымды (+6 жт.) және алғашқы синтагма негізгі тон жиілігінің контуры екі шынды көтеріңкі-бәсең-көтеріңкі сызығымен ерекшеленіп, тиянақты мәнді береді. Алғашқы синтагма тоналды диапазон көлемі (10 жт.) соңғысынан (9 жт.) кең болған соң, диктор алғашқы компоненттегі ойды соңғысынан маңызды санаған болу керек.

ІІ дикторда негізгі тон жиілігі мен интенсивтіліктің берілгендері І диктордың оқылымына көп ұқсас келген. Бұл диктор да бірінші синтагманың *жүрегім* сөзіне ой екпінін түсіріп айтқан, себебі оның соңғы буыны негізгі тон жиілігінің, ал екінші буыны интенсивтіліктің (207 Гц., 33 дб.) үлкен сандық мәндерімен ерекшеленген. Интонацияның осы параметрлерінің екінші сандық шамасында *ауырлағандай* сөзі (165 Гц., 32 дб.) берілген.

Екінші синтагмада да, І диктордағыдай, *үндемедім* сөзінің үшінші буыны негізгі тон жиілігінің контурында жоғары шамамен айтылған (146 Гц.), ал үлкен интенсивтілікпен осы сөздің алғашқы буыны берілген.

II диктор да алғашқы синтагманы мағыналық, синтаксистік дербестікті білдіретін тиянақты мәнде, яғни көтеріңкі-бәсең әуен сызығымен өрнектеген. Оның синтагмаларының тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мөлшері +3 жт. Синтагмалар тоналды диапазонының көрсеткіштерінен диктордың алғашқы синтагманы (13 жт.) соңғысынан (8 жт.) маңызды етіп бергені байқалады.

Қарқын. Сөйлем компоненттерінің буын саны әртүрлі: бірінші синтагма он, ал екіншісі төрт буыннан тұрады. I диктор соңғы синтагманы алдыңғысынан баяуырақ айтса (166 мс. - 178 мс.), II диктор екеуін де бірдей қарқынмен берген (195 мс.- 195 мс.).

Ә) *Жүрегім ауырлағандай болды, бірақ үндемедім.*

Сөйлемнің жалғаулықты түрін I диктор жалғаулықсыз түрі сияқты әр компонентін бір-бір синтагма арқылы, ал II диктор әр синтагмасын ырғақты топқа бөліп, алдындағы мысалдан өзгеше айтқан: *Жүрегім / ауырлағандай болды // бірақ / үндемедім.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагмада ауырлағандай сөзінің соңғы буынын интенсивтілік пен әуеннің жоғары шамасымен ерекшелеп, оған ой екпінін түсірген (234 Гц., 36 дб.). Ал осы мысалдың жалғаулықсыз түрінде ой екпінімен айтылған жүрегім сөзі бұлардың екінші сандық мөлшерінде беріліп, синтагмадағы маңызды сөз болып тұр (218 Гц., 35 дб.).

Екінші синтагмада *бірақ* жалғаулығы интонацияның барлық ерекшеленуші компоненттері арқылы айрықша мәнге ие болып тұр (190 Гц., 35 дб., 340 мс.). Алғашқы синтагма тиянақты мәнді беретін көтеріңкі-бәсең әуен контурымен өрнектеліп, синтагмалар тоғысқан жеріндегі интервал болымды (+5 жт.) келген. Бірінші синтагма – 12 жт., екінші синтагма – 9 жт тоналды диапазон көлемінде берілген. Егер жоғарыдағы параметрлер өтем заңына қатысты алынса, оның орындалғаны көрінеді. Мәселен, соңғы синтагманың тоналды диапазон көлемі жалғаулықты түрінде жалғаулықсыздына қарағанда тар. Демек, жалғаулықты компонентіндегі синтаксистік қатынасты көрсетуде интонация параметрінің (бұл – жерде диапазонның) берілуі көмескі де, жалғаулықсыз түрінде ол керісінше формалды көрсеткіш – жалғаулықтың рөлін өзіне алып, жоғары мәндермен берілген, ал негізгі тон жиілігі мен интенсивтілік контурларындағы жоғары шамалармен ерекшеленген буындардың екі сөйлемдегі берілгендерін салыстырса, олардың жалғаулықсыз түріндегісінің үлкен екені көрінеді: жалғаулықсыз сөйлемнің ой екпінінің

көрсеткіштері – 207 Гц., 33 дб., жалғаулықты сөйлемдікі – 185 Гц., 25 дб. (II диктордың берілгендері).

Қарқын. I диктор қысқа соңғы синтагманы алғашқысынан баяу (157 мс. – 169 мс.), ал II диктор жылдам айтқан (201 мс. – 180 мс.). Ал жалғаулықсыз салаласта төрт буынды бұл синтагма он буынды алғашқы синтагмамен бірдей қарқында айтылған болатын. Үшінші мысалдың қарқын берілгендерінен I дикторда буын саны азайған сайын баяу айту тенденциясы байқалады, ал II дикторда бұл көрінбейді. Бірақ ол сөйлемді дұрыс оқымады деп айтуға болмайды, мұның себебі диктордың сөйлем компоненттерінің алғашқысына көп мән бергенінде немесе бір эмоциямен айтуында да болуы мүмкін. Қалай болғанымен де, екеуінің де берілгендерінен өтем заңының орындалып тұрғаны көрінеді, жалғаулықсыз сөйлемде қарқын жалғаулықты сөйлемдегі көріністеріне қарағанда жоғары мәндермен ерекшеленген. Төменде салыстыруға ыңғайлы болу үшін жалғаулықты және жалғаулықсыз сөйлемдердің интонациялық параметрлері сандық мәндерінің кестелері берілді.

1-мысал. А) *Өмір қайнады: мектепке бала толды.*

Ә) *Өмір қайнады, өйткені мектепке бала толды.*

1.1-кесте. I диктор берілгендері

Сөйлем түрі	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты
инт. параметрі	I СИНТАГМА		II СИНТАГМА	
диапазон мәні	11 жт.	> 5 жт	7 жт.	9 жт.
и.т.ж.-нің жоғары мәні	207 Гц	> 202 Гц.	179 Гц,	> 175 Гц,
интенсив.-тің үлкен мәні	26 дб.	31 дб.	30 дб.	> 28 дб.
қарқын мәні	167 мс.	191 мс.	190 мс.	> 177 мс.

1.2-кесте. II диктор берілгендері

Сөйлем түрі	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты
-------------	---------------	-------------	---------------	-------------

инт. параметрі	I СИНТАГМА		II СИНТАГМА	
	диапазон мәні	15 жт.	> 14 жт.	9 жт.
и.т.ж.-нің жоғары мәні	223 Гц	> 190 Гц.	142 Гц.	> 130 Гц.
интенсив.-тің үлкен мәні	25 дб.	38 дб.	22 дб.	> 20 дб.
қарқын мәні	227 мс.	> 212 мс.	223 мс.	> 217 мс.

2 - мысал. а) Біреулер сеніп жатыр, біреулер нанбай жатыр.

б) Біреулер сеніп жатыр, ал біреулер нанбай жатыр.

2.1-кесте. I диктор берілгендері

инт. параметрі	I СИНТАГМА		II СИНТАГМА	
	диапазон мәні	11 жт.	> 10 жт.	9 жт.
и.т.ж.-нің жоғары мәні	230 Гц.	234 Гц.	205 Гц.	> 195 Гц.
интенсив.-тің үлкен мәні	51 дб.	> 46 дб.	43 дб.	> 40 дб.
қарқын мәні	169 мс.	177 мс.	198 мс.	>190 мс.

2.2-кесте. II диктор берілгендері

инт. параметрі	I СИНТАГМА		II СИНТАГМА	
	диапазон мәні	14 жт.	> 7 жт.	9 жт.
и.т.ж.-нің жоғары мәні	201 Гц.	> 175 Гц.	135 Гц.	> 124 Гц.
интенсив.-тің үлкен мәні	38 дб.	> 29 дб.	28 дб.	> 27 дб.
қарқын мәні	194 мс.	208 мс.	195 мс.	223 мс.

- 3-мысал. а) *Жүрегім ауырлағандай болды, үндемедім.*
 б) *Жүрегім ауырлағандай болды, бірақ үндемедім*

3.1-кесте. I диктор берілгендері

Сөйлем түрі	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты
инт. параметрі	I-СИНТАГМА		II-СИНТАГМА	
диапазон мәні	10 жт.	12 жт.	9 жт.	> 8 жт.
н.т.ж.-нің жоғары мәні	207 Гц.	234 Гц.	193 Гц.	> 190 Гц.
интенсив.-тің үлкен мәні	41 дб.	> 36 дб.	23 дб.	> 35 дб.
қарқын мәні	166 мс.	>157 дб.	178 мс.	>169 мс.

3.2-кесте. II диктор берілгендері

Сөйлем түрі	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты	Жалғаулық-сыз	Жалғаулықты
инт. параметрі	I-СИНТАГМА		II-СИНТАГМА	
диапазон мәні	14 жт.	15 жт.	8 жт.	> 5 жт.
н.т.ж.-нің жоғары мәні	207 Гц.	> 185 Гц.	146 Гц.	> 120 Гц.
интенсив.-тің үлкен мәні	33 дб.	> 25 дб.	21 дб.	> 18 дб.
қарқын мәні	195 мс.	201 мс.	195 мс.	> 180 мс.

Жоғарыдағы кестелерден талданған мысалдар үшін өтем заңының мақұлданатыны көрініп тұр, өйткені басым көп жағдайда, әсіресе екінші синтагмада жалғаулықсыз сөйлем көрсеткіштері жалғаулықтыдан үлкен. Жалғаулықсыз сөйлемнің логикалық ерекшеленген сөзінің дауыс қаттылығы да жалғаулықты түрінен жоғары болып келетіні көрініп отыр. Мұның себебі интонацияның жалғаулық қызметін өзіне алып «қоюлана» түсіп, сөйлем компоненттерінің мағыналық қатынасын айқындап тұруында.

Сонымен, жалғаулықсыз салаластың синтагмасы (компоненті) тоналды диапазонының кең болып келуі, ой екпінімен айтылған буынның интенсивтілігінің үлкен болуы – грамматикалық көрсеткіш – жалғаулықтың рөлін интонация элементтерінің атқарып тұрғанын («принцип замены») білдіреді. Жалғаулықсыз салаластың көбінесе, соңғы компонентінің жалғаулықтыға қарағанда баяу айтылуы өтем заңының мақұлданып тұрғанымен қоса, буын санының кемуіне қарай қарқынның баяулай түсу тенденциясын (жалғаулықты алып тастаған соң сөйлем синтагмасы қысқарады) да көрсетіп тұр. Ал жалғаулықтың сөйлемде кемінде екі интонациялық параметрдің жоғарғы мәндерінен көрінуі тіліміздің ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Түркі тілдерін зерттеушілер еңбектерінің бірқатарынан орын алған жалғаулықтардың пайда болу мәселесін қазақ тілінде академик Нығмет Сауранбаев сөз етті: «Салалас құрмалас дамуында қазақ тілінде басқа түркі тілдеріндегідей кейінірек тілде жалғаулықтарға айналған көмекші есімдер, есімше негіздері септік, меншіктік тұлғаларда қолданылды» (Сауранбаев, 1982, 208 б.). Бұдан жалғаулықтардың бастапқы көзі лексикалық мағыналы сөздер болғаны белгілі. Лексикалық мағыналы сөздердің интенсивтіліктің және басқа да интонация компоненттерінің үлкен мәндері жиынтығымен ерекшеленетіні анық, бірақ біз қарастырған тілдік материалдың көбінде жалғаулықтардың да ой екпінімен айтылғаны белгілі. Біздің ойымызша, бұл – интонациялық көрініс қазақ тілінде жалғаулықтардың грамматикалану процесінің аяқталмағанын, сонымен бірге қазақ тілі синтаксисі жалғаулықты құрмалас сөйлемдерінің даму үстінде екенін білдіретін іспетті.

Қорыта келе, орыс тілінде пауза үшін 73% пайызға мақұлданған А.М. Пешковскийдің өтем заңының тіліміздің интонациясының осы параметрінде көрініс таппайтыны, бірақ тоналды диапазон мен қарқын, логикалық жақтан ерекшеленген сөздің интенсивтілігі мен негізгі тон жиілігінің көрсеткіштері үшін әртүрлі дәрежеде орындалып отыратыны анықталды деуге болады.

Сондай-ақ жоғарыдағы тілдік материал негізінде қарастырылған қазақ мәтінінің элементтері ретіндегі қосқұрамды құрмалас сөйлемдер ауызша сөзде міндетті түрде просодикалық тәсілдер арқылы басқа элементтерден ерекшеленіп, өзара да сегменттерге мүшеленіп тұратыны, бұл сөйлемдер құрамдас бөліктерінің ара-

сында белгілі бір мөлшердегі паузаның болатыны, бұл паузаның мөлшері екі компонент аражігін ғана емес, олардың мағыналық-синтаксистік арақатынасына қарай да өзгеріп отыратыны анықталды. Ал осы мәтін элементтерінің өзінен жоғары мәтін бірлігі – күрделі фразалық тұтастыққа бірігуі және осы бірігуінің суперсегментті деңгейдегі безендірілуі алдағы зерттеулер нысанына алынуға тиіс мәселе болып отыр.

2.4.3 Интонация мен тыныс белгілерінің арақатынасы.

Қазақ тілі пунктуациялық жүйесінің негіздері орыс тілінің үлгілеріне сүйеніп қалыптасып келеді. Орыс пунктуациясының теориялық негіздерінің көпжылдық даму тарихы бар (бұл жөнінде: Шапиро, 1967, 63 б.). Осы уақыт аралығында пунктуация мен интонацияның арақатынасы мәселесін лингвистикалық күрделі проблемалар қатарында зерттеген ғалымдар аз емес.

Пунктуацияның ритмомелодикалық негізін жақтаушы ғалымдардың бірі А.М. Пешковский әр тыныс белгіге сәйкес қалыптасқан айтылу фигуралары болады деп көрсетеді. Бұл ойын дәлдеу үшін ол әрбір пунктуациялық таңбаның ритмомелодикалық фигураларын, соның ішінде бір үтірдің төрт түрлі айтылу нұсқаларын береді. Л.Р. Щерба, А.М. Пешковский сияқты пунктуацияның негізгі мақсатын сөздің ритмомелодикалық жағын белгілеу деп түсінген: «...Пунктуация – правила употребления дополнительных письменных знаков, служащих для обозначения ритмики и мелодики фразы, иначе фразовой интонации» (Щерба, 1935, 366 б.). Осыған байланысты ол ... дом, где я живу сөйлемінде үтір қоюдың керектігі жоқ, ал мой дядя /был революционером сияқты сөйлемдерде қою керек деп көрсетеді.

Қазақ тілінің тыныс белгілеріне арналған алғашқы еңбектің бірі – Ш.Сарыбаевтың сөйлемде үтірдің жазылатын орындары туралы шағын мақаласында интонация пунктуацияның негізі болу керек деп пайымдалған: «...интонацияның мағынасына байланысты тыныстықтарды оқығанда, алдымен сөйлем мүшелерін интонациямен айтудың өзін үйреніп алуға тура келеді. Осы күнгі оқушыларымыздың тыныс таңбаларына шорқақтығы тіл мұғалімдерінің оқушыларға дер кезінде интонацияны дұрыс жаттықтыра алмауынан...» (Сарыбаев, 1936, 52 б.).

Ауызекі тілінде мағынаның көрсеткіші интонация, жазба тілінде пунктуация екені даусыз. Соңғысының бірден бір

негізі интонация деп айту қате, себебі екеуі де бір мақсатта – сөз мағынасын жеткізу үшін қолданылғанмен, тілдің екі түрлі көрінісінде іске асып жатады. Сөйлеу тілінде сөз мағынасын жеткізу үшін интонация зор рөл атқарса, жазба тілінде берілген ойдың мағынасын түсіну үшін пунктуация таңбаларының маңызы ерекше. Ал пунктуация тілдің грамматикалық құрылысына арқа сүйейтіні белгілі (Мұсабекова, 1991, 24 б.). Демек, пунктуацияның интонациялық, грамматикалық және семантикалық та негіздері бар. Интонацияның мағынаны беру тәсілдері (мағынаның байлығына қарай) пунктуацияға қарағанда әлдеқайда бай, әрі алуан түрлі болып келеді. Сондықтан әрбір интонациялық құрылымның тыныс белгісі болуы мүмкін емес. Ал тілдегі барлық тыныс белгілерінің интонациялық көрінісінде өзіндік ерекшеліктер болатыны түсінікті. Бірақ олар барлық жағдайда бір ғана айтылу «фигурасымен» беріліп отырмайды. Осыған байланысты А.Б. Шапиро былай дейді: «Утверждать, что пунктуация выполняет в письменном тексте ту же роль, какую ритмомелодия выполняет в устной речи, неправильно. Конечно, это не означает, что между некоторыми ритмомелодическими фигурами и знаками препинания нет соответствия» (Шапиро, 1967, 60 б.).

Бұл ойды М.Балақаевтың еңбектерінен де кездестіруге болады. Ол тыныс белгілерінің интонацияға байланысты екенін, бірақ дауыс кідірісі болған жердің бәрінде қойыла бермейтінін көрсетеді (Балақаев, 1967). Ал С.Жиенбаев тыныс белгілерінің қойылуы «сөздердің синтаксистік байланысына сәйкес» деп пайымдайды (Жиенбаев, 1940, 40 б.). Қазақ тілінің пунктуациясына арналған соңғы еңбектерде тыныс белгілерін дұрыс пайдалану негізіне интонациялық, семантикалық, синтаксистік – үш принципті алу ұсынылып жүр. Мәселен, Ф.Мұсабекова еңбегінде: «...тыныс белгілері бірде сөйлемнің құрылысына қарай, бірде мағынасына қарай, бірде айтылуына қарай қойылады. Сондықтан тыныс белгілерінің қойылу негіздері сөйлемнің құрылысына, мағынасына және интонациясына тығыз байланысты болады. Интонациялық пауза тыныс белгілерін қоюға қосымша қызмет атқарады. Ал бірсыпыра тыныс белгілері сөйлемнің мағынасына қарай қойылады да, бірқатары сөйлемнің құрылысына қарай қойылады», – деп көрсетеді (Мұсабекова, 1991, 35 б.).

Жұмыстың осы бөлімінде құрмалас сөйлем интонациясы мен пунктуациясы арасындағы қатынас қарастырылды. Жоғарыда айтылғандардан сөйлемдегі ойдың мағынасын беруде интонация мен пунктуацияның мақсаттары бір және осы тұрғыда екеуінің арасында тікелей берілетін болмаса да, тығыз байланыстың бар екені аңғарылады. Мәселен, төмендегі сөйлемдердің синтагмаға жіктелуінің әртүрлі болып келуін тыныс белгілері ғана көрсетіп тұр: *алдымыздан ағаш үй көрінді; алдымыздан ағаш, үй көрінді; кітап оқып үйрену керек; кітап оқып, үйрену керек*. Ал келесі сөйлемдердің мазмұнын сақтай отырып, тыныс белгілерін ауыстырған кезде, айтылу мәнерінің де өзгеретінін көруге болады: *жылауық күз емес, желді күз еді; жылауық, күз емес: желді күз еді; жылауық, күз емес – желді күз еді; жылауық күз емес (желді күз еді); есік алды тар, адам аяқ алып жүргісіз; есік алды тар: адам аяқ алып жүргісіз; есік алды тар – адам аяқ алып жүргісіз; есік алды тар (адам аяқ алып жүргісіз)*. Бұдан пунктуациялық таңбаларды қарапайым жүйе ретінде алып, интонацияларын салыстыруға болады.

Құрмалас сөйлемдер бөліктері арасындағы қатынасты жай сөйлемдегіге қарағанда оңай анықтауға болады. Құрмалас компоненттері арасы грамматикада баяндауыштың формалары, жалғаулықтар көмегімен белгіленіп отыратыны жайында айтылған болатын. Осыған қарай ондағы тыныс белгілері сөйлем компоненттерін жай сөйлемдегідей, бір-бірінен айырып немесе өзара байланыстырып қана қоймайды, сонымен бірге олардың арасындағы қатынас түрін де анықтап отырады. Сондықтан жазушы (пишущий) құрмалас компоненттері арасына тыныс белгіні қойып отырумен қатар, сөйлемді қандай мағынада беретініне қарай оны тандап алу керек.

Зерттеуде құрмалас құрамында жиі кездесетін үтір, қос нүкте, сызықша, жақша сияқты тыныс белгілер алынып, олардың интонациялық көрінісі әуен, қарқын, пауза параметрлері арқылы қарастырылды. Ол үшін соңғы көрсеткен мысалдар екі диктордың оқылымында таспаға жазылды. Эксперимент барысында интонацияның аталған компоненттерінің өзгерістері жеке алынып суреттелді. Интенсивтіліктің өзгерістері негізінен ой екпінін көрсетеді, ал екпіннің барлық тыныс белгілерімен берілген сөйлемдерде орны өзгермей, бір буынға түсіп отырғаны

байқалды. Сондықтан интонацияның бұл шамасына толық сипаттама берілген жоқ.

Үтір – тыныс белгілерінің ішінде құрмалас сөйлемде жиі кездесетін, қолдану аясы кең, интонациялық тұрғыдан айтылым үлгілері әртүрлі болып келетін таңба. Құрмалас компоненттері басқа жолмен емес, ұласа байланысып тұрғанын оқушы ондағы тыныс белгісі – үтірге қарап айырады, соған қарай оның айтылуы да ерекшеленеді.

1) *Жылауық күз емес, желді күз еді;*

2) *Есік алды тар, адам аяқ алып жүргісіз.*

Әуен. Бірінші сөйлем синтагмалары (құрмаластың әр компоненті бір синтагма болып айтылған) аралығындағы тоналды интервал (интервал) мәні I дикторда тыныс белгілерінің өзгеруіне қарамастан, болымсыз, ал екінші сөйлемде – болымды мәнді көрсетеді. II дикторда екі сөйлемнің барлығында дерлік тоналды интервал мәні болымсыз, тек бірінші мысалдың сызықшамен берілген түрінде болымды мәнді көрсетеді. Демек, мұнда тоналды интервал (интервал) көрсеткіші тыныс белгілеріне емес, диктордың сөйлемнің жалпы мазмұнын беруіне байланысты. Бірінші сөйлемнің алғашқы синтагмасындағы ойдың аяқталмағанын, оның соңғы синтагмадағы ойға тәуелділігін екі дикторда да әуеннің тиянақсыз контуры көрсетіп тұр, ал I дикторда екінші сөйлемнің алғашқы синтагмасының соңғысынан дербестікте екені тиянақты әуен сызығымен берілгенінен көрінеді. Соңғы жағдайда сөйлемнің алғашқы компонентінің баяндауыш формасының әсерін айту керек: бірінші сөйлемдегі – қарсылықты салаластағы *емес* болымсыздық мәндегі сөз оның алғашқы компонентіндегі ойдың жалғасы бар екенін меңзейді. Сонымен бірге сөйлем компоненттерінде қолданылған *жылауық желді* қарсылық мәндегі сөздер де оларды өзара тығыз байланыстырып тұр. Екінші құрмалас сөйлем жалғаулықсыз жасалатын түсіндірмелі салаласқа жатады (Есенов, 1995, 44 б.). Бұл түсіндірмелі салалас сөйлемнің алғашқы компонентінің баяндауышы *тар* есім сөзі арқылы беріліп, ал соңғы компоненті осы сөздің мағынасын түсіндіру мақсатында жұмсалған. Дикторлардың әуен сызығы сөйлемде екі түрлі берілген. I дикторда алғашқы синтагма (алғашқы компонент) мағыналық дербестікті білдіретін тиянақты әуенмен айтылып, сөйлемдегі синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымды мәнмен сипат-

талған. Ал II дикторда керісінше, алғашқы синтагма тиянақсыз әуен сызығымен, тоналды интервал болымсыз мәнде берілген. Жоғарыдағы сипаттама бірінші сөйлемнің синтаксистік құрылымының мағынаны барынша толық бере алатынын, ал екіншісі – түрлі мағынада түсінуге болатын құрылыммен берілгенін көрсетеді. Себебі алғашқы сөйлем екі дикторда да бірдей, ал екінші сөйлемнің интонациялық контуры әртүрлі.

Синтагмалар тоналды диапазоны I дикторда алғашқыларының (екеуі де 9 жт.) соңғыларынан кең (7 жт., 8 жт.) көлемде болуымен сипатталады.

II дикторда бірінші сөйлемнің алғашқы (11 жт. - 10 жт.), екінші сөйлемнің соңғы синтагмаларының (8 жт. - 9 жт.) диапазон көлемі кең. Әдетте қысқа синтагманың диапазоны көлемді болып келеді. Мұндай үрдістің I диктордың екінші сөйлемінен ғана көрінетіні байқалады. Ал басқаларында үлкен синтагма қысқадан гөрі кең диапазонда айтылған. Сондықтан дикторлар кең диапазонмен сөйлемнің маңызды синтагмаларын ерекшелеген.

Қарқын – маңыздылықты айқындауға қатысатын интонация компоненттерінің бірі. Мәселен, буын саны бірдей келетін сөз бөліктері бірінің баяу айтылуы – оның мазмұнының басқаларынан маңызды екенінен хабар береді. Ал буын саны әртүрлі сөз бөліктерінде қысқа синтагманың қарқыны баяу болады. Соңғы үрдістің орындалып тұрғаны I диктордың қарқын мәндерінен байқалады: бірінші сөйлемнің бес буынды соңғы синтагмасы (183 мс.) алты буынды алғашқы синтагмасынан (168 мс.), екінші сөйлемнің бес буынды алғашқы синтагмасы (195 мс.) тоғыз буынды соңғы синтагмасынан (142 мс.) баяу берілген. II дикторда осы үрдіс екінші (*Есік алды тар, адам аяқ алып жүргісіз*) сөйлемнің айтылу қарқынынан (205 мс. - 210 мс.) көрінеді, ал бірінші мысалдың алғашқы синтагмасы (219 мс.) соңғысынан (210 мс.) үлкен болғанымен де, баяу айтылған.

Пауза. Интонацияның бұл компонентіне сипаттама бермес бұрын, оның тыныс белгілеріне қатысы жайында айта кеткенді жөн көрдік. Интонация мен тыныс белгілері арасындағы сәйкестікті қарастырған ғалымдар паузаға тоқталмай кете алмайды. Тыныс белгілерінің өзі алғаш паузаға байланысты туындаған: «...Қазақ пунктуациясының тарихы бойынша жазба текстердегі алғашқы тыныс белгілері – дауыс үзілістері, олар текстегі ма-

ғынаға қарай әртүрлі айтылады, яғни сөйлемдегі сөздердің арасында кідіріс түрліше болады» (Мұсабекова, 1991, 33 б.). Паузаның алғашқы тыныс белгілерінің көрсеткіші болғаны жайында А.Шапиро да айтып кеткен (Шапиро, 1967, 238 б.). Ал Т.Николаева оның ұзақтылығының тыныс белгілеріне қарай келесі қатынаста өзгеріп отыратынын анықтаған: $(\text{)} > : > - >$, орыс тілі үшін, $(\text{)} > - > : >$, украин, чех, поляк тілдері үшін (Николаева, 1969, 238 б.).

Үтірмен берілген мысалдардың компоненттері арасындағы пауза салыстырмалы түрде кіші көлемді: I дикторда, бірінші сөйлемде – 280 мс., екіншісінде – 250 мс., II дикторда екі сөйлемде де 350 мс. мөлшерде берілген.

«Жалғаулықсыз салаласқан жай сөйлемдер бір-біріне түсінік болып, соңғысы не соңғылары алдыңғы сөйлемнің мазмұнын ашып тұрса, араларына **қос нүкте**» қойылады (Сыздықова, 1976, 100 б.). Мұндай сөйлемдердің айтылу ерекшеліктері А.Шапирода былайша беріледі: «...характерной чертой таких предложений является обязательная пауза между поясняемой и поясняющей частями. Часто на одном из слов, стоящем в конце или близко к концу ее, делается повышение тона, указывающее на следующее далее после паузы, продолжение» (Шапиро, 1967, 158 б.).

1) *Жылауық күз емес: желді күз еді;*

2) *Есік алды тар: адам аяқ алып жүргісіз.*

Әуен. I дикторда бірінші сөйлемнің алғашқы синтагмасы – тиянақсыз, ал екінші сөйлемдікі – тиянақты әуен сызығымен өрнектелген де, синтагмалар тоғысқан жердегі тоналды интервал мәні бірінші сөйлемде -3 жт.-ға, екіншісінде +2 жт.-ға тең. II дикторда екі сөйлемнің де алғашқы синтагмалары негізгі тон жиілігінің сызығы көтеріңкі, ал тоналды интервалы болымсыз мәнде (-4 жт., -3 жт.) берілген. Бұларды басқа тыныс белгілерімен айтылған сөйлем мәндерімен салыстырса, А.Шапироның қос нүкте қойылған сөйлемнің алғашқы компонентінде тонның көтерілетіні туралы пікірінің расталатыны көрінеді. Себебі бұл сөйлемдердің интервал мәні үтірмен берілген сөйлемдер мәнімен бірдей болғанымен, басқа тыныс белгілерімен қолданылған сөйлемдерден үлкен болған, яғни негізгі тон жиілігінің сызығы алғашқы синтагманың соңына қарай көтеріліп, соңғы синтагмаға ұласады.

I диктордың тоналды диапазон көрсеткіштері сөйлемдердің соңғы синтагмаларында үлкен мәндерге ие (9 жт., 10 жт.), ал алғашқы синтагмалар тоналды диапазоны олардан тар болып келеді (8 жт., 9 жт.). II дикторда да бұл шаманың өзгерістері дәл осылай (9 жт. - 12 жт.; 5 жт. - 10 жт.) сипатталады. Бұдан тыныс белгісіне қарай, сөйлем мағынасының, соған байла-нысты интонациясының өзгергенін көреміз: үтірмен берілген осы сөйлемнің бірінші синтагмасының тоналды диапазон шамасының үлкен болғаны белгілі, ал мұнда диапазон көрсеткіштерімен алғашқы компоненттің мағынасын ашып тұрған соңғы компонент маңыздылығы ерекшеленген.

Қарқын. I дикторда бірінші сөйлемнің соңғы синтагмасы баяу қарқынмен берілген. (176 мс. - 186 мс.). Екінші мысалда алғашқы синтагма сөйлем тыныс белгісінің өзгеруіне қарамастан баяу (201 мс.-145 мс.) айтылып отырған. Бұл алғашқы синтагма буын санының соңғы синтагма буын санынан аз болуымен байланысты.

II диктор екі сөйлемнің де қысқа компоненттерін баяу айтқан, олар бірінші сөйлемде – соңғы (197 мс. - 208 мс.), екінші сөйлемде – алғашқы (223 мс. - 202 мс.) синтагмалар.

Пауза. I дикторда бірінші сөйлем синтагмалары 250 мс., екіншісінікі – 280 мс. шамасындағы паузамен бөлінген. Ал II дикторда бірінші сөйлем синтагмалары 540 мс., ал екінші сөйлем синтагмалары 490 мс. мөлшердегі паузамен бөлініп тұр. Бұл көрсеткіштер үтірмен берілген сөйлемдегі пауза мәндерінен үлкен екені байқалады.

Сызықша. Берілген мысалдардың біріншісіне бұл тыныс белгісі салыстырмалылықтың, қарама-қарсылықтың мәнін үстеп тұрса, екіншісінде соңғы компоненттің алдындағы ойдың нәтижесін көрсететінін білдіреді (Шапиро, 1967, 156 б.).

Жылауық күз емес – желді күз еді;

Есік алды тар – адам аяқ алып жүргісіз.

Әуен. Бәсең-көтеріңкі әуен контурымен өрнектелген бірінші сөйлемнің алғашқы синтагмасының тоналды диапазоны I дикторда 8 жт.-ға, ал көтеріңкі-бәсең әуен сызығымен айтылған екінші сөйлемнің осы синтагмасының диапазон көлемі 11 жт.-ға тең. Бірінші сөйлемде алғашқы синтагманың мәні соңғы синтагма мәнінен (10 жт.) кіші де, екінші сөйлемде соңғысының мәні алғашқы синтагма мәнінен (8 жт.) үлкен болып берілген.

Демек, бірінші сөйлемнің соңғы синтагмасы, екінші сөйлемнің алғашқы синтагмасы маңызды ретінде берілген. Сөйлемнің тоналды интервал мәндері -1 жт.-ға, +5 жт.-ға тең. Бұдан, бірінші сөйлем тонының алғашқы синтагма соңында көтеріліп, оның соңғы синтагмада сәл төмен деңгейден басталғаны, ал екінші сөйлемнің алғашқы синтагмасында бәсеңдеп барып, соңғы синтагмада жоғары деңгейден басталғаны көрінеді.

II диктор бірінші сөйлемнің *жылауық күз емес* алғашқы синтагмасын тиянақты әуен сызығымен өрнектеген, сондықтан тоналды интервал (+9 жт.) болымды мәнді көрсетіп тұр. Екінші мысалдың алғашқы синтагмасы тиянақсыз әуенмен, тоналды алшақтығы болымсыз (-2 жт.) мәнмен сипатталады. Бұл диктордың бірінші мысалдың сызықшамен берілген түрінің алғашқы синтагмасын тиянақты әуен мәнімен бергені ойландырады, себебі қарсылық мағынадағы екі компоненттің алғашқысы көбінесе тиянақсыз интонациямен сипатталатыны белгілі жағдай. Ал сөйлемнің екі синтагмасының да бірдей тоналды диапазонмен берілгені қарсылықты мағынадағы екі компоненттің де бірдей маңызды екенінің белгісі сияқты. Екінші сөйлемде соңғы синтагма үлкен болғанына қарамастан кең тоналды диапазонмен (8 жт. - 9 жт.) ерекшеленген. II диктор екінші мысалдың жақшамен берілген түрінен басқасының барлығында соңғы синтагманы кең диапазонда айтқан.

Қарқын. I диктор оқылымындағы бірінші мысалда тыныс белгінің ауысуына байланысты болуы керек, қарқынның буын санының азаюына қарай, баяулай түсу үрдісінің бұзылғаны байқалады: алғашқы (алты буынды) синтагма 177 мс., соңғысы (бес буынды) 167 мс. қарқынмен берілген. Интонацияда сөз бөліктерінің маңыздылығын көрсететін қарқын мен тоналды диапазон мәндерінің арақатынасынан берілген сөйлемнің екі синтагмасының да бірдей маңыздылықта айтылғанын байқаймыз. Бұл – алғашқы синтагмада баяу қарқынмен, ал соңғы синтагмада тоналды диапазон мәндерінің үлкен көрсеткіштерімен ерекшеленген. Бұдан тыныс белгінің сөйлем айтылу мәнеріне әсері көрінеді: сызықшамен берілген бұл сөйлем салыстырмалық, қарама-қарсылық қатынасты білдіреді; ал мұндай салаластың бірінші компонентіндегі ой соңғысымен салыстырыла жұмсалып, екеуінің бірге айтылғанда ғана тиянақты

ойды білдіретін белгілі. Сол себепті болу керек, сөйлемнің екі бөлігі де I дикторда бірдей маңыздылықта айтылған.

II дикторда да осы көрініс байқалады. Бірінші сөйлемнің алғашқы (202 мс. - 178 мс.), екінші сөйлемнің соңғы (137 мс. - 195 мс.) – үлкен синтагмалары баяу берілген.

Пауза. I дикторда синтагмалар аралығындағы пауза көлемі (550 мс., 450 мс.) басқа тыныс белгілерімен берілген сөйлемдердің паузаларынан үлкен.

II диктор бірінші сөйлемнің синтагмалары арасында 585 мс., екінші сөйлемде 550 мс. мөлшердегі пауза жасаған. Бірінші сөйлемде бұның мәні жақшамен берілген сөйлемнен ғана кіші, ал екінші сөйлемде басқатыныс белгілерімен берілген сөйлемдерден үлкен болып келген. Сөйлемнің компоненттері арасындағы қарама-қарсылық қатынасты көрсетуге бұл параметрдің де қатысып тұрғаны байқалады, себебі қарсылық мәндегі сөз бөліктері интонацияда үлкен паузамен ажыратылатыны белгілі.

Жақша. Жақша көбінесе қыстырма сөздер мен сөйлемдерді ерекшелеп тұрады. Мұндай сөздерге А.Б. Шапиро былай деп сипаттама берген: «...вставочные предложения появляются тогда, когда определенная структура предложения уже намечена, когда возникает необходимость в каком то добавлении <...>, когда вставка синтаксически не связана с основным предложением, то она выделяется паузами, интонационно же совершенно самостоятельна, то есть имеет такую же интонацию какую имела бы, будучи употребленной в качестве части предложения или в качестве самостоятельного предложения. Если же вставка находится в тех или иных синтаксических отношениях с основным предложением, то она имеет интонацию, которая непосредственно связана с характером этих отношений и выделяется при помощи пауз» (Шапиро, 1967, 306-307 б.).

Жылауық күз емес (желді күз еді);

Есік алды тар (адам аяқ алып жүргісіз).

Алғашқы мысал интонациясы А.Б. Шапироның соңында көрсеткен сипаттамасына сәйкес келу керек сияқты. Себебі бұл сөйлем компоненттері арасында синтаксистік байланыс түрі екінші сөйлемдегімен салыстырғанда күшті көрінеді. Ал соңғы мысалдың интонациясына автордың бірінші сипаттамасы сәйкес, өйткені жақшаға алынған компонент негізгіге қосымша ретінде

қолданылып, олардың арасындағы синтаксистік байланыс әлсіз болып берілген. Осы пікірдің дұрыстығын тексеріп көрейік.

Әуен. I дикторда екі сөйлемнің де соңғы синтагмасының тоналды диапазон көлемі (8 жт., 6 жт.) алғашқы синтагма диапазонынан (6 жт., 4 жт.) кең. Бұл – сөйлем ішінде соңғы компоненттің, яғни жақша ішінде берілген ойдың сөйлем мазмұны үшін маңызды екенін көрсетеді. Бірақ екінші сөйлем соңғы синтагмасы тоналды диапазонының сандық шамасы басқа тыныс белгілермен келген сөйлем ішіндегі ең кішісі, ал бірінші сөйлемде ол үтірмен берілгенінен ғана үлкен.

Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні бірінші сөйлемде -2 жт.-ға, екіншісінде +4 жт.-ға тең.

II дикторда бірінші сөйлемнің соңғы, жақша ішіндегі синтагмасы (9 жт. - 11 жт.), ал екінші сөйлемнің алғашқы синтагмасы (11 жт. - 10 жт.) кең диапазонмен берілген. Бірінші сөйлемнің кең диапазонмен ерекшеленген синтагмасының мәні үтірмен берілген сөйлемдегі осы синтагма диапазон мәнінен ғана үлкен де, басқаларынан кіші. Ал екінші мысалдың осы тыныс белгісі қолданылған сөйлемінің ғана соңғы синтагмасының диапазоны алғашқысынан тар. Сонымен, жақшамен берілген құрмалас компоненті диапазон көлемі басқа сөйлемдердегі осы компоненттер диапазонынан тар болып айтылған. Бұл – пунктуацияның әсерінен болған өзгеріс.

Қарқын. I дикторда I сөйлемнің екі синтагмасы да бірдей қарқында (165 мс.) беріліп, екінші сөйлемнің жақшаға алынған компоненті (124 мс., 190 мс.) жылдам айтылған. II диктор екі сөйлемнің де жақша ішінде берілген компонентін жылдам қарқынмен айтқан. Бұл диктордың екінші сөйлемінің қарқынмен тоналды диапазон өзгерістері тыныстықтың мағынасын мейлінше анық көрсетіп тұр, өйткені мұнда соңғы синтагма тар диапазонмен, жылдам қарқынмен – алғашқы компонентке, маңызды бөлікке қосымша ретінде айтылған.

Пауза. I дикторда жақшаға алынған синтагма алдындағы пауза екі мысалда бірдей, 100 мс.-қа тең. Бұл – басқа тыныс белгілермен келген сөйлемдердегі паузалар ішіндегі ең кішісі. II дикторда бірінші сөйлемдегі пауза (660 мс.) басқаларының бәрінен үлкен, ал екінші сөйлемде (440 мс.) үтірмен берілген сөйлемдегі паузадан ғана үлкен болып сипатталған.

Қорытынды. Сонымен, екі сөйлемде үтірмен берілген мысалдар алғашқы синтагмасының, ал қос нүктемен берілгенінің соңғы синтагмасының көлемі кең диапазонмен сипатталғаны және жақшаға алынған компонент диапазонының басқаларынан тар болғаны байқалды. Тыныс белгісінің өзгеруіне қарамастан, I дикторда бірінші сөйлемнің алғашқы синтагмасы тиянақты, екіншісінікі – тиянақсыз әуенмен, ал II дикторда екі сөйлемнің де алғашқы синтагмалары тиянақсыз әуен мәнінде айтылған. Сондықтан бұл көрсеткіш сөйлем пунктуациясына емес, оның мағыналық, синтаксистік құрылымына байланысты деуге болады.

Қарқын көрсеткіштерінің де сөйлемдерде тұрақты түрде өзгеріп отырмағаны белгілі, тек қана сызықшамен берілген сөйлем алғашқы синтагмасының баяу, ал жақша ішіндегі синтагманың жылдам айтылуы екі сөйлемге де тән болып отырды. Төмендегі кестеге қараңыз.

1-кесте. I диктор оқылымындағы соңғы синтагмалар қарқыны

Тыныс белгілері	1-сөйлем	2-сөйлем
<i>үтір (,)</i>	183 мс.	142 мс.
<i>қос нүкте (:)</i>	186 мс.	145 мс.
<i>сызықша (-)</i>	167 мс.	135 мс.
<i>жақша ()</i>	165 мс.	124 мс.

2-кесте. II диктор оқылымындағы соңғы синтагмалар қарқыны

Тыныс белгілер	1-сөйлем	2-сөйлем
<i>үтір (,)</i>	210 мс.	160 мс.
<i>қос нүкте (:)</i>	208 мс.	202 мс.
<i>сызықша (-)</i>	178 мс.	195 мс.
<i>жақша ()</i>	138 мс.	168 мс.

Кестедегі мәндерден жақшамен берілген соңғы синтагманың басқа тыныс белгілерімен айтылған сөйлем синтагмаларынан жылдам, ал қос нүктемен берілген сөйлемнің бұл синтагмасының созылыңқы айтылғанын көруге болады. Демек, сөйлем мағынасы тыныс белгісі мен осы интонациялық шама (параметрі) арасындағы тура байланыс арқылы беріліп тұр.

Пауза көрсеткіштерін салыстыра келе, тыныс белгілеріне қарай, оның ұзақтылығының өзгеріп отыратыны байқалды. Интонацияның бұл параметрі құрмалас компоненттері арасындағы тыныс белгілерін айқындаушы негізгі шама болып табылады.

3-кесте. I диктордың пауза өзгерістері

Тыныс белгілер	1-сөйлем	2-сөйлем
<i>үтір (,)</i>	250 мс.	280 мс.
<i>қос нүкте (:)</i>	350 мс.	350 мс.
<i>сызықша (-)</i>	550 мс.	450 мс.
<i>жақша ()</i>	100 мс.	100 мс.

4-кесте. II диктордың пауза өзгерістері

Тыныс белгілері	1-сөйлем	2-сөйлем
<i>үтір (,)</i>	350 мс.	350 мс.
<i>қос нүкте (:)</i>	540 мс.	490 мс.
<i>сызықша (-)</i>	585 мс.	550 мс.
<i>жақша ()</i>	660 мс.	440 мс.

Жоғарыдағы кестеден I диктор үшін пауза көлемі мен тыныс белгілері арасында қатынас мынадай түрде $(-) > (:) > (,) > ()$, ал II диктор үшін бірінші сөйлемде $() > () > (:) > (,)$, екінші сөйлемде $(-) > (:) > () > (,)$ түрлерінде берілді. Қазақ тілінде жақша үшін пауза мөлшерінің әлі тұрақтанбағанын, ал басқа тыныс белгілері үшін келесі түрде $(-) > (:) > (,)$ қалыптасқанын сөйлемдер синтагмалары оның арасындағы қатынасынан айқын көрініп тұр. Бұл қазақ тілінің тыныс белгілерінің айтылу ерекшелігі болуы керек. Сонымен, пунктуациялық таңбалардың тұрақты интонациялық көріністері болмайтынына көз жетті. Алайда, олардың арасында сәйкестіктердің де бар екені және оның әсіресе пауза үшін тұрақты болатыны анықталды.

Салалас компоненттері синтаксистік тұрғыда тең дәрежелі жай сөйлемдерге ұқсас болғанымен, олардың арасындағы мағыналық қатынас үзілмейді, сондықтан алғашқы компоненттің мағынасын келесі компонент толықтырып, айқындап тұрады. Бұл интонацияда негізінен әуеннің тиянақсыз мәнімен беріледі.

Сонымен бірге алғашқы компоненттің тиянақты әуенмен айтылуы да аз кездеспейді. Бұл фактілер салалас компоненттері арасындағы байланыстың (әлсіз/күшті) түріне және жалғаулық-тың сөйлем синтагмаларындағы орнына байланысты болатыны анықталды. Мәселен, компоненттер арасында мағыналық байланыс күшті болса немесе жалғаулық алғашқы компонент соңында тұрса, онда оның әуен сызығы соңына қарай жоғары көтеріліп, тиянақсыз мәнді береді: *Екеуі судан өтті де // Айгүлді қарсы алды; Жылауық, күз емес - // желді күз еді*. Егер сөйлем компоненттері арасында мағыналық байланыс әлсіз болса, жалғаулық соңғы компонентте қолданылса, жоғары деңгейден басталған әуен контуры алғашқы компонент соңына қарай төмендеп, тиянақты мәнді көрсетеді: *Ертең жұмыс еді // сондықтан олар ерте жатты; Есік алды тар // (адам аяқ, алып жүргісіз)*. Соңғы жағдайда алғашқы компонент әуен сызығы көбінесе соңғы компонент әуен сызығынан жоғары тоналды деңгейде өрнектеледі, өйткені сөйлем соңына қарай дауыс бәсеңдеп, негізгі тон жиілігінің ең кіші мәнінде тынады. Бұдан құрмалас компоненттеріндегі дауыс ағымы олардың арасындағы кідірістің ұзақтылығына қарамастан, үзілмей, ұласып жататынын көреміз. Осы көріністі Қ.Есенов «ұласпалы интонация» деп, жалпы құрмаластарға тән екенін айтады (Есенов, 1995, 13 б.). Ұласпалы интонацияның сабақтастан салаластағы ерекшелігі оның паузасының кіші мөлшерде болуымен байланысты.

Салалас сөйлемдердің жалғаулықсыз түрлерінде қарқын, негізгі тон жиілігі, интенсивтілік үлкен мәндерге ие болып, бұл сөйлемдердің айтылу интонациясын өтем заңына сәйкес қоюландыра түсетіні, жалғаулықтардың барлық сөйлемдерде интенсивтілік мәні арқылы ерекшеленіп отыратыны белгілі болды.

Сонымен қатар паузаның келесі түрде тыныс белгілеріне қатысы анықталды: **P=(-)>(:)>(,)**. Жақша үшін қазақ тілінде пауза мөлшері әлі тұрақтанбағаны оның жоғарыдағы қатынастың бірде алдында, бірде соңында тұратынынан көрінеді. Ал жақша ішінде берілген синтагма төмен тоналды деңгейде тар диапазонмен қыстырма интонемасы арқылы берілетіні байқалды. Сонымен салалас сөйлемдер синтагмалары тиянақты, тиянақсыз, қыстырма сегменттердің интонемалары арқылы айтылатыны белгілі болды.

2.5 Сабақтас құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері

«Сабақтас құрмалас деп ондағы синтаксистік компоненттердің бағыныңқы және басыңқы сөйлем ретінде жұмсалып, алғашқысының тиянақсыз тұлғадағы баяндауышы арқылы басыңқыға тәуелді, бағына жұмсалған түрін айтамыз» (Есенов, 1995, 51 б.). Төменде бұл сөйлемдердің пысықтауыштық және қатыстық бағыныңқылы, үлестес сабақтас түрлерін қарастырамыз. Пысықтауыштық бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің мағыналық түрлеріне жеке-жеке мысалдар алынып талданды. Мұндағы негізгі мақсат аталған сөйлемдердің айтылу ерекшеліктері мен ұқсастықтарын байқау болып отыр. Сонымен бірге интонацияның сөйлем компоненттерінің орны ауысқандағы көрінісі де анықталды.

2.5.1 Пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің интонациялық көріністері. 1-мысал. *Егін пісіп қалған соң, Жақсылық қимылдап жатыр.* Бұл синтетикалық тәсілмен жасалған себеп бағыныңқылы пысықтауыштық сабақтас сөйлем компоненттері дикторлар оқылымында салыстырмалы түрде кіші паузамен үзіліп, алғашқы компоненті негізгі тон жиілігінің бәсеңкөтеріңкі сызығымен, яғни әуеннің тиянақсыз мәнімен берілген.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагмада *соң* шылау сөзін ерекшелеген. Оның негізгі тон жиілігі (223 Гц.) мен интенсивтілігінің (32 дб.) сандық мәндері басқа буындар мәнінен әлдеқайда үлкен. Осы параметрлердің келесі шамаларымен (202 Гц., 31 дб.) *егін* сөзі берілгендіктен, оны синтагма мазмұны үшін маңызды болғанын түсінуге болады. Екі синтагманың тоналды диапазоны бірдей (7 жт.) келіп, оладың интервалы болымсыз мәнді (-6 жт.) көрсетеді. Бұл алғашқы синтагманың – бағыныңқы компоненттің тиянақсыз әуенмен берілгенін білдіреді. Синтаксисте осы компоненттің негізгіге тәуелділігі оның баяндауышының тиянақсыз тұлғасы арқылы берілетінін ескерсек, бұл сөйлемде оның (синтаксистің) интонациямен тура (симметриялық) қатынаста тұрғаны көрінеді.

II диктор оқылымының I диктордан айырмашылығы көп емес: онда ой екпінімен синтагманың алғашқы *егін* сөзі айтылып (201 Гц., 36 дб.), келесі ерекшеленгені *соң* (170 Гц.) шылауы болып

тұр. Екі синтагманың тоғысқан жеріндегі интервал болымсыз (-4 жт.) мәнде берілген.

Қарқын. I диктор алғашқы синтагманы (198 мс.) соңғысынан (163 мс.) баяу айтқан. II дикторда буын саны жағынан үлкен болып келген соңғы синтагма (227 мс.) бірінші синтагмадан (211 мс.) созылыңқы берілген. Буын саны кеміген сайын қарқынның баяулай түсу тенденциясы I диктор оқылымында көрініс тапқан. Ал II дикторда бұл байқалмады.

Пауза. Дикторлар синтагмалар арасында көлемі жағынан салалас құрмалас сөйлемдегі паузадан біршама кіші пауза жасаған (250 мс., 270 мс.).

2-мысал. *Абай үйге кіргенде, Әбиі хатты оқып шықты.*

Бұл сөйлем синтетикалық жолмен жасалған мезгіл бағыныңқылы пысықтауыштық сабақтас түріне жатады.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор интонациялық үш параметр (әуен, интенсивтілік, ұзақтылық) арқылы алғашқы синтагманың *кіргенде* сөзінің соңғы буынын ерекшелеген: бұл сөзге ой екпіні де, синтагмалық екпін де қатар түсіп тұр (229 Гц., 34 дб., 275 мс.). Синтагма соңында негізгі тон жиілігінің сызығы жоғары көтеріліп, ең үлкен мәніне келеді. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымсыз (-8 жт.) мәнді көрсетіп тұр. Жоғарыдағы параметрлердің келесі сандық шамаларымен (190 Гц., 33 дб.) *үйге* сөзі берілген. Екінші синтагмада *Әбиі* бастауыш сөзіне ой екпіні түсіп (175 Гц., 16 дб.), одан кейін *хатты* сөзі ерекшеленіп (170 Гц., 13 дб.), маңызды ретінде берілген.

Тоналды диапазон көлемі 8 жт. болатын алғашқы синтагма негізгі тон жиілігінің контуры II-IV деңгейлерде, ал диапазоны 6 жт. соңғы синтагма контуры I-III тоналды деңгейлер аралығында өрнектелген. Бұдан алғашқы синтагманың соңғысына қарағанда кең диапазонмен айтылып, одан жоғары интонациялық деңгейде берілгені көрінеді. Егер салалас сөйлемде бұл кейбір жағдайда синтагманың, яғни сөйлем компонентінің маңыздылығымен түсіндірілетін болса, сабақтаста оның – алғашқы компоненттің соңғы синтагмаға – басыңқы компонентке тәуелділігімен, онымен ұласып бүтін сөйлем ретінде айтылып тұрғанымен түсіндіруге болады. Себебі салалас сөйлем компоненттерінің тұлғалық дербестігі олардың мағыналық байланысына қарамастан, интонацияда өз көрінісін компоненттер арасындағы үлкен пауза арқылы, алғашқы компоненттің тиянақты әуенімен, кейде соңғы

компоненттің диапазонының кең болып келуімен және олардың бірдей тоналды деңгейлерде берілуімен көрініп отырады; ал сабақтас компоненттері арасындығы тұлғалық және мағыналық тәуелділік, тығыз синтаксистік байланыс болғандықтан, оның инто-нациясы жай сөйлем айтылуына ұқсас келеді, яғни алғашқы синтагма (бағыныңқы компонент) соңында әуен контуры жоғары көтеріліп, соңғы синтагмада (оның басыңқы компонент сөйлемнің негізгі бөлігі болғанына қарамастан) төмендеп барып, жиіліктің ең кіші мәнінде тынады. Демек тоналды диапазон сияқты әуен көрсеткіші сабақтас құрмалас сөйлемнің интонациялық көрінісінде мағыналық маңыздылықтың басымдығын емес, көбінесе бағыныңқы компонент тәуелділігін, мағыналық-синтаксистік тығыз байланысты білдіреді.

II диктор екі синтагманың да *Абай* (195 Гц.), *Әбиш* (135 Гц.) бастауыш сөздерін ерекше айтқан, олар күшейткіш пауза (115 мс., 210 мс.) арқылы бөлінген. Бұл сөздер негізгі тон жиілігінің жоғары мәндерімен берілсе, интенсивтіліктің үлкен шамаларымен күшейткіш паузадан кейін тұрған *үйге* (29 дб.), *хатты* (24 дб.) сөздерінің алғашқы буындары ерекшеленген. Дикторда алғашқы синтагма I-IV тоналды деңгейлер аралығында 10 жт. диапазонмен, ал соңғы синтагма I-II деңгейлерде 7 жт. диапазонмен берілген. Алғашқы синтагма соңғы буынының негізгі тон жиілігі синтагма ішінде екінші үлкен мәнді (145 Гц.) көрсетеді: сөз бөлігі соңында әуен контуры жоғары көтеріліп, синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні болымсыз (-6 жт.) келген.

Қарқын. I диктор алғашқы синтагманы (190 мс. - 160 мс.), II диктор соңғы синтагманы (240 мс. - 256 мс.) баяу айтқан. I диктор оқылымынан қысқа синтагманың маңыздылығының қарқын арқылы берілгенін байқаймыз, ал II диктор буын саны үлкен соңғы синтагманы баяу айтып ерекшелеген.

Пауза. Екі диктор да салыстырмалы түрде синтагмалар арасын кіші мөлшерлі паузамен бөлген (I диктор – 190 мс., II диктор – 400 мс.).

4-мысал. *Құлық-мінезі үйлесіп, әзілдері жарасады.*

Берілген сөйлем синтетикалық жолмен жасалған қимыл-сын бағыныңқылы пысықтауыштық сабақтасқа жатады.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор оқылымында негізгі тон жиілігінің жоғары мәнімен (220 Гц.) *мінезі* сөзінің алғашқы

буыны беріледі. Синтагмадағы *үйлесін* сөзіне ой екпіні түсіп, оның ортаңғы буыны интенсивтіліктің жоғары шамасымен (37 дб.) және негізгі тон жиілігінің екінші мәнімен (202 Гц.) ерекшеленген. Диктор екі синтагманы да бірдей, салыстырмалы тұрғыда тар диапазонда (4 жт.), алғашқысын (III-IV) соңғысынан (I-II) жоғары тоналды деңгейде берген. Олардың тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні - 6 жт. болымсыз мәнді көрсетеді.

II диктордың алғашқы синтагмасының әуен контурында *құлық* сөзі жоғары мәнімен (190 Гц.) көрінеді. Ал интенсивтілік (42 дб.) пен ұзақтылық (215 мс.) арқылы *мінезі* сөзінің екінші буыны беріліп, ол ой екпінімен айтылған. Осы параметрлер соңғы синтагманың *әзілдері* сөзінің алғашқы буынын ерекшелеген (23 дб., 200 мс.). Бұл синтагмада негізгі тон жиілігінің жоғары шамасы (135 Гц.) *жарасады* баяндауышының алғашқы буынына келген. Дикторлардың екеуінде де бұл сабақтастың бағыныңқы компоненті тиянақсыз, ал басыңқысы тиянақты әуен контурымен берілген.

Қарқын. Берілген сөйлем бөліктерінің буын саны бірдей болғанына қарамастан, дикторларда алғашқы синтагма баяу қарқынмен сипатталған (I дикторда 156 мс. - 150 мс; II дикторда 192 мс. - 177 мс.). Салалас сөйлемде қарқынның бұлай берілуін синтагманың маңыздылығымен байланыстыруға болар еді. Ал сабақтасқа келгенде бұл пайымдауға сүйенген дұрыс болмайды, себебі салалас компоненттері теңдестік дәрежеде байланысқан болса, сабақтаста бағыныңқы компонент басыңқыға тәуелді, бағынышты келеді. Сондықтан мұндай сөйлем бөліктері салаластағыдан кіші паузамен бөлініп, бір фонациямен, алғашқысы тиянақсыз, соңғысы тиянақты әуен мәндерімен айтылады да, олардың интонациялық көрінісі екі мүшелі жай сөйлем көрінісіне ұқсас болып (Щерба, 1953, 205 б.) келеді. Сол себепті бұл жерде қарқынның баяулағанын алғашқы компонент маңыздылығымен емес, жалпы сөз бөлігі алғашқы буындарының созылыңқы, соңғыларының жылдам айтылу дағдысымен байланыстыру дұрыс саналды.

Пауза. I диктор синтагмалар арасын 250 мс., II диктор – 300 мс. мөлшердегі паузамен бөлген.

4-мысал. *Егер жігіт жетсе, қыздың бетінен сүйеді.*

Бұл шарт бағыныңқылы пысқтауыштық сабақтас сөйлем аналитикалы-синтетикалық жолмен құрмаласқан.

Әуен мен интенсивтілік. I дикторда алғашқы синтагманың интенсивтілік контурында *егер* жалғаулығының соңғы буыны (52 дб.) ерекшеленсе, негізгі тон жиілігінің контурында *жетсе* сөзінің алғашқы буыны (245 Гц.) жоғары мәнге ие болып тұр. Мұнда ой екпіні жалғаулыққа түскен, себебі оның интенсивтілігінің санды мәні салыстырмалы түрде ең жоғары деңгейде берілген. Екінші синтагмада *қыздың* сөзінің соңғы буыны созылыңқы айтылып, негізгі тон жиілігінің жоғарғы (190 Гц.) мәнімен сипатталған, ал интенсивтілік арқылы *бетінен* сөзінің алғашқы буыны (29 дб.) ерекшеленген. Ой екпіні бұлардың соңғысына түсіп тұр. Дикторда екі синтагма да алдыңғы мысалдарымен бірдей (8 жт.) тоналды диапазонмен, алғашқысы (II-IV) соңғысынан (I-III) жоғары деңгейде өрнектеліп берілген. Алғашқы синтагма негізгі тон жиілігінің көтеріңкі-бәсең сызығымен беріліп, синтагмалар тоғысқан жеріндегі интервал (-1 жт.) болымсыз мәнге ие болған.

II диктор алғашқы синтагманың *егер* жалғаулығына ой екпін түсірген (38 дб., 157 Гц.). Бұл синтагманың әуен контурында *жігіт* сөзі де (157 Гц.) жоғары мәнімен көрініп тұр. Екінші синтагмада *қыздың* сөзіне (24 дб., 140 Гц.) ой екпіні түсіп тұр. Негізгі тон жиілігінің жоғары мәнімен (140 Гц.) *бетінен* сөзінің соңғы буыны да берілген. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал (-1 жт.) болымсыз, яғни алғашқы синтагма әуеннің тиянақсыз мәнімен сипатталған. Оның диапазон көлемі (6 жт.) соңғы синтагма көлемінен (10 жт.) тар болып келген. Демек, диктор диапазон көрсеткіші арқылы соңғы синтагманың – басыңқы компоненттің мағынасының маңыздылығын білдірген. Алғашқы синтагма (II-III) әдеттегідей соңғысынан (I-II) жоғары тоналды деңгейде берілген.

Қарқын. I диктор алғашқы синтагманы (170 мс.) соңғысынан (175 мс.) жылдамдық айтқан. Ал II дикторда буын саны жағынан кіші болып келген алғашқы синтагма баяу (275 мс. - 213 мс.) қарқынмен сипатталған.

Пауза. Дикторлар синтагмалар арасын шамасы кіші мөлшерлі паузамен бөлген (I диктор – 270 мс; II диктор – 310 мс.).

5-мысал. *Егер жете алмаса, кейін қашады.* Бұл сөйлем де алдыңғы сөйлем сияқты реалды шарт бағыныңқылы сабақтасқа जाताды. Бірақ оның бағыныңқы компонентінің баяндауышы шартты рай тұлғасындағы етістіктің болымсыз түрінде жұмсалған.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагмада ой екпінін *егер* жалғаулығына түсірген. Оны ерекшелуге интенсивтіліктің мәні (52 Гц.) қатысқан да, негізгі тон жиілігінің жоғары мәнінде *алмаса* сөзінің екінші буыны (235 Гц.) берілген. Әуен контурының синтагма бойындағы қозғалысынан негізгі тон жиілігі мәндерінің оның алғашқы буыннан бастап ең жоғары шамасымен берілген буынына дейін өсіп отырғанын (156 Гц., 168 Гц., 202 Гц., 223 Гц., 230 Гц., 235 Гц.) байқауға болады. Ал соңғы буынға келгенде тонның күрт төмендеп, синтагмадағы ең кіші мәнімен берілгенін (113 Гц.) диктордың сөз бөлігі соңына қарай дауысын бәсеңдеткенімен түсіндіру керек сияқты. Интенсивтілік контурында да жалғаулықтан кейінгі үлкен шамалармен (40 дб.) *алмаса* сөзінің алғашқы екі буыны көрінген де, оның соңғы буыны салыстырмалы түрде төменгі деңгейдегі интенсивтілікпен (17 дб.) берілген (Көбінесе бір-бірімен тығыз байланыстағы сөйлемнің басында немесе ортасында тұрған синтагмалардың соңғы буындарының интенсивтілігі салыстырмалы түрде орташа деңгейдегі мәндермен беріліп отырады).

Алғашқы синтагма тиянақты әуен контурымен өрнектеліп, оның соңғы синтагмамен тоғысқан жеріндегі интервалы болымды (+6 жт.) мәнінен көрінген. Әйтсе де, алғашқы синтагма (I-IV), әдеттегідей, соңғысынан (I-III) жоғары тоналды деңгейде айтылған. Соңғы синтагма ішінде *кейін* сөзінің алғашқы буыны – интенсивтіліктің (35 дб.), соңғы буыны – негізгі тон жиілігінің (185 Гц.) үлкен шамаларымен сипатталды. Синтагмалардың тоналды диапазон берілгендері (алғашқы синтагма – 12 жт., соңғысы – 7 жт.) диктордың алғашқы синтагманы ерекшелегені көрінеді.


II диктор оқылымы біріншісіне көп ұқсас болып келген. Бұл дикторда да алғашқы синтагма ішінде интенсивтіліктің жоғары мәні (29 дб.) арқылы *егер* жалғаулығы ой екпінімен айтылған. Ал негізгі тон жиілігінің үлкен сандық шамасында (190 Гц.) *алмаса* сөзінің бірінші буыны берілген. Бірақ синтагманың соңғы буыны негізгі тон жиілігінің емес, интенсивтіліктің (6 дб.) ең кіші мәнімен айтылған. Бұдан екі диктордың да берілген сөйлемнің алғашқы синтагмасын соңына қарай күрт бәсең дауыспен айтқаны байқалады. II дикторда алғашқы синтагма соңында жиілік мәні кіші болғанымен (125 Гц.), соңғы синтагма әуен контуры одан төмен деңгейдегі шамадан басталады. Сондықтан синтагма тиянақсыз әуен мәнімен берілген. Соңғы синтагмада *кейін* сөзі


жиілік пен интенсивтілік арқылы (124 Гц., 24 дб.) ерекшеленген. Бұл дикторда да алғашқы синтагманың тоналды диапазоны (11 жт.) соңғысынан (7 жт.) кең болып келген.

Қарқын. I диктор екі синтагманы да мөлшері бірдей қарқында айтқан (164 мс., 162 мс.). II диктордың буын саны үлкен алғашқы синтагманы (216 мс.) соңғысынан (210 мс.) сәл ғана созылыңқы бергені болмаса, шамамен бірдей қарқында айтқан деуге болады.


Пауза. Дикторлар, әдеттегідей, синтагмаларды салыстырмалы түрде мөлшері кіші паузамен бөліп айтқан (1д.-200 мс., 2д.-360 мс.).

Сонымен, төртінші, бесінші мысалдардың интонациялық көріністерінен келесі ерекшеліктерді байқауға болады: болымды түрдегі шарт бағыныңқылы сабақтастың алғашқы компоненті соңында тұрған баяндауыштың соңғы буындарында негізгі тон жиілігінің сызығы жоғарылай түссе, болымсыз түріндегі сөйлемнің баяндауышында болымсыздық *-ма* жұрнағына дейін жоғары деңгейге көтеріліп, соңғы буында (*-са* шартты рай жұрнағында) күрт түседі; шарт бағыныңқылы сабақтастың болымды түрінің алғашқы компоненті соңғысымен бірдей немесе одан тар диапазонмен сипатталып отырса, болымсыз түрінде көбінесе кең тоналды диапазонмен беріліп отырады. Демек, жоғарыдағы сөйлемнің мағыналық ерекшелігі баяндауышының тұлғасымен ғана емес, интонациясы арқылы да анықталатыны көрінеді. Осы мысалдардың интонациялық сызықтарын салыстырып көрейік.





Құлық-мінезі үйлесіп, әзілдері жарасады.



Егер жігіт жетсе, қыздың бетінен сүйеді



Берілген мысалдардың бағыныңқы компоненті басыңқыдан бұрын орналасқан. Бұл – барлық түркі тілдерінің сабақтас сөйлемдеріне тән құбылыс.

Бағыныңқы компоненттің орнына қарай бұл пысықтауыштық сабақтастардың айтылуынан төмендегідей ерекшеліктерді байқауға болады.

1. Сөйлемнің алғашқы синтагмасы – бағыныңқы компоненті соңғы синтагмаға – басыңқы компонентке мағыналық-синтаксистік тәуелдігіне, бағыныштылығына қарамастан, көбінесе кең немесе онымен бірдей диапазонмен өрнектеліп отырады;

2. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні болымсыз келіп, алғашқы синтагма мағыналық-синтаксистік тәуелділікті білдіретін тиянақсыз әуен контурымен беріледі;

3. Алғашқы синтагманың соңғы буынының интенсивтілігінің шамасы салыстырмалы түрде алғанда орта деңгейдегі мәндерден басталып, жоғарылап барып, соңғы синтагманың соңғы буынында ең кіші мәнде тынады;

4. Жалғаулық немесе шылау сөздер бағыныңқы компоненттің қай жерінде – басында, ортасында, соңында қолданылса да,

әрдайым интенсивтіліктің жоғары мәндерімен ерекшеленіп, ой екпінмен айтылып отырады;

5. Синтагмалар арасы көбінесе мөлшері кіші немесе орта мөлшерлі паузамен бөлініп айтылады.

2.5.2 Түсіндірмелі сабақтас сөйлемдердің интонациялық көріністері. Сабақтастың бұл түрі Қ.Есеновтың таптастыруы бойынша пысықтауыштық (бір жақты) қатынастағы сөйлемдер тобында қарастырылған. Бірақ олардың осы топтағы сөйлемдердің басқа түрлерінен айырмашылығы – айқындаушы, түсіндіруші қыз-метті бағыныңқының емес, басыңқының атқаратыны болып табылады. Сондықтан бұл сөйлем «түсіндірмелі бағыныңқылы» емес, «түсіндірмелі сабақтас» деп аталған. Мұнда бағыныңқы компонентте берілген ойдың мән-мағынасы басыңқы компонентте ашылады. Ал олардың бағыныңқысының жасалу жолы осы топтағы басқа сөйлем түрлеріндегідей болып келсе, басыңқысының құрамында көбінесе сілтеу есімдіктерінің болуымен, олардың бір ғана сөзбен берілуімен ерекшеленеді. Бұл сөйлемдердің компоненттері арасындағы қатынас түрі интонация параметрлерінің өзгерістерінен көріне ме, әлде олардың интонациялық сипаты басқа сабақтас сөйлем түрлерінің айтылу сарынынан ерекшеленбейді ме – осы сұрақтардың жауабына шешім іздеу алдағы талаптың бірі.

1-мысал. *Сенің малың кетсе, ол – азаматтың құны.*

Дикторлар соңғы синтагма ішінде *ол* сілтеу есімдігінен кейін сөйлемнің мазмұнын беруде маңызды болып табылатын пауза жасаған. Оның көлемі синтагмалар арасындағы паузадан кіші болып келген. Бірақ ритмикалық пауза үшін олардың мәні үлкен: ритмикалық пауза синтагмалықтан шамамен екі есе кіші болу керек. Сондықтан мұны күшейткіш пауза ретінде қарастыру дұрыс саналды, ал олардың синтагма ішінде өзінің алдындағы немесе өзінен кейінгі тұрған сөзді әсерлеу үшін қолданылатыны белгілі.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың *сенің* сөзінің алғашқы буынның – интенсивтіліктің (32 дб.), соңғы буынның – негізгі тон жиілігінің (217 Гц.) жоғары мәндерімен ерекшелеген. Ал соңғы синтагманың *ол* сілтеу есімдігінің ерекше айтылғаны белгілі. Бұл сөз жиілік пен интенсивтілік мәндерінің жоғарғы деңгейінен көрінген (205 Гц., 28 дб.). Осы мәндердің екінші шамасында *азаматтың* сөзі сипатталып, екінші буыны

интенсивтілік (19 дб.), соңғы буыны негізгі тон жиілігі (174 Гц.) арқылы ерекшеленген. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал (-5 жт.) болымсыз мәнмен және алғашқы синтагма (5 жт.) соңғысынан (7 жт.) тар диапазонмен сипатталған.

II диктор бірінші синтагманың алғашқы тұрған сенің сөзінің бірінші буынның интенсивтіліктің (32 дб.), соңғысын негізгі тон жиілігінің (217 Гц.) жоғары шамаларымен берген. Соңғы синтагма ішінде диктор ол сөзіне ой екпінін (29 дб.) түсіріп айтып, әуеннің жоғары көрсеткіштерінің бірдей мәндерімен осы сөзді (155 Гц.) және *азаматтың* сөзінің соңғы буындарын сипаттаған.

Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымсыз (-8 жт.) мәннен көрініп, алғашқы синтагма негізгі тон жиілігінің бәсең-көтеріңкі сызығымен өрнектелген. Бұл дикторда да соңғы синтагманың тоналды диапазон көлемі (10 жт.) алғашқысынан (6 жт.) кең болып берілген.

Қарқын. Дикторлар алғашқы синтагманы (208 мс., 267 мс.) соңғысынан (173 мс., 216 мс.) созылыңқы айтқан. Мұның себебі, біріншіден, оның (6 буын) соңғысынан (7 буын) қысқарак болуымен, екіншіден, жоғарыда айтылғандай, сабақтас сөйлемнің компоненттерінің тұтасып, бір-біріне бағынып бір сөйлем ретінде берілетінімен байланысты. Әдетте, сөйлеу процесінде тиянақты ойды беретін сөйлемнің алғашқы бөліктері баяу қарқынмен басталып, сөйлем соңындағылары жылдамырақ айтылады, әрине, бұл – сөйлеушінің эмоция әсерінсіз сөйлеуіне тән ерекшелік.

Пауза. Дикторлар синтагмалар арасын мөлшері кіші паузамен бөлген: I дикторда пауза 350 мс., II дикторда – 200 мс.

2-мысал. *Шапқышыға жұрт көзін тіксе, – Байжан.*


I диктор алғашқы синтагманың *көзін* сөзіне логикалық екпін түсіріп, оның соңғы буынын интенсивтіліктің жоғары мәнінде (45 дб.) айтқан. Ал негізгі тон жиілігінің үлкен шамасынан *тіксе* сөзінің, яғни синтагманың соңғы буыны (250 Гц.) көрінген. Бірақ буын соңында жиіліктің сызығы төмендейді де оның 212 Гц. мәнінде дауыс үзіледі. Соңғы синтагма бұдан төмен деңгейдегі мәннен басталып (157 Гц.), биіктеу шыңына көтеріліп (256 Гц.), сөйлем жиіліктің жоғары деңгейінде (234 Гц.) аяқталады. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал (-5 жт.) болымсыз мәнде, яғни алғашқы синтагма тиянақсыз әуенмен берілген. Ал тоналды диапазон мәндерінен (6 жт., 9 жт.) соңғы


синтагманың алғашқысынан кең екенін көреміз. Демек, диктор бір сөзден болған басыңқы компонент мазмұнының маңыздылығын интонацияның осы параметрі арқылы ерекшелеген.

II диктор бұл сөйлемді бірінші диктор оқылымнан бөлек, ерекше айтылу сарынымен берген. Біріншіден, ол алғашқы синтагманың басында тұрған *шапқынишыға* сөзін ой екпінімен (230 Гц., 48 дб.), оны сөйлем ішінде маңызды ретінде айтқан, екіншіден, диктор соңғы синтагманың Байжан сөзін сабақтастың барлық басыңқы компоненттерінің айтылуына ұқсас тар (12 жт. - 3 жт.) тоналды диапазонмен сипаттаған, үшіншіден, мұнда бірінші диктордағыдай соңғы синтагма жоғары тоналды деңгейде емес, әдеттегідей алғашқы тұрған сөз бөлігінен төмен деңгейде айтылған. Диктор барлық сабақтас сияқты бұл сөйлемнің де алғашқы синтагмасын – бағыныңқы компонентін тиянақсыз әуен контурымен береді, сондықтан синтагмалардың тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымсыз мәнмен (-4 жт.) сипатталған.

Қарқын. Дикторлар соңғы синтагманы (322 мс., 285 мс) алғашқысынан (195 мс., 217 мс.) баяу айтқан. Ал оның буын саны алғашқы синтагмадан 4 есе кіші. Демек, қарқын соңғы синтагманың – *Байжан* сөзінің мазмұнының маңыздылығын ерекшелеген. Бұл – интонациядағы буын саны азайған сайын қарқынның баяулай түсу тенденциясы арқылы іске асып тұр.

Пауза. Дикторлардың екеуі де синтагмалар арасында көлемі кіші пауза (195 мс., 250 мс.) жасаған.





Шапқышыға жұрт көзін тіксе, – Байжан.

Сонымен, берілген мысалдардың басқа сабақтас түрлерінің айтылу сарынынан көп ерекшеленбейтінін аңғаруға болады: олардың алғашқы синтагмасы тиянақсыз әуен контурымен; синтагмалар арасындағы пауза салыстырмалы түрде кіші болып беріледі. Ал қарқын мен тоналды диапазон көрсеткіштері жайында олардың төмендегідей өзгерістерін айтуға болады: сілтеу есімдіктерінің қатысуымен жасалған түсіндірмелі сабақтастың басыңқы компонентінің соңғы синтагмасының тоналды диапазоны алғашқысынан –бағыныңқы компонентінен кең болып беріледі, ал соңғы синтагма бір ғана сөзден құралған жағдайда, яғни оның буын саны алғашқысынан бірнеше есе кіші болса, қарқын көрсеткіші арқылы ерекшеленіп маңызды сөз бөлігі ретінде баяу айтылады. Осыған байланысты әдеттегідей айқындаушы қызметті бағыныңқы компоненті емес, басыңқысы атқаратын түсіндірмелі сабақтас сөйлемдердің соңғы синтагмасының (басыңқы компоненті) сөз бөлігі маңыздылығын сипаттайтын қарқын және тоналды диапазон сияқты интонация параметрлері арқылы ерекшеленетіні көрінеді. Бұл – сөйлем семантикасының тек синтаксис тәсілдері арқылы ғана емес, *интонациялық* тәсілдер арқылы да берілетінін тағы да дәлелдей түседі.

2.5.3 Интонация және сөйлем компоненттерінің орын тәртібі. Қазақ тілі құрмалас сөйлемдерінің бағыныңқы компонентінің басқа да түркі тілдеріне тән болып келетін тұрақты орны бар. «Егер үндіеуропа, соның ішінде орыс тілінде флекциялық жүйенің зор мүмкіндіктері болған соң, сөз тәртібі тек стильдік мақсатта ғана қолданылатын болса, қазақ тілінде ол синтаксистік рөл атқарады. <...> Бұл жерде атрибутты мағынадағы анықтауыш сөз орыс тілінде сын есім тұлғасында беріліп, анықталатын сөз бен септік, жекеше немесе көпше түр, род жалғауы арқылы

қиысса, түркі тілдерінде анықталатын сөзден бұрын тұратынымен қиысады» (Сауранбаев, 1982, 205 б.). Сондықтан сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компоненті басыңқыдағы – айқындап тұрған сөзінің алдында жұмсалынады. Дегенмен де, қазақ тілінде бағыныңқылары басыңқының ортасында, кейде аяғында қолданылатын құрмалас түрлері кездеседі. Бұлардың алғашқы түрі – бағыныңқы компонент алдында тұрған басыңқы бастауышының даралана айтылуымен, соңғысы стильдік құбылыспен тығыз байланыста болуымен түсіндіріліп жүр (Есенов, 1995, 109-110 б.). Сонымен бірге бағыныңқы компонентті сөйлем соңында қолдану – ауызекі сөйлеу тілінде көп кездеседі. Қ.Есенов мұндай сөйлемдердің С.Мұқанов шығармалары тілінде қолданыс тапқанын көрсетіп кеткен болатын (Есенов, 1995, 111 б.). Біздің болжауымызша, бағыныңқы компоненттің сөйлем соңында тұруы – оның интонациялық көрінісінің жақша ішінде берілген сөз бөлігіне ұқсас болатынымен ерекшеленетін сияқты. Себебі сөйлем басында берілген басыңқы компонентте негізгі ой айтылғаннан кейін соңғы компоненттегі ой оған қосымша ретінде қолданылып тұрады.

Осы болжал қаншалықты қисынға сиятынын және бұл сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері қандай тәсілдер арқылы берілетінін анықтау көзделіп отыр.

1-мысал. *а) Қырықты алқындырса да, оған сақал бітпей қойды. б) Оған, қырықты алқындырса да, сақал бітпей қойды.*

Берілген мысал қарсылықты бағыныңқылы пысықтауыштық сабақтастың аналитикалы-синтетикалық тәсілмен жасалған түріне жатады. *а) Қырықты алқындырса да, оған сақал бітпей қойды.*

Әуен мен интенсивтілік. І диктор бірінші сөйлемнің бірінші синтагмасында алғашқы *қырықты* және соңғы *алқындырса* сөздерінің соңғы буындарын, сонымен бірге да күшейткіш шылауын негізгі тон жиілігінің бірдей (223 Гц.) жоғары сандық шамасымен берген. Осы үш буынның ішінде үлкен интенсивтілікпен сипатталғаны – соңғысы (52 дб.). Бұл мәннің синтагманың соңғы буынын сипаттағанына қарамастан жоғары деңгейден көрінуі диктордың осы сөзге ой екіпінін түсіріп айтқанымен байланысты. Соңғы синтагма ішінде негізгі тон жиілігі мен интенсивтіліктің үлкен мәндері мен (186 Гц., 26 дб.) оған сөзінің соңғы буыны ерекшеленген. Негізгі тон жиілігінің келесі (170 Гц.)

шамаларымен *сақал* бастауыш сөзі берілген. Бұлардың алғашқысына ой екпіні түссе, соңғысы синтагма мазмұнын беруде маңыздысы ретінде дараланған. Алғашқы синтагма соңғысынан (9 жт.) екі еседей тар (5 жт.) тоналды диапазонмен айтылып, бәсеңкөтеріңкі тон сызығымен тиянақсыз мәнде берілген. Осыған орай синтагмалар тоғысындағы интервал мәні (-6 жт) болымсыз келген.

II диктор алғашқы синтагма ішінде *қырықты* сөзін негізгі тон жиілігі мен интенсивтіліктің жоғары мәндерімен (223 Гц., 44 дб.) ерекшелеп, ой екпінін түсіріп айтқан. Негізгі тон жиілігінің контурында *да* күшейткіш шылауы ерекше мәнге (187 Гц.) ие болған. Соңғы синтагмада диктор *бітпей* сөзіне интенсивтілік пен негізгі тон жиілігінің үлкен шамалары (29 дб., 138 Гц.) арқылы ой екпінін түсіріп айтқан. Бұл дикторда алғашқы синтагманы (8 жт.) соңғысынан кең тоналды диапазонмен негізгі тон жиілігінің бәсеңкөтеріңкі сызығымен өрнектеп, тиянақсыз мәнде берген. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні болымсыз (-8 жт.) болып сипатталды.

Қарқын. I диктор соңғы синтагманы (166 мс.) алғашқысынан (151 мс.) баяу айтса, II диктор оған кері алғашқы синтагманы (221 мс.) соңғысынан (192 мс.) созылыңқы берген. Ал синтагмалардың буын саны бірдей (8-буын) екенін ескерсек, алғашқы диктордың соңғы синтагманы, *яғни* басыңқы компонентті (*оган сақал бітпей қойды*), мазмұндық жағынан маңызды деп тапқанын байқауға болады.

Пауза. I диктор синтагмалар арасында көлемі орташа (390 мс), ал II диктор кіші (360 мс.) пауза жасаған.

Дикторлардың сөйлем оқылымындағы ұқсастықтары төмендегідей: алғашқы синтагма тиянақсыз мәнде беріліп, ондағы күшейткіш *да* шылауы синтагманың соңында тұрып, негізгі тон жиілігінің, интенсивтіліктің үлкен мәндерінен көрінген; синтагмалар арасы көлемі жағынан орта, кіші паузалармен бөлінген.

Төменде осы сөйлемнің компоненттерінің орны ауысқан түрі қарастырылды.

а) Оган, қырықты алқындырса да, сақал бітпей қойды.

Бұл сөйлемнің бағыныңқы компоненті басыңқының ортасында орналасқан, сондықтан басыңқы компонент екіге бөлініп, сөйлем аралары паузамен жіктелген үш синтагмамен айтылған:

Оған /қырықты алқындырса да /сақал бітпей қойды. Сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің басыңқының ортасында келуі тілімізде аз кездеспейді. Бұл басыңқы компоненттегі бір сөздің даралануымен, оған айрықша көңіл аударылып, оның ерекше мәнде айтылуымен тығыз байланысты. Берілген сөйлемнің субъектіне көңіл аудару үшін, ол пауза арқылы бөлініп (*Оған /қырықты алқындырса да...*) айтылған. Сөйлемнің осы – алғашқы синтагмасының маңыздылығын көрсетуге тек қана пауза қатыспайды, бұған интонацияның басқа да параметрлері үлестес болады, сонымен қатар оның акценттелу нүктесі өзгергеннен кейін жалпы интонациялық контуры да өзгереді. Сөйлемнің төмендегі сипаттамасына көңіл аударайық.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың (*оған*) соңғы буынын интонацияның үш параметрі арқылы ерекшелеген (234 Гц., 42 дб., 320 мс.). Бұл буын синтагмалары ең созылыңқы және негізгі тон жиілігінің жоғары мәндерімен берілген. Егер осы мәндерді жоғарыдағы сөздің бірінші (сөйлем компоненттері тұрақты орын тәртібімен орналасқан) мысалдағы мәндерімен салыстырылса, соңғыларының екінші мысалда жеке синтагма ретінде айтылған сөздің шамаларынан әлдеқайда кіші екені көрінеді: 186 Гц. - 234 Гц., 26 дб. - 42 дб. Демек екінші мысалда бұл сөз үлкен мағыналық салмаққа ие болып тұр.

Сөйлемнің екінші синтагмасында *да* күшейткіш шылауы интенсивтілігі (41 дб.), негізгі тон жиілігі (232 Гц.) мен ұзақтылықтың (300 мс.) үлкен мәндерінен көрініп, ой екпінімен айтылып тұр. Жоғарыдағы сипаттамадан сөйлемнің алғашқы екі синтагмасының да соңғы буындарында негізгі тон жиілігінің және интенсивтіліктің контурының көтерілгені байқалады.

Диктор соңғы синтагманың алғашқы тұрған *сақал* сөзінің соңғы буынына ой екпінін түсірген. Бұл сөзге интенсивтілік (26 дб.) пен негізгі тон жиілігінің (176 Гц.) синтагма ішіндегі үлкен мәндері тән болып тұр. Олардың сандық шамалары алғашқы синтагмалардың ой екпінімен берілген сөздердің мәндерін ең кіші екені аңғарылады. Синтагманың соңғы буыны әдеттегідей интенсивтіліктің ең кіші сандық шамасында аяқталған (2 дб.).

I диктор сөйлемнің үш синтагмасында бірдей тоналды диапазонда (8 жт.) берген. Алғашқы синтагма мен екінші синтагманың тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымсыз (-2 жт.) және

екінші мен соңғы синтагмалар интервалынан (-6 жт.) әлдеқайда кіші. Бұдан әуен сызығының алғашқы синтагма соңында күрт түсіп кетпей, екінші синтагма аяғында көтеріліп соңғысында төмен деңгейден басталғаны көрінеді.

II дикторда алғашқы синтагма көрінісі бірінші диктордағыдай: синтагма соңғы буыны келесі шамалармен айрықша айтылған -176 Гц., 36 дб., 325 мс. Екінші синтагмада *да* шылауы негізгі тон жиілігінің екінші мәнімен ғана ерекшеленіп берілгенде, ой екпіні *алқындырса* сөзінің алғашқы буынына келесі мәндер арқылы түскен – 180 Гц., 36 дб. Соңғы синтагмада интенсивтілік (23 дб.) пен ұзақтылықтың (240 мс.) жоғары шамалары арқылы *сақал* сөзі ерекшеленген, ал негізгі тон жиілігінің үлкен мәнінде (124 Гц.) *бітпей* сөзінің бірінші буыны берілген. Жұмыста ой екпінінің критерийіне интенсивтілік жоғары мәндерін алу принципін ұстанғандықтан, аталған сөздердің алғашқысы (*сақал*) ой екпінімен айтылған деген дұрыс.

II диктор алғашқы синтагманы 5 жт., екіншісін 10 жт., соңғысын 8 жт. диапазонда, бағыныңқы компонент – екінші синтагманы басқаларынан кең етіп берген. Синтагмалардың тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәндері болымсыз (-3 жт., -5 жт.) келген. Олардың мәндерінен сөйлем ортасындағы бағыныңқы синтагмамен соңғы синтагманың тоғысқан жеріндегі интервал сандық мәнінің үлкен екені көрінеді. Мұндай көрініс бірінші диктордың оқылымында да байқалған.

Қарқын. I диктор синтагмаларды бірдей тоналды деңгейде бергені ескерілсе, оның қарқын көрсеткіштерінің үлкен мәндері сөйлемдегі маңызды бөліктерді ерекшелеуші параметр болатыны анық. Ал сөйлемнің алғашқы синтагмасы басқаларынан баяу (235 мс.) айтылған. Соңғы синтагма (181 мс.) алғашқысынан жылдам болып берілгенімен, екінші синтагмадан (153 мс.) созылыңқы келген. Бұдан диктордың алғашқы синтагманы, яғни бағыныңқы компоненттің *оган* сөзін сөйлем ішінде мағынасы жағынан маңызды деп тапқаны және сөз ортасында қолданылған басыңқы компонентті қыстырма конструкция айтылуына ұқсас жылдам қарқында бергені белгілі болады.

II диктор оқылымынан да осыған ұқсас көрініс байқалады. Тек бір ерекшелігі мұнда екінші және соңғы синтагмалардың қарқын шамаларының айырмашылығы аз (202 мс., 209 мс.), сондықтан оларды мөлшері бірдей берілген деп алуға болады.

Сонымен қарқын параметрлерінен дикторлардың сөйлемнің алғашқы синтагмасына ерекше көңіл аударғаны анықталды.

Пауза. I диктордың пауза көрсеткіштерінен оның алғашқы синтагманы ерекшелеуге үлкен мән бергенін аңғарамыз. Себебі осы сөз бөлігінен кейінгі пауза мөлшері екінші және соңғы синтагмалар аралығындағы паузадан біршама үлкен (500 мс. -320 мс.).

II диктор керісінше екінші синтагмадан соң үлкен пауза жасаған (500 мс.-200 мс.). Бұл диктордың бағыныңқы компоненттегі ойға тындаушының назарын аудару үшін қолданған тәсілі.

2-мысал. а) *Шоңдығұл «бар-ауын» айтқаниа, Еменалы ұзап кетті.* б) *Еменалы, Шоңдығұл «барауын» айтқаниа, ұзап кетті.*

в) *Шоңдығұл «бар-ауын» айтқаниа, Еменалы ұзап кетті.* Бұл синтетикалық тәсілмен жасалған мезгілдес бағыныңқылы сабақтас сөйлем компоненттері қалыпты орын тәртібімен берілген.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың ішінде интенсивтіліктің жоғары мәндерімен соңғы буын (48 дб.) мен *«бар-ауын»* (47 дб.) сөзінің алғашқы буынын берген. Бұлардың біріншісі негізгі тон жиілігі контурында да үлкен шамадан (240 Гц.) көрініп, ой екпінмен айтылып тұр. Соңғы синтагма ішінде *ұзап* сөзінің алғашқы буыны негізгі тон жиілігінің (145 Гц.), соңғы буыны интенсивтіліктің (26 дб.) синтагма ішіндегі жоғары мәндерімен ерекшеленген. Бұл сөзге ой екпіні түсіп тұр.

Алғашқы синтагма негізгі тон жиілігінің бәсең-көтеріңкі сызығымен өрнектеліп, соңғы синтагмадан кең тоналды диапазонда берілген (6 жт. 5 жт.). Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні – 6 жт.-ға тең.

II дикторда алғашқы синтагмада *«бар-ауын»* сөзіне ой екпінін түсірген (178 Гц., 38 дб.). Бұл синтагмада негізгі тон жиілігінің үлкен мәнімен (225 Гц.) *Шоңдығұл* сөзі де ерекшеленген. Соңғы синтагманың негізгі тон жиілігі контурында соңғы *кетті* баяндауыш сөзінің алғашқы буыны үлкен сандық мәнімен (141 Гц.) көрінеді. Ал интенсивтіліктің жоғары шамасында *Еменалы* бастауышының алғашқы буыны (34 дб) ерекшеленген. Бұлардың соңғысы ой екпінімен айтылған, мұны осы сөзден кейінгі диктордың күшейткіш пауза (115 мс.) жасағанынан да байқауға болады.

Бұл дикторда синтагмалар тоғысқан жеріндегі интервалды болымсыз мәнмен (-9 жт.), алғашқы синтагманы тиянақсыз мән-

дегі әуен контурымен берген. Оның тоналды диапазоны (9 жт.) соңғысынан (5 жт.) кең болып келген.

Қарқын. Дикторлардың екеуі де сөйлемнің бағыныңқы компонентін, яғни алғашқы синтагманы баяу, ал соңғы синтагманы оның буын санының аздығына қарамастан, жылдамырақ айтқан (I диктор: 176 мс. - 162 мс; II диктор: 262 мс. - 220 мс.). Дикторлар берілген сөйлемде әдеттегідей – бағыныңқы компонентті басыңқыны түсіндіруші, соған тәуелді сөз бөлігі ретінде көрсеткен.

Пауза. I диктор синтагмалар арасын салыстырмалы түрде орта (600 мс.), II диктор кіші (300 мс.) мөлшердегі паузамен бөліп айтқан.

Сонымен, берілген сөйлем алдыңғы тарауда көрсеткен басыңқысымен біржақты байланыста тұратын пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлем интонациялық көрінісіне сәйкес айтылған.

б) *Еменалы, Шоңдыгүл «барауын» айтқаниша, ұзап кетті.* Сөйлемнің басыңқы компоненті екі синтагмаға жіктелген.

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың *Еменалы* сөзінің соңғы буынын сөйлем ішіндегі үлкен негізгі тон жиілігінде (234 Гц.) берген. Бұл буын интенсивтілік (30 дб.) пен ұзақтылықтың (295 мс.) да синтагма ішіндегі жоғары мәндерінен көрініп, ой екпінімен айтылған. Екінші синтагма – бағыныңқы компонентте интенсивтілік контурында *«бар-ауын»* сөзінің алғашқы буыны (33 дб.), ал негізгі тон жиілігінің контурында *айтқаниша* (206 Гц.) сөзінің соңғы буыны айрықша мәндермен сипатталған. Бұлардың алғашқысы – ой екпінінің, соңғысы – синтагма соңына қарай әуеннің көтеріліп, тиянақсыз мәнді беріп тұрғанының белгісі. Соңғы синтагмада диктор *ұзап* сөзінің соңғы буынын ерекшелеген (165 Гц., 21 дб.).

Синтагмалар тоғысқан жеріндегі интервал сандық мәндерін салыстырсақ, оның екіншімен соңғы синтагма арасында үлкен берілгені көрінеді (-5 жт., -6 жт.). Диктор бұл сөйлемнің де алғашқы синтагмасын (7 жт.) басқаларынан (4 жт., 5 жт.) кең диапозонда, сөйлемнің маңызды бөлігі ретінде көрсеткен. Екінші, яғни сөйлем ортасында қолданылған синтагманың тоналды диапазоны салыстырмалы түрде кіші шамадан көрінгенде, одан кейінгі басыңқы компоненттің бір бөлігі – соңғы синтагма диапазонының көлемі қайта кеңіген. Бұл көріністен диктордың

сөйлем ортасындағы сабақтастың бағыныңқы компонентін қыстырма конструкциялардың айтылымына ұқсас тар диапазонмен сипаттағаны аңғарылады.


II диктордың оқылымында бірінші диктор оқылымынан айтарлықтай ауытқулар жоқ. Тіпті әр синтагмадағы ой екпінімен берілген буындарына дейін сәйкес келген. Синтагмалар тон алды интервалы мен диапазондарының айырмашылықтары да бірінші диктордың оқылымындағыдай (алғашқы синтагма диапазоны 11 жт., екіншісі 7 жт., соңғы синтагма 8 жт.). Мұнда тек сандық берілгендер ғана ерекшеленеді.

Қарқын параметрінің көрсеткіштері де бірінші диктордың екінші синтагманы сөз ортасындағы қыстырма конструкцияларға ұқсас етіп жылдам айтқанын айқындай түседі. Бұлай болуы шартты да, себебі алғашқы және соңғы синтагма буын саны сөйлем ортасындағы синтагманың буын санынан екі есе кіші. Ал сөйлеу процесінде сөз бөлігі неғұрлым қысқа болса, оның айтылу қарқыны соғұрлым баяулай түсетіні – заңды құбылыстардың бірі. Бұл ұзын конструкциялар арқылы берілген ойдан қысқа құрылымдар арқылы берілген ойдың маңыздылығының еш төмен еместігін, олардың сөйлемнің мазмұны үшін бірдей маңызды екенін көрсететін интонациялық құбылыс. Сонымен I диктор алғашқы синтагманы 180 мс., соңғыларын 170 мс., 189 мс. баяу қарқынмен сипаттаған.

II диктордың оқылымында жоғарыдағы параметр көрсеткіштері басқаша берілген. Онда сөйлем ортасындағы синтагма (233 мс.) баяу айтылған, демек диктор бұл синтагмадағы ойға тыңдаушының назарын тоқтатуды қалаған. Ал буын саны бірдей алғашқы және соңғы екі синтагманың екіншісі, яғни соңғысы баяуырақ берілген (207 мс., 222 мс.).


Берілген сөйлемдердің интонациялық контурларын салыстырып, олардың қаншалықты ажыратылатынын көрейік.

II диктор




Қырықты алқындырса да, оған сақал бітпей қойды

II диктор




Оған, қырықты алқындырса да, сақал бітпей қойды

I диктор



Шоңдығұл "бар-ауын" айтқаниша, Еменалы ұзап кетті.

I диктор



Еменалы, Шоңдығұл "бар-ауын" айтқаниша, ұзап кетті.

Жоғарыда бағыныңқы компоненті сөйлем ортасында берілген сабақтастардың интонациялық көріністері қарастырылды. Келесі мәселе бағыныңқы компоненті әдеттегідей басыңқының алдында емес, соңында берілген сабақтастардың айтылым ерекшеліктері болмақ.

1-мысал. *Мен барар ем, сабалаған қымызым болса.*

Бұл шарт бағыныңқылы сабақтас сөйлем бағыныңқы компонентінің тиянақсыз тұлғадағы баяндауышы сөйлемнің соңына келген. Синтаксистегі тиянақсыздық әдетте интонацияда да беріліп отыратын кездер аз емес, мәселен, қалыпты сөз тәртібімен қолданылатын сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің тоналды контуры тиянақсыз әуен мәнімен көрініп отырады. Бұл жерде ол тиянақты әуенмен аяқталатын соңғы синтагманың орнында қолданылып тұр. Сонымен бірге сөйлеу заңы бойынша сөйлем соңында ойдың аяқталғанының бірден бір белгісі ретінде дауыстың бәсеңдеп барып тынуы алынады. Ал берілген мысалда тиянақсыз тұлғадағы сөз сөйлем соңында қолданылған. Осыған орай оның интонациясы қалай көрінеді: сөйлем компоненттерінің орны өзгергенмен, ол аяқталған ойды беріп тұрғандықтан, интонациясы да еш өзгеріссіз қалыпты сабақтас сөйлемдегі

сияқты болады ма, әлде сөйлем соңында тиянақсыз тұлғадағы баяндауыш қолданылғандығы оның интонациясына тікелей әсер етіп, соңғы синтагманың соңында әуен контуры жоғары тоналды деңгейде тынады ма – бұл болжамдардың қайсысы шындыққа сай келеді? Алдағы мақсат – осы мәселелерді тексеру.

Әуен мен интенсивтілік. I диктордың оқылымында алғашқы синтагманың *мен* есімдігі төменгі (168 Гц.) жиіліктен басталып, синтагма ішінде жиіліктің жоғары мәнінде (223 Гц.) айтылған. Осындай көріністі соңғы буын *ем* сөзінің айтылуынан да байқауға болады: бұл буын ішінде жиілік мәні үлкеннен (212 Гц.) кішіге ауысып (129 Гц.) күрт өзгереді. Жиіліктің жоғары деңгейде айтылған синтагма соңғы буынында дауыс бірден төмендеп кетеді де, сол себепті ол тиянақты әуен контурымен беріледі. Ал интенсивтіліктің үлкен сандық мәнімен (37 дб.) *барар* сөзінің соңғы буыны айтылып, оған ой екпіні түсірілген. Алғашқы синтагма тиянақты әуен мәнімен берілген соң, синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні болымды келген (+5 жт.)

Соңғы синтагма ішінде *сабалған* сөзіне диктордың ерекше көңіл аударғаны оның үшінші буынының негізгі тон жиілігі (179 Гц.) мен екінші буынының интенсивтілігінің (19 дб.) үлкен мәндерінен байқалады. Бұл синтагманың сандық мәндерінің алдыңғыдан кіші екені көрініп тұр. Соңғы синтагма әдеттегідей, бағыныңқы компонентпен берілгеніне қарамастан, тиянақты әуен контурымен сипатталған. Алғашқы синтагманың тоналды диапазоны (10 жт.) соңғысынан (6 жт.) біршама кең болып келген. Демек диктор алғашқы синтагманы басыңқы компонент болғанына қарамастан, бағыныңқы компонент айтылымына ұқсас сөздің басындағы бөлігі ретінде кең тоналды диапазонмен берген.

II диктор ой екпінін *мен* бастауышына түсіріп айтқан. Оның барлық параметрлерінің көрсеткіштері үлкен сандық шамалармен (168 Гц., 31 дб., 400 мс.) сипатталған, сонымен бірге осы сөзден кейін диктор өзінің әдетінше күшейткіш пауза жасаған (300 мс.). Синтагманың соңғы буыны – *ем* сөзінде негізі тон жиілігінің мәні жоғары деңгейдегі мәннен (135 Гц.) ең кіші (90 Гц.) мәнге түскен. Соңғы синтагма ішінде негізгі тон жиілігінің үлкен көрсеткішімен (150 Гц.) *сабалған* сөзінің, ал интенсивтілік жоғары шамасымен (34 дб.) *қымызым* сөзінің

соңғы буындары берілген. Ой екпіні бұлардың соңғысына түсіп тұр. Синтагмалардың тоналды диапазондары мен интервалы мәндерінің берілгендері I диктордың берілгендеріне ұқсас: алғашқы синтагма (11 жт.) соңғысынан (9 жт.) кең диапазонда, синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымсыз (-6 жт.) айтылған. Бұдан алғашқы синтагманың тиянақты әуен контурымен сипатталғанын байқауға болады.

Қарқын. Дикторлардың екеуі де төрт буынды алғашқы синтагманы он үш буынды соңғы синтагмадан созылыңқы айтқан. I диктор (194 мс. - 164 мс.) оны 30 мс.-қа, II диктор (252 мс. - 155 мс.) 97 мс.-қа баяу етіп берген. Демек, қарқын көрсеткіштері арқылы олар алғашқы синтагманың – басыңқы компоненттің мазмұнының сөйлем мағынасы үшін маңызды екенін көрсетеді.

Пауза. I диктор синтагмалар арасын 550 мс., II диктор 600 мс. салыстырмалы түрде орта көлемдегі паузамен бөлген. Көбінесе сабақтас құрмаласта компоненттер арасы көлемі кіші паузамен бөлінеді. Пауза басқа сабақтас сөйлемдерге қарағанда үлкен мәндермен берілген. Бұл – алғашқы синтагма баяндауышының ойдың аяқталғанын меңзейтін тиянақты тұлғада қолданылуымен байланысты болған өзгеріс.

2-мысал. *Қынжылмас ем, егер Мағжан араласпаса.*

Бұл сөйлем де шарт бағыныңқылы сабақтасқа жатады.


Әуен мен интенсивтілік. I диктор *қынжылмас* сөзінің соңғы буынын интонацияның үш параметрі – интенсивтілік (28 дб.), негізгі тон жиілігі (233 Гц.), ұзақтылық (275 мс.) арқылы ерекшелеп, ой екпінін түсіріп айтқан. Соңғы синтагма ішінде *егер* жалғаулығы интенсивтіліктің жоғарғы мәні (29 дб.) арқылы ой екпінімен, ал негізгі тон жиілігінің үлкен шамасымен *Мағжан* бастауыш сөзі берілген. Бұл сөйлемнің де синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні болымды (+5 жт.) келген. Олардың тоналды диапазондарын салыстыратын болсақ, алғашқысының (11 жт.) соңғысынан (9 жт.) кең екенін көреміз. Демек, тиянақты әуен контурымен берілген сөйлемнің бұл синтагмасы соңғысынан кең диапазонмен сөйлемнің маңызды бөлігі ретінде сипатталған.

II диктор оқылымында I диктордан үлкен ерекшеліктер жоқ, тіпті ой екпіні де дәл I дикторда ерекшеленген сөз буындарына алғашқы синтагмада *қынжылмас* сөзіне (180 Гц., 42 дб., 320 мс.), соңғы синтагмада *егер* жалғаулығына (146 Гц., 30 дб.) түскен,


тек қана олардың сандық көрсеткіштері өзгерген. Сонымен, бұл диктор да алғашқы синтагманы тиянақты әуен контурымен сипаттап, соңғысынан (8 жт.) кең диапазонда (12 жт.) айтқанын көруге болады.

Қарқын параметрінің көрінісі де дикторларда бірдей келген. Буын саны жағынан екі есе кіші алғашқы синтагманы I диктор (210 мс. -147 мс.) 63 мс.-қа, II диктор (250 мс. -218 мс.) 32 мс.-қа соңғысынан баяу қарқында берген.

Пауза. Дикторлар салыстырмалы түрде синтагмалар арасын көлемі орта паузамен бөлген: I дикторда – 360 мс., II дикторда – 400 мс. Осы сөйлемдердің интонациялық сызықтары екі дикторда ұқсас болып берілген.



Мен барар ем, сабалаған қымызым болса.



Қынжылмас ем, егер Мағжан араласпаса.

3-мысал. *Торғай газеті айтады: болыс икол ашты деп.*

Бұл мысал Р.Сыздықованың Абай шығармаларының тілін зерттеуге арналған еңбегінде келтірілген. Ғалым мұндай сөйлемдердің Абай тіліне ғана емес, сол кездің шығармаларында, сөйлеу тілінде көп кездесетіні туралы айтып кеткен болатын (Сыздықова, 1965, 54б.). Қ.Есенов мұндай *-деп* конструкциялы сөйлемдер орын тәртібінің ауысып келуін «жалпы түркі тілдерінің заңдылығынан кездесетін құбылыс» (Есенов, 1995, 112 б.). деп, олардың бұлай қолданылу себебін А.Н. Кононовтың келесі пайымдауымен түсіндіреді: «Бір бүтін құрмаластың бағыныңқы бөлшегінде де ин-версиялық құбылыс байқалады <...>: бағындырушы басыңқы сөйлем бірінші орынға шығады да, тәуелді болатын бағыныңқы сөйлем екінші орынға шығады. Мұндай жағдай екпінді бағы-

ныңқы сөйлемге аударту кезінде қажет болады» (Есенов, 1995, 112 б.). Егер осы сөйлемді қалыпты сөз тәртібімен айтатын болсақ (*Болыс икол ашты деп Торғай газеті айтады*), онда бағыныңқы компоненттегі ойдың біршама көмескі берілетінін аңғарамыз, ал оны әдеттегідей емес, орнын ауыстырып сөйлем соңында қолдансақ, тыңдаушының назарын аударуға болатыны көрінеді. Осыған орай Ш.Баллидің мына пікірін келтіргенді дұрыс санадық: «Сөздердің логикалық тәртібінің бұзылуы тыңдаушының зейінін, назарын ынталандырып, жандандырады, ал логикалық реттілік, керісінше, оны самарқаулыққа түсіріп, ой-ақылын жалқауландырады» (Балли, 1955, 375 б.). Сонымен *деп* конструкциялы, компоненттер орын тәртібі ауысқан сабақтастың интонациялық көрінісі қарастырылады.

Әуен мен интенсивтілік. I дикторда алғашқы синтагма әуен контурында жоғары мәнге *айтады* соңғы сөзінің екінші буыны (229 Гц.) ерекшеленген. Ал интенсивтіліктің үлкен мәнінде *Торғай* бастауышының соңғы буыны (38 дб.) берілген. Бұлардың соңғысына ой екпіні түскен. Соңғы синтагмада негізгі тон жиілігінің үлкен шамасынан (175 Гц.) *икол* сөзі, интенсивтіліктің жоғары мәнінен (32 дб.) *болыс* сөзінің соңғы буыны көрінеді. Диктор бұлардың соңғысына ой екпінін түсірген. Алғашқы синтагма соңғысынан тар тоналды диапазондағы (5 жт. -6 жт.) тиянақсыз әуен контурымен өрнектелген. Сонымен тоналды диапазон көрсеткішінен диктордың соңғы синтагманың маңыздылығын ерекшелегені көрінеді. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал (-6 жт.) болымсыз екені белгілі.

II диктор бұл сөйлемді I диктор оқылымынан басқа етіп айтқан. Ол алғашқы синтагманың соңында дауысын бәсеңдетіп, синтагманы тиянақты әуен контурымен сипаттаған. Сонымен бірге соңғы синтагма (12 жт.) алғашқысынан (13 жт.) тар тоналды диапазонда берілген. Сөйлемнің интонациялық көрінісінің бұлай болуына диктордың алғашқы синтагмадағы бастауыш *Торғай* сөзіне үлкен мән беріп, оны сөйлем ішіндегі жиілік (185 Гц.) пен интенсивтіліктің (34 дб.) жоғарғы мәндерімен айтқаны себепші көрінеді. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымды (+7 жт.) мәнде берілген. Сонымен, I дикторда алғашқы синтагма әуені семантика-синтаксистік тәуелділікті білдіретін тиянақсыз контурмен сипатталса, екінші дикторда, керісінше, дербестікті көрсететін тиянақты контур арқылы ерекшеленген.

Қарқын. I дикторда алғашқы синтагма шамамен соңғысымен бірдей қарқында берілген (162 мс. - 167 мс.). II диктор соңғы синтагманы (239 мс.) алғашқысынан (208 мс.) баяу айтқан. Сонымен, I диктордың қарқын көрсеткіштерінен соңғы синтагманы ерекшелегені байқалады.


Пауза. I диктор синтагмалар арасын орта көлемдегі (420 мс.), ал II диктор үлкен көлемдегі (700 мс.) паузамен бөлген. Бұлай болуы заңды да, себебі онда алғашқы синтагма тиянақты әуен контурымен сипатталған.

Жоғарыдағы мысалдың екі дикторда екі түрлі берілгені көрінеді. I диктор бұл сөйлем компоненттерін орын тәртібі өзгергеніне қарамастан, семантика-синтаксистік тығыз байланыста, алғашқысын – басыңқы компонентті соңғысына – бағыныңқы компонентке тәуелді сөз бөлігі ретінде берген. Демек диктор сөйлемнің соңғы компонентіндегі ой алғашқыдағы ойды толықтырушы, айқындаушы деп түсініп, оның маңыздылығын негізгі тон жиілігінің диапазон көлемімен ерекшелеген.

II диктор алғашқы синтагмадағы ой соңғысындағы ойдан біршама дербестікте айтыла алады деп түсініп, олардың екеуін де тиянақты әуен контурымен берген. Әйтсе де, соңғы синтагма созылыңқы айтылып, сөйлемнің маңызды бөлігі ретінде берілген. Қорыта келе, сөйлеу тілінде (устная речь) бұл сөйлем айтылымының екі түрі де кездесетіні анықталды. Сонымен бірге соңғы синтагманың – бағыныңқы компоненттің, интонацияның кемінде бір параметрі арқылы болса да, ерекшеленетіні және жоғарыда келтірген А.Н. Кононовтың пікірі расталып, мұндай құрылымды сөйлемнің бағыныңқы компонентке ой екпінін түсіру үшін қолданылатыны белгілі болды.


Айта кететін бір жайт, I диктордың оқылымындағы мұндай құрылымды сөйлемдердің интонациялық көрінісі көбінесе ана тілінде жетік сөйлемейтіндердің тілінде жиі кездеседі. Бұл – берілген сөйлем компоненттерінің орын тәртібінің орыс тіліне (*Тургайская газета сообщает о том, что волостной открыл школу*) ұқсас келетінімен байланысты болған құбылыс көрінеді. Ал II диктор сөйлемінің интонациялық көрінісі ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі десек қателеспейтін болармыз. Себебі онда алғашқы синтагма жылдам қарқынмен және соңында дауыстың бірден бәсеңдеп кетуімен сипатталады (*Торгай газет' айтат // болұс ышкол ашты деп*).

I диктор



Торғай газеті айтады: болыс школ ашты деп.

II диктор



Торғай газеті айтады: болыс школ ашты деп.

Қорыта келе, интонация мен сөздердің орналасу тәртібі арасында тығыз байланыс байқалатынын айтуға болады. Мұның себебі екеуінің де сөйлем мағынасын дұрыс беруге қатысатынында жатыр. Сондықтан да болар, синтагмалар орны ауысуына қарай сөйлемнің интонациялық көрінісі де өзгеріп отырды. Қалыпты орын тәртібімен берілген сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компоненті тиянақсыз әуен мәнімен ерекшеленеді. Ал бағыныңқы компонент соңғы синтагма болып айтылған кезде оның бірде басыңқыға қосымша ретінде жұмсалған құрылым интонациясымен, бірде ой екпінімен берілген сөз бөлігі ретінде айтылғаны және басыңқы компоненттің, яғни алғашқы синтагманың көбінесе салаластағы сияқты дербестікті меңзейтін тиянақты әуен контурымен сипатталатыны көрінеді. Бұл ерекшеліктердің барлығы сөйлемнің орын тәртібінің өзгеруіне сәйкес мағынасының да ауысқанына байланысты болғаны анық.

2.5.4 Қатыстық бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері. Қ.Есеновтың құрылымды-семантикалық принцип негізіндегі таптастыру бойынша сабақтастың бағыныңқы компоненттері өз басыңқысымен 1) пысықтауыштық қатынастағы (бір жақты тәуелділік) бағыныңқылар, 2) басыңқыларымен шартты рай тұлғасы арқылы және сілтеу, сұрау есімдіктері, қатыстық сөздер арқылы байланысқан (екі жақты тәуелділік) бағыныңқылар, 3) басыңқысына мағыналық тәуелділігі байқалмайтын бағыныңқылар болып үш топқа бөлін-

ген. Жұмыста бұлардың алғашқы тобының интонациялық көрінісі қарастырылды. Ендігі мақсат қатыстық бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің интонациялық ерекшелік-терін ашып көрсету.

1-мысал. *Абай қандай салқын болса, Ділде дә сондай салқын.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагма ішінде бұл параметрлердің үлкен шамаларымен (223 Гц., 35 дб.) *қандай* қатыстық сөзінің бірінші буынын ерекшелеген. Бұлардың екінші мәнінде (220 Гц., 29 дб.) синтагманың соңғы буыны (*болса*) берілген. Соңғы синтагмада жиіліктің жоғарғы мәнінен (191 Гц.) – *сондай* қатыстық сөзінің алғашқы буыны, интенсивтілік (35 дб.) мәнінен – *Ділде* сөзінің соңғы буыны көрінген. Бұлардың үлкен интенсивтілікпен берілгендері ой екпіні түскен сөзді көрсетеді. Соңғы синтагмадағы қатыстық сөз маңызды ретінде интонацияның екі параметрі – негізгі тон жиілігі мен ұзақтылық арқылы айрықша айтылған. Диктордың соңғы синтагмадағы ойға тыңдаушының назарын аударғысы келгенін тоналды диапазон көрсеткіштерінен аңғаруға болады: соңғы синтагманың диапазон көлемі (8 жт.) алғашқысынан (7 жт.) кең айтылған. Ал тоналды интервал мәні болымсыз келген (-6 жт.). Демек, алғашқы синтагма семантика-синтаксистік тәуелсіздікті білдіретін тиянақсыз әуен контурымен өрнектелген.

II дикторда негізгі тон жиілігінің жоғары шамасымен (205 Гц.) *Абай* сөзінің соңғы буыны сипатталған да, интенсивтіліктің үлкен мәнінде (47 дб.) ой екпінімен *қандай* сөзі айтылған. Ал екінші синтагма ішіндегі *сондай* қатыстық сөзі интенсивтілік арқылы ерекшеленбеген, бірақ оның соңғы буыны ұзақтылық (290 мс.) пен жиіліктің синтагма ішіндегі екінші мәнімен (130 Гц.) берілген. Сонымен бұл синтагмада ой екпіні (140 Гц., 30 дб.) *Ділде* сөзіне түсірілген. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал болымсыз (-1 жт.) мәнде және алғашқы синтагма (11 жт.) соңғысынан (10 жт.) кең диапазонмен сипатталған.

Қарқын. I дикторда синтагмалар мөлшері бірдей қарқында (204 мс., 201 мс.) берілсе, II диктор алғашқы синтагманы (272 мс.) соңғысынан (230 мс.) созылыңқы айтқан. Бұл екінші диктордың алғашқы синтагмадағы ойды маңызды санағанын көрсетеді.

Пауза. I диктор сөйлемді мөлшері орта (520 мс.), II диктор – кіші (350 мс.) паузалармен бөлген.

2-мысал. *Жарық, неғұрлым көп түссе, өсімдік соғұрлым тез өседі.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор оқылымында негізгі тон жиілігінің жоғары мәнімен (215 Гц.) және интенсивтіліктің екінші шамасымен (40 дб.) синтагманың *неғұрлым* қатыстық сөзінің алғашқы буыны берілген. Мұнда ой екпіні (45 дб.) *жарық* сөзіне түскен. Ал жиіліктің екінші сандық шамасында (205 Гц.) синтагманың соңғы буыны (*түссе* сөзі) айтылған. Соңғы синтагманың *соғұрлым* қатыстық сөзі сөйлем ішіндегі интенсивтіліктің үлкен мәнімен (50 дб.) логикалық екпін түсіріліп айтылған. Сонымен бірге бұл буынға негізгі тон жиілігі мен ұзақтылықтың да жоғары мәндері (198 Гц., 275 мс.) тән болған. Бұдан соңғы синтагма ішінде осы сөзге ой екпінінің түскенін көруге болады.

Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервалы болымсыз (-2 жт.) мәнді көрсетеді. Ал соңғы синтагманың (7 жт.) алғашқысынан (4 жт.) кең айтылғанынан диктордың соңғы синтагмадағы ойдың маңыздылығын білдіргені байқалады. Тоналды интервал көрсеткіші алғашқы синтагманың негізгі тон жиілігінің бәсең-көтеріңкі сызығымен, яғни тиянақсыз әуен мәнімен берілгенін көрсетеді.

II диктор да I диктор оқылымына ұқсас алғашқы синтагма ішінде *жарық*, сөзіне ой екпінін түсіріп (36 дб.) айтқан. Осы синтагмада негізгі тон жиілігінің жоғарғы шамасында (192 Гц.) *неғұрлым* қатыстық сөзінің соңғы буыны берілген. Соңғы синтагмада бұл параметрдің жоғары сандық мәнімен (149 Гц.) *өседі* соңғы сөзінің ортаңғы буыны айтылған. Ал оның екінші шамасында (138 Гц.) және интенсивтіліктің үлкен мәні (34 дб.) арқылы *соғұрлым* сөзінің буындары берілген. Бұл диктор да синтагмадағы қатыстық сөздерді ерекшелеген. Синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал (-3 жт.) болымсыз келіп, олардың тоналды диапазондары бірдей (9 жт.) мәнде айтылған. Бұдан диктордың екі синтагманың маңыздылығын бірдей деп түсінгені аңғарылады.

Қарқын. Дикторлардың екеуі де алғашқы синтагманы соңғысынан баяу қарқынмен ерекшелеген (219 мс. -176 мс., 254 мс. -219 мс.). Мұның себебі оның соңғысынан қысқарақ болғанында жатыр.

Пауза. Дикторлар синтагмалар арасын орта көлемдегі пауза арқылы бөлген (600 мс., 460 мс.).

3-мысал. *Сыробың күні қандай ыстық болса, түні де сондай салқын.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагма ішінде интонацияның үш параметрінің (ұзақтылық, негізгі тонның жиілігі мен интенсивтілік) жоғары шамаларымен (375 мс., 38 дб., 215 Гц.) *қандай* қатыстық сөзін ерекшелеген. Соңғы синтагмадағы қатыстық сөздің сыңары негізгі тон жиілігі мен ұзақтылықтың үлкен мәндерінен (195 Гц., 300 мс.) көрінген де, интенсивтіліктің жоғары шамасымен (26 дб.) *де* күшейткіш шылауы берілген. Бұдан әдеттегідей соңғы синтагмада шылау сөздің ой екпінімен айтылғаны көрінеді. Диктордың бұл сөйлемнің соңғы синтагмасындағы алғашқысымен салыстырылып тұрған ойды маңызды ретінде көрсетпекші болғаны тоналды диапазон мәндерінен байқалады: соңғы синтагма алғашқысынан үш есе кең диапазонда берілген (15 жт. -4 жт.). Ал сөз бөліктері тоғысқан жеріндегі болымсыз интервал мәнінен (-1 жт.) алғашқы синтагманың тиянақсыз әуен контурымен сипатталғаны көрінеді.

II диктор алғашқы синтагмада бірінші тұрған *сырдың* сөзінің соңғы буынын негізгі тон жиілігінің (212 Гц.), ал *қандай* қатыстық сөзінің алғашқы буынын интенсивтіліктің (46 дб.) үлкен мәндерімен сипаттаған. Бұлардың соңғысына ой екпіні түсіп тұр. Соңғы синтагмада осы қатыстық сөздің *сондай* сыңары ой екпінімен (26 дб.) айтылған да, негізгі тон жиілігінің жоғары шамасында (135 Гц.) *де* күшейткіш шылауы берілген. Синтагмалар тоналды диапазон көрсеткіштерінен (12 жт. -7 жт.) бұл диктордың I диктор оқылымына керісінше, алғашқы синтагмадағы салыстыратын ойды беріп тұрған сөз бөлігін соңғы синтагмадағы салыстырылып тұрған ойдан маңызды саналғаны байқалады. Алғашқы синтагма тиянақсыз әуен контурымен өрнектеліп, диктор сөз бөліктері тоғысқан жерін болымсыз тоналды интервалмен (-2 жт.) сипаттаған.

Қарқын. Дикторлардың екеуі де алғашқы синтагманы баяу қарқында берген. Қарастырылған сабақтас сөйлемдердің көбінде алғашқы синтагманың созылыңқы айтылғанын айта кету керек. Мұның жай сөйлемдегі сөз бөліктерінің айтылуына ұқсастығы байқалады. Өйткені сабақтас құрамындағы жай сөйлемдер әрқайсысы жеке-жеке ойды емес, күрделенген бір ойды ғана білдіреді де, сөйлеу заңдылығы бойынша басында созылыңқы айтылып, соңында жылдамдай түседі. Бірақ бұл көріністің

сөйлеушінің айтылған ойға қатысына, эмоциясына қарай өзгеріп отыруы да заңды құбылыс.


Пауза. Сөйлем бөліктерін дикторлар салыстырмалы түрде орта көлемдегі паузамен бөлген (530 мс., 600 мс.).

Сонымен, синтаксисте мағыналық-тұлғалық принцип негізінде өз басыңқысымен екі жақты байланысып тұратын қатыстық бағыныңқылы сабақтас болып ажыратылатын сөйлемдердің интонациялық көрінісінің келесі ерекшеліктері анықталды:


1) синтагмалар тоғысқан жеріндегі тоналды интервал мәні пысықтауыш бағыныңқылы сабақтастағы мәндермен салыстырғанда кіші болып келеді: соңғы синтагма шамамен алғашқы синтагманың соңындағы әуен деңгейінен басталады, яғни сөйлем бөліктерінің жігінде әуен контуры паузадан кейін үлкен ауытқусыз үзілген жерінен жалғаса береді; демек, синтагмалардың арасында тығыз мағыналық байланыс синтаксисте қатыстық сөздер арқылы жасалса, интонацияда осы параметрдің берілгендері арқылы көрініс табады; қатыстық сабақтастың бағыныңқылы сөйлемінің өз басыңқысымен екі жақты байланысы интонацияда да берілетіні байқалды;

2) сөйлемнің жалпы мелодикалық суреті пысықтауыш бағыныңқылы сабақтасқа ұқсас, бірақ интенсивтілік контурында екі синтагмадағы да қатыстық сөздердің барлық жағдайда (берілген мысалдарда дикторлардың екеуінің де оқылымында) жоғары деңгейден көрініп ой екпіні түсіріле айтылғанын бұл сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастыру керек;

Жалпы алғанда жоғарыдағы сөйлемдердің интонациялық көрінісі алдында қарастырған адвербиалды бағыныңқылы сабақтастардың көрінісінен көп ерекшеленбейді. Мұны олардың төмендегі интонациялық суреттерінен де аңғаруға болады.




I диктор



Жарық, неғұрлым көп түссе, өсімдік соғұрлым тез өседі.

I диктор



Сырдың күні қандай ыстық болса, түні де сондай салқын

2.5.5 Үлестес сабақтас сөйлемдердің интонациялық

көріністері. Синтаксисте үлестес сабақтас сөйлемдерді табиғатына қарай салалас қатарында қарастырған ғалымдар да бар. Себебі олардың компоненттері бір-біріне бағынышты емес, керісінше олардағы оқиға желісі бір-біріне тәуелсіз болып жатады. Әйтсе де, бұл сөйлемдердің құрмаласуы сабақтастағыдай алғашқы компоненті баяндауышының тиянақсыз тұлғасы арқылы іске асады. Сол себепті Қ.Есенов таптастыруында ол сабақтас сөйлемдер құрамында зерттелді. Тек бір мезгіл шеңберінде үйлесе өтетіні болмаса, мағынасы жағынан бір-біріне тәуелсіз екі компоненттен тұратын құрмалас сөйлемнің интонациялық көрінісі салалас сөйлем айтылуына ұқсас деп ойлауға болады. Интонацияны синтаксистегі сөйлемнің барлық түрлерін ажыратады деп санайтындар осындай тұжырымға келуі әбден мүмкін. Осыған дейінгі қарастырған барлық сөйлемдердің интонациялық сипаттамаларынан өз ішіндегі мағыналық-тұлғалық топтарды былай қойғанда салалас та, сабақтас та өзіндік нақты интонациялық суреттермен ерекшеленбейтіні байқалды. Мысалы, салаластардың алғашқы синтагмалары тек тиянақты интонациямен берілгені байқалмады, ал сабақтаста ішінара тиянақсыз интонациямен берілгендері де кездескені анықталды. Сонымен, интонация кейде сөйлемнің мағынасына, кейде құрылымына бағынышты болып отырады. Төменде үлестес сабақтас деп ажыратылып жүрген құрмалас сөйлем интонациялық көріністерін алдында сипатталған сөйлемдермен салыстырыла қарастырылады.

1-мысал. *Үй тігіліп, жүк жиналып жатыр.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың *тігіліп* сөзінің бірінші буынын негізгі тон жиілігінің (212 Гц.), екінші буынын интенсивтіліктің (42 дб.) үлкен мәндерімен берген. Соңғы синтагмада осы параметрлердің екеуінің де жоғары шамаларымен (183 Гц., 21 дб.) *жүк* сөзі айтылған. Алғашқы синтагма (5 жт.) соңғыдан (6 жт.) тар тоналды диапазонмен, олардың тоғысындағы интервал болымсыз (-4 жт.) мәнмен сипатталған. II диктор екі синтагманың да алғашқы тұрған (*үй, жүк*) бастауыш сөздерін ой екпінін түсіріп, интенсивтілік (44 дб., 40 дб.) пен жиіліктің (208 Гц., 168 Гц.) жоғары шамаларымен ерекшелеген. Алғашқы синтагма (12 жт.) соңғысынан (10 жт.) кең тоналды диапазонмен айтылып, синтагмалар тоғысындағы интервал болымды да, болымсыз да емес, бірқалыпты (ровный) келген. Демек, соңғы синтагманың әуен сызығы алғашқы синтагманың әуен сызығының соңғы нүктесінен басталады.

Қарқын. I диктордың оқылымында соңғы синтагма (176 мс.) алғашқысынан (152 мс.) баяу берілген де, II дикторда екі синтагма да шамамен бірдей қарқынмен (211 мс., 218 мс.) айтылған. Бұдан екі диктордың синтагмаларды әртүрлі қарқынмен айтқаны көрінеді.

Пауза. Дикторлардың екеуі де синтагмалар аражігінің мөлшерін орта паузамен (400 мс., 580 мс.) бөліп айтқан.

2-мысал. *Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктор алғашқы синтагманың *сөз* бастауышын интенсивтіліктің жоғары мәнімен (55 дб.) ерекшелеген, ал негізгі тон жиілігінің үлкен шамасында (234 Гц.) *тапса* сөзінің алғашқы буыны берілген. Бұдан синтагманың интенсивтілік контурының шыңы синтагманың басында, ал әуен сызығының шыңы соңында екені белгілі болады. Синтагма тиянақсыз әуен мәнімен берілген. Соңғы синтагманың да бірінші тұрған бастауыш *мал* сөзі ой екпінімен айтылған. Мұнда ой екпінінің көрсеткіші болып интенсивтілікпен бірге (29 дб.) негізгі тон жиілігінің де (190 Гц.) синтагмадағы жоғары мәндері алынған. Соңғы синтагманың тоналды диапазоны (7 жт.) алғашқы синтагмадан (5 жт.) кең және олардың тоғысындағы интервал (-5 жт.) болымсыз мәнде берілген.

II диктор оқылымында біріншісінен көп өзгеріс байқалмайды. Ол да сөйлем синтагмаларындағы бірінші тұрған бастауыш

сөздерге ой екпінін түсіріп айтқан. Бірақ онда алғашқы синтагманың ой екпіні түскен сөзін ерекшелеуге негізгі тон жиілігінің де жоғары шамасы қатысқан (153 Гц.). Сонымен, бұл диктордың оқылымында сөйлемнің әуен сызығы мен интенсивтілігінің сызығы бір-біріне параллель келіп жатыр. Алғашқы синтагма тиянақсыз әуен мәнімен, синтагмалар тоғысы (-7 жт.) болымсыз интервалмен берілген. Синтагмалардың тоналды диапазон көрсеткіштері де бірінші диктордағыдай соңғысы (8 жт.) алғашқысынан (6 жт.) кең болып келген.

Қарқын. Дикторлардың екеуі де буын саны жағынан соңғысынан кіші алғашқы синтагманы баяу айтқан (1д. -205 мс. -153 мс., 2д. -296 мс. -214 мс.).

Пауза. I диктор синтагмалар арасын мөлшері орта (450 мс.), ал II диктор кіші паузамен (200 мс.) бөлген.

2-мысал. *Жібек ханның қызы болса, Төлеген де ханның баласы.*

Әуен мен интенсивтілік. I диктордың синтагмаларының интенсивтілік контурында *Жібек* және *Төлеген* бастауыштарының екінші буыны жоғары мәндерден (55 дб., 29 дб.) көрініп, ой екпінмен айтылған. Соңғы синтагмада *Төлеген* сөзінің үшінші буыны негізгі тон жиілігінің де үлкен шамасымен (201 Гц.) сипатталады, ал алғашқы синтагманың бұл көрсеткіші *қызы* сөзінің бірінші буынына (234 Гц.) келген. Тағы бір ескеріле кететін жайт, соңғы синтагмадағы күшейткіш *де* шылауы интенсивтілік пен жиіліктің синтагма ішіндегі екінші мәндерінде (28 дб., 201 Гц.) айтылған. Бұл диктордың тоналды диапазон көрсеткіштері алдыңғы сөйлемдегіге ұқсас, оның соңғы синтагмасы (8 жт.) алғашқысынан (7 жт.) кең болып берілген. Алғашқы синтагма тиянақсыз әуен мәнімен сипатталып, синтагмалар тоғысындағы интервал (-3 жт.) болымсыз келген. II дикторда алғашқы синтагманың соңғы буыны негізгі тон жиілігінің ең жоғары нүктесінде (200 Гц.) айтылған. Ал соңғы синтагмада жиіліктің үлкен шамасында (180 Гц.) *ханның* сөзінің алғашқы буыны берілген. Бұл осы сөздің сөйлемдегі маңыздылығының белгісі көрінеді, себебі ол екі синтагмада қайталанып тұр. Бірақ синтагмалардағы (*Жібек*, *Төлеген*) бастауыштар интенсивтіліктің жоғары шамаларымен ерекшеленген (52 дб., 46 дб.), оларға ой екпіні түсірілген. Бұл диктор да соңғы синтагманы (13 жт.) алғашқысымен салыстырғанда (10 жт.) кең диапазонмен, синтагмалар тоғысын болымсыз (-4 жт.) интервалмен берген.

Қарқын. Дикторлардың екеуі де сөйлемнің 8 буынды алғашқы синтагмасын 9 буынды соңғысынан созылыңқы айтқан (1д. - 202 мс. 157 мс., 2д. - 253 мс. - 203 мс.).


Пауза. I диктор синтагмалар аражігінде орта (400 мс), II диктор салыстырмалы түрде кіші (320 мс.) мөлшерлі пауза жасаған.

I диктор




Үй тігіліп, жүк жиналып жатыр.

I диктор



Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.

I диктор



Жібек ханның қызы болса, Төлеген де ханның баласы.

Берілген сипаттамадағы екі диктор оқылымындағы ұқсастықтар мыналар болып табылады: біріншіден, дикторлар көбінесе сөйлем компоненттеріндегі бастауыштарға ой екпінін түсіріп айтқан және барлық жағдайда болмаса да, әсіресе II диктордың оқылымында осы сөздер негізгі тон жиілігінің жоғары мәндерінен көрініп отырған; екіншіден, сөз маңызды бөліктерін ерекшелейтін қарқын мен тоналды диапазон сияқты интонация компоненттерінің арақатынасынан олардың бірін-бірі толықтырып отырғанын, яғни сөйлем синтагмалары бірдей маңыздылықта берілгенін аңғарамыз, мәселен, I диктордың бірінші сөйлем оқылымынан басқаларының бәрінде соңғы синтагма кең тоналды диапазонмен берілсе, алғашқы синтагма баяу қарқында айтылған; ал алғашқы синтагма сабақтас сөйлемдердің көбіне дерлік тиянақсыз әуен сызығымен өрнектелген. Бұл алдында сөз

болған үлестес сабақтастар синтагмаларының тиянақты интонациямен айтылуы мүмкін деген ойды жоққа шығарады. Мұны жоғарыдағы суреттерде берілген сөйлемдердің интонациялық сызықтарынан да байқауға болады. Демек, бұл жерде интонация сөйлем мағынасына емес, оның синтаксистік берілу тәсілдеріне (компоненттердің мағыналық дербестігіне қарамастан, баяндауыштарының тиянақсыз тұлғада қолданылуына) байланысты болып тұр.

Жоғарыда талданған материалдар бойынша сабақтас сөйлемдердің әрбір мағыналық-тұлғалық тобының айтылу ерекшеліктері болғанымен, олардың басым көбі ұқсас интонациялық фигуралар арқылы берілетіні анықталды. Мәселен, қалыпты орын тәртібімен қолданылған пысықтауыш бағыныңқылы мен түсіндірмелі сабақтас, қатыстық бағыныңқылы мен үлестес сабақтас сөйлемдердің бәрінен алғашқы синтагма – бағыныңқы компонент тиянақсыз әуен сызығымен, көбіне соңғы синтагмадан кең тоналды диапазонмен сипатталды. Компоненттерінің орны ауысқан сөйлемдерде ғана алғашқы синтагма тиянақты әуенмен айтылды.

Сабақтас сөйлемнің алғашқы синтагмасының диапазон көлемінің кең болуы – оның мазмұндық жағынан мағынасының басымдылығын емес, басқа компонентке тәуелділігінің белгісі. Себебі аяқталған ойды беретін сөйлемнің алдында тұрған бөліктері сөйлеудің жалпы заңдылықтары бойынша – кең, ал соңғысы – тар диапазонмен беріледі. Компоненттері арасындағы мағыналық-синтаксистік тәуелділіктің күштілігіне байланысты бұл көрініс сабақтас сөйлемде салаластан гөрі жиі кездесті. Сонымен бірге осы сөйлемдердің компоненттері арасында кіші мөлшерлі пауза жиі қолданылды. Сөйлем компоненттеріндегі жалғаулық немесе шылау сөздер әрдайым интонация шамаларының үлкен мәндерінен көрініп, айрықша айтылып отырды.

2.6 Қосқұрамды құрмалас сөйлемдердің интонемалары мен интонациялық типтері

Интонацияның бірлігіне бекітілген «интонома» терминін ХХ ғасырдың қыркыншы жылдары лингвистикалық қолданысқа А.А. Реформатский енгізген болатын (Реформатский, 1970, 224 б.). Интонеманы екі жақты – тұрпат межесі (план выражения), мазмұн межесі (план содержания) бар таңбалық бірлік

деп танушылар мұны интонацияның тілдік деңгей ретінде дербес қаралуына негіздейді. Интонацияның таңбалық қасиетін алғаш ашып көрсеткен Н.С. Трубецкой болатын: «Фонемы и словоразличительные просодические признаки никогда сами по себе не являются языковыми знаками; <...> фразоразличительные средства являются самостоятельными знаками; «предупредительная» интонация обозначает, что предложение еще не завершено, понижение регистра обозначает, что данный отрезок речи не связан ни с предыдущим, ни с последующим и т.д.» (Трубецкой, 1960, 254 б.). Бұл тұжырымнан интонацияның сөйлем мазмұнының бір бөлігін синтаксистік құрылымға тәуелсіз де бере алатындығы (Торсуева, 1984, 123 б.) байқалады. Мәселен, «тиянақсыз» интонома сөйлем аяқталмағанын, сонымен қатар сұрау мәнін де білдіреді: *Бәріміз / осы ауылдың түлегіміз. – Уәдең қайда?* Ал кей жағдайда бір мағына, мысалы сөйлем ішіндегі бір сөздің ерекшеленуі әртүрлі интонациялық фигуралар арқылы оның шамаларының ең жоғары немесе ең төменгі мәндерінің жиынтығымен беріледі, мысалы, *Көңілімді қуаныш кернесе де // сыр бермедім; Көңілімді қуаныш кернесе де // сыр бермедім.*

Жоғарыда айтылғандардан интонация бірлігі мазмұнының сөйлемнің синтаксистік мазмұнына әрқашан сәйкес келе бермейтінін байқаймыз. Интонацияның сөйлем семантикасымен де байланысы тікелей емес, асимметриялы түрде болатынын осы жұмыстың эксперимент бөлігі дәлелдей түсті. XX ғасырдың 60 жылдары үрдіс алған сөйлемнің әрбір мағыналық түрінің өзіндік айтылу интонациясы болатыны жайындағы пайымдаулар (Клычникова, 1953, 73 б.) эксперимент нәтижесінде расталмады. Бұл заңды құбылыс: сөйлем мағыналық түрлерге бай, оларға сәйкес интонациялық көріністері де алуан түрлі, бірақ әрбір тілді тұтынушының санасында ажыратылатын абстракты айтылу бірліктері – интономалар саны шектеулі болып келеді. Мысалы, орыс тілінде жеті (Брызгунова, 1978, 16 б.), қазақ тілінде сегіз инвариант интонома (Базарбаева, 1996, 131 б.) анықталған. Интонолог-ғалымдар интономаны тілдік қолданыста ажыратылатын просодикалық мәндерінің жиынтығынан тұратын бірлік деп көрсетеді. Бірақ оның қалай айқындалып, сөз бөліктерінің қайсысында көрінетіні мәселесіне келгенде, ғалымдардың пікірі бірдей емес. Олардың бірі – интономаны жеке

тұрған синтагмада (*Көктем*), екіншілері – басқа синтагмаларға қатысты (*Көктем / келді*), үшіншілері – синтагмалар осінде, яғни олардың тоғысында (*Көктем^/ келді*) көрініс табады деп түсінеді. Бұл – әр топ ғалымдары үшін интонация бірлігін анықтаушы релевантты шамалардың бірдей болмағанымен байланысты туған пікір қайшылықтары. Мәселен, Е.А. Брызгуновада интонеманың айқындағыш шамасы ретінде негізінен әуен өзгерісі, З.М. Базарбаева, Н.Д. Светозароваларда бұған қоса интенсивтілік, қарқын алынса, Т.М. Николаевада әуен, интенсивтілік, қарқын, паузаның да өзгерістері қарастырылады. Т.М.Николаева: «интонаема – это пучок просодических значений, реализующийся на синтагматической оси» (Николаева, 1977, 20 б.) – деп, интонеманы синтагмалар қатынасының көрінісі ретінде олардың тоғысынан іздеу керектігін айтады.

Зерттеу жұмысында жоғарыда аталған үш тәсілдің соңғы екеуі негізге алынды. Интонаема ұғымының З.М. Базарбаева ұсынған анықтамасы қолданыла отырып, Т.М. Николаеваның интонациялық типтері де пайдаланылды.

Екі түрлі анықталатын интонациялық бірлікті бір жұмыста қолдану оның спецификасына байланысты болып тұр. Жай сөйлем интонациясын немесе белгілі бір синтаксистік құрылымдардың айтылу көрінісін зерттеушілер бұл құрылымдардың басқа сөз бөліктерімен арақатынасы емес, негізінен олармен салыстырғандағы ерекшеліктерін көрсетеді, сол себепті мұндай жұмыстарда бір синтагманы өрнектейтін интонеманы қолданған дұрыс. Ал құрмалас сөйлемдегі ой екі компоненттің арасындағы күрделі қатынас арқылы берілетінін ескерсек, әрқайсысының қандай интонемамен сипатталатынын ғана анықтап, сонымен шектеліп қоймай, олардың арақатынасын да қарастыру орынды.

Интонациялық типтер жеке синтагмаларды басқаларына қатысынсыз қараудан сақтандырғанмен, көптеген басқа фактілерді қамтымайды. Мәселен, қыстырма интонациясы, санамалау интонациясы немесе салыстыру интонациясы сияқты және бұйрықты, ренішті, лепті эмоцияларды беретін интонациялар мұндай бірліктің ажырататын мағыналарынан тыс қалып қояды. Сол себепті жұмыста интонациялық типтер интонемалар ұғымында емес, олардың арақатынасының көрсеткіші ретінде қолданылады. Мысалы, *Екеуі судан өтті де // Айгүлді қарсы*

алды сөйлемінің синтагмалары тиянақсыз, тиянақты инвариант интонеманың, варианттары арқылы, ал олардың арасындағы қатынас I дикторда 311, II дикторда 231 интонациялық тип арқылы берілген. Мұндағы үш орындық санның бірінші тұрғаны синтагмалар арасындағы *пауза* түрін (1 – кіші, 2 – орта, 3 – үлкен), екіншісі – бір-біріне қатысты алынған сөйлем синтагмаларының айтылу *қарқынын* (1 – бірқалыпты, 2 – сөйлемнің екінші бөлігі баяу, 3 – екінші бөлігі біріншісінен жылдам айтылған), үшіншісі – синтагмалар әуенінің өзгерістерін (1 – алғашқы синтагма әуені көтеріңкі, алғашқы синтагманың соңында әуен бәсеңдеген жағдайда, 2 – екінші синтагманың әуен-контурының сол деңгейден басталғанын, 3 – екінші синтагма әуені контурының сол деңгейден төмен мәннен басталғанын) білдіреді (Николаева, 1969, 104 б.).


«Тілдің интонациялық жүйесін анықтауда оның синтагма арқылы бір байламда тұратын, өзінің просодикалық өлшемдері мен ерекшеліктері бар интонемалардың <...> құрылымы әр тілдерде <...> шектеулі деп есептеледі» (Базарбаева, 1996, 20 б.). Қазақ тілінде мұндай интонемалардың *тиянақты, тиянақсыз, қыстырма сегменттер, жалпы сұрақ, лепті, қатал бұйрық, сыпайы бұйрық, арнаулы сұрақ* – сегіз инварианты анықталды. Олардың релевантты шамалары ретінде тоналды диапазон, негізгі тон жиілігінің максимумы, қарқын, интенсивтілік амплитудасы алынды. Тілдік деректердегі сөйлемдердің барлық мағыналық-құрылымдық түрлерінің синтагмалары тиянақты, тиянақсыз, қыстырма сегменттер үшеуінің варианттары арқылы сипатталды. *Тиянақты интонема* – тоналды диапазоны орташа, негізгі тон жиілігінің максимумы басында, қарқыны орташа, интенсивтілігінің амплитудасы төмен; *тиянақсыз интонема* – тоналды диапазоны орташа, негізгі тон жиілігінің максимумы соңында, қарқыны жылдам, интенсивтілігінің амплитудасы орташа; ал *қыстырма сегменттер интонемасының* – тоналды диапазоны тар, жиілігінің максимумы басында, қарқыны жылдам, интенсивтілік амплитудасы төмен болып ерекшеленеді (Базарбаева, 1996, 130 б.). Осы интонемалардың арақатынасының барлық мүмкін саны (үштің үш дәрежесі) 27-ге дейін болатын интонациялық типтердің 23 түрі арқылы сипатталды. Бұл екі диктордың оқылымындағы мысалдарды қосқанда алынып отырған сан. Интонацияның тілдегі бірліктерін анықтау үшін

адам дауысының физикалық өзгерістерінің абсолюттік емес, салыстырмалы мәндерін қолданады. Әр диктор үшін интонацияның негізгі шамаларының салыстырмалы мәндері төмендегі кесте бойынша анықталды.


	пауза	қарқын	н. т. ж. -нің абсолют мәні
кіші	100-360 мс.	0, айырмашылығы +/-15 мс.	102-149 Гц.
орта	360-626 мс.	2-синтагма + 15 мс.-тан баяу	149-197 Гц.
үлкен	626-892 мс.	2-синтагма -15 мс.-тан жылдам	197-245 Гц.

Сонымен екі диктордың оқылымындағы барлық мысалдардың сабақтас ішінде алғашқы синтагмаларының 30%-ы тиянақты, ал салаласта 50%-ы тиянақсыз инвариант интонемалардың төмендегі варианттарымен сипатталды.

Тиянақты интонеманың варианттары



Тиянақсыз интонеманың варианттары




Суретке тек қана әуен өзгерістері көрсетілген, ал басқа айқындаушы (релевантный) шамалардың көрінісі жоғарыда осы интонемалардың сипаттамасында берілген. Олар бұл варианттардың бәрінде бірдей, басқа инварианттармен салыстырғандағы хабарлы сөйлемге тән мәндермен сипатталады.

Алғашқы компоненті тиянақты интонамамен айтылған сабақтас сөйлемдердің негізгі үлесі басыңқы компоненті бірінші, ал бағыныңқысы соңында қолданылған, яғни орын тәртібі ауысқан сөйлемдерден құралған. Мысалы, *Қынжылмас ем, / егер Мағжан араласпаса; Торғай газеті айтады: / болыс школ аитты*

ден; Мен барар ем, / сабалалаған қымызым болса. Демек, сабақтас үшін алғашқы синтагманың бағынынқы компоненттің негізгі интонаемасы – тиянақсыз. Мысалы, *Абай үйге кіргенде, / Әбіш хатты оқып шықты; Құлық-мінезі үйлесіп, / әзілдері жарасады; Егін пісіп қалған соң, / Жаксылық қимылдап жатыр; Үй тігіліп, / жүк жиналып жатыр.* Ал салалас үшін осы синтагма тиянақты да, мысалы, *Олар ерте жатты, / өйткені ертең жұмыс еді; Солар жіберді, / әйтпесе онда қайрат жоқ; Жүрегім ауырлағандай болды, / үндемедім; Ауылыңа сәлем айт: / жерге таласпасын;* тиянақсыз да, мысалы, *Кейде қабағы түксиеді, / кейде күлім қағады; Бұл жерде не шөп жоқ, / не қамыс жоқ; Біреулердің бақаны алынды, / біреулердің арқандары шешілді; Өмір қайнады: / мектепке бала толды* болып айтылады.

Қыстырма интонаема сабақтас құрмаластың басыңқысының ортасында қолданылған бағынынқы компонентте, яғни сөз бөлігінің ортасындағы синтагмада, мысалы, *Еменалы, / Шоңдыгүл «бар-ауын» айтқаниша, / ұзап кетті; Отан, / қырықты алқындырса да, / сақал бітпей қойды* және жақшамен берілген синтагмада, мысалы, *Есік алды тар / (адам аяқ алып жүргісіз); Жылауық күз емес / (жселді күз еді)* төмендегі варианттарынан көрінді.




Жақшамен берілген сөйлемдердің кейбірінен басқаларының соңғы синтагмалары барлық мысалдарда тек қана тиянақты интонаемамен өрнектеліп отырды.

Осы көріністерден құрмалас сөйлемдердің семантика-синтаксистік түрлерінің өзіндік интонациясы болады деген тұжырымның расталмайтыны байқалды. Сонымен бірге сөйлемдердің синтаксистік құрылымы мен интонациясы арасындағы байланыстың барлық жағдайда тікелей берілмейтіні көрінді. Мәселен, баяндауыштарының тиянақты тұлғалануына қарамастан, салаластың алғашқы компоненттері тиянақсыз (*Жылауық күз емес, / жселді күз еді; Кейде қабағы түксиеді, / кейде күлім қағады*), ал сабақтаста баяндауышының тұлғасы тиянақсыз болса да, кейбір сөйлемде

тиянақты (*Егер жігіт жете алмаса, / кейін қашады; Мен барар ем, / сабалаған қымызым болса*) интонациямен айтылып отырғаны белгілі болды.

Бұған байланысты интонацияның сөйлем синтаксисі мен семантикасына қатысы жайында Т.М. Николаеваның төмендегі пайымдауын келтіргенді дұрыс санадық: «...и интонация, и синтаксис передают смысловые отношения, семантические связи элементов фразы. Быть может не стоит бояться выдвинуть тезис о неравенстве синтаксических конструкций с той точки зрения, что одни из них более прямо отражают некоторые смысловые отношения и потому задают интонацию, другие же как будто пусты и потому задают интонацию, другие же как будто пусты и потому принципиально различаемы, хотя их первичный синтаксический смысл вполне ясен...» (Николаева, 1969, 230 б.). Сөйлем синтагмаларын өрнектеген интонемалардың саны анықталды. Сонымен бірге олардың арасындағы пауза мен әуен сызығының, бір-бірімен салыстырғандағы қарқынның өзгерістері интонациялық типтер арқылы көрсетілгені және олардың 27 түрінің 23-і табылғаны айтылып кетті. Интонациялық типтердің қолданылу жиілігін төмендегі графиктен көруге болады.



Бұл графиктен 131, 231, 111, 211, 222 интонациялық типтерінің жиі қолданылғаны белгілі болып тұр. Олар келесі қатынасты

білдіреді: 131 – синтагмалар арасындағы паузасы салыстырмалы түрде кіші мөлшерлі (1**), екінші синтагма алғашқысынан жылдам айтылған (*3*), алғашқы синтагмасының әуен сызығы көтеріңкі аяқталған (**1) күрделі фраза, мысалы: *Сенің малың кетсе, / ол – азаматтың құны; Егер жігіт жетсе, / қыздың бетінен сүйеді; Қырықты алқындырсада, / оған сақал бітпей қойды; Егін пісіп қалған соң, / Жақсылық, қимылдап жатыр, Жібек ханның қызы болса, / Төлеген де ханның баласы; Сөз жүйесін тапса, / мал иесін табады*; 111 – паузасы кіші мөлшерлі (1**), синтагмалар қарқыны бірдей (*1*), алғашқы синтагма көтеріңкі әуенмен сипатталған (**1) сөйлем, мысалы, *Қыз оны қуып жетсе, / қамшымен сабап келеді; Егер жете алмаса, / кейін қашады; Біреулердің бақаны алынды, / біреулердің арқандары шешілді; Жылауық күз емес, / желді күз еді; Құлық-мінезі үйлесіп, / әзілдері жарасады*; 231 – паузасы орта мөлшерлі (2**), соңғы синтагмасының қарқыны жылдам (*3*), алғашқы синтагмасы тиянақсыз әуен сызығымен (**1) берілген сөйлем, мысалы, *Сырдың күні қандай салқын болса, / түні де сондай салқын; Өмір қайнады, / өйткені мектепке бала толды; Жылауық күз емес: / желді күз еді; Екеуі судан өтті де, / Айгүлді қарсы алды*; 211 – паузасы орта мөлшерлі (2**), синтагмаларының қарқыны бірдей (*1*), алғашқы синтагмасы тиянақсыз әуенмен сипатталған (**1) сөйлем, мысалы, *Нұртаза келе, / жұрт отыра бастады; Кейде қабағы түкседі, / кейде күлім қағады; Торғай газеті айтады: / болыс икол ашты деп* (I диктор оқылымында), *Абай қандай салқын болса, / Ділда да сондай жалынсыз*; 222 – паузасы орта мөлшерлі (2**), соңғы синтагмасы алғашқысынан баяу айтылған (*2*), алғашқы синтагмасының әуен контуры бәсеңдеп үзілген деңгейінен екінші синтагмасының әуен контуры басталатын (**2) сөйлем, мысалы, *Өмір қайнады: / мектепке бала толды; Ертең жұмыс еді, / сондықтан олар ерте жатты; Ауылыңа сәлем айт: / жерге таласпасын; Біреулер сеніп жатыр, / біреулер нанбай жатыр; Жылауық күз емес / (желді күз еді)*. Бұлардың ең жиі қолданылған 131 түрі тек қана сабақтас сөйлемдерге, 222 түрі – салалас сөйлемдерге тән болып отырды.

Интонациялық типтердің 3 санымен басталып (3**), осы санмен аяқталатындарының (**3) кейбірі болмаса, олардың көбі (311, 312, 332, 313, 322; 213, 113, 233, 313, 333, 133) салалас сөйлемдерге қатысты қолданылды. Мұндағы асты сызылған 332 типі

сабақтас сөйлемдердің де синтагмалары қатынасын сипаттады. Бірақ ол компоненттерінің орын тәртібі ауысқан сөйлемдерде ғана кездесті. *Мен барар ем, / сабалайтын қымызым болса.* Сонымен, қазақ тілінің салалас сөйлемдері компоненттерінің арасындағы пауза сабақтаспен салыстырғанда үлкен мөлшерлі (3**) болып, алғашқы синтагмасы тиянақты интонамамен өрнектелгенде, соңғысы одан төмен деңгейдегі нүктеден басталатын әуен контурымен (**3) сипатталатыны анықталды.

Сабақтас сөйлемдерге негізінен 1 санымен басталып (1**) (олардың соңғы саны 3 болуы міндетті емес, оның салаласқа тән екенін айтып кеттік), осы санмен аяқталатын (**1) интонациялық типтер тән болды (131, 111, 121, 112; 211, 231, 321, 331). Бұл интонациялық типтер компоненттері арасындағы пауза кіші мөлшерлі (1**), алғашқы компоненті тиянақсыз әуен сызығымен (**1) өрнектелген сөйлемдердің интонациялық көрінісін береді.

Үш орындық саннан тұратын интонациялық типтердің бірінші саны – **пауза** өзгерістерінің көрсеткіші.

	Сабақтас сөйлем			Салалас сөйлем			Барлық сөйлемдер		
	кіші	орта	үлкен	кіші	орта	үлкен	кіші	орта	үлкен
	1**	2**	3**	1**	2**	3**	1**	2**	3**
	(123) ³	(231) ⁷	(332) ²	(121) ²	(211) ²	(312) ⁴			
	(111) ⁶	(211) ⁶	322	(132) ³	(222) ⁷	(322) ²			
	131) ¹²	(221) ⁶	321	(133) ²	(232) ⁴	311			
	(132) ²	232	331	(111) ²	(213) ²	332			
	112			113	231	313			
					221	333			
					233				
Барлы- ғы	24	20	5	10	19	10	34	39	15
%	49%	40%	11%	26%	48%	26%	38%	44%	18%

Кестеден сабақтас сөйлемдер ішінде – кіші, ал салаласта – орта мөлшерлі синтагма аралық паузаның жиі қолданылатынын көруге болады. Демек, паузаның көлемі сөйлемнің синтаксистік құрылымына тікелей қатысты, яғни баяндауыштары тиянақты тұлғаланып, бір-бірінен дербес те қолданыла алатын екі компонент арасындағы пауза – алғашқысы тиянақсыз тұлғалы баяндауышпен берілген сабақтасқа қарағанда көбіне үлкен болып айты-

лады. Бұл шаманың барлық сөйлемдерге қатысты ортақ болған қасиетіне келсек, үлкен мөлшерлі паузаның құрмалас сөйлемде сирек қолданылғаны байқалады.

Қарқын өзгерістерінің барлық жағдайда сөйлем құрылымына тәуелді бола бермейтінін дикторлардың сөйлемдердің синтаксистік түрінің қайсысында болмасын қысқа синтагманы ұзынынан гөрі баяу айтқаны дәлелдейді. Бұл сөйлеу үрдісі қысқа сөз бөлігінің маңыздылығын көрсетеді, мысалы, *Олар ерте жатты. / өйткені ертең жұмыс еді; Айбарша көзін ашып қараса – Дәулет.*

Қарқынның барлық мысалдағы сөйлем түрлеріне қатысты өзгерістері төмендегі кестеде көрсетілген.

	Сабақтас сөйлем			Салалас сөйлем			Барлық сөйлемдер		
	2-синт. жылд.	2-синт. баяу	бірдей қарқын	2-синт. жылд.	2-синт. баяу	бірдей қарқын	2-синт. жылд.	2-синт. баяу	бірдей қарқын
	3	*2*	*1*	*3*	*2*	*1*	*3*	*2*	*1*
	(231) ⁷ (332) ² (131) ¹² 232 (132) ² 331	(121) ³ (221) ⁶ 321 322	(211) ⁶ (111) ⁶ 112	(232) ⁴ (132) ³ (133) ² (233) ² (231) ² 333 332	(222) ⁷ (322) ² (121) ² 221	311 113 313 212 312 (213) ² (211) ² (111) ²			
Барлығы	25	11	13	15	12	11	40	23	25
%	51 %	22%	27 %	39%	32%	29%	46%	26%	28%

Сонымен, сабақтас ішінде соңғы синтагмасы жылдам айтылған сөйлемдердің, ал салалас ішінде оған қоса соңғы синтагмасы баяу қарқынмен айтылған сөйлемдердің үлесі үлкен болатыны анықталды. Жалпы барлық мысалдар ішінде соңғы синтагмасы жылдам айтылған сөйлемдердің жиі қолданылатынын байқау қиын емес. Ал қарқынның салаласқа қарағанда сабақтаста бұлай берілуі жиі кездескені оның компоненттері арасындағы синтаксистік тәуелділік пен мағыналық байланыстың күштілігінің бірден-бір белгісі: олардың айтылу қарқыны жай сөйлем бөліктеріне ұқсас баяу басталып, соңына қарай жылдамдай түседі.

Бұл көріністің сөйлем соңғы компонентінің мағыналық маңыздылығына, буын санының алғашқысынан аз болуына немесе диктордың көңіл-күйіне, экспрессиясына қарай өзгеріп отыратыны эксперимент нәтижелерін талдау барысында байқалды.


Әуен өзгерістерінің құрмалас сөйлемдердегі көрінісін төменде берілген кестеге қарап анықтауға болады.

	сабақтас сөйлем			салалас сөйлем			барлық сөйлемдер		
	\curvearrowright	\curvearrowright	\curvearrowright	\curvearrowright	\curvearrowright	\curvearrowright	\curvearrowright	\curvearrowright	\curvearrowright
	**1	**2	**3	**1	**2	**3	**1	**2	**3
	(231) ⁷	(132) ²		(231) ³	(312) ⁴	(213) ²			
	(211) ⁶	(332) ²		(211) ²	(222) ⁷	(133) ²			
	(121) ³	232		(121) ²	(232) ⁴	113			
	(111) ²	112		(111) ²	(132) ³	233			
	(221) ⁶			311	(322) ²	313			
	(131) ¹²			221	332	333			
	321				212				
	331								
бар-лығы	42	7	0	11	22	8	53	29	8
%	86%	14%	0	27%	54%	19%	59%	32%	9%

Кестеден сабақтас сөйлемдердің алғашқы синтагмасы әрқашан тиянақсыз әуен контурымен, салаласта тиянақты контурмен өрнектеліп отырғаны анық көрінеді. Сонымен бірге барлық құрмалас сөйлемдер ішінде алғашқы синтагмасы – тиянақты әуенмен, соңғысы – одан төмен интонациялық деңгейден басталып айтылатын интонациялық типтің сирек кездесетіні байқалды. Ал мұндай тип кездескеннің өзінде тек салаласқа тән болатыны белгілі болды.

Интонациялық типтердің компоненттері әуен, қарқын және пауза құрмалас сөйлем синтагмаларында көрініс тапқан интонациялардың арақатынасын анықтауға қатысты. Ал интонацияның негізгі компоненттерінен саналатын ұзақтылық пен интенсивтілік мұнда берілмеді. Бұл олардың ерекшеліктеріне байланысты. Интонацияның уақыттық компоненті ұзақтылық қазақ тілінде интонациялық тұрғыдан конститутивтік қызмет атқарады. Ол өздігінен тілдік маңызды қызметке ие бола алмай, тек басқа компоненттермен (әуен, интенсивтілік) бірігіп қана логикалық маңызды сөзді ерекшелеп отырады. Ой екінін

құраушы негізгі компонент интенсивтілік те интонациялық типтерді ажыратуға қатыспаған. Оның себебі төмендегідей: ой екпінімен синтагма ішінде сөйлеушіге маңызды саналған кез келген сөз айтылуы мүмкін, сонымен бірге ол синтагманың басында, соңында, ортасында да тұра береді; осыған орай сөз бөлігінің интонациялық контурының формасы өзгергенімен, оның тиянақты немесе тиянақсыз болуына еш әсері тимейді; әуеннің тиянақты немесе тиянақсыз болып берілуі сөйлемнің ой екпінімен айтылған сөзінің орнына емес, көбінесе сөз бөлігінің аяқталғаны/аяқталмағанына, яғни бір жағынан сөйлем синтаксисіне де байланысты; ал интенсивтілік мәндерінің өздерін ғана алған болсақ, оның синтагмалар арақатынасынан гөрі жалпы сөйлемнің тұтастай айтылуына қатысы анық байқалды. Мәселен, шамамен барлық сөйлемдердің алғашқы синтагмаларының соңында, тіпті олар тиянақты әуенмен берілсе де, интенсивтілік мәндері жоғары болып қала берді, оның контуры төмендегеннің өзінде, орта деңгейге дейін ғана түсті, ал сөйлем соңында әрдайым ең кіші мәнінде тынып отырды. Демек, үдемелілік (интенсивтілік) аяқталған ойдың, сөйлемнің, басқа сөйлемнен аражігін белгілеуші интонациялық құрал болып табылады. Сөйлемнің алғашқы (1) және соңғы (2) синтагмаларындағы үдемелілік контурын көрнекі түрде келесі суреттермен көрсетуге болады.



Қорыта келе, хабарлы ойды беретін құрмалас сөйлемдердің синтагмалары тиянақты, тиянақсыз, қыстырма сегменттер үш интонома арқылы сипатталып, бұл интономалар арасындағы күрделі қатынас 23 интонациялық тип арқылы берілетінін айтуға болады.

Зерттеуде сөз сазы дыбысталған сөз ағымын бірліктерге жіктейтін, олардың өзара қатынасын білдіруге қатысатын әрі айтылған сөзді аяқталған ой жеткізушісі ретіндегі ұйымдастыратын дауыс қаттылығы, буын ұзақтылығы, кідіріс, ырғақ, екпін, әуен, әуеннің сынуы, қозғалыуы, сөз қарқыны сияқты суперсегментті бірліктердің – просодемалардың жүйесі ретінде қарастырылды; қазақ сөз сазының, сөз ағымы бірліктері безендірілуінің өзіндік ерекшеліктері көрсетілді; интонация – әуен, интенсивтілік (үдемелілік не дауыс қаттылығы), қарқын, ұзақтылық, пауза сияқты просодикалық компоненттерден құралып, тілдік мағына ажырататын өзіндік бірліктері – интонемалары бар кешенді құбылыс ретінде қаралды. Оның синтаксиспен күрделі қатынасы мағына арқылы іске асатыны байқалды. Мәселен, сөз бөлігінің аяқталмағанын интонацияда тиянақсыз интонома, ал синтаксисте сөздердің тиянақсыз тұлғада қолданылуын көрсетеді. Интонация бірліктері синтагмада көрініс табады. Синтагма сөйлемде мағынаға ие болатын тілдегі ең кіші фонетика-синтаксистік бірлік болып табылады (Щерба, 1953, 87 б; Виноградов, 1950, 248 б.). Қазақ тілінің просодикалық ұйымдастырушы құралы – сингармонизм тұрғысынан интонацияны зерттеудің З.Базарбаева ұсынған жаһандық әдісін қолдана отырып, құрмалас сөйлем синтагмалар жігін белгілеуші конститутивтік қызметтегі интонациялық компонент ретінде ұзақтылық алынды. Басқа компоненттердің синтагмадағы өзгерістері сипатталып, құрмалас сөйлем түрлерінің барлығы **тиянақты, тиянақсыз, қыстырма сегмент** – үш интонома арқылы көрінетіні белгілі болды. Зерттеудің тәжірибеге алынған кейбір мысалдарының спектрограммасы, осциллограммасы мен акцентограммасы қосымшада берілді. Ондағы сөз ағымы бірліктерінің фонетикалық транскрипциясы қосымша алдында көрсетілді.

Интонация мен синтаксис арасындағы қатынас өтем заңы тұрғысынан қарастырылды. Тілдегі өтем заңы А.М. Пешковскийдің пайымдауында интонация мен сөздердің орналасу тәртібі және негізгі синтаксистік тәсілдер – сөз тұлғалары мен көмекші сөздердің (мысалы, жалғаулық) сөйлемде бірігіп келіп емес,

бірінің орнына екіншісінің қолданылуымен, яғни бірін-бірі толықтырып тұруымен көрінеді деп берілген. Осы заңның қазақ тіліндегі көрінісін тексеру барысында төмендегідей деректерге қол жетті. Құрмалас сөйлемде грамматикалық көрсеткіш жалғаулық қолданылмаған жағдайда интонацияның қарқын, әуен, интенсивтілік көрсеткіштері үлкен мәндерінен көрініп, оның синтаксистік байланыстырғыш рөлін өзіне алып, «қоюлана» түсетіні байқалды. Бірақ эксперимент берілгендерінен бұған қазақ тілінде сөйлем синтагмалары (компоненттері) арасындағы паузаның қатыспайтыны белгілі болды. Бұл қазақ тілінің орыс және басқа акценттік тілдердің құрылымынан ерекшелігі болып табылады (орыс тілінде өтем заңының бірден бір көрсеткіші – пауза, яғни ол жалғаулықсыз сөйлем синтагмалары арасында үлкен мөлшерлі болып келеді). Қазақ тілінде құрмалас сөйлем жалғаулықтарының әрдайым интенсивтіліктің және басқа да интонация компоненттерінің үлкен мәндерімен сипатталуы оның ой екпінімен айтылып тұрғанын білдіреді. Ал ой екпіні түскен сөз синтагма басында берілсе, оның алдында кідіріс жасалуы сөйлеу заңдылықтарының бірі. Демек, құрмалас сөйлемдерде жалғаулық екінші синтагманың басында тұрса, оның паузасы жалғаулықсыздан үлкен мөлшерлі болады. Лексикалық мағынасы жоқ жалғаулықтардың сөйлемде ой екпінімен айтылуы олардың грамматикалану процесінің тілімізде әлі аяқтала қоймағанының интонациядағы көрінісі болуы керек.

Жұмыста мағынаның сөйлеу тіліндегі көрсеткіші интонация мен жазба тіліндегі көрсеткіші пунктуацияның ара қатынасы мен сәйкестігі мәселесі қаралды. Сөйлемнің әрбір интонациялық көрінісінің тыныс белгілері болуы мүмкін еместігі оның айтылу мәнерінің шексіздігімен және тыныс белгілері санының шектеулі болатынымен дәлелденеді. Пунктуация тілдің грамматикалық құрылымымен қатар интонацияға да негізделеді, бірақ соңғысына барлық жағдайда сүйенбейді. Мәселен, *сонымен бірге* сияқты демеулік шылауларынан кейін белгілі бір кідіріс жасалады немесе әуеннің «сынуы» байқалады, бірақ жазуда бұлар әрдайым тыныс белгілерімен көрсетілмейді. Ал сөйлемдердің алуан түрлі айтылу көріністері аз ғана пунктуациялық таңбалармен беріледі. Сонда әр тыныс белгінің нақты, өзгермейтін интонациялық фигураларының болуы да мүмкін емес. Дегенмен, жазушы (пишущий) құрмалас сөйлем бөліктері арасына қандай да

бір тыныс белгілерді оның мағынасына қарай таңдап алып қолданады. Осыған орай мұндай сөйлемнің айтылу сипаты басқа тыныс белгілер қолданылған сөйлемдерден айрықшалаанады. Сондықтан шартты түрде құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы тыныс белгілері мағыналық жағынан белгілі бір дәрежеде өзіндік кіші жүйе құрайды деп алынып, олардың интонациялық көріністері сипатталды. Интонация компоненті – паузаның сөйлем тыныс белгілерімен тікелей қатынаста болатыны келесі түрде анықталды: $P=(-) >(:)>(,)$. Ал жақша үшін оның мәндерінің бұл қатынастың бірде алдынан, бірде соңынан орын алып отыратыны белгілі болды.

Салалас құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерешеліктері сипатталып, төмендегі көрініс анықталды. Мұндай сөйлемдердің алғашқы компоненті баяндауыштарының тиянақты тұлғалануына қарамастан, тиянақты әуен контурымен ғана емес, тиянақсыз да әуенмен беріліп отырды. Бұл фактілердің сөйлем компоненттері арасындағы семантика-синтаксистік байланыстың әлсіз/күшті болуына, сондай-ақ жалғаулықтың синтагмалардағы орнына байланысты екені анықталды. Егер компоненттер арасындағы байланыс күшті болса немесе жалғаулық алғашқы синтагма соңында тұрса, онда сөйлемнің алғашқы синтагмасы тиянақсыз интонемамен, ал компоненттер арасындағы мағыналық байланыс әлсіз болып, жалғаулық соңғы компонентте қолданылса, мұндай салалас сөйлемнің алғашқы синтагмасы тиянақты интонемамен беріледі. Соңғы синтагманың әуен сызығы алғашқысынан төмен деңгейден басталып, ең кіші мәнінде тынады. Қосқұрамды салалас сөйлем синтагмалары (компоненттері) арасындағы пауза салыстырмалы түрде орта, кейде кіші мөлшерлі болып, сөйлемдегі дауыс ағымы үзілмей, ұласып жатады. Жалғаулықтар сөйлемнің қай жерінде қолданылса да, мол интенсивтілікпен ерекшеленіп, интонация параметрлерінің жоғары мәндерінен көрінеді.

Сабақтас құрмалас сөйлемдерің алғашқы синтагмасы көбінесе тиянақсыз интонемамен өрнектеліп, соңғысынан кең тоналды диапазонмен беріледі. Соңғы факт алғашқы синтагманың мағыналық маңыздылығынан бұрын оның соңғы компонентке тәуелділігінің белгісі: аяқталған бір ойды беретін сөз бөлігі синтагмаларының алғашқы жұбы кең, соңғылары тар диапазонмен айтылады. Сабақтас құрмалас сөйлем синтагма-

ларының арасы орта немесе кіші мөлшерлі паузамен үзіліп отырады.

Құрмалас сөйлемдердің кейбір мағыналық топтарының интонациясын интонемалар емес, просодемалар ажырататыны белгілі болды. Мәселен, қатыстық бағыныңқылы сабақтас сөйлем синтагмалары (компоненттері) арасындағы болымсыз тоналды интервал кіші (-1 жт., -2 жт., -3 жт.), ал шартты бағыныңқылы сөйлемдерде үлкен (-4 жт., -5 жт., -6 жт.) мәндермен берілді. Сондай-ақ түсіндірмелі сабақтастың айқындаушы, түсіндіруші қызметтегі бағыныңқылы компоненті басқа бағыныңқылар сияқты жылдам емес, баяу қарқынмен ерекшеленді.

Сонымен, зерттеу барысында сабақтас және салалас сөйлемдердің өздеріне ғана тән интонемаларының болуы міндетті емес екені анықталып дәлелденді. Олардың барлық түрлері хабарлы ойды беретін сөйлемде жоғарыда аталған үш интонаема арқылы сипатталатыны байқалды. Құрмалас сөйлем синтагмаларында тиянақты және тиянақсыз интонемалардың төрт, қыстырма интонеманың үш, барлығы 11 варианты көрініс табатыны анықталды. Тиянақты интонеманың варианттары сөйлемнің соңғы синтагмасында, кейбір салалас сөйлемдердің және компоненттерінің орын тәртібі өзгерген сабақтас сөйлемдердің алғашқы синтагмаларында көрініс табады; тиянақсыз, интонеманың варианттары сабақтас және салалас сөйлемдердің алғашқы синтагмаларында қолданылса, қыстырма интонеманың варианттары сөйлем ортасындағы және жақшаға алынған компонентте беріледі. Бұл интонемалардың құрмалас сөйлемдегі өзара қатынасы интонациялық типтерді анықтау арқылы белгілі болды.

Барлық мүмкін саны 27 болатын интонациялық типтердің жұмыстың тілдік материалында 23-і анықталды. Олардың ішіндегі ең жиі қолданылатыны 131 типі келесі көріністі береді: синтагмалар арасындағы паузасы кіші мөлшерлі, соңғы синтагмасы жылдам қарқынмен айтылған, алғашқысы тиянақсыз әуен контурымен өрнектелген әр синтагмасы жеке компонент болатын құрмалас сөйлем. Ал интонациялық типтердің ішінде 123, 223, 323 сияқты 3-пен аяқталатындары мүлдем кездеспейтіні анықталды. Бұл қазақ тілінде алғашқы синтагмасы тиянақты әуенмен берілген, соңғы синтагмасы одан төмен деңгейдегі әуеннен басталатын күрделі фразалардың сирек қолданылатынын, тіпті кездеспейтінін де айқын көрсетеді.

Интонациялық типтерді құрайтын әуен, пауза, қарқын компоненттері синтагмалардың арақатынасының көрсеткіштері болса, ұзақтылық пен интенсивтілік сияқты компоненттердің алғашқысы синтагмалардың, соңғы сөйлемдердің ара жігін белгілеуші интонациялық құралдар болып табылды.

Қорыта келгенде, интонацияның синтаксиспен байланысты, бірақ оған тәуелсіз де құбылыс екені анықталды. Оның бірде сөйлемнің синтаксистік құрылымымен тікелей түрде, бірде жанама байланысып отыратыны белгілі болды. Тікелей деп отырған байланыс түріне баяндауышы тиянақты тұлғада берілген сөйлем компонентінің тиянақты интонамамен өрнектелгенін мысалға келтіруге болады да, жанама түрдегі байланысына сөйлемнің осы компонентінің тиянақсыз интонамамен сипатталып, екі тілдік деңгейдің мағына арқылы байланысқанын (мысалы, *кейде күлім қағады*) келтіруге болады. Соңғы жағдайда синтаксистік емес, интонациялық тәсілдер мағынаны дұрыс беріп тұрғаны шындыққа үйлеседі. Өйткені мысалға келтірген сөйлемнің алғашқы компоненті (*кейде қабағы түксиді...*) өздігінен тиянақты ойды білдіре алмайды, дегенмен синтаксисте оның баяндауышы тиянақты тұлғада берілген. Осыған байланысты интонолог-ғалымдар кейбір синтаксистік тәсілдердің мағынаны толығымен жеткізе алмайтынын айтады. Сонымен, интонация мағына ажырататын өзіндік бірліктері бар, басқа деңгейлерден автономды түрде қарастырыла алатын тілдің суперсегменттік деңгейі. Оның бірліктері сегменттік деңгейдің үстінен келіп, тек синтагма мен сөйлемде көрініс табады, сондықтан интонация мен синтаксистің арасында тығыз байланыс бар. Бірақ синтаксистегінің бәрі интонацияда ажыратылмайды, тілдің бұл екі деңгейінің арасындағы күрделі қатынас сөйлем мағынасын бірде алдыңғысының, бірде соңғысының тура жеткізіп отыратынымен беріледі. А.М. Пешковскийдің «Интонационные средства отличаются подвижным, свободным характером. Они наслаиваются сложными прихотливыми узорами на звуковые средства... Они, так сказать блуждают по грамматической поверхности языка» – деген пікірі осыған байланысты айтылған болу керек (Пешковский, 1959, 179 б.). Қорыта келе, интонацияның қазақ тіл білімінде тереңірек зерттеуді қажет ететін, күрделі де, сан қырлы құбылыс екенін айтуға болады.

1. Алексеев И.Е. Типология структурно-коммуникативных и интонационных систем высказывания в якутском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени докт. филол. наук. – А.: 1994. – С. 380.
2. Антипова А.М. Направления исследований по интонации в современной лингвистике // Вопросы языкознания. №1, 1986. – С. 122-132.
3. Аманбаева А. Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). – Алматы, 2006.
4. Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы // Жоғары дәрежелі мектептер үшін оқу құралы. – А.: 1940.
5. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – А.: «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1986. – 114 б.
6. Артемов В.А. Метод структурно-функционального изучения речевой интонации. – М.: 1974. – С. 160.
7. Артемов В.А. Экспериментальная фонетика. – М.: Изд. лит. на иностр. яз., 1956. – С. 228.
8. Атенев Ш. Интонация приложения в современном казахском языке // Советская тюркология, № 4, 1972. – С. 102-111.
9. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 2007.
10. Ахмедов З.А. Вопросительные предложения в современном узбекском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степ. канд. филол. наук. – Ташкент, 1965. – С. 25.
11. Бабаев С.М. Особенности интонации простых повествовательных предложений с деепричастными оборотами в современном азербайджанском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. Филол.наук. – Баку, 1966.
12. Базарбаева З.М. «Типологическое исследование интонации вводных единиц» (на материале французского, казахского и русского языков). А.: филол. ғ. канд. дисс., 1983.
13. Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – А.: «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1996. – 225 б.
14. Базарбаева З.М. Интонационная система казахского языка. АДД. – Алматы, 1997.

15. Базарбаева З.М. Интонация (105-144 бб.) // Академиялык грамматика. – Алматы: Елорда, 2002 – 784 б. ISBN 9965-571-09-0
16. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А.: «Ана тілі» баспасы, 1992. – 447 б.
17. Байтұрсынов А. Шығармалары. – А.: «Жазушы» баспасы, 1989. – 320 б.
18. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Алтытомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: – 384 б.
19. Балақаев М. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. 2-том. – А.: 1967.
20. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. Иностранная литература. М., 1955.
21. Балтаева Р.М. Интонационная структура общего вопроса в современном татарском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Казань, 1973. – С. 22.
22. Баскаков Н. А. Части речи и словообразования. Каракалпакский язык. Часть I. – М., 1952.
23. Бекимбетов Н. Интонация собственно вопросительного предложения в современном каракалпакском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Ташкент, 1965. – С. 23.
24. Белякова Л.И. Заикание: учеб. пособие для студентов пед. инст-в по спец-ти «Логопедия» / Л.И. Белякова, Е.А. Дьякова. – М.: В. Секачев, 1998. – 304 с.
25. Богородицкий Р.А. Фонетика русского языка в свете экспериментальных данных. – Казань: Дом татарских культур, 1930. – С. 356.
26. Бондарко Л.В. Звуковой строй современного русского языка. – М., Издательство «Просвещение», 1977 – 175 стр.
27. Брызгунова Е.А. Фонетический метод в интонации. Интонация. – Киев, 1978. – С. 174-178.
28. Бурнакова К.Н. Ритмомелодемы хакасских простых нераспространенных предложений. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – А.: 1989. – С. 25.
29. Веренинова Ж.Д. К трактовке понятия интонация // Филологические науки, № 5-6, 1994. – С. 84-89.
30. Виноградов В.В. Понятие синтагмы в синтаксисе русского языка // Вопросы синтаксиса современного русского языка. – М., 1950.

31. Виллер М.А., Гордина М.В., Белякова Г.А. Фонетика французского языка. – Л., 1978. – С. 73-82.
32. Всеволодский-Гернгросс В.И. Теория русской речевой интонации. – Петербург, 1922.
33. Гаджиева Ф.И. Варианты интонационного контура в немецком и азербайджанском языках (экспериментально-фонетическое исследование). – Тбилиси, 1982. – С. 23.
34. Галеева М. Элементы интонации и их взаимодействие в синтагмах повествовательных предложений в русском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – М., 1968.
35. Григорьев Е.И. Звуки речи и их коммуникативная функция / Е.И. Григорьев, В.М. Тычинина; Тамбовский гос. ун-т им. Г.Р.Державина. – Тамбов, 2006. – 122 с.
36. Джафаров А.М. Интонационная структура сложно-подчиненных предложений с противительно-сопоставительными отношениями в английском и азербайджанском языках. – Баку, 1975.
37. Джунибеков А. Просодика казахского слова и сингармонизм. – А.: Наука, 1982. – С 90.
38. Джусупов М. Сингармонический звуковой строй в сопоставлении с несингармоническим (на материале казахского и русского языков). Автореф. дисс. на соиск. учен. степени док. филол. наук. – Алма-ата. 1992. – 38 с.
39. Дүйшеев Ж. Интонация простого повествовательного предложения в современном киргизском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Фрунзе, 1980. – С. 25.
40. Есенова Ж.С. Характеристика основных интонационных типов калмыцкого языка. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Л., 1980. – С. 25.
41. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – А.: «Білім» баспасы, 1995. – 136 б.
42. Есенов Қ. Сабақтас құрмалас сөйлем синтаксисі. – А.: «Ғылым» баспасы, 1982. – 140 б.
43. Жиенбаев С. Сөйлемнің тыныс белгілері. – А.: 1940 б.
44. Жинкин Н.И. Механизмы речи. – М.: Академия пед. наук, 1958 – 366 с.
45. Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Тлегенова Г.,

Қожахметова Ә, Тоқмырзаев Д. Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 552 б.

46. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А.: «Ғылым» баспасы, 1966. – 361 б.

47. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай», 2013. – 640 б.

48. Жүнісбек Ә. Фонетика // Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002.

49. Жүсіпұлы М. А.Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – А.: «Ғылым» баспасы, 1998. – 216 б.

50. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – М.: Высшая школа, 1979. – С. 312.

51. Иванова В.Ф. История и принципы русской пунктуации. – Ленинград: 1962.

52. Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата: Наука, 1986. 322 с.

53. Калиев Ж.И. К вопросу об интонации повествовательной фразы в казахском языке. Фонетика казахского языка. – А., 1969. – С. 98-107.

54. Карневская Е.Б. Просодические средства внутрифразового смыслового членения в английском языке / Е.Б. Карневская., Т.М. Насонова // Сб. науч. ст. преподавателей, аспирантов и магистрантов кафедры фонетики английского языка; редкол.: Е.Б. Карневская, Е.А. Мисуно, Р.С. Трохина. – Минск: МГЛУ, 2007. – С. 65 – 68.

55. Karcevskij S. Sur la phonologie de la phrase // Travaux du cercle linguistique de Prague, 1931.

56. Касевич В. Б., Ягунова Е. В. Ударение и фонетическое слово в русском языке // Проблемы социо- и психолингвистики: Сб. ст. / Отв. ред. Т. И. Ерофеева; Перм. ун-т. – Пермь, 2003. – Вып. 3. – С. 19-25.

57. Касевич В.Б. Фонологические проблемы общего и восточного языкознания. – М., 1983, – С.162.

58. Кемелова К.Н. Фонетическая реализация основных интонационных типов в условиях сингармонизма (на материале казахского языка). Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Л.: 1988. – С 25.

59. Кеншинбаев Т. К вопросу о соотношении казахской интонации и пунктуации // Вопросы казахской фонетики и фонологии. – А.: Ғылым, 1979. – С 190-198.
60. Кеңесбаев І. Қазақ тіліндегі қос сөздер – А.: ҚазССР ҒА Хабарлары, 1950. – 3-12 бб.
61. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – А.: «Арыс» баспасы, 2008. – 608 б.
62. Кеңесбаев С. Қазақ тіліндегі екпін категориясы // «Қазақ ССР ҒА Хабарларының Лингвистикалық сериясы» 5-шығ., – 1948. – 19-23 бб.
63. Клычникова З.И. Бессоюзное сложное предложение и его понимание. «Уч. зап. ІМГПШІІЯ», VI выпуск. – М., 1953.
64. Кодзасов С. В., Кривнова О. Ф. Общая фонетика. – М., РГГУ, 2001. – 592 с.
65. Кравченко М.Г., Зыкова М.А., Светозарова Н.Д. Ударение и интонация в немецком языке. – Л.: 1973. – С. 288.
66. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құрал (қазақ тілі мен әдебиеті, филолог мамандығы студенттеріне арналған). – Алматы: «Елтаным», 2013.
67. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. – 12-том, 752 б.
68. Қордабаев Т., Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – А.: 1961. – 291 б.
69. Манкеева Ж. А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. 152 с.
70. Мартине А. Принцип экономии в фонетических изменениях. – М.: Изд-во иностранной литературы, 1960. – 262 с.
71. Мехтиев Н.А. Побудительное предложение в современном азербайджанском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Баку, 1973.
72. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – А.: «Ана тілі» баспасы, 1991. – 128 б.
73. Мурзалина Б.К. Интонационные конструкции казахского языка и основные способы их реализации. В кн.: Вопросы тюркского языкознания. – А.: 1988. – С. 44-48.
74. Мырзабеков С. Буын (93-96); Бунақ (96-98) // Академиялық грамматика. – Алматы: Елорда, 2002 – 784 б.
75. Николаева Т.М. Интонация сложного предложения в славянских языках. – М.: Наука, 1969. – С. 287.

76. Николаева Т.М. Фразовая интонация славянских языков. – М.: Наука, 1977. – С. 278.
77. Нурмаханова А.Н. Типы простого предложения в тюркских языках (грамматические и интонационные особенности на материале узбекского, каракалпакского, казахского языков). – Ташкент, 1965. – С. 156.
78. Омарбеков С. Екпін (99-104) /// Академиялық грамматика. – Алматы: Елорда, 2002 – 784 б.
79. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – М., Учпедгиз, 1956. – С. 511.
80. Пешковский А.М. Интонация и грамматика. Избранные труды. – М., Учпедгиз, 1959. – С. 177-191.
81. Потапова Р.К. Функционально-речевая специфика просодии и семантики / Р.К. Потапова // Речевые технологии. – 2014. – № 1-2. – С. 3-21.
82. Рапанович А.Н. Фонетика французского языка. – М.:1969. – С.71-84.
83. Реформатский А.А. Проблемы фонемы в американской лингвистике. В кн.: Из истории отечественной фонологии. М., 1970. С. 204-248.
84. Реформатский А. А. Введение в языковедение/Под ред. В.А. Виноградова. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 536 с.
85. Розыева О.Д. Просодическая организация стилей произношения в тюркских языках (на материале туркменского, узбекского, казахского языков). Автореферат дисс. на соиск. учен. степени докт. филол. наук. – Ташкент, 1991. – С. 25.
86. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – А.: «Рауан» баспасы, 1991. – 176 б.
87. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – А., 1982 – 351 б.
88. Сарыбаев Ш. Қазақ сөйлемінде үтірдің жазылатын орындары. Тіл мәселелері. II-кітап. – А.: 1936. – 51-53 б.
89. Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қостағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – А.: «Ғылым» баспасы, 1997. – 310 б.
90. Светозарова Н.Д. Интонационная система русского литературного языка. – Л.: ЛГУ, 1982. – С.174.
91. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы

жайында анықтағыш. – Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1959. – 224 б.

92. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. – Алматы., 1976.

93. Сыздықова Р. Абайдың прозалық шығармаларындағы күрделі ойдың берілуі // Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, 1965.

94. Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 119 б.

95. Токтоналиев К. Побудительное предложение в современном киргизском литературном языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – М.: 1984.

96. Торсуева И.Г. Интонация и смысл высказывания. – М.: Наука, 1979. – С. 112.

97. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – М.: 1960.

98. Түркбенбаев Н.У. Интонация простых вопросительных предложений в казахском языке (экспериментально-фонетическое исследование). Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – А.: 1966. – С. 21.

99. Уәли Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. Филол. ғыл. канд. дисс. 1993; Алматы.

100. Уәли Н., Фазылжанова А. Қоғамдық сананың түрлері және тіл бірегейлігі // ҚР ҰҒА Хабаршысы, Филология сериясы, №4, 2009. – 15-19 бб.

101. Фазылжанова А. Қазақ тіліндегі қосқұрамды құрмалас сөйлемдер интонациясы (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). Филол. ғыл. канд. дисс., – А.: 2000. – 131 б.

102. Фомичева М.Ф. Воспитание у детей правильного звукопроизношения: Практикум по логопедии. учеб. пособие для учащихся пед. уч-щ по спец. № 03.08 «Дошк. воспитание» / М.Ф. Фомичева — М.: Просвещение, 1989. – 239 с.

103. Хромов С.С., Ковалев Ю.В., Панов М.Н. Основные понятия современной интонологии. – М.: 1990. – С. 260.

104. Цеплитис Л.К. Анализ речевой интонации. – Рига: Зинатне, 1974. – С. 272.

105. Чанакон Р.Ч. Интонация вопросительного предложения в современном киргизском языке. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. – Фрунзе, 1980. – С. 21.

106. Шайхулов А.Г. Аспекты изучения структуры тюркского

корня и характеристики типов односложных корневых основ как отражение эволюционного процесса в развитии агглютинативного строя тюркской словоформы // Российский гуманитарный журнал. 2016. Том 5. – 265-283 сс.

107. Шапиро А.Б. Основы русской пунктуации. – М., 1967. – С. 190.

108. Щека Ю.В. Интонология турецкого языка и проблемы ее общетеоретического обоснования. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени докт. филол. наук. – М., 1993. – С. 38.


109. Щерба Л.В. Пунктуация. Литературная энциклопедия, IX-том. – М., 1935. – С. 366.

110. Щерба Л.В. Фонетика французского языка. Издание 4-е. – М., 1953. – С. 312.

111. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Ленинград: «Наука», 1970. – 206 с.

I диктор

je kewü sudan^wöttüde äjgüldü qar'saldü



001.Dsp


[1/10secs]



001.SpGram

[1/10secs]


35



304



S o l a r z i b e r d i ä j t p e s ' w ö n d a q a j e a t z ö g




003 Data

[1/10secs]




003 SpGram

[1/10secs]



003 Loudness

[1/10secs]



80Hz 1/2

003 Fsmooth

[1/10sec]

kejde qabađi tüksije di kejde külmqađadi

005 Data

[1/10secs]

7500

005 SpGram

[1/10secs]

35

005 Loudness

[1/10secs]


300

80Hz/Lg

005 Fsmooth

[1/10secs]

wolarjertejatti wöjtkentertejami s'edi





011 Daz

[1/10secs]



011 Sp'ran

[1/10secs]



awiliha sälemajt jergetalaspasin

017 Data

[1/10secs]




017 SpGram

[1/10secs]



017 Loudness




[1/10secs]



017 Halfsmooth


[1/10secs]

solar žibe rdi äjtpe se^wonda q ajratčog




wol'ojars a

tereze jabiq üj iş i qaragölönk'enen




094 Data

[1/10secs]




094 Spectram

[1/10secs]



094 Loudness

[1/10secs]




8kHz/Lg

094/Fsmooth

[1/10secs]


wol'ojans a

tereze jabiq üjış i qaragölönkënen




094:Data

[1/10secs]



094:SpGram

[1/10secs]



094:Loudness

[1/10secs]



881fz.Lg

094:Fsmooth

[1/10secs]

samaj i'naq kiriq šerberikeriq "wšaroftolisuwğajnalğan"




096 Data

[secs]




096 SpGram

[secs]



096 Loudness

[secs]





200HzLg



096 Fsmooth

[secs]

te ke wü suvdan^wöt tū de

äjgüldi qar'saldı






awilina sälemajt jerge talaspasın




016/Data

[1/10secs]




016/SpGram

[1/10secs]



016/Loudness

[1/10secs]




016/Fsmooth

[1/10secs]



birewlerdig baqan'alindi birewlerdig arqandarişesiş ildi



022 Data [1/10secs]



022 SpGram [1/10secs]




ajbarša közinaşıp qarasa

däw t e t




071 Data

[1/10secs]



071 SpGram

[1/10secs]



071 Loudness

[1/10secs]



80Hz Lg

071 Fsmooth


[1/10secs]

Vol'vojan's a tereze žab'g üj i š i g ar a g ö l ö v k e' n e n




067 Data

[1/10secs]




067 SpGram

[1/10secs]



067 Loudness

[1/10secs]



80HzLg


80HzSmooth

[1/10secs]



samajja a q xirip š e ŋ berigeŋip ʔŋa:sof to li su ŋ ja ja ŋ an



00:00a 00:18sec



00:00a 00:18sec



Анар ФАЗЫЛЖАНОВА

СӨЗ САЗЫ және ИНТОНАЦИЯ

*(эксперименттік-фонетикалық
зерттеу)*



ISBN 978-601-7646-42-2

**Жауапты шығарушы – «Алматы – Болашақ»
Акционерлік Қоғамы баспасы**

**Баспахана директоры – Ақбасов И.Ү.
Көркемдеуші редакторы – В.В.Стенякин
Редакторы – М.Б. Ақсан
Беттеген – А.С. Рахманбай**

Басуға 02.11.2022. қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 10,92

Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс №1583.



awiliha sälemajt jergetalaspasin

017 Data

[1/10secs]




017 SpGram

[1/10secs]



017 Loudness

[1/10secs]



017 Halg

017 Fsmooth


[1/10secs]

solar žibe rdi äjtpe se^wonda q ajratčog



002 Data


[1/10secs]



002 SpGram


003 SpGram

[1/10secs]



002 Loudness

[1/10secs]




80Hz/Lg
002 Fsmooth

[1/10secs]


wol'ojars a

tereze jabiq üj iş i qaragölönk'enen




094 Data

[1/10secs]




094 Spectram

[1/10secs]



094 Loudness

[1/10secs]




8kHz/Lg

094/Fsmooth

[1/10secs]


wol'ojans a

tereze jabiq üjış i qaragölönkelen




094:Data

[1/10secs]



094:SpGram

[1/10secs]



094:Loudness

[1/10secs]



881fz.Lg

094:Fsmooth

[1/10secs]

samaj i'naq kiriq šerberikeriq "wšaroftolisuwgajnaljan"




096 Data

[secs]




096 SpGram

[secs]



096 Loudness

[secs]





200HzLg



096 Fsmooth

[secs]

te ke wü suvdan^wöt tū de

äjgüldi qar'saldı






awilina sälemajt jerge talaspasın




016 Data

[1/10secs]




016 SpGram

[1/10secs]



016 Loudness

[1/10secs]




016 Fsmooth

[1/10secs]



birewlerdig baqan'alindi birewlerdig arqandarışeş ildi



022 Data [1/10secs]



022 SpGram [1/10secs]




ajbarša közinaşıp qarasa

däw t e t




071 Data

[1/10secs]




071 SpGram

[1/10secs]



071 Loudness

[1/10secs]



80Hz Lg

071 Fsmooth


[1/10secs]

Vol'vojan's a tereze žab'g üj i š i g ar a g ö l ö v k e' n e n




067 Data

[1/10secs]




067 SpGram

[1/10secs]



067 Loudness



[1/10secs]





80HzLg

80HzSmooth

[1/10secs]





Анар ФАЗЫЛЖАНОВА

СӨЗ САЗЫ және ИНТОНАЦИЯ

*(эксперименттік-фонетикалық
зерттеу)*

ISBN 978-601-7646-42-2

**Жауапты шығарушы – «Алматы – Болашақ»
Акционерлік Қоғамы баспасы**

**Баспахана директоры – Ақбасов И.Ү.
Көркемдеуші редакторы – В.В.Стенякин
Редакторы – М.Б. Ақсан
Беттеген – А.С. Рахманбай**

Басуға 02.11.2022. қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 10,92

Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс №1583.